

Тоқтар ӘЛІБЕК

ҚҰЛАНАЯН ҚҰЛМАМБЕТ

«Баспалар үйі» АҚ
Алматы – 2015

ӘОЖ 821.512.122.0 (035.3)

КБЖ 83.3 (5Қаз)

Ә 55

*Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін
басып шығару» бағдарламасы бойынша жарық көрді*

Жауапты редакторы:

С.ҚАСҚАБАСОВ – ҚР ҰҒА академигі,
филология ғылымдарының докторы, профессор

Пікір жазғандар:

Ж.Тілепов – филология ғылымдарының докторы, профессор
Т.Тебегенов – филология ғылымдарының докторы, профессор

Әлібек Т.

Ә 55 **«Құланаян Құлмамбет». Монография. Ықшамдалған 2-басылым. /**
Т. Әлібек – Алматы – «Баспалар үйі» АҚ, 2015. – 272 бет.

ISBN 978-601-7565-05-3

Ықшамдалып ұсынылған бұл еңбекте бірінші басылымдағы «Ақындық айналасы» атты үшінші тарау алынып тасталып, орны жаңа зерттеулермен толықтырылды. Монографияда XIX ғасырдағы айтыс ақындарының көрнекті өкілдерінің бірі, дарынды жыршы Құланаян Құлмамбеттің өмірі мен шығармашылығына жан-жақты талдау жасалды. Қолда бар мұраларының текстологиясына ерекше мән берілді, сондай-ақ кітаптың екінші бөлімінде фольклортануға, қолжазба мұраларға қатысты зерттеушінің өзіндік ой-тұжырымдары қамтылды.

Кітап әдебиет саласын зерттеуші мамандарға, жоғары оқу орындарының студенттері мен магистранттарына, докторанттарына (PhD), көпшілік оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ 821.512.122.0 (035.3)

КБЖ 83.3 (5Қаз)

ISBN 978-601-7565-05-3

© Әлібек Т., 2015

© Баспалар үйі АҚ, 2015

КІРІСПЕ

Тәуелсіздік нәтижесінде еліміздің қоғамдық-әлеуметтік, рухани-мәдени өмірінде оң өзгерістер туып, тарихтың «ақтаңдақ» беттері қайта ашыла бастағаны белгілі. Әсіресе, қазақ әдебиетінің өшкені жанып, өлгені тірілді. XX ғасырдың басындағы жаңа әдебиеттің, мәдениеттің іргетасын қалаушы Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, С.Смағұлов, Х.Досмұхамедов, М.Тынышпаев т.б. ондаған зиялы азаматтардың есімдері жаладан аршылып, мұралары халық игілігіне айналды. Олардың шығармаларын зерттеу барысында қыруар ғылыми еңбектер жазылды. Алайда, халық әдебиетін, оларды жеткізуші акын, жырау, әнші-күйші, жыршылар сияқты өнер өкілдерін түбегейлі зерттеудің кезегі кешеуілдеп қалды.

Бұл ретте XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген халық ақындарының шығармашылығын зерттеудегі кемшін тұстар аз емес. Қабан жырау, Жанақ, Түбек, Кемпірбай, Өске, Құл, Құлмамбет, Майкөт, Қарқабат, Сарбас, Досмағамбет, Сабырбай т.б көптеген өрелі ақындар жол-жөнекей, әрі біржақты зерттеліп, әдебиет тарихынан тиісті бағаларын иелене алған жоқ.

Осылардың арасында дарынды айтыс ақыны, өрелі жыршы Құлан-аян Құлмамбеттің де алатын орны ерекше. Қазақ айтыс өнерін сөз қылғанда Құлмамбет есімінің аталмауы мүмкін емес. Оның Түбек, Жанақ, Сүйінбай, Бақтыбай, Майкөт, Жамбыл ақындармен айтыстары сол дәуірдегі қазақ әдебиетінің, мәдениетінің биік белестерінің қатарына жатады.

Ұзақ жылдар Құлмамбет шығармашылығын іздестіру барысында оның маңында дәстүрлі ақындық орта қалыптастырған дарынды өнерпаздар шоғыры анықталды. Олардың қатары Құлмамбеттің ұстаздары: Қабан жырау, Шалтабай, үзеңгілестерінен: Мейірман, Қабай жырау, Жүсіпбек, Бөлтірік; ізбасар шәкірттерінен: Асан молда, Кәрбоз, Көдек, Әжек, Рыскелді, Майлы, Қапез, Әбен, Максұт, Шарғын, Сәдікожа, Әбзейіт, Хами, Әсел, Етекбай, Тоқсанбай, Сыпатай, Молдахмет, Маман, Қойдым, Шөкей [Уәзипа], Шәріпжамал, Әдия, Әдемкүл болып жалғаса береді. Жетісудың оңтүстік шығысында туып өсіп, осы өлкеге кеңінен танымал болған бұл ақындар тоталитарлық жүйенің сыңар-жақ саясатының салдарынан белгілі тұлғалардың тасасында қалып, есімдері көмескіленіп келді. Атап айтқанда, отызыншы жылдардағы науқандық саясаттың, асыра сілтеушіліктің зардабынан қуғындалып,

туған жерден қол үзген Жүсіпбек қожа, Әжек, Сәдіқожа, Шарғын, Әсел, Рыскелді, Қойдым, Әсел, Маман т.б. ақындардың өмірі мен шығармашылығы бүгінге дейін күдіктің көмбесінен аршылмай қалды. Аталғандардан Шарғын мен Маманнан өзгелерінің сүйектері жат өлкеде қалды. Қойдым мен Таңжарық айтысы соңғы жылдар бедерінде ғана ауызға іліне бастаса, талай жанның жүрек қылын тербеген «Сары бидай» әні халық арасында кеңінен тарылғанмен, оның авторы С.Мощанұлы екенін көптеген тыңдарман білмейтіні анық.

Қапез, Майлы, Әбен, Мақсұт секілді ақындар кеңес қызметіне қанша белсенділік танытса да «37-жылдың» құрығына ілігіп, «халық жауы» деген жаладан жазықсыз жәбір көрді. Кейбірі айдаудан оралмады. Тұтқындалғанда қолжазбалары бірге тәркіленгендіктен, туындылары қолды болып, із-түссіз кетті. Олардың көзін көрген қарттар сиреген сайын, ел ішінде аздап айтылып жүрген өлең, жырлары сарқыла бастады.

Осы өңірдің тағы бір топ өнер өкілдері Құланаян Құлмамбет, Албан Асан, Қабай жырау, Шалтабай, Бөлтірік, Мейірман, Кәрбоз, Хами, Тоқсанбай, Қарабек, Етекбай, Сыпатай, Молдахмет, Шәріпжамал, Шөкей, Әдия сияқты іргелі ақындар мен Шоған абыз, Қожбанбет, Қаба, Дәркенбай, Діқанбай, Жәменке, Ұзақ, Жаңғабыл, Нақысбек, Оразай сынды би-шешендердің ел жадында сақталған мұралары дер кезінде жиналмады. Қолда бар азын-аулақ шығармалары түрлі әдеби қорларда ұзақ жылдар жатып қалды. Бүгінгі таңда әдебиеттануда жүргізіліп жатқан жаңа бетбұрыс кезеңінде халық әдебиетіндегі «ақ таңдақтарды» қайта ақтарып, көрсетілген ақындар секілді жүздеген өнер иелерін тірілтудің сәті түскен сияқты.

Қазақ әдебиеті тарихында Құланаян Құлмамбеттің өмірі мен шығармашылығы ғылыми тұрғыда арнайы зерттелген емес. Дегенмен, айтыс жанрын, Түбек, Майкөт, Жамбыл ақындардың Құлмамбетпен өткен жыр бәсекелерін зерделеген ғылыми еңбектер мен монографияларда салыстырмалы түрде болса да қаперге алынып келді. Бұл ретте, жалпы қазақ айтысының жанрлық ерекшеліктері сөз болғанда [1, 360-371], басылымдарға арналған алғы сөздерде [2, 10], халық ақындарының қалыптасу негіздерін ашқан зерттеулерде [3, 142-160], жыр өнерінің хас шебері Жамбыл ақынның өмірі мен шығармашылығын түгел қамтыған алғашқы еңбектерде [4], жекелеген айтыс майталмандарының шығармаларын талдаған мақалаларда [5, 214-218], соғыстан кейінгі жылдары осы өнерді халық арасында насихаттауға бағытталған баспасөз жарияланымдарында [6], қазақтың импровизацияға

бейімділігін бүкіл одаққа паш еткен зерттеулерде [7, 52-56] және Құлмамбет айтыстарына әр кезеңдерде түйінді ойлар [8, 155-156], орнықты пікірлер [9], орынды лебіздер [10, 9-10] білдірілген жұмыстарда айтылған ғылыми тұжырымдардың құнын айырықша атап өткен орынды. Осы тізімді еліміз тәуелсіздік жариялаған жылдардан бері Құлмамбет шығармашылығына ерекше көңіл бөлген М.Жолдасбеков [11, 111-124], С.Қасқабасов [12, 78-88], Р.Бердібай [13], С.Садырбаев [14, 179-183], Н.Төреқұлов [15, 60-65] сынды ғалымдар толықтыра түсіп, ақын творчествосын түбегейлі зерттеуге жол ашты.

Ұлы Жамбылдың туғанына 150 жыл толуына байланысты өткен салтанатты жиында Елбасы Н.Назарбаевтың Құлмамбет туралы: «Жамбылдың ақындық өнерінің биік шыңы, айтыс өнеріндегі іргелі табысы – Құлмамбетпен айтысы. Әрине, Жамбылдың сайысқа шыққан ақыны бір ғана Құлмамбет емес екені әмбеге аян. Бірақ Құлмамбет өлең өлкесінде сол кездері бүкіл Жетісу, Оңтүстік аймағында Сүйінбайдан өзгені мойындамайтын жыр дүлдідерінің бірегейі болатын. Жеңгендері көп, опық жегендері жоқ айтқыштардың санатында жүрген еді. Оның аса жүйрік өнер иесі екенін кезінде Жәкеңнің өзі де мойындаған» [16, 6-7], – деген пікірі сөзімізге айқын дәлел болады.

«Құлмамбет пен Жамбыл айтысын» алғаш 1931 жылы С.Сейфуллин [17] жарыққа шығарса, 1939 жылы ақын М.Тарловский орыс тіліне аударып [18, 65-78], КСРО қарамағындағы өзге де халықтар ғалымдарының назарына ілікті. Алпысыншы жылдары баспа жүзін көрген Түбек [19, 176-180], Майкөт [20, 167-180] ақындармен айтыстары жөнінде М.Әуезов [21, 123-125] пен жамбылтанушы С.Бегалин [22, 76] салиқалы ойлар айтқаны белгілі. «Құлмамбет пен Жамбыл айтысының» текстологиясы туралы кейінгі жылдары біршама ғылыми пікірталастар өтіп, зерттеу мақалалар жазылды [23].

Жоғарыда айтылған себептерге байланысты Құлмамбеттің ақындық айналасы жайлы сөз қозғауға мүмкіндік болмады. Алайда, М.Әуезовтің Құлмамбеттің маңайындағы Асан Барманбекұлы, Жүсіпбек қожа Шайхисламұлы, Көдек Маралбайұлы, Етекбай, Рысменді туралы 1927 жылы Ленинград қаласында орыс тілінде жазып қалдырған көлемді мақаласы белгісіз себептермен жеке қорында ұзақ жылдар жатып қалып [24], тек 2001 жылы ғана жарық көруіне мүмкіндік туған [25, 66-83]. Бұл еңбекте Оңтүстік Шығыс Жетісудағы фольклорлық мұралардың сақталу жағдайы, даму үрдісі Қазақстанның өзге аймақтарымен салыстыра зерттеліп, тұңғыш рет ғылыми тұжырымдар жасалады. Әсіресе, эпикалық туындылар мен ақындар шығармашылығын-

дағы жоқтау, айтыс жанрларына терең талдаулар жүргізіледі. Жүсіпбек қожа, Көдек, Етекбай, Рысменде ақындармен жеке-жеке кездесіп, олардың жырлауындағы қомақты жыр, дастандармен қатар төл туындыларын да жазып алады. Сондай-ақ XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы ширегінде сол өлкеде болған тарихи, саяси-әлеуметтік ахуалдарға ерекше мән беріп, өзіндік пікірлерін білдіреді.

I.Жансүгірұлының Мәскеуде 1927 жылы Мейірман Дәркенбайұлының «Шыбын» атты өтірік дастанын, 1934 жылы Асан Барманбекұлының «Ақырзаман» жинағын бастырып шығаруы, Құлмамбет төңірегіндегі ақындардың бүкіл қазақ даласына танылуына септігін тигізді.

Мұнан кейінгі кезеңдерде әдебиет тарихын зерттеушілер М.Жармұхамедұлы [26, 73-76], З.Сейітжанов [27, 123-129], С.Дәуітұлы [28, 12-13], С.Медеубекұлы [29], Д.Мәсімханұлы [30] еңбектерінде Құлмамбеттің маңайы біршама сөз болып, олар туралы қосымша деректер айтылды.

Бұл зерттеудің ең басты мақсаты – ең әуелі, Құланаян Құлмамбеттің өмір деректерін, ақындық дәстүр жалғастығын анықтау; Құлмамбеттің соңында қалған мұраларын жүйелі талдау арқылы ақындық, жыршылық даралығын, айтыстағы әдіс-тәсіл қолдану шеберлігін айқындау; өскен ортасы, қарсылас ақындарға қатысты деректерді толықтырып, шығармашылығындағы жанрлық, тақырыптық ерекшеліктерін сараптау; айтыс-қағыстары мен өзге де туындыларына поэтикалық, текстологиялық тұрғыда саралау жұмыстарын жүргізу көзделді.

Құланаян Құлмамбеттің Түбек, Майкөт ақындармен өткен айтыстары алғаш рет түбегейлі зерттеліп, Жамбылмен болған жыр тартысына да зерттеуші тарапынан соны пікірлер ұсынылмақ. Әдебиеттанушыларға беймәлім болып келген толғау, арнаулары мен Уәзипа, Тұрсынай, Қаламқас сияқты қыздармен қақтығыстарының мәтінімен қоса тың деректер жинақталуы арқылы Құлмамбеттің белгісіз қырлары ашыла түспек. Сонымен бірге, ақын мұраларының текстологиялық жүйелеуден өтуі жұмыстың сонылығын айқындап береді.

Зерттеу жұмысының теориялық және методологиялық негізі ретінде әдебиеттану ғылымының жетістіктері, ғылыми ізденістері басшылыққа алынады. Әсіресе, қазақ поэзиясын, оның тарихы мен теориясын, сондай-ақ ақындардың, жыраулардың, жыршылардың шығармашылығын қарастырған еңбектер зерттеудің негізгі методологиялық, әрі ғылыми тірегі болды.

Сонымен қатар орыс оқымыстыларының озық зерттеулері мен ой-пікірлері қаперге алынып, жұмыс барысында кәдеге жаратылды.

Зерттеу нысанасы ретінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасының, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының сирек қорларындағы көне қолжазбалар, ҚР Орталық, Алматы облыстық мұрағаттарының дерек көздері, Алматы облысына [1996, 1998], Оңтүстік Қазақстан және Ташкент облысының Бостандық ауданына [1997] арнайы шыққан фольклорлық-этнографиялық экспедициялардың материалдары пайдаланылады.

ҚҰЛАНАЯН ҚҰЛМАМБЕТТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӨМІРІ



ҚҰЛАНАЯН ҚҰЛМАМБЕТТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӨМІРІ

I. 1 Өмірбаяндық деректері

Құланаян Құлмамбет 1840 жылы қазіргі Алматы облысы, Райымбек ауданына [бұрынғы Кеген] қарасты Күрметі ауылының маңында дүниеге келген. Балалық балғын шағы тау шыңына жайғасқан көрікті «Көлсай» жағасында өтеді. Дегенмен, кей зерттеулерде акын аталарының Арқадан ауып келгенін және түп аталарының Уақ руынан шыққаны туралы пікірлер де жазылып келеді [31.289-291]. Құлмамбет есіміне қосарланып келген Албан елінің Қызылбөрік атасынан тараған Құланаян түгіл, қазақтың ірі тайпаларының шежіресі ғылыми тұрғыда нақтыланбағандығы көзі қарақты жұртшылыққа мәлім. Дегенмен, көп жылдар Оңтүстік және Жетісу өңірлеріне арнайы шыққан экспедициялар материалдарының негізінде [32], профессор Б.Қалиев [33], Т.Қауыпбаев [34] еңбектері мен Оңтүстік Қазақстан облысы төлебилік А.Шегебайұлы, С.Байғанаұлы [1927] жылы жазылып алынған – Т.Ә., Алматы облысы, еңбекшіқазақтық М.Матайұлы, М.Жігітекұлы мен 1900 жылы Нарынқол жерінде Ж. Жайнақ баласы деген болыстан жазылып алынған шежірелерге [35] сүйене отырып Құлмамбет тегіне былайша болжам жасауға болады.

Ақынның түпкі атасы баста айтылғандай Ұлы жүз Албан ішіндегі Қызылбөріктің Құланаян тармағынан бөлінеді. Қызылбөріктен: Молболды, Жолболды... Молболды бәйбішесінен Шақа, Шағыр, Шаян, Баян, Ноян, Ботас, Тотас, Қодас, Хан есімді 9 ұл көрсе, тоқалынан Есен атты жалғыз бала сүйеді. Сол Есеннен: Маржа, Базаркелді, Қазымбет, Еламан, Құланаян өрбиді. Құланаяннан – Қатамерген, одан – Құлбарыс. Құлбарыстан: Тауыс, Ысмайыл. Ал Тауыстан: Ораз, Көшек, Өтеуіл, Ес деген ұрпақтар жайылған. Ораз тұқымдары Еңбекшіқазақ ауданының Таутүрген, Қаракемер ауылдарына қоныс тепкен. Көшек, Өтеуіл, Ес тұқымдары жоғарыда келтірілген Төле би ауданының Доңызды [Александровка], Ташкент облысы, Бостандық ауданының Шымған ауылдарын мекен етеді. Құланаяннан бүгінгі ұрпаққа дейінгі аралықты 14-15 ата жалғайтыны ру шежіресінен айқын аңғарылады. Бұл ретте, Тауыстың Ораздан өзге ұрпақтары не себептен Қазығұрт баурайына орныққан?– деген заңды сауал туындайтыны анық. Халқымыздың ілгергі тарихы хатқа түспей, көмескіленгендіктен, бұл сұраққа жауап беру үшін атадан балаға тараған аңыз, әңгімелерге жүгінуге

тура келеді. Белгілі ақын, жыршы, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, насихаттаушы Қ.Байболұлы [1889-1945] «Төле бидің тарихы» жырында:

...Сол айтқан Жарықшактан үшеу ұлы,
Албан, Суан, Дулат деп айтар мұны.
Енші алысқан жері Қазығұрт деп,
Сөзі бар біреулердің мынау түрлі [36], –

деп, Жарықшактан өрбіген үш ұрпақтың да ата-мекені Қазығұрт тауы екенін сөз етеді. Қазанқаптың айтуынша, еншісі бөлінбеген бауырлар арасына жік салған Албан, Дулат келіншектерінің күндестік әрекеттері болады. Ағайын арасына тараған жел сөздің аяғы араздыққа ұласып, іргесі алшақтайды. Үшеуі бар мал мен мүлікті еншіге бөліп, ең аяғында «Шабдар ат» аталған сәйгүлік ортада қалады. Емшектес туыстардың ренішке түскен тұсын ақын былайша суреттейді:

Бар малға ие табылып,
Бір ат қалды ортада,
Тұлпар-ақ еді келелі.
Ала қашып Суан ер,
Бетке алды алыс төбені.
Араз болып Дулатқа,
Албан да көше жөнелді.

Осы мазмұнды аңыздардың [37] және Д.Сүттібайұлының «Нұрила» дастанында [38] Суанның өріске бола дауласып көшкені сөз болады. Домалақ [Нұрила] ана ортаншы немересінің жалғыз кеткенін қаламай, соңынан ағасы Албанды да қоса аттандырады. Сол көшкеннен жолай еш жерге кідірмеген ағайынды Албан, Суан Іле өзенінің оңтүстік және солтүстік алқабына табан тіреп, орнығып қалады-мыс.

Сол замандардан бері Құлмамбет елі сол жағы – Іле өзенімен, оң қанаты – Еренқабырға [Тянь-Шань] тауы, шығысы – қазіргі Қытай елінің құрамындағы Іле Қазақ автономиялы облысының жерімен, батысы –Түрген өзенімен шектеліп жатқан кең алқапты мекен еткен. Тезек төреге бағынышты Албан тайпасының кей бөліктері Құлжа маңын қыстайтыны, оның төлеміне Қытай өкіметіне 60 жылқы төлеп тұратындығы туралы Ш.Уәлиханов еңбегінде де айтылған [39, 352]. Қалай болғанда да Жарықшақ ұрпақтарының ата-мекені қасиетті Қазығұрт маңы екенін болжайтын аңыз-әңгімелер мен шежірелерде шындықтың

ұшқыны жатқаны анық. Бұған – осы күнге дейінгі аталған тайпалардың қоныстану географиясының тұтастығы айғақты дәлел.

Құлмамбет елінің Қазығұрт бөктеріне қайта қоныс аударуын жоңғар-қазақ соғысы кезеңдермен тұспалдауға болады. Ымырасыз шапқыншылардың 1723 жылғы тұтқиылдан жасаған соғыс әрекеттерінің салдарынан Жетісу тайпалары ағайынды пана тұтып Шу, Шыршық, Бадам, Келес өзендерінің бойына ығысқанына кәрі тарих куә [40, 345]. Олар тек XVIII ғасырдың соңғы ширегінде ғана жау тырнағынан босанған Алатауға орала бастайды.

Сол аумалы-төкпелі замандарда Қазығұрт тауында қалып қойып, қазірге дейін өмір кешіп жатқан құланаяндар туралы бірер сөз. «Ағайын араласпаса, жат болады», – дейтін аталы ұғымды ұстанған қарашаңырақ иесі Дулат елі ағайындарының бірнеше аталарын Қазығұрт маңында қалдыруға көндіреді. Жетісудан кем түспейтін малға жайлы, қоңыр салқын, шөбі шүйгін таулы өлкеден өріс бөліп, жерсініп кетуге жағдай жасаған. Жетісуға қоныс аударған дулаттарға да жергілікті туыстары егін салуға қолайлы, суы мол жерден үлес бөлген.

Құлмамбеттің аталас ағайындары құланаяндар XX ғасырдың 50-жылдарына дейін Қазығұрттың Алатауға ұласатын тұсындағы «Бел» деген биік жотаның үстінде, Қырыққыз тауынан бастау алатын Бадам, Келес өзендерінің басқы ағысын қоныстанып келген. Тың көтеру жылдары ұсақ колхоздарды ірілендірген кезде екі жікке бөлініп кетеді. Алғашқы топ етектегі Александровқаға [Доңызды – Т.Ә.] біріксе, екінші бөлек Алатаудың теріскей беткейіндегі Бостандық ауданының Шыршық жағасындағы Шымған аулына қосылады. Басында ағайын арасын тау ғана айырып тұрғанмен, кейін Бостандық ауданы Өзбекстанға жалға беріліп, аралары алшақтай түседі.

XVIII ғасырдың 70-жылдары қазақ-жоңғар соғысынан арып-ашып Жетісуға зорға жеткен Құлмамбет елі жау тырнағынан босаған жерлерді иелене бастайды. Еліміздің тәуелсіздігі жолындағы күрестерде ересен ерліктерімен танылып, есімдері ру ұранына айналған Әжібай, Байсейіт, Биеке, Құлбарыс, Райымбек, Шағаман т.б. аруақты батырлар мен ел тізгінін ұстаған дуалы ауыз би-шешендер мен ақсақалдар азаттық жорықтарындағы еңбектеріне татырлық жер үлестерін алады. Олардың ерлік істері аңыз-әңгімелер мен жыр-дастандарға желі болып, сан ұрпақтың санасында жатталып қалды [41].

Атақты Өтеген батырдың замандасы, Құлмамбет еліне ұран болған Әжібай Найманбайұлы [1699-1779] бастаған көш Алатау бөктеріндегі Түрген өзенін бойлап, Шолақадыр етегіне жүгін түсіреді [42]. Сол

өңірде бүгінге дейін із қалдырған «Бақай тауы», «Жанбота құдығы», «Бақай жотасы» сияқты жер-су, ру атаулары пікіріміздің және бір аймағы іспеттес. Ер Әжібай ықпалындағы елдің Қаракемерден Таутүргенге қарай кемерлей қазған [еңістен өрге – Т.Ә.] тоғаны санаулы жылдардан соң аңсары кеуіп жатқан Шолақадырды жасыл желең жамылған орманға айландырды. «Әжібай тоғаны» аталған арықтың аяғы «Атамқұл ойына» [Маловодное] жетіп, Құлжа күре жолының бойындағы құнарлы жерлерді Әжібайдың үлкен ұлы Атамқұл меншіктенеді.

Құланаян Құлбарыс – көп жылдар Әжібайдың үзеңгілесі, ірі жорықтарға араласып, ерлігімен танылған ірі батырлардың бірі. Соғыс аяқталғаннан кейін де руластардан іргесін бөлмей, «Әжібай тоғаны» бойынан қоныс алады. Әжібай тұқымдары өсіп-өніп, өрісі тарыла бастағанда балалары Таушілік, Жіңішке, Күрметі, Қарабұлақ [Алматы облысындағы жер аттары – Т.Ә.] жаққа көшіп, өрісін кеңейте бастайды. Таутүрген, Асы жайлауы арқылы өтетін Аманжол асуы Алатаудың күңгейі мен теріскейін жайлаған Құлмамбет елін жалғап, дәнекер болып жатады. Ағайынды қимаған біраз құланаяндар Әжібай көшіне ілесіп Таушілік, Күрметіге барып ат басын тірейді. Ер Әжібайдың немере келіндерінің бірі Алтыншаштың көш алдында түйе жетелеп келе жатып, артта қалып бара жатқан туған елмен, өскен жермен қоштасып айтқан зарының бір-екі шумағы ел есінде сақталыпты:

«Кең жазық, көк майсалы Бақай, Түрген,
Жер едің сайран салып, ойнап күлген.
Дәнің бал, жемісің шекер, суың дәрі ед,
Шара бар ма, айырған күдіреттен.

Әжібай атам бастап тағы көшті,
Білмеймін, енді асарын қанша белден.
Жанбота Бақтиярмен қап барасың,
Аман бол, ағайын ең қатар жүрген» [42].

Ұлы атасы түгіл қайнысының да есімін тергеп айтатын қазақ келінінің Әжібай атын жырына тікелей қоспағаны анық. Дегенмен, жүздеген жылдар талай ұрпақ жадына ауысып, соңында тоқсан жастағы М.Матайұлынан жазылып алынған қоштасудың жұрнағынан өзгерістер іздеудің өзі қиынға жатпас еді. Әжібай балаларымен Күрметі асқан құланаяндардың ішінде Құлмамбет аталары да кеткен бола-

тын. Жоғарыда айтылғандай ақын осында өмірге келіп, балалық шағы Күрметі тауының етегінде өтеді.

Құлмамбет 9-10 жастарға келгенде ағайын арасындағы салқындықтың әсерінен бірер түтін аталастары «Белдегі» туыстарын пана тұтып, қоныс аударуға тура келеді. Көнекөз ақсақалдардың айтуынша, Құлмамбеттің жас кезінде әкесі қайтыс болып, жетімдіктің азабын көп тартады [42]. Тумысынан жалқы өскен жасөспірім жаңа қоныстағы жақындары жинап берген азын-аулақ қой-ешкілерін бағып жүріп, бірде ауылдан оқшау тұрған мешіт түбінде ұйықтап қалады. Түсінде ұлы бабасы Құланаян аян беріп, аузына ақ тамызады да ғайып болады. Осы оқиғадан кейін өлең, жырға ден қойып, ауыл арасында «бала ақын» аталып кетеді. Дәл мұндай жағдайлар көптеген ақын, жыраулардың басынан өткені туралы профессор Е.Ысмайлов: «Ақындық адамның жан дүниесіне байланысты сөз жоқ сол адамды ауыр рухани азапқа салады, түс көргіш, түсінен оянғыш болады: оған қалыпты адамда жоқ ерсі мінез де пайда болады, кейде есінен шатасқандай қылықтар да көрсетеді. Ұйқылы-ояу оң мен түс арасында ол өлең айтып, ән салып жүреді. Оның есінен жатса да, тұрса да ақын болу кетпейді. Осындай халде жүргенде ескі сенімдегі жасқа ақындық қону, ұялау, бата жәрдем жайында саналуан жақсы түстер кездеседі, соның өзі ептеп демеу болады да, әрі бұған дейін жаттап үйренгені бар, әрі өзі қиналып жүргенде шығарғаны бар, ол енді өзін сенімді ақын санап, біртіндеп жырлап кетеді», – деген пікір айтады [43, 60-61].

Құлмамбеттің жастық шағы «Бел» тауының үстіндегі Майбұлақ жазығында өтеді. Алатау сілемдері Өгем, Қырыққыз тауларынан бастау алған Бадам, Келес, Өгемсу, Шыршық өзендері қоршап жатқан көк орай шалғын жамылған тылсым табиғат, бозбала Құлмамбетке туған Жетісуын жоқтатпағаны анық. Біртіндеп халық поэзиясының күдіретін ұғынып, өзі де ақындыққа бой ұрады. Той-томалақта қыз-келіншектермен қағысып, айтыс өнеріне ауыздана бастайды. Бұл жолды таңдауда Оңтүстік өңіріне жаңа таныла бастаған Майлықожа, Құлыншақ сынды жас таланттардың да әсері аз болмаса керек. Жылдар жылжыған сайын Бадам мен Сайрамсуды бойлаған Дулат [Жаныс], Майбұлақта құланаяндармен жапсарлас жатқан Суан [Бағыс] елдеріне, Қосым Алатауының теріскейіндегі Шыршықты жағалаған өзбек ағайындар мен Өгем тауының түстігін жайлаған қырғыз бауырларға есімі елене бастайды. Есейген сайын шыңдала түсіп, ақындар айтысына да араласып, талаптанады. Өне бойын өнер бұған жас дарын қазақтың сайын даласының төрт бұрышын аралап, ел кезіп, серілік

құрады. Түркістан, Сыр, Сарыарқа, Ертіс бойына барып, бағын сынап жыр бәйгесіне қосылады. Өкініштісі сол, Құлмамбеттің:

Ертіс бойын жағалап Алматымен,
Сарыарқа бес дуанға салдым сайран [42], –

деген өлең жолдарынан өзге деректер мүлдем кесдеспейді.

Ел аралап, жер тану – айтыс ақындарының бәріне тән ортақ қасиет. Біріншіден, талапкер ақын ішкі болмысын, дүниетанымын дамыту үшін ақындық кеңістігін ұлғайтуға тиіс. Себебі оның өскен ортасы, шындалған мектебі талапкер ақынның көкейін мазалайтын шексіз сауалдарға жауап бере алмайды. Маңындағы ақын, жыршы өнерпаздардың дарын, талап деңгейі ізденімпазды қанағаттандыра алмағандықтан да жас қырандай көзін жыраққа салады.

Екіншіден, талапты айтыскерлер жасынан атағы жер жарған даңқты ақындардың шығармаларымен қатар, олар туралы аңыздарды да естіп өседі. Есейе келіп өзі табынатын [кумир] тұлғаны көзімен көріп, құлағымен естуге талпынады. Арманына жетіп, жүздесе қалған жағдайда ебін тауып бойына біткен өнерін көрсету арқылы дуалы ауыздан бата алу – басты мақсаты болып саналады.

Үшіншіден, балапан бүркіт – ауда, шешен жігіт – дауда, құнан-тай додалы дуда, хас батыр – жауда шындалатыны сияқты талапкер ақын да айтыста танылады. Жыр бәйгеде бірде жеңіп, бірде ұтылып жүріп үлкен айтыскер ақын дәрежесіне жетеді. Тышқан аулаған құс – қыран, жетесіз ұл – ұлан, жігерсіз сарбаз – ұран болмайтыны секілді өз ортасынан қара үзе алмаған дарынсыз ақын ауылдың алты ауызын айтқыш өлеңшіден аса алмайды. «Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар» дейтін даналық сөздің ақындарға да қатыстылығы осы тұс.

Төртіншіден, танды – таңға ұластыратын ұзақ эпикалық жырларды жеткізу мен насихаттауда да аға ақындардың үлесі мол. Мұнан басқа ән-күй, өлең, жыр айтқанда қажетті әсем әуен-әуез, мәнді мақам, сезімді сазды қолдануда да олардың ролі зор. Музыкалық шеберлік пен орындаушылық қабілетті үйлестіре білу – ақын үшін өте маңызды. Ақын өзіне қажетті сан-салалы өнерді ел аралау барысында ғана біртіндеп үйрене алады.

Құлмамбеттің де «ат жетерлік жерді желіп жүріп» аралауына осындай қажеттіліктер өз әсерін тигізген тәрізді. Қазығұрттағы туыстары қанша құрметтеп, бауырларына тартқанымен туған жер, өскен елін аңсап 1860 жылдың шамасында Жетісуға оралады.

Ол елге оралған тұста Жетісудағы саяси, мәдени-рухани жағдаяттарға профессорлар Ы.Ысмайлов [43, 81-85], М.Жолдасбеков [44.15-17], жазушы С.Бегалин [45] еңбектерінде арнайы зерттелгендіктен қайталауды жөн санамадық. Дегенмен, сол кезеңде орыс отаршылары Жетісуды иеленсе де, жергілікті халық рухани тұрғыдан мойынсына қоймаған еді. Айтыс өнері шырқау биікке көтеріліп, көрнекті ақындар Сүйінбай маңына топтасып жатты [45, 9]. Жас дарынды осы топ қатарына қосып, талант өресінің шыңдала түсуіне мүмкіндік туғызды.

Құлмамбет Тезек сияқты билік иелерінің алдында өнерін көрсеткенімен, олардың басы байлы ақыны болған емес [46, 214]. Шабыттанғанда әкімдігін ақындығы басып кететін төре маңындағы азулы ақындардың арасынан Құлмамбетті бөле жарып, өзіне тартуы – кездейсоқтық емес. Түптеп кегенде, оның әншілік-жыршылық, күйшілік дарынына, ақындық жолдағы даралығына, шынайылығына сүйсінгені анық. Құлмамбет байларды ел мен елдің арасын жалғастырушы дәнекер, халықтың көркі, сәні солар деген ойды тұспалдап, аллегориялап айтады [46, 215]. Ел тізгінін ұстаған Тезек, Батталқазы, Сарыбай, Жүнісбай т.б. Жетісудағы беделді атқамінерлер мен қырғыз манаптары Шабдан, Бәйтік, Байсалдармен үзеңгілес жүру арқылы алқалы топтарда жыр сайысына түсіп, қанаттас қазақ, қырғыз жұртына өз дарынын танытуға жол ашты.

Құланаян Құлмамбет 1870 жылы Бәпі есімді қырғыз қызына үйленіп, одан екі ұл, бір қыз сүйеді. Үміт күткен қос ұлы да бір мезгілде шетінеп, ұрпағы өрбімей қалады. Жалғыз қызы Арызханды Түрген жағындағы Оспан деген Шапырашты жігітіне ұзатады. Жиендерінен қалған ұрпақтар қазіргі Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданына қарасты Саймасай аулында тұрады. Өкініштісі, бүгінде көзі тірі жиеншарлары да, Таутүрген мен «Белдегі» туыстары да Құлмамбет тегі жөнінде мардымды мәліметтер бере алмайды. Осындай олқылықтардың салдарынан ақынның туған әкесінің есімін анықтауға да мүмкіндік болмай отыр. Өмірінің соңына қарай ұрпағы жалғаспайтынын ұғып, қайғы-мұң мүжіген қарт ақын Қазығұрттағы ағайындарға қайта оралады. Жасы алпысқа тақап қалған сақа ақын бұл жақтағы жақындарына да сіңісіп кете алмайды. Жұрт бас қосқан жиын-тойларда аздап өлең, жыр айтқанымен, туған топырақтағыдай қолпаштау, сый-құрмет көрмей жаны құлазиды. Өлеңді мүлдем доғарып, сопылық жолға түседі. Түркістан, Сайрам, Ташкент төңірегінде жатқан әулие-әнбиелердің басына түнеп, әруақтарға бағыштап құран оқиды. «Ақырғы сөз» атты толғауында осы сапарлары туралы мынандай жолдар кездеседі:

...Сопылыққа бел буып,
Басқа сәлде байладым.
Бар тапқаным сол болды,
Әзірет сұлтан барғаным.
«Алла» деп барып, зар жылап,
Үш мәрте зиярат айладым [47, 133].

Әзірет сұлтан [Ахмет Йасауи] басына соңғы рет зиярат етіп қайтқаннан кейін, 1906 жылы әйелі Бәпіні отбасында қалдырып, Түргендегі қызы Арызхан мен жиендерін, туыстарын көріп қайту үшін туған Жетісуға жол тартады. Түргенге сырқаттанып келіп, Айнабек деген танысының үйінде туған жер, өскен еліне жете алмағанын армандап жатып көз жұмады.

Осы күнге дейінгі зерттеулерде Құлмамбеттің туған және өлген жылдарына байланысты қарама-қайшы пікірлер айтылып келгені мәлім. «Айтыс» [48, 645], «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» [49, 177] жинақтарында 1830-1900 жылдар белгіленсе, Ж.Жабиевтың таңдамалы шығармаларында [31, 290] және М.Жолдасбеков монографияларында [50, 177] 1826-1903 жылдар көрсетіледі. Ал Құлмамбет шығармашылығының жанашыры Ә.Матайұлы ақсақалдың зерттеулерінде [42] 1836 жылы туып, 1911 жылы қайтыс болған сыңайлы. Осы ретте, біз де өз тұжырымымызды білдіргіміз келеді. Біздіңше, Құланаян Құлмамбеттің 1840-1906 жылдар ішінде өмір сүргенін кейбір дәйекті айғақтармен дәлелдеуге болатын сияқты. Ол үшін қолда бар бірнеше деректерге сүйенгенді жөн санаймыз.

Біріншіден, «Төле бидің шежіресі», «Еңсегей бойлы ер Есім» [51] атты көлемді де көркем тарихи дастандарды жырлаушы Қ.Байболұлының 1934 жылы жазған естелігіне көз жіберіп көрелік: «...Құлмамбетті тірі күнінде көріп, сөйлескен де жайым бар еді. Шымкенттің оңтүстік жағында, Қазығұрт тауының Алатауға ұласатын «Бел» деген биік жотасында біраз Құланаян бар. Құлмамбет сонда өскен. Ағайындарымен араз болып, Алматы өтіп, Қарқара-Текес төңірегіндегі туғандарына келіп, Қытай шекарасында 34 жыл тұрған еді. 59 жасында Шымкентке қайта барған... Құлмамбет Шымкентте 6-7 жыл тұрып, қайта Қарқара-Текеске келе жатып жете алмай, жолда, Алматының күншығыс жағы Түргенде, Шапырашты елінде, Қаракемер деген жерге қойылған. Өлгенде 66 жас шамасында еді. Мұнысы бұл жақтағы елдерге амандасып айтқан өлеңдерінен анық байқалады» [52]. Оңтүстік өңірде «Бел» үстіндегі құланаяндармен өрістес жатқан Қазығұрт баурайында туып

өскен Қазанқап сөзінде көп шындық жатқаны хақ. Ақынның туған, жүрген, өлген және жерленген жерлерін дәл басып айтуы да сөзімізге нақты дәлел болса керек.

Екіншіден, Құлмамбет Жетісуға қайта оралғанда Верный уезіне танымал Саймасай болыстың мерт болғанын естиді. «Ақырғы сөзден» төменгі жолдарды оқимыз:

«Аттың орнын тай басар» деген сөз бар,
Балаңыз аман болсын, ер Саймасай.

немесе «Батталқазыға айтқанында»:

Иманы ақыретте жолдас болсын,
Саймасай қаза бопты арыстаным, – [47]

делінеді. Саймасай болыс Рысқұл Жылқайдарұлының қолынан 1904 жылы опат болғаны белгілі [53, 27]. Ендеше Құлмамбет Түргенге 1906 жылы шамасында келгені даусыз.

Үшіншіден, біздің қолымыздағы түрлі өңірдегі, бірнеше жинаушылардан қабылданған қолжазбаларда «60» жас сан есімі өзгеріссіз қайталанып отырады. Мысалы, Н.Ерубайұлы нұсқасындағы «Ақырғы сөзде»:

Алпысқа жазбай келді шоқырағым,
Қолында асасы бар сопылардың.
Талай жерде қаңғырып жүріп едім,
Түргенде жазылыпты топырағым [47, 127], –

деген деректі Ә.Матайұлы нұсқасы да дәл қайталайды [42]. Айтылған дәйектерді Н.Ерубайұлы жазбасындағы және бір жолдар жоққа шығарғандай:

Жетпіс жеті жасымда,
Көштім пәни жалғаннан.

Жасы 77-ге келген ақынның «Алпысқа жазбай келді шоқырағым» деуі мүмкін бе? – деген сауал кімді де болса ойландыратыны сөзсіз. Сол себептен де проф. М.Жолдасбеков Жамбылға арналған еңбектерінде «60» сан есімін «70-ке» ауыстырғаны байқалады [54, 151-152].

Осы ретте айтушының, я көшірушінің, болмаса жинаушының қателігінен **10 жас** жаңылыс қосылғанын аңғару қиын емес. Пікіріміз дәлелді болуы үшін Е.Құлсариев нұсқасындағы шумаққа назар аударып көрелік:

Алпыс жастың аяғы
Үш күнге тақсыр қалып тұр.
Ажал шіркін шеңгелін
Маған қанды салып тұр [47, 116].

Келтірілген мәліметтерге сүйене отырып, Құланаян Құлмамбет 1840-1906 жылдар аралығында өмір сүріп, 67 жасқа қараған шағында қайтыс болды деп тұжырым жасауға негіз бар.

I. 2 Құлмамбет – ақын

Құлмамбет ақынның көп айтыстары мен өлең, жырлары дер кезінде жиналмай, ұмыт болғаны жоғарыда айтылды. Дегенмен, Орталық ғылыми кітапхананың сирек қорында «Құлмамбеттің Шабдан батырға айтқаны», «Құлмамбеттің Батталқазыға айтқаны», «Құлмамбеттің ақырғы сөзі» секілді аздаған арнау, толғаулары жинақталған. Орталық ғылыми кітапхананың сирек қорындағы «Құлмамбеттің Шабдан батырға айтқан» арнау өлеңінің екі нұсқасын да жеткізуші К.Әзірбаев болғандықтан, мәтіндерде айтарлықтай өзгешелік байқалмайды.

Құлмамбет 1881 жылдың күзінде Жамбылдың жолбасшылығымен қырғыз манабы Шабдан Жантайұлының аулына барады. Баруының себебі, Алматыдағы шалақазақ Әбсемет дегеннен 300 сом ақша көтеріп алса керек. Екеуі шартқа отырып, «Мерзімінен қалсам, бірге-екі төлеймін» деп қолхат бергенде Батталқазы төре кепіл болған екен. Қазақ даласын тегіс шарпыған 1879-1880 жылдардағы «ақ қоянның» жұтына ұрынған Құлмамбет қарызын дер кезінде өтей алмайды. Ақшасын талап еткен Әбсеметтен Батталқазы бастаған жанашырлары бір айға мәулет сұрап береді. «Қырғыз Шабдан батырдың қолы ашық, жомарт» дегенді естіп, сол жаққа баруға көңілі ауады. Ақынның сол сапары туралы С.Бегалин мынандай мәлімет келтірген: «Жиын тарап, әркім өз еліне қайтады. Айтыстың артынан Құлмамбет пен Жамбыл бұрынғысынан да жақын танысады. Өзінен жасы да үлкен, әрі аруағы да ерте көтерілген Құлмамбетке Жамбыл інілік дәстүрмен сыйлап,

өлең айтып, екеуі бұрынғыдан да достасады. Жамбыл Құлмамбеттің қасында бірнеше күндей болады.

Екеуі айрысарда Құлмамбет Жамбылға: «Сен қырғыз еліне таныс көрінесің, мен Шабданның алдына барып бір өлең айтайын деп едім, осыған мені бастап апар», – дейді. Жамбыл апаруға уәде қылады. Бірақ Құлмамбет еліне барып қайтып келмек болады. Жамбыл кетеді. Сол жылы күзге жақын Құлмамбет Жамбылдың үйіне келіп, екеуі қырғызға баруға шығады» [55, 78]. Осы сапар туралы М.Жолдасбеков [44, 80], С.Садырбаев [31, 305-306] еңбектерінде де құнды деректер айтылған.

Жол бойы Құлмамбет сырқаттанып, Шабдан аулына зорға жетеді. Тамақтануға жарамаған ақын бел шешіп қонақ үйде жатып қалады. Жамбыл Шабданның үйінде түнімен өлең айтып, көп манаптың көңілін аулайды. Қасындағы жолдасын сұрағандарға: «Маған ерген бір абашка [шал – Т.Ә.] еді, өзі ауырып келді», – деп сылтаурата салады. Бұлар оянғанда сәске болып қалыпты. Құлмамбет сауығып, құрағытып отыр екен. Манаптың шақыртуымен екеуі ордаға келеді. Амандық-саулық сұрасқан соң Шабдан: «Жамбыл ботам, ат тоқытып жүргелі отырмын. Тәшкенге баратын жұмысым болып қалды. Біздің есіктерді көргенің бұл емес. Бір қара қызыл бесті байлатып қойдым. Мына жолдан мақтанып қайтсам, тағы соғарсың», – дейді. Ардағы сәл тыныштықты пайдаланған Жамбыл қолындағы домбырасын Құлмамбетке ұстата қояды. Шабыт буып, тыпыршып отырған ақын көкейіне тығылып отырған жыр нөсерін төгіп-төгіп өтеді:

– Болғанда ел ағадан, тон жағадан,
Көкжал бөрі соғады тау сағадан.
Сыртыңнан көрмесем де, ұғушы едім,
Жүрмісің, батыр Шабдан, есен-аман?

Мен өзім Құлмамбетпін – Құланаян,
Екенім Құланаян Құдайға аян.
Бұл жақта мұсылманға тақ боп тұрсың,
Кеп тұрмын аруағыңа Қарқарадан [47, 138].

Өзінің көп өлеңшінің бірі еместігін, иісі қазаққа Құланаян Құлмамбет атымен танылған арқалы ақын екенін құлаққағыс етеді. Қазаққа жапсарлас жатқан қырғыздың ілгергі-бергі жақсы-жайсандарын жеке-жеке даралап атап, солардың аруағын сыйлап келгенін сөз қылады.

Ақынның Шабдан манапты тұйыққа тірер жері де – осы тұс. Себебі, Атеке, Орман, Жантай сияқты ірі ел билеушілерінің есімдерін ауызға алып, солардың аруағын елеп келген Құлмамбетті құр қол жіберу мүмкін емес еді. Ендігі жерде манаптың ата-тегін шола келіп, жеке басының әділдігіне, мәрттігіне, жомарттығына, ерлігіне айырықша тоқталады. Осылай ұзақ толғап барып, сөз түйінін өз басының жағдайына тірейді. «Мойнымды созушы едім қоңыр қаздай, Бір Құдайдан басқаға жүрмін жақпай» деп, отбасын қырсық шалып жүргенін айтып шағынады. Шабданнан көмек сұрай келгенін жасырмайды:

– Жарасқан ақ боз атқа асан таңба,
Түсіп тұр ақ дидарың қысылғанға.
Қояннан тақыр жұтап қалғаннан соң,
Кеп едім соны шағып хан Шабданға.

Ұғушы ем аруағыңды елде жүріп,
Аққудай тоят едім көлде жүзіп.
Атымның құйрық майын арықтаттым,
Араға бір ай салдым, шөлде жүріп.

Шабданның әділдігін: «Аузыңда әділдігің болғаннан соң, Ақ қалпақты қырғызға нақ екенсің», батырлығын: «Шынымен қаһарланып атқа мінсең, Құтылмас күллі қырғыз жарлығыңнан», жомарттығын: «Шиеленген алдында шешіледі, Жылап кеткен бейшара, күліп кеткен», тегінің даралығын: «Қырғызға қазақпенен нақ боп жүрген, Айланған Қазығұрттай жалғыз тұқым», – деп жер-көкке сыйғызбай мадақтап, өлеңмен көпшік қояды. Қазақ даласында осындай тәсілді қолданбаған ақын кемде-кем. Жүрекке жылы, тәтті сөздерге ұйыған Шабдан: «Жамбыл ботам, мына абашка сенен ыршы тұрбай ма? Түнде бізге неге айтпадың», – деп, асыққан жолынан қала алмайтынына өкінеді. Сөйтсе де Құлмамбеттен: «Келіп қалдың, қалауың не?» [56, 79]. – деп сұрайды. Құлмамбет те негізгі шаруасына көшіп, қызыл тілге ерік береді:

– О, батыр, олай десең, арызым бар,
Айтатын сол арыздан тәрізім бар.
Жаксы деп алыс жерден іздеп келдім,
Үш жүз сом Әбсеметте қарызым бар.

Атасы Әбсеметтің Әлім еді,
Ақшасын сулап берген зәлім еді.
Бексулға дәсебрениеге қол қойғанда,
Төреге Баталқазы мәлім еді [47, 139].

Арқалы ақынның төгілте жөнелген жыры көкейіне қонды ма, қолы ашық, жомарттығын қырғыз, қазаққа Құлмамбет, Жамбыл арқылы танытқысы келді ме, өзінің шаруашылығын жүргізетін Күйке деген манабына Шабдан: «Бар, пәленше деген дүкенші ноғайдан 300 сом әкеліп бер», – дейді. Күйке шауып барып, ноғайдан 300 сом алып келе жатып: «Атаңның көрі, бір старшын елдің ақшасын қаңғырған ақынға бере ме, батыр да дүниенің бетіне қарамайды», – деп жарты ақшаны жасырып қалады. «Дүкеншіде бар ақша осы екен», – дейді де 150 сомды ақынның алдына тастайды. Құлмамбет ораулы ақшаға қарамай-ақ, Күйкенің қолы таза емес екенін, тегі жоқ, шала манап екенін айтып, сөздің бір ұшығын Шабданға тигізе жырлайды:

– Баласы Марқозының шала манап,
Хан Шабданды жүресің жанамалап.
Жарлығын батырыңның екі қылып,
Сорлы Күйке, боларсың ала манап.

Патшаның сөзі үлкен, өзі үлкен,
Патшаны осы ма екен, көзге ілген.
Өз жолдасы Күйкеден сөз бұзылды,
Бұл батыр бұрын қайтып ел билеген.

Жамбыл ақын сол оқиғаны жиі есіне алып, жиын, тойда әңгімелеп отырады екен: «Алғашқы 150 сомды әкеліп алдымызға қойғанда, бұрын ондай көп ақша алып көрмеген көзім тұнып кетіп, алғалы жатыр едім, Құлмамбет «қозғалма» деп ишарат етті де, өлеңді өршелендіре айтты. Қырғыз манаптары мәрт, намыскер келеді, бір құласа оңбай құлайд. Жаңағы Құлмамбеттің түйінді сөзінен кейін Шабдан қап-қара болып түтеп, қамшысын алып ордадан шығып кетеді. Күйкенің бір қызға бермейтін Қарабоз дейтін аты бар екен. Соны бас қылып, жолға шыққалы тұрған тоғыз аттың ер-тоқымын алдырады. Оларды бір ала арқанға тіздіріп, ақындарды шақыруға бір жігітін жұмсайды. 150 сомды қойнына тығып Құлмамбет сыртқа шықса, тоғыз ат тізіліп тұрады. Шабдан батыр: «Ел аруағына келіпсіз, тоғыз атты айдап қайтыңыз,

150 сомға жеңгей шай ішсін» [56], – дейді. Ол кезде қой – 3 сом, жылқы – 10 сомға бағаланатын болса керек. Шабдан сыйлаған аттардың әр қайсысы жүз сомдық аттар екен.

Манап Ташкент сапарынан бірнеше күн кідіріп, Құлмамбеттің жыр, дастандарын құлағының құрышы қанғанша тыңдайды. Кейін Жамбылдар жолға Шабданмен бірге шығып, Қарабұлақ деген жерде айырылысады. Жол айырығында Құлмамбет:

– Жалғанда ерік берген күн мен айға,
Тәж, тақыт дүниеде тұрмас бойға.
Сізді мен көзім көріп мақтамаймын,
Туыпсыз бірдей болып Абылайға.

Кеп едім шәрбетіңді білейін деп,
Кеп едім бұтағыңа түнейін деп.
Бір кестің қырсығымды, батыр Шабдан,
Мен тұрмын рұқсат берсең жүрейін деп, –

деген жолдармен аяқталған ұзақ сонар жыр толғап, манаппен қимай қостасады. «Құлмамбеттің Шабдан батырға айтқан» арнауы осы сапарда шыққандығын жоғарыдағы келтірілген Жамбыл естеліктері айғақтайды. Мұнан өзге Жамбыл шәкірттері Үмбетәлі, Кенен, Өмірзақ, Саяділ, Әбдіғали ақындардан жазып алған С.Бегалиннің қолжазбаларында мол мағлұматтар қамтылған.

Өмірбаянында айтылғандай, ақын 1906 жылы туған ел, ата-мекенін, жалғыз қызы Арызхан мен жиендерін көріп қайту үшін Жетісуға оралады.

Жол бойы сырқаттанып келіп, Алматының шығыс жағындағы 60 шақырымдай жердегі Түрген қыстағында дүние салады. «Батталқазыға айтқаны», «Ақырғы сөз» толғаулары осы сапарда туған. Оның «ақырғы сөзін» тебіренбей оқу мүмкін емес. Ақырғы демі үзілер шақта тіршіліктегі бар саналы ғұмырын ой елегінен өткізіп, артта қалған отбасының тағдырына алаңдайды, көрудің сәті түспеген жалғыз қызын, жете алмаған туған жері мен елін армандайды. Тіпті, тілі байланып, қиналып жатқанның өзінде бір де бір адамның атынан жаңылмай, оның шыққан тегіне дейін дәріптеп жырына қосады. Қызына деген сағыныш, ұрпақ жалғастыратын ер баланың болмауына байланысты жүрегін мүжіген қайғы-мұң, босқа өткен жалған дүниеге деген күйініш өмірі түгесіп бара жатқан ақтық сәттерде жыр жолдарына айна-

лып, сыртқа ағылып жатады.

«Ақырғы сөз» – сюжеттік құрылымға түзілген оқиғалы шығарма. Толғауда ақынның жеке басы мен Жетісудың беделді адамдары туралы мол деректер қамтылған. Өмір тарихына көз салсақ, Құлмамбет түрлі жағдайлармен Шымкентке екі рет көшіп, қайта оралған. Алғашында бала жасынан кетіп, XIX ғасырдың алпысыншы жылдары өнерде де, өмірде де тауы шағылмаған жас дарын Жетісуда дәуірлеп тұрған ақындарға қосылып, өз үйірімен қауышады. Бұл кезде жалындаған жастығы мен шалқыған шабыты сай келген, келешегі жарқын, сәулелі шағы еді.

Екінші мәрте ұрпақсыздықтың зарынан көкірегін запыран басып сансыраған қарт ақын Оңтүстіктегі ағайындарына бой сергітіп қайту үшін көшкен сыңайлы. Алайда туыс-туғанмен тіл табысып, сіңісіп кете алмаған Құлмамбет өзінің қам көңіл, күйкі тіршілігін:

... Талайының алдында
Бұлбұлдайын сайрадым.
Бақытың қайтқан шағында
Жұрттың түрі осы ма?
Теңгеге де толтырмай
Талайдың алдым жармағын [47, 133], –

деп өкінішпен еске алады. Ақырында өлеңнен де, өнерден де баз кешіп, әулие-әнбиелерді аралап, сопылық жолға түседі. Құлмамбеттің екінші оралуы – көкейін қайғы-қасірет қажаған, бойынан жылу, жүрегінен жыр қашқан сұңғыла ақынның Жетісуға келген соңғы сапары еді.

Жамбыл: «... Ақындықтың арғы сырын айқын сипаттағандай ұзақ әңгіме айтты. Құлмамбет мұны [сырын–Т.Ә.] айтқанда өз өмірінің өкінішті жағын баса айтып, маған ой салғандай терең сарынға барды. Ол өткенде менен мүдіргендей болған бойындағы жағдайды мүлдем ұмытып, маған ылғи ағалық, ұстамдық ойда болды. Құлмамбет сарынында Сүйекең айтқан ұлы сарынның үлгісі жатыр еді. Бірінің ізін бірі басқандай екі ақын да өздерінің жүгін маған артқандай үмітті ықыласпен айтты» [56, 95], – деп аға ақынның жеке өмірінен де үзінділер айтты отырады екен. «Ақырғы сөздің» кіріспесіне қарағанда, ақын еліне келе жатып Қастектегі бір ауылда қонып жатып түс көреді. Түсінде түйе мініп, басына сәлде ораған әкесі: «Жан балам, маған енді мінгескін» деп алдына түйесін шөгереді. Еріксіз артына мінгескен Құлмамбет түсіп қалу үшін сан түрлі сылтау айта бастайды. Бірақ аруақ міз

бакбай жүре береді. Ақырында соңында қалған жалғыз қызы мен отбасын айтып зар жылаған баласына бұрылып былайша пәрмен айтады:

«Жан балам, көп сұранып менен қалдың,
Ел-жұртым, –деп, өтініп сөз шығардың.
Түргеннен топырағың бұйырды енді,
Үш күнге мен босаттым, сонда барғын.
Барма сен туысқанға Асыдағы,
Иә, балам, әрі-сәрі жолда қалдың.
Үш күнде Түрген елі сізді көмер,
Ақиқат айтқан сөзім, бұған нанғын» [47, 115].

«Әкем айтқан жеріне барайын деп, Иман сұрап Құдайдан үміт еттім», – дейді ата-мекеніне асыққан Құлмамбет. Жолай Алматыдағы шалақазақ Әлібек дегеннің үйіне түсіп, талай жыл үзеңгілес жүрген Батталқазы төремен көріседі. Сұрап алған үш күннің бірін сол үйдегі таныстарына қиып, таң атқанша өлең, жыр айтып көңіл аулайды. Ақынның «Батталқазыға айтқан» арнауы осы үйде туады. Сол кезде-судегі өзінің көңіл-күйін Құлмамбет былайша сипаттайды:

Үйінде амандастым Әлібектің,
Көзіме көрінген соң жасым төктім.
Жар болған жаман күнде төрем едің,
Сонан соң не болғанын білмей кеттім.

Батталқазы төремен бұрыннан сыйлас, сырлас досы екенін білдіреді. Батталқазы дәулетсіз ақынға көмек беруден аянбаған, тіпті, шалақазақ Әбсеметпен дауласқанда да қасынан табылып, қол ұшын береді. Сондықтан да төремен өткен қарым-қатынасын былайша түсіндіреді:

– Заманында қызыл жел,
Тамаша, сауық мен едім.
Артсам-түйе, мінсем-ат,
Алтын терек шынарым,
Сүйенерім сен едің.

Батталқазыға көріспеген жылдары басынан кешкен оқиғаларын баяндау арқылы шерін тарқатып, мауқын басады. «Бірге жүріп менімен

өз қолыңмен қойып кет, енді менің тәнімді» деп, төреге ақтық қалауын, соңғы тілегін айтып, достық парызын өтеуді өтінеді. Сыйлас, сырлас ақынның соңғы тілегін қабыл алған Батталқазы: «Өткен іске өкінбе, Құлмамбет деп, Қосындасып, қол ұстап жүре береді». Түргенге науқастанып зорға жетіп, Айнабек дегеннің үйіне түскен Құлмамбет Батталқазының хатшысы Қазыбекті қолқалап «Ақырғы сөзін» жаздырады. Сөйтіп, қазақ, қырғызға тең танылған айтыс өнерінің жүйірігі, күміс көмей, жез тандай жыршы Құланаян Құлмамбет ақтық сөзін де аяқтап үлгірмей пәни дүниеден өтеді.

Оның қай шығармасында болсын адам аттары молынан кездеседі. Тілі байланып жатқанның өзінде бірде-бір ел жақсыларының атын жаңылмай, әр қайсысының тегіне дейін дәріптейді. Тек қана «Ақырғы сөзінің» өзінде сексенге жуық өзіне жақын, халыққа беделді адамдарға соңғы сәлемін жолдайды. Олардың ішінде ақын да, батыр да, ел билеген көсемдер мен дуалы ауыз шешендер де бар. Қазақ, қырғыздың ат жетерлік жерлерін тегіс аралап өлең, жыр айтып, айтысқа түскен Құлмамбеттің ағайын-туыс, дос-жарандары аз болмаса керек. «Ақырғы сөзінде»: «Қалғандар аты аталмай өкпелеме, Сасқаннан айта салдым мыңнан бірін», – деп, ақтық сәтте есіне түспегендерден кешірім өтінеді.

Ақынның ең алдымен есіне алғаны – рулас ағайыны әрі құрдас, досы Көрпетайдың жағдайы болады:

Құланаян ішінде
Санасарым сол еді.
Көрпетайға сәлем де,
Бір жыл туған төл еді.

Көрпетай Найманбайұлы Құлмамбеттен көп кейін қайтыс болған, ұрпақтары қазір Есік қаласының маңындағы Таутүрген аулында тұрады. Құлмамбеттің жалынды жастық шағы, ақындық өнерде бағы жанып, шартарапқа даңқы жайылған бақытты жылдары осы Көрпетаймен іргесі жырақтамаған. Сондықтан соңғы сәттеріне дейін досқа деген адал ниетінен бір ауытқымайды.

Енді бір кезекте Жетісу мен Алатауды жайлаған қазақ, қырғыздағы атақты адамдардың өлісіне иман, тірісіне салауат тілеп сәлем жолдап жатады. Ақын үшін туған жер мен елдің қадірі ерекше. Оның салмағы мен бағасын өнерлі жан ғана бере алса керек.

Түргенді іздеп келдім жерсінген соң,
Қайтейін ел-жұртымды көрмеген соң.
Арманда ағайынды көрмей кеттім,
Тілекті патша Құдай бермеген соң.

Руым – Ұлы жүзге мәлім Албан,
Пәнилігің білінді мына жалған.
Ата-қоныс, ағайынды көре алмастан,
Құлмамбет арманда боп жолда қалған.

Құлмамбет алдымен елінің ұйытқысы болған жақсы-жайсаңдардың атын атап, олардың жұртына істеген азды-көпті қызметін бағалайды. Бұл ретте Верный, Жаркент уезіндегі Жүнісбай, Жантай, Жаман, Шөпшек, Серікбай, Ноғайбай, Серғазы сынды ондаған би-болыс, жұрт ағаларын аузына алып, амандық тілейді. «Нұрқозы Қозыбаймен көп таласқан, Әрқашан болыстықтың сарынына» деп кейбіріне мін тағып, «Ырыс алды – ынтымақ» екенін естеріне салады.

Жалғыз қызы Арызхан мен жиені Нарынбайды, күйеу баласы Оспанды арнайы іздеп келіп, ақтық сәтте жүздесе алмауы – өзегін өртеп, қайғы-мұңға бөлейді:

Салмады жалғыз қызым Арызханға,
Науқастан қатты батты пақыр жанға.
Жүзінді көрмей кеттім, жалғыз қызым,
Бермеді тілегімді қадір Алла.
Көрмедім Нарынбайдай жиенімді,
Көрмей кетіп барамын сүйегімді.
Сіздерді аңсап келіп, бір көре алмай,
Бермеді қадір Құдай тілегімді.

Мұнан әрі күйеу баласы Оспанға отбасын аманаттап, өзінің өмірден өткенін әйеліне хат арқылы естіртуді тапсырады.

Құлмамбеттің тағы бір мән берген жанашырлары – Тезек төре маңайы. «Ақын деп жүріп едің мені жебеп...» деп төремен бірге жүрген сәттерін сағынышпен еске алады. Өзін қырандай баптап, талай жыр тартыстарында томағасын сыпырған Тезекке ілтипаты айырықша. Үш жүзге аты мәлім айбынды Түбекпен де соның ордасында бақ сынасып, жұрт көзіне іліккен. Енді міне, қара жер қолтығына тартып, сұм ажалдың кезегі өзіне төніп тұрғанын айтып Тезектің аруағына

шағынады. Оның ұлы Құдияр, ханымы Төретайға сәлем жолдап, кезінде өздерінен алған ат, шапан, нар түйелері мақшар күні алдынан шыға ма, – деп жүрексінеді.

Ақынның жадында сақталған және бір топ – қырғыз манаптары Шабдан, Бәйтік және Жетісудың барлық руларынан шыққан батырлар мен би-шешендер. Құлмамбет кезінде олардың көпшілігімен дәм-тұздас, дос-жаран болып, қатар жүрген. Солардың ішінде Дулаттан: Диканбай, Дәуітәлі; Шапыраштыдан: Құдайберген, Шалтабай; Сары үйсіннен: Нұрқозы, Қозыбай; Ыстыдан: Бөлтірікұлы Қасабек, Алғысбай, Мәлібек; Қаңлыдан: Нүсіпхан, Құрманбай; Жалайырдан: Керімқұл, Наурызымбек т.б. ел сыйлаған азаматтарды ерекше атайды. Әлдеқашан дүниеден озса да есімдері ел есінде сақталған Мақсұт, Сарыбай, Саймасай, Бөлек секілді жұрт иелерін тізбектеп, бастарына барып құран оқи алмағанына өкінеді. Оларды «Сан торғай қонақтаған панасына» деп алып бәйтерекке балап, адамгершілік, азаматтық қасиеттерін еске түсіреді.

Өзі айтысатын кәрі қыран Түбектен бастап Сүйінбай, Қаңтарбай, Еркебай, Бақтыбай, Сарбас, Жамбыл сықылды іргелі ақындар жүрегінің тұкпірінде орнығып қалған. Әсіресе, «Сүйінбай жан жетпеген жүйрік еді, Шабылған қазақ, қырғыз арасында» деп, аға ақынды өнердің тұлпарына салғастырады. Үзеңгілес жүрген замандас ақындарға Шымкенттегі отбасына барып келуді және өзіне арнап құран оқып отыруды аманаттайды:

Еркебай, болғын аман Сарбас ақын,
Ақынға ақын болушы еді жақын.
Тіл алсаң, біздің үйге бір барып қайт,
Ақын дауысын сағынар біздің қатын.
Замандас деп тапсырған бір аманат,
Біз ғаріпке етіңіз Құран қатым.

Құлмамбет туыстары мен жора-жолдастарына табыстар аманатын, орындалмаған арман, мақсаттарын, ішкі қайғы-күйінішін кестелі сөз өрнектерімен жеткізуге тырысады. Демі үзілер тұста жарық дүниеге қарағанда бақи дүниенің қамы көбірек сөз болып, Алладан иман тілейді. Өмірдің өткіншілігі, құбылмалылығы жайында ой қозғап, тура келген ажалға бақ-дәулет араша түсе алмайтынын ескертеді. Қызығынан қиындығы мол өмір-тіршіліктерін ойға алып, қамығады. Мұндай сарын [мотив] Кемпірбай [57], Шал [58, 45], Майлықожа [59, 36], Әсет

[60], Шарғын [61, 80-81] т.б. халық ақындарының шығармаларында кездеседі.

Бір сөзбен айтқанда, толғау жанрының түпкі мазмұнына құбылмалы және өткінші дүние мотиві негіз болады [62, 31]. Өтпелі дүниені ақындар бірде табиғат құбылыстарына теңесе, енді бірде тозығы жеткен шүберекке, құс тұғырына, көшкен керуенге, ұшқан құс, жүгірген аңға балайды. Бұл тұрғыда Құлмамбет толғауымен өзектес, сарындас. Пікірдің дәлелдігі үшін мына мысалдарға көз жүгірткен жөн сияқты:

Бұл дүниенің мысалы,
Ұшып өткен құспен тең...
[Шал ақын]

Сұрасаң, хал-жайымды, Әсет жаным,
Жатырмын ұшайын деп тұғырымнан...
[Кемпірбай]

Көлеңкелі бұлттай
Көшпелі болған дүниесің...

Қызықтырған түлкідей
Дүние өтер бір күн-ай...
[Майлықожа]

Барады күні біткен күнде өтіп,
Біз келген керуенбіз дүнияға...
[Құлмамбет]

Дүние бояп қойған шүберектей,
Секілді байсыз қатын дүние тұл...
[Әсет]

Кетесің пәки жайға уақыт бітсе,
Керуеннің мінгендей боп түйесіне...
[Шарғын]

Жыраулық поэзиядағы толғауларда ойды тереңнен қозғап, философиялық түйінді тұжырымдарды, қоғамдық, саяси-әлеуметтік мәселерді шешуді, отаршылдық әрекеттерге қарсы күреске шығуды талап

ететін болса, ақындар поэзиясындағы толғауларда дүние жалғанға, қоғамға, тағдырға, өз өміріне деген кейістігін, қынжылысын, ренішін психологиялық тербеніс, толғаныс сезімде құрып, жеке басының тағдыр-талайын жырға айландыруды мақсат тұтады. Мұндай қасиет Құлмамбет шығармашылығына да тән болғандықтан, оның толғауларында лирикалық сезім басымдылық танытып отырады.

Құланаян Құлмамбет – XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ, қырғызды тегіс аралап, көптеген азулы ақындармен жыр бәсекесіне қосылған, сан түрлі қасиеттерді бойына жинақтаған аса дарынды өнерпаз тұлға. Бірақ бізге жеткен туындыларының дені – айтыстар. Әрине, бұл ақын поэзияның басқа түрлерін жырламады деген сөз емес. Құлмамбет әр кезеңдерде Түбек, Жанақ, Сүйінбай, Бақтыбай, Майкөт, Қаңтарбай, Жамбыл сынды тұлғалы ақындар мен қырғыз Қаламқас, Уәзипа, Тұрсынай қыздармен айтысқан. Өкінішке орай, ұрпақ жетесіне Түбек, Майкөт, Жамбылдармен айтыстарының үзінділері мен Қаламқас, Уәзипа, Тұрсынай қыздармен қақтығыстарының жұрнағы ғана жеткен. Жоғарыда көрсетілгендей, өзге шығармаларын дер кезінде жинауға ешкім құлық танытпаған. Осы орайда, профессор Р.Бердібай XIX ғасырда өмір сүрген Шөже, Құлыншақ, Құлмамбет секілді ондаған ақындар шығармашылығының жұрнағы ғана жеткенін айтып қынжылыс білдіреді [63, 158]

Құлмамбет пен Түбек айтысы – ақын өзін алғаш рет көрсете білген, өлең-сөздің құдіретін, ақындық даралығын, талант, дарын қуатын танытқан жыр додасы. Үш жүзге аты мәлім, адуынды кәрі қыран Түбек алдындағы тырнақалды жыр сынағы. Құлмамбет, Түбек, Тезек арасындағы бұл айтыс аяқталмағанымен, мазмұнының өткірлігі мен көркемдік сипаты жағынан құнды туынды. Оны XIX ғасырдың алпысыншы жылдарындағы айтыс өнерін дамытуға қосылған зор үлес деп ұғынған орынды.

Айтыс – Тезек төре секілді Жетісуға танымал билік иесінің ордасында, осы өлкеге белгілі ел жақсыларының ортасында өткенімен де мәнді. Айтыскерлер көкірегінің саңылауы бар, зерделі азаматтардың сынынан өтіп, салиқалы бағаларын алды, әрі сол орта арқылы есімдері басқа алқалы жиындарға, жалпы қазақ, қырғызға кеңінен тарады. Сол топқа Оңтүстікте аты шыққан Егізақ, Тоғызақ, Шаншар, Егізбай т.б. іргелі ақындар қатысып, өздері үлгі тұтқан әйгілі Түбектің өлең-жырларын үйренді, батасын алды. Жыр бәйгесіне жаңа қосылып, бақ сынап жүрген Құлмамбет сияқты жас өреннің өнердегі тұсауы кесілді.

Құлмамбет пен Түбек 1865 жылы Іленің солтүстік қапталындағы Алтынемелде, Тезек төренің ордасында кездеседі. Мұндағы айтыстың өткен орны мен мезгілін нақтылауымыздың өзіндік себептері жоқ емес. Сүйінбай, Жамбыл ақындардың жырларына арқау болған Сұраншы батыр Ақынбекұлы [1798-1864] Г.А.Колпаковский әскерінің сапында жүріп, Сайрамды қоқандықтардан азат ету соғысында мерт болады. Бұл деректер сол тұстағы орыс басылымдары [64] мен С.Бегалин [55, 48-49], Е.Ысмайылов [65, 117-126], М.Жолдасбеков [44, 63-64], С.Садырбаев [31, 305-306] және зерттеуші М.Үмбетаев [66, 49-50] еңбектерінде ғылыми түрде анықталған. Келесі 1865 жылы Сұраншыға арнайы үлкен ас беріледі. Міне, осы асты желеу еткен Түбек ауыр науқастан соң, сергіп қайту үшін Жетісуға келеді. Қазақстанның шығысында экспедициялық сапарда жүріп Түбекті кездестірген А.Янушкевич 1846 жылғы естелігінде былай деп жазады: «Кешкісін бізге Түбек келіп кетті. Бұдан жеті жыл бұрын ол қазақтар арасында даңқы шығып, өлең-жырмен өзінің күй-жағдайын едәуір жақсартқан еді. Бертін келе ауру ырысынан айырып, қайыршыға айналдырған. Ағайын-тумаларының ешқайсысы оны естерінеде алмайды. Бір-ақ қана түйе береді. Оның бар байлығы осы. Көші-қон кезінде оған сиқы қашқан киіз үйін артады... Жалғыз түйесін «көлікке» әкетіп бара жатқанын айтып, ол бізге шағынды. Мейірімі түсіп Пиндардың үйін аман алып қалуға бұйрық берген Александр Македонскийге ұқсап, біз де оның өнерін қастерлеп, түйесін өзіне қайтаруға көмектесетінімізді айттық. Бұған ол қатты қуанды. Шығып бара жатып бір шақпақ қант сұрады. Байғұс басын орамалмен таңып алыпты. Орамалдың астынан жараның ізін көзім шалды. Бәлкім ол барымта кезінде жараланған болар» [67, 203]. Түбек шығармашылығын зерттеуші Ж.Тілепов те айғақты деректерге жүгіне отырып: «...Олай болса Түбектің Тезек пен Құлмамбетті айтыс үстінде жерге қаратуы 1858 жылдан кейінгі мезгілде өткендігі дау тудырмайды», – деген тұжырым айтады [68, 48-49].

Түбек айтыс барысында Тезекке: «Адамның баласынан артық тұған, Пөлкендік, өз әлінше жандаралым» деп көпшік қойып отырады. Төре орыс армиясының әскери шендерін 1858-1863 жылдар аралығында иеленді. Алғашқы жылы поручик шенін тағынса, соңғы атағы полковник дәрежесі болды. Патша өкіметінің Тезек төреге берген сый-сияпат, атақ-дәрежесі туралы «Түркістан уалаятының газетінде» төмендегідей хабарлама берілген: «...Май айының үшінші күнінде 1863-інші жылда Тезек сұлтанға патшадан полковник шені келіпті. Жақсы қызмет қылып, жауда ерлік көрсеткені үшін және таза, артық

қызмет қылғаны үшін Тезек сұлтан сол жылда наградқа бір затнама алыпты» [69].

Осы орайда, С.Бегалиннің Жамбыл туралы еңбегінен де тұшымды мәліметтер келтіруге болады: «...Құлмамбетті Тезек қолында ұстады, сол атын шығарды дейтініме дәлел, Найманнан сексенге жақындаған шағында шыққан атақты Түбек ақын Тезек төреге өлең айтамын деп шығады. Ел ортасына аты жайылған Түбектің келе жатқанын Тезек естиді. Сол кезде Құлмамбет Тезек үйінде екен» [55, 76].

Демек, көрсетілген мәліметтерге сүйене отырып, Түбек Байқош-қарұлы [1789-1870] Жетісуға 1865 жылы 80 жас шамасында келді деп тоқтам жасауға қисын бар сияқты. Құлмамбеттің:

Керейдің қаңғып жүрген шемен шалы,
Бұл жаққа тамашамен келгеніңе.
Мал іздеп әлі күнге қаңғып жүрсің,
Өзіңнің жақын қапты өлеріңе [47, 19], –

деуі де Түбектің кәрілігін аңғартады. Қарт ақынның жады болып, жылдар төсек тартып жатқаны жөніндегі дерек Жетісулық Қарқабат пен Түбектің айтысында да көрініс тапқан. Қарқабат жастығында серілік құрып, ел кезіп жүріп Арқа елінде үйленіп, біраз уақыт сонда қалып қояды. Сол жерде атағы дәуірлеп тұрған Түбекпен танысып, достасып кетеді. Еліне оралғаннан кейін де есінен шығармайды. Арада көп жыл өткенде жастық шағы өткен Сарыарқаны, қимас досы Түбекті көріп қайту үшін жол тартады. Аулына келіп, ауыр науқастан жүдеген Түбекті көрген Қарқабат былайша жанашырлық пейілін білдіреді:

—...Қалайша жүдеп қалдың, жаным Түбек,
Бұл жерге он жыл болды келгенім жоқ.
Бас қосып сізге сәлем бергенім жоқ.
Шошыдым, қаның қашып, жүдеп қапсың,
Өмірімде мұндай ауру көргенім жоқ.

...Халыққа алтын нұрлы қайран Түбек,
Қағынан қара қылды жарған Түбек.
Сыншы едің көпті көрген алғыр сұңқар,
Бәлеге қалай ғана болдың душар [70].

Досына көп көмек көрсетеді және осы сырқатқа кінәлі тоқалына қайта қосылуына септігін тигізеді. Түбектің сырқатынан хабары бар төре: «Біреуі қатынының жады қылып, Жеті жыл шөгіп жатқан шемен деймін» – деп Құлмамбетке мағылұмат беріп, кәрі ақынның ескі жарасын тырнағандай болады. Осыны жадында ұстаған Құлмамбет айтыс үстінде оған: «Найманның қаңғып жүрген шемен шалы» деп тиіседі.

Түбектің бұл келісінің себебін өнерге деген ықыласы мен пейілінен, Жетісудың жері мен жұртына деген сүйіспеншілігі мен сағыныш сезімінен іздеген жөн сияқты. XIX ғасырдың 50-60 жылдары айтыс секілді киелі өнердің төрінен көрініп, есімдері ел көкейінде сақталған Сүйінбай, Бақтыбай, Қарқабат, Майкөт, Құлмамбет, Сарбас, Қуандық, Қаңтарбай қатарлы арқалы ақындар бүкіл қазақ мәдениетіне зор үлес қосқан еді. Сондықтан сырқаттың салдарынан біраз жыл жыр додасынан оқшау қалған қарт Түбектің Жетісуды аңсауы – заңды құбылыс.

Айтыстың өтуіне тікелей себепкер Тезек Нұралын [1821-1879] болуы да кездейсоқ емес. Өз тұсындағы кей құжаттарда оның тегі Абылайханов деп те жазылған. Ол – XIX ғасырдың екінші жартысынан Жетісудағы қазақ, қырғыз халықтарының саяси, әдеби-мәдени өмірінде тиісті орын алған тарихи тұлға. «Түркістан уалаятының газетінде» 1879 жылы берілген Тезектің қазанамасында: «Осы жылы саратан айында Қапал қаласына жақын жерде тұратын полковник Тезек Нұралы баласы Абылайханов дүниеден өтіпті. Бұл Тезек сұлтан Ұлы жүзде болған Абылай хан руынан екен. 1847-інші жылда Тезек сұлтан орысқа табын боп қараған соң, аға сұлтан боп қызмет қылыпты. Аға сұлтан қызметінде біткенше бұл орында болыпты. Тезек сұлтан орысқа қараған соң-ақ жақсы қызмет көрсетіп, шын көңілмен, таза қызмет қылыпты және қызметіне жараса патшалықтан әр жыл наград тиген екен» [69], – дей келіп, Тезекке сыйланған шен-шекпендердің тізімін түзіп шыққан. Кейін осы Қазанама орыс тіліндегі басылымдарда да жарияланған [71].

Тезек Нұралы баласы туралы Ш.Уәлиханов [72, 592-405], А.К.Генс [73, 85], П.П.Семенов-Тянь-Шанский [74, 151], Қ.Халидов [75, 172], С.Садырбаев [31, 320-321], М.Үмбетаев [66, 73-87] т.б. еңбектерде біршама жазылды. «Тезектің бір жағы – ақын, бір жағы – әкім» деп төренің өзі айтпақшы, ол атақты Түбек, Сүйінбай, Бақтыбайлармен жыр жарысына түскен – суырып салма айтыскер ақын да. Сөз қадірін ұққандықтан да жас Құлмамбетті айтыс өнеріне баулып, реті келгенде азулы ақындармен бақ сынасуға ықпалын тигізеді. Сондықтан да балаң дарын қалың жұршылыққа ерте танылып, мерейі биіктей түскен.

Негізінен Түбекпен айтысқан Құлмамбет болғанмен, араға Тезек те араласып кетіп отырады. Даңқты Түбек ақынның өз ордасына келе жатқанын естіген төре жан-жақтан өнерпаздарын жиып, айтыса қалған жағдайда жеңіліп қалмаудың жолын алдын ала іздестіреді. Қарқарадағы Құлмамбетті де ат шаптырып, шақыртып алады. Ақындарына ақыл айтып отырып кейде: «Осы жолы Түбектен жеңілсеңдер, Ордадан қайтып жеміс жемейсіңдер», – деп сес көрсетіп қояды. Осындай бір дайындықтың үстіне Түбек келіп қалады да, айтыс басталып кетеді. Түбек бірден Абылайдан Тезекке дейінгі бүкіл төре әулетін дәріптеп келіп, өзінің бұйымтайын айтып термелей жөнеледі. Сол кезде сөз бағып, кезек күтіп отырған Құлмамбет:

– ...Алтайдан алжып ұшқан кәрі бүркіт,
Мәз болып тышқан алып жегеніңе .
Қисық құл барғаныңда тоғыз берсе,
Шіркін-ай, келтіріпті кемеліңе [47, 30], –

деп бірден өктем сөйлейтін әдетіне басады. Өзінің жас, Түбектің кәрі екенін есіне салады. Жалпы, Құлмамбет қай ақынмен айтысса да оның жағымпаздығы мен сұрампаздығын қарымта жырларында шебер пайданала білген. Бұл жолы да қарсыласының мал сұрай келгенін бетіне басып «Жетпесе қара нанға қызынды сат» деген ауыр сөзге дейін барып қалады.

Алдындағы жас ақынды бөрікпен қағып алмақ болып отырған Түбек Құлмамбеттің сесінен қаймығып, Тезектің жеке басына ойысады:

– Құлмамбет, білемісің төре сырын,
Білмейсің мәңгүрттеніп кімнің кімін?
Алған соң біздің қызды хан атанды,
Сарт еді сары құлақ онан бұрын.
Қаздырып ата-тегін алмадың ба,
Кетпесін, байғұс бала, ісің қырын, –

деп, «Тезекке менен жақын бола алмайсың» дегенді айтады. Ақын сөзінің жаны бар. Төренің екінші әйелі Дәнекер Жалайыр-Балғалының жесірі екен. Сүйегі – Найман – Қаракерей. Аң аулап жүріп түскен Жарылқамыс Бектемісұлы деген малшының үйінде кездестіріп, зорлықпен тартып әкеткен [66, 84]. Бұл оқиға туралы Сүйінбайдың: «Жарлыдан жалғыз лақ даулап жүрген, Өзінде жоқ па деймін ар мен

намыс?» [76, 137], Бактыбайдың: «Сирағын өз қойыңның өзің талап, Қылмайсың, тақсыр төрем, неге намыс?» [77, 301-319] – деген жолдары шынайылықпен астасып, жұптасып төренің қарашаға істеген қиянатын бетіне басады. Басында бүкіл Жетісуді дүрліктірген Тезектің бұзақылық ісі біртін келе ұмытыла бастаған. Ескі жара есіне түскендей Құлмамбет аузынан аяқ астынан: «Үйірге бір байталды костым дейсің, Биенді міндет қылсаң, қайтарып ал» деген сөздер шығып кетеді. Түбек үшін бұл сөздер сексеуілдің отына май шашқанмен бірдей еді. Кәрі қыран қанды шеңгелін енді Тезекке салып, өршелене түседі:

– Қызымды ашулансам кетем алып,
Байлап қой есегіңді арқан тағып.
Айрылған үйірінен сәуірік оңбас,
Жайласын құл мен құтан тоқым салып.

...Мұрнына жылауықтың иісі тисе,
Сонан соң, пәңгі төрең кетер қаңғып.
Төре емес, сенің мұның апиыншы,
Төре деп, мұны сендер жүрсің сан ғып.

Айтыстың өзгеше ауан алып, өзінің түп-тұянағына тіл тигізуге дейін барған ақындарды тоқтату үшін Тезек төре сөзге араласады. Алыстан ат арытып арнайы келген Түбекті Тезектің сый-сияпатсыз жібермейтіні пешенеден белгілі. Өйткені, ханның да, басқаның да атын, мырзалығын, тектілігін халыққа паш етуші де, даттаушы да, мақтаушы да ақын екенін төре жақсы түсінген. Бірақ аздаған сый, құрметті малданбаған Түбек осы ордада күзге дейін сауық-сайран құрып, маңайдағы ел-жұртты ән-күй, жырға бөлейді. Айтыстың М.Байбатырұлы нұсқасында Түбектің өткір жырларынан опық жеген төре Сүйінбаймен кездестіrmек болып, араға кісі салады. Бірақ аға ақынмен бақталасуды құптамаған Сүйінбай ордаға келмей қояды. Оның кішіпейілдік ниетін жоғары бағалаған абыз ақын күзге салым еліне қайтар сәтте:

– Сүйінбай сырттан сыйлап келмей қойды,
Ойлаған мақсатына бала жетер.
Сол болар тұсындағы сұрқылтайың.
Хан Тезек, мұның бәрі сізге нөкер,
Буынсыз не демейді тіл, көмекей [47, 24], –

деген екен. Шынында Тезекке батыл сөйлеп, оның ұрлығы мен жемқорлығын, өзіне бағыныштыларға тізе батыратын озбырлығын

бетіне басып отыратыны Сүйінбай шығармаларында айқын аңғарылады [78, 138]. Айтыс барысынан Құлмамбеттің көсіле, шешіле жырлай алмағаны бірден сезіледі. Бұл тұрғыда төренің Құлмамбетке ерік бермеуінің түрлі себептері болуы әбден мүмкін.

Біріншіден, Түбек пен Құлмамбеттің аузынан шыққан сөздер досынан жауы мол Тезектің абыройын түсірмесе, даңқына даңқ қоспасы анық. Қызыл тілде буын жоқ, екі ақынды еркіне жіберсе жеке басына қатысты әңгімені тереңдетіп жіберетіні сөзсіз. Ақынның бірауыз жел сөзі қырық рулы елге жайылатыны баршаға белгілі. Сондықтан да әккі төре айтысқа өзі араласып, ара ағайындық жасайды.

Екіншіден, қолы ашық мырзалығын қазақ, қырғызға атағы тең тараған Түбек арқылы танытуды ойлайды. Сол мақсатта Түбектің қолын қақпайды, оған берер мал-жанын да аямайды.

Құлмамбет Түбекпен жыр тартысында өз мүмкіндігін сарқа пайдалана алмағанмен, XIX ғасырдағы айтыс өнеріне мазмұнына көркемдігі сай ірі туынды қосқаны дау тудырмаса керек.

Құлмамбет пен Майкөт айтысы 1880 жылы шамасында Бішкек маңындағы Аларча деген жерде, қырғыз манабы Бәйтіктің аулында өтеді. Бұл кездері Құлмамбет өмір мен өнердің ащысы-тұщысын бірдей тарта жүріп, талай тартыстарда шыныққан азулы ақындардың қатарында еді. Бұдан бұрын Жанак, Сүйінбай, Қаламқас т.б. ақындармен бақ таласып, атағы қазақ, қырғыз арасын шарлап кеткен болатын. Солто руының шоң манабы Бәйтік Қанаев [1822-1885] [ел ішінде Қара Бәйтік аталып кеткен – Т.Ә.] той жасап, оған Жетісу қазақтарының да беделді азаматтары шақырылады. Бәйтік 1867 жылы Солто, Саяқ, Сарбағыш, Бағыш, Қоши, Сару, Құлусаид руларының депутаты ретінде Петербургке барып, орыс патшасының қолынан III дәрежелі Әулие Станислав орденімен және гауһар көзді жүзікпен марапатталып қайтқан. Кейін прапорщик, капитан шендерін иеленіп, соңында Солто руының болысы болып сайланады [66, 96]. Осы аз деректің өзі ғана Бәйтіктің еліндегі бет-беделін көрсетсе керек.

Құлмамбет пен Майкөт айтысы жөнінде М.Әуезов [78, 34-36], С.Мұқанов [77, 10], М.Жармұхамедұлы [79, 82-83] еңбектерінде аталып, тұщымды пікірлер айтылған. Дегенмен, заман ағымы мен саяси шектеулер терең зерттеуге мүмкіндік бермегені байқалады. Кейінгі ширек ғасыр көлемінде де бұл шығарма жанрлық, көркемдік, текстологиялық тұрғыда талданған емес. Айтыс жөнінде кеңінен тоқталу үшін алдымен Майкөт туралы бірер мәліметтер келтіру жөн сияқты. Бүгінге дейін жеке шығармалар жинағын айтпағанның өзінде, оның

өмірі мен шығармашылығына байланысты ауыз толтырарлық ғылыми жұмыстар жазылмады.

Майкөт Сандыбайұлы [1842-1902] – XIX ғасырдағы аркалы айтыскер, әрі ірі эпик-жыршы ақын. Майкөттің ақындық өнері жайлы М.Жолдасбеков: «...Оның Құлмамбетпен, Бөлтірікпен, қырғыз ақындары Есенаманмен, Арыстанбекпен айтыстары бұл жанрдың аса көрнекті үлгілерінен саналады. Сүйінбай да, Құлмамбет те, Жамбыл да, Тоғалақ бастаған қырғыздың көп ақындары да оны ардақтап өлеңіне қосқан» [50, 163-164], – деп жылы пікір білдіреді.

Алайда, ақынның туған жылына байланысты деректерде қисынсыз тұстар жоқ емес. Жамбыл жинақтарында 1824 жылы туғаны көрсетілсе [31, 285], жоғары да аталған еңбекте 1837 жылы болып нақтыланады [50, 163]. Барлық мәліметтерде Майкөт Жетісудың танымал биі Сарыбай Айдосұлының асына арнайы шақыртумен келеді. Ал Сарыбайдың қайтыс болғаны туралы 1890 жылғы «Дала уалаятының газетінде» қазанама берілген [80, 135-142]. Ендеше, ас келесі 1891 жылы өткені даусыз. Бір жыл ілгері сауын айтылып, ат жетерлік жердегі қазақ, қырғызға хабар жіберіледі. Бүркітбай би Әулиеатадан Сарыбай асына келе жатып науқасқа ұшырап, қайта қайтуға мәжбүр болады да, орнына отыз жігітпен Майкөт ақынды жібереді [50, 159-160]. Бұл аста Сүйінбай ақын да бар. Бірақ Сүйінбай ас иесі, Сарыбайдың жанкүйері болып, астың үлкен жырын айтуды Жетісу бойындағы Шапырашты, Дулат болып Майкөтке байлады. Майкөт ұзақ жыр айтады. Бұл жырда Жетісудағы Дулат, Шапыраштының сол күндегі елеулі адамдарының бәрін атап, амандасады. Осы ұзақ жырды дәмелі ақындардың бәрі жаттап әкетеді. Майкөт осы аста үлкен олжа алады. Оның үстіне әрі жырына разы болған, әрі түбі бір Бәйдібектің баласы, бір жылдан астам жібермей басына үй көтеріп, алдына мал салып, аса құрметтейді [81].

Бұл деректерге сүйенсек Майкөт Жетісуға 1891 жылдың жазында келіп, еліне келесі 1892 жылдың күзінде қайтады. Бір жыл жүзінде Алатау, Еренқабырға [Тянь-шань] тауларының баурайындағы қазақ, қырғызды аралап, туысқан халықтарды ән-жырға бөлейді, айтыстарға да араласады. Сондай айтыстың бірі Алматы маңында Қасқарау [ру атауы –Т.Ә.] байының асында Бөлтірік ақын арасында өтеді.

Шапыраштының бетке ұстар Мырзабек, Қашке, Құдайберген секілді көрнектілері Майкөтті жас ақынмен айтысуға көндіреді. Бірақ айтыс қақтығыс ретінде ғана қайрылып, ұзаққа созылмайды. Қақтығыстың шағын кіріспесінде Майкөттің жасына байланысты мынандай мәлімет кездеседі:

– Майкөт пенен Бөлтірік,
Бәсеке болған тең тұрып.
«Айтыссын» деп екеуін,
Көп қылған соң кеңшілік.
Бөлтірік ақын жас екен,
Елуге келген Майкөтке,
Қарамаған менсініп [82, 39].

Екінші дәлел, Құлмамбет пен Майкөт айтысының бүгінге жеткен төрт нұсқасында да Құлмамбеттің: «Алдыңа Құлмамбеттей ағаң келді, Ағаңнан өрнек үйрен, сөзін тыңда» деген өлең тіркестері өзгеріссіз қайталанып отырады. Құланаян Құлмамбеттің 1840 жылы туғаны бізге белгілі. Олай болса, Майкөтті 1837 жылы дүниеге келуі еш қисынға келмейді.

Н.С.Смирнова Майкөттің «Алпамыс», «Қазығұрт», «Мың бір түн», «Көрұғлы» жырларынан өзге Өтеген батыр туралы да жырлағанын айтады [83, 151]. Сондай-ақ ол Майлықожа, Құлыншак, Сүйінбай, Түбек, Бақтыбай, қырғыз ақыны Есенаманмен айтысып, көбін жеңген.

Ә.Диваев 1883 жылы Әулиеата уезінен халық әдебиеті үлгілерін жинау барысында Майкөттен көп материалдар жазып алып, олар кейін Я.Лютш [84] пен П.И.Гродеков [85] шығарған басылымдарда жариялап отырған. Майкөттің Жамбыл, Бөлтірік ақындармен қақтығыстары «Айтыс» томдарына және осы ақындардың жеке жинақтарында енгізіліп, сирек те болса баспасөз беттерінде жарық көрді [86]. К.Әзірбаев, С.Керімбеков жинаған аздаған өлең, толғаулары Орталық ғылыми кітапхана мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты [87] қорларында топтасқан. Тілеміс, Арқабай, Жамбыл, Бөлтірік сынды ақындар батасын алып, өздерін Майкөттің шәкірті санаса, қырғыз Тоғалақ молда «Қазақ ақындары» атты толғауында ерекше мән беріп, адамның жасына қатысты жырынан үзінді келтіреді [88, 13].

Құлмамбет пен Майкөт айтысының толық нұсқасын жеткізуші Қ.Байболұлының жазуынша, қырғыз елінде Бәйтік манап той жасайтынын күні бұрын естіген Құлмамбет жанына алты жігіт алып жолға шығады. Қара Бәйтік аулында меркілік Сиқым Құдайберген майырдың баласы Рысқұлбектің Ысты Майкөт ақынмен келіп жатқанын жолдай ұғады. Манаптың ақ ордасына кіріп келген Құлмамбет жағалай отырған жақсы-жайсандармен түйдек-түйдегімен айтылған өлеңімен жеке-жеке амандасады:

–Тілесе, тілек берген Құдай қалап,
Сыймайды бір кеудеге екі талап.
Бәйтіктің он төрт қанат ордасында,
Апырмау, толған екен өңшең манап.
Сол үйге толған екен өңкей манап,
Бәрінің амандастым басын санап [47, 64].

Амандасу өлеңінде әр манаптың атын атап, түсін түстеп өлең бағыштауына қарағанда, Құлмамбет олармен жиі қатынаста болғанын байқау қиын емес. «Далада домбыра тартқан Майкөт екен деп, аңдамай шақырсам, жүз сомдық ішік киіп, жақсы-жайсаңдармен төрде отырған екен», – дейді ақын Қазанқапқа айтқан бір сөзінде. Сөз мәнісінен Құлмамбеттің ілгеріде Майкөт ақынды кездестірмегенін болжауға болады.

Айтыс осылай басталып кетеді. Құлмамбеттің аты жайсыз болған соң, бір танысының ала биесін айырбастап мінген екен. Майкөттің көзі бірден көлігіне түсіп, мін таға сөйлейді:

– Осы ма, Құлмамбетің дауысы биік,
Өлеңмен келген жерден кеттің киіп.
Бола ма, Майкөт сендей Құдай атқан,
Байталға жауыр, шолақ жайдақ мініп?!

Құлмамбет те өз кезегінде тойға байталмен келгенін мойындап: «Жүз сомдық ішігіңе мақтанғанша, Бай боп кетсең болмай ма, дүние жиып» деп уәж айтады. Сөзінің төркінінен «Тон тозар, Рысқұлбектің қошаметі де бұзылар, онан да тапқаныңды жинап-тернесең жағдайың түзелер» деген мысқыл ойдың жатқанын аңғару қиын емес. Енді Құлмамбет Түркістан, Қаратаудан бергі жерде жатқан әр рудың жай-күйін, ел басқарған азаматтардың оларға қамқорлығын сұрап, арасында мін тағып отырады. Айтыстың басынан аяғына дейін сауал тастаушы Құлмамбет те, оған жауап беру кезегі Майкөттің иелігінде қалады. Сөз басы Майкөттің туған елі Ысты руынан басталып, біртіндеп Дулат, Сіргелі, Ошақты тайпаларының да әлеуметтік жағдайы айтысқа арқау болады. Осы орайда айта кетерлік жайт, Құлмамбет:

– Майкөт-ау, Албан бай ма, Дулат бай ма,
Байлығы Дулатыңның Албандай ма?
Байлығын Дулатыңның айтшы маған,
Бір үйің жүз қысырақ тай байлай ма? –

деген сияқты өз жұртын мадақтайтын бірен-саран шумақтар айтқанмен, айтыс бойы қарсылас жағының кемшілігіне көп көңіл бөледі. Әсіресе, би-болыс, ел бишілеріне ерекше шүйлігіп, өткір сынға алады. Майкөт ақын жоғарыда көрсетілген рулардың байлығын, батырларын жіпке тізіп қанша дәріптегенмен, олардың кемшін тұстарын қазбалаған Құлмамбет адымын аштырмайды. Айтыстың аяғына таман ақын Қаратаудан бергі елді қосып ұзақ жыр сарынына түседі. Онда Қаратау етегін жайлаған Майкөт жұртының тұрмысы, тыныс-тіршілігі, шаруашылығы, діні, жекелеген адамдардың оғаш мінез-құлықтары тегіс қамтылады. Әрине, ну тоғайлы таулы өлкеде өскен Құлмамбет үшін тезек теріп, қи ойып, оны базарға сатып жүрген қыз-келіншектерді көру – ерекше көрініс еді. Жаз бойы тер төгіп, егін пісер кезде тас атып оны құстан қорып жүрген бала-шағаның әрекеттері де тандандырғаны анық. Аңызак желдің өтінде еңбек етіп, аптап ыстықтан жүздері тотыққан диқандардың бейнеті де Құлмамбетке аз әсер қалдырмаған сияқты. Осы көріністерді баяндай келіп ақын қарсыласын еліне шақырып, былайша қытығына тиеді;

– Жазған Майкөт, не дейсің,
Сорлы Майкөт, не дейсің.
Сары қымыз сапырып,
Сырбаздың етін жемейсің.

Онандағы, Майкөт-ау,
Біздің елге барсаңшы,
Сары қымыз ішсеңші,
Сары қазы жесеңші.
Өлетұғын жаныңа,
Бір тойынып келсеңші,
Ел мұнда екен десеңші.
Күнге күйген бетіңнің,
Жібір ме екен қатқаны?

Өріске тар жерде мал да өсімсіз келетіні белгілі. Сол себептен де Майкөт елі малға жұтаң болғандықтан, Жетісу жұрты секілді ет өнімі негізгі асқа саналмайды. Құлмамбеттің көзқарасында бұл тақыр кедейлікпен пара-пар. Жаз-жайлау, қыс-қыстауға көшіп жүрген қазақ үшін там үйдің қажеттілігі жоқ. Ал егіншілікпен шұғылданған Қаратау елінің кей бөлігінің негізгі баспанасы – там үй. Сондықтан Құлмамбет:

– Және бір жайыңды айтайын:
Қаратаудың қазағы
Тамның артын шөмейткен,
Таммен үйін көбейткен.
Нансыз асқан еті жоқ,
Етін нанмен көбейткен.
Анық кедей болмаса,
Майкөт-ау, елің неге өйткен? –

деп қағытып, осындай көзіне ерсі көрінген ел келбетін Майкөттің бетіне басады.

Құлмамбетті тағы бір түңілткен көрініс – Оңтүстік жұртының боза мен шылымға жақындығы. Осы жат қылықтың салдарынан ата-баба дәстүрі бұзылып, «Жеті атасын терісіп, кемітеді ағаны» деп қынжылады. Боза ішудің ақыры борышкерлікке, зинақорлыққа жеткізетінін, бұл мұсылмандыққа жат пиғыл екенін сөзге өзек қылады:

– Халқыңның жайын айтайын:
Боза ішкенді тәуір көреді
Қымыз бенен айраннан.
Қабактан болған бозасы,
Қашан қабыл болады,
Сол шіркіннің тобасы.

Әріптесі осылай жыр үлгісінде құлашын кеңге салған соң, Майкөттің де қысқа қайыруы мүмкін емес еді. Себебі Рысқұлбек болыс та Құлмамбеттің уытты тіліне әрең шыдап отырса керек: «Ей, Майкөт, елдің бетін көрсет, айтар сөзі бар елдің баласысың», – деп Майкөтке салмақ салғандай болады. Енді Майкөт Құлмамбет руының кемшілігін теріп ұзақ жырлайды.

Сол күні ақындар бір бірін ала алмай, айтыс теке-тіреспен аяқталады. Келесі күні айтыс тағдырын шешкен Бәйтік: «Төрелік мынау болады. Жиналған жұрттың біреуінді мақтауы бар, біреуінді даттауы бар. Екеуінді бұл жағынан пара-пар дейміз. Енді бір-бір ауыз өлең тыңдалық» [47, 81], – дейді. Құлмамбет Бәйтік әйелінің сұлулығын Пайғамбар қызына теңеп, Қытайдан бері жерде мұндай ұрғашы көрмегенін тамсана жырлайды. Әйел затын Пайғамбарға теңегеніне ашуланған манап Майкөтке өзін жамандап жырлауды талап етеді. Майкөт Бәйтіктің жеке басының кемшіліктерін жіпке тізгендей етіп жырлайды.

Қазанқап мәліметінше, Құлмамбет: «Қызталақ Албан, затымды Пайғамбарға теңедің деп, Майкөтке – түйе, маған ат мінгізді. Түйе алған соң Майкөт жеңді болды. Содан кейін көп кешікпей екі балам бірдей қайтыс болды дей келе: «Кеткен соң Майкөт жылай бердім, Мен неге даттадым деп киелі елді» [47, 81], – деп жылайды екен.

Ілгергі зерттеушілердің көпшілігі Құлмамбет пен Майкөт айтысына таптық тұрғыдан қарап, біржақты тұжырым жасап келгені мәлім. Олардың пікірінше, Майкөт отырықшылықты, кәсіпті, егіншілікті жырласа, Құлмамбет мал-дәулетке, байлық-санатқа, өмір қызығына масаттанған би-болыс, бай-мырзаларды дәріптеген. Әрине, бұл заман ағымына байланысты айтылған пайымдар еді. Бұл ретте бір-бірінен мыңдаған шақырым алшақ жатқан екі елдің географиялық жағдайына да көңіл бөлген жөн сияқты. Суы мол, ауа райы ыстық Қаратау, Түркістан, Сыр өңірлері егін салуға ыңғайлы. Қалаларға жақын болған соң, іргесінен базары үзілмеген елдің тұрмысы да қонды. Ежелден отырықшылық тіршілікке бойсынған, сауда-саттыққа икемді, тумысынан жер еміп өскен жапсарлас өзбек ағайындардың да оңтүстік жұртына тигізген ықпалы аз емес. Дегенмен, бұл өлке жайылымдық өріске тар, төрт түлік мал өсіруге қолайсыз.

Алатау, Еренқабырға, Ұзынқара [Кетпен қыраттары – Т.Ә.] тауларын қоныстанған Құлмамбет елінің тұрмысы мүлде басқа. Суы тұнық, шөбі шүйгін, табиғаты тамылжыған бұл өңір мал өсіруге жайлы. Негізінен мал шаруашылығын кәсіп еткендіктен, бар тіршілік көзі төрт түлік болып табылады. Ақындар осындай тарихи-табиғи алғы шарттардан алшақ кете алмаған. Қалай дегенде де өз заманының бар болмысын анық, дәл беруге ұмтылысқан. Қай елдің болса да атқаратын кәсібі, қоршаған ортасы, әл-ауқат деңгейінен хабардар етеді. Сондықтан да айтыс барысында әр ақын өз руын, елі мен жерін, байлығын, игі жақсылардың жеке басын сөз еткенде, солардың артықшылықтарын жеңіс кілті есебінде пайдаланған. Бірінде бар нәрсе екіншісінде жоқ болса, үлкен кемшілік саналған.

Құлмамбет пен Майкөт айтысындағы өмір шындығы, дәуір келбетінің терең де дәл бейнеленуі – шығарманың ішкі мазмұны мен көркемдік қасиеттерін аша түскен.

Құлмамбеттің Жамбылмен айтысы – Жамбылдың шығармашылық өміріне үлкен өзгеріс әкелген туынды. Жамбылдың ақындық атын аспандатқан да осы айтыс болды. Өйткені, Құлмамбет есімі Жетісу еліне ерте жайылған, Жамбылға дейін айтысқан ақынды беттеспеген азулы ақын еді [58, 75]. Бұл айтыста көрінетін жаңа бет алыс,

алдымен, ақынның өмір шындығын суреттеуге жақын отыруы, екіншіден, жеке айтысты желілі шығарма дәрежесіне жеткізуі еді [57, 88]. XX ғасырдың алғашқы ширегінен бері осы айтыс туралы қалам тартпаған әдебиеттанушы кемде-кем. Атап айтқанда, М.Әуезов, С.Мұқанов, С.Сейфуллин, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, М. Ғабдуллин, Б.Кенжебаев, Ә.Тәжібаев, М.Қаратаев, З.Ахметов, С.Қирабаев, З.Қабдолов, Р.Бердібай, О.Нұрмағамбетова, С.Қасқабасов, Ш.Ыбыраев, Ж.Тілепов, Н.Төреқұлов, М.Қараев, Т.Тебегенов т.б. ондаған ғалым, өзге де қаламгерлердің ой бөлісіп, ықыласты пікірлерін білдіргені көпшілікке мәлім. Әсіресе, Жамбыл шығармашылығын түбегейлі зерттеген Е.Ысмайыловтың, С.Бегалиннің, С.Садырбаевтың, М.Жолдасбековтың бағалы еңбектерін атап өткен орынды.

Қай замандарда да қазақ ақындары дәулет жинамаған. Олардың барлық ауыртпалықтарын елі көтерген, бірақ оны бетіне салық қылмаған. Ақын бір жағынан рудың, яки бір топтың тілек мақсатын жақтаушы қоғам қайраткері, екінші жағынан ақындығымен күн көруші кәсіп иесі ретінде де қоғам өмірінде көрініс береді. Ақындық өнер сынға түседі, әр ақын өнер жарысына түсіп, озып шығуға тырысады [57, 87]. Ақындар ел басына күн туған қаралы кездерде де, ақ түйенің қарны жарылған қуанышты сәттерде де жұртының жанынан табылған. Қазақ ақын-жыраулары кие тұтатын үш-ақ нәрсе болған. Олар – туған ел мен жер, намыс. Қайда жүрсе де осы үшеуін ту етіп ұстап, қолдан түсірмеген. Қазан төңкерісіне дейінгі айтыс ақындарының қай-қайсысы да осы жолдан танбаған. Мәселен, Құлмамбетпен айтысқанда Жамбыл:

–Таз Құлмамбет, сен салсаң,
Мен де салдым байымды.
Мен де байдан ап жүрмін,
Азын-аулақ шайымды.
Асықпасаң, Құлеке,
Табарсың әлі-ақ жайынды.
Менің де Құттықсейіт байым бар,
Қайтетуғын ойың бар.
Қалың байды қаптатсам,
Болатын әлі-ақ тойың бар [47, 101], –

дейді. Мұнда ешқандай да сөгеттік жоқ, оны іздеп, шарқ ұрып жүрген өзіміз. Руының, жерінің ерен батырлары мен дуалы ауыз би-шешендерінің, билік тізгінін ұстаған атқамінер беделділерінің ерекшелік-

терін асыра мақтау – қай айтысқа да тән сипат [89, 122]. Осы орайда белгілі фольклортанушы С.Қасқабасов Жамбылдың айтыскерлігі туралы мынандай тың пікірге тоқталады: «Сол заманның айтыстарына тән барлық әдісті Жамбыл пайдаланды: қарсыласын ащы мысқылдау, оны өлеңмен тұқырту, тіпті жеке басына да сөз келтіру, оның мақтаған адамдарын жамандау, руын даттау... Қажетті жерінде Жамбыл өз руын да мақтап айтады, оны қарсыласы руына қарсы қояды...» [90, 123]. Ұлы Отан соғысы жылдары көсемдерді, партия, өндіріс басшыларын мақтау, тіпті қазіргі айтыстарда ауыл, аудан, облыс әкімдерін, қалталы іскер азаматтарды жер-көкке сыйғызбай мақтауды өз көзімізбен көрген жайымыз бар. «Күпіні шекпенге ауыстырғаны» болмаса, дәстүр жалғастығы үзілмей келе жатқанын аңғармау мүмкін емес.

Жамбылтанушылар Құлмамбет пен Жамбыл айтысы қай жылы, қайда өткені төңірегінде бір тоқтамға келе алмай жүргені белгілі. Атап айтқанда, Жамбылдың 1982, 1996 жылғы таңдамалы жинақтарында, С.Садырбаевтың 1937 жылғы 22 қазандағы Республикалық «Лениншіл жас» [қазіргі «Жас алаш» – Т.Ә.] газетіндегі ақынның «Литературная газетаға» берген сұхбатының аудармасына сүйеніп: «Сүйінбай Құлмамбет пен Жамбылдың айтысы өткен соң бір жылдан кейін, 1898 жылы қайтыс болса, онда екі ақынның айтысы 1897 жылы болды деген тоқтам қисынға келеді. 1897 жылы Ұлы жүз Албан елінің жайлауында Шәрипа деген қыздың ұзатылу тойында болады» [46, 212], – деген байламын Н.Төреқұлов та қуаттады [91, 75-76].

Ал бір топ ғалымдар жиын 1881 жылы қазіргі Қапшағай көпірінің маңында өткенін айғақты деректермен дәлелдейді. Бұл тұрғыда алғашқы Жамбылтанушылардың бірі Ы.Ысмайыловтың пікірінше: «1881 жылы Іле өзенінің бойында болысаралық үлкен жиын шақырылып, Албан, Дулат, Жалайыр, Үйсін, Шапырашты болыстары бас қосып, жиында ақындар бас қосады. Құлмамбет жиылған ақындардың ішіндегі жасы үлкені де және даңқы шыққан жүйрігі де» [43, 156]. Кейін С.Мұқанов сол жиынды көзімен көрген Ыбырайым ақсақалдың да Қапшағай маңын айтқанын жазады [92, 13]. Тұңғыш рет Жамбылдың толық өмірбаяндық хикаятын жазып, тіршілігінде жарыққа шығара алмаған С.Бегалин: «Қатысушылардың айтуынша, айтыс Іле станциясының сәл жоғарғы тұсында Жетісуды қоныстанған барлық рулардың би-болыстары бас қосқан жиында өткен» [93], – деп нақтылай түседі. Жазушының аталған кітабының баспа жүзін көруінің сәті 1996 жылы ғана түскені баршаға мәлім [55]. Осы кейінгі пікірді қуаттаған анықтамалар М.Ғабдуллин, Б.Кенжебаев, Н.Смирнова, М.Дүйсенов,

О.Нұрмағамбетова, М.Ғұмарова, С.Қасқабасов, М.Жолдасбеков секілді ғалымдардың зерттеулерінде көрініс тапқан. Бұлардың көпшілігі Жамбылдың көзін көріп, қоян-қолтық араласқанын ескерсек, соңғы пікірлерде толық ғылыми негіз бар екені даусыз.

Осы ретте айтыстың өткен жылына байланысты бұрынғы айғақтарды қайталап жатпай, бір ғана фактіге жүгіне кеткенді жөн санадық.

Тарихқа көз жүгіртсек, ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазақ жерінде үш үлкен жұт болғанын көреміз. Олар: 1867-1868 жылдардағы «Жалпақ қоян» жұты, 1879-1880 жылдардағы «Үлкен қоян» жұты [Жетісуда «Ақ қоян» аталып кеткен – Т.Ә.], 1891-1992 жылдардағы «Кіші қоян» жұты [94]. Жамбыл «Ақ қояннан» жұтап қалған Құлмамбетті қырғыз манабы Шабданның еліне 1881 жылдың күзінде ертіп барғаны белгілі [55, 78-80]. «Қояннан тақыр жұтап қалғаннан соң, кеп едім соны шағып Шабдан ханға» [47, 138] дейді Құлмамбет сол жолы. Қазақ этнографиясын зерттеуші Д.Шокпарұлының «Бір айтыстың ақиқаты» атты зерттеуінде айтылған мәселе терең талданған [95].

Барлық пікірлерді қорыта келіп, ендігі жерде айтыс 1881 жылы Іле бойындағы Арбаөткел маңында, болысаралық жиында өтті деген дәлелді тұжырымға тоқталған жөн сияқты.

Құлмамбет пен Жамбыл айтысының ең толық нұсқасын жеткізуші Ү.Кәрібаев Жамбылдың мына естелігін хатқа түсірген: «Арбаөткелдің түбінде, Іленің бойында Құлмамбет тоғыз ақынды жеңіп, ешкім беттемей бергесін жалғыз өзі әнге салып, көзіне жан көрінбей отырды. Албан, Дулат, Шапыраштының атакты, аты шулы би-болыстарының басын қосқан сиязына Албаннан: Тазабек, Сегізсары Түгелбай; Дулаттан: Мәңке, Сәт, Алпысбай, Сарыжан, Саймасай, Ыдырыс, Тәтеке; Шапыраштыдан: Нұрқожа, Байқожа, Құдайберген деген кісілер. Тоғыз ақын бірдей жеңіліп қалған соң, Құдайберген: «Мына шал бәрінің сауырынды алмақ болды ғой» деп ашуланып: «Жамбыл деген қайда? Шақыр!» дейді. Сонда Құлмамбеттен қорқып, сипақтап: «Құдай, қандай бәлеге ұшыратасың» – деп, далада қашып жүрдім. Бір жігіт танып қалып: «Жамбыл деген сенсің ғой. Кейуана қатын, күйкі тұғыр тәрізді неме екенсің» деп, үйге итеріп кіргізіп жіберді. Сәлемсіз, үн жоқ, түн жоқ қорқып бұғып, қалың кісінің арасында отыр едім. Сонда Құдайберген шашы тіп-тік болып ашуланды. Келгенімді көріп қалып, Құлмамбет сөйлей берді» [96].

«Жамбыл Құдайбергеннің шақыруымен келіп, қолдау көрсе де Құлмамбеттің даңқынан, сөзінің аяқалысынан қатты сескенеді. Әу дегенде Жамбыл бірден көсіліп кете алмай, аузына сөз түспей бөге-

ле беріпті», – дейді осы оқиғадан хабардар профессор Е.Ысмайылов [65, 157].

Жамбыл тоғыз акынды бірдей жеңіп, домбыраларын керегеге таңдырып қойған Құлмамбеттен бір жағынан сескенсе, екіншіден, жасы үлкен аға акынды құрметтеп, сыйлаған да болуы мүмкін. Бірақ жыр жарысына еріксіз қосып отырған Құдайберген сияқты билік иесінің пысы да емес, ол аузына алған Қарасайдың аруағы итермелеген ел намысы сияқты. Е.Ысмайылов еңбегінде тыңдаушылар жиылып, жеңімпаз ақынға 300 сом бәйге тігілгені айтылады. Алайда, Орталық ғылыми кітапханада сақталған айтыс нұсқаларында мұндай мәлімет кездеспейді. Аталған жинақта айтыстың аяқталуын былайша өрбітеді: «Ақырында Құлмамбеттің түбі Арғын, ұрлық жаласымен ауып келгенін, басы жылтыр екенін жанына батыра айтқан Жамбылдың сөзіне ызаланған Құлмамбет домбырасын бұрап-бұрап алып, ақыра бергенде, домбырасының ішегі үзіліп кілт тоқтап қалады. Жамбылды қолдаушылар: «домбыраң қирап үнің өшті, Жамбыл жеңді» деп, 300 сомды алып шығып кетті. Жамбыл айтады: «Шынында Құлмамбет өте күшті ақын еді, бірақ бұл жолы маған абырой болып, оның осал жеріне тиіп жеңіп кеттім» [65, 167].

Айтыстың осы әбден шиелініскен тұсын Жамбылмен қат-қабат араласып жүрген С.Бегалин былайша түсіндіреді: «Бірнеше рет кезек айтысып Құлмамбетке кезек келгенде, Құлмамбеттің домбырасының ішегі үзіліп кетіп, енді домбырасының ішегін жалғағанша ыза болып отырған тентек Құдайберген үстелде тұрған 300 сомды жұлып алып қалтасына салып: «Сен домбыраңның ішегін жалғағанша, біздің Жамбыл отыра ма, біздің Жамбыл жеңді», – деп кісілерін ертіп тұрып кетіпті. Албан адамдары Жетісу ортасында Құдайбергенге күш істей алмай, Жамбыл жеңді лақап болып, Құлмамбет қалып қояды.

Мұны Жамбыл өз аузынан осылай айтады: Шыныда, Құлмамбеттен ақындығым асқан жоқ. Ол ірі ақын еді. Менің абыройымды көтерген Құттықсейіттің Құдайбергенінің тентектігі ғой», – дейді екен Жамбыл [Үмбетәлінің айтуынан] [55, 78].

Айтыста ақын біткенді беттетпейтін Құлмамбетті Жамбыл жеңіпті деген сөз Жетісудан асып қазақтың сайын даласын кезіп, жаттап алған ақындар аузынан ел ішіне тез таралып кетеді. Үмбетәлі Жамбылдың өзінен жаттап алған екен. Жамбыл шығармашылығының шын жанашыры С.Бегалин «Сахара сандуғаштары» кітабында: «Жамбылдың ақындық атын аспандатқан да осы айтыс болды. Өйткені Құлмамбет Жетісу еліне аты ерте жайылған, айтысқан ақынды беттетпеген от

ауызды акын болған» [97, 19], – деп ағынан жарылса, фольклортанушы О.Нұрмағамбетованың: «Ал Жамбылдың Құлмамбетпен айтысы, оның өмірдегі үлкен бір биік белесі болған-ды» [98, 65], – деген лебізі де жоғарыда келтірілген тұжырымдармен бір үйлестікте тоғысып, түйінделіп жатқандай.

Талай жыр бәйгесінде қарсыласынан оқ бойы озып келіп жүрген, өлең парқын, өнер қадірін жете түсінген Құлмамбет Жамбылмен айтысқанда неден тосылды, неге сөз тұзағына ілікті? Осы сұрақтар төңірегінде ой бөліссек, М.Әуезов: «Сауырық пен Сұраншының өлімі арқылы Жамбылды табалағысы келді. ...Құлмамбет жаңағы сөзімен өз өкімін өзі айтып, сағағынан ілінеді, қазасына жетеді. Оның қазасы мен үкімін Жамбыл айтқанда былайша тойтарып түйеді:

...Қажылық қып кетті ме Мақсұт ағаң?
Ағайынмен ұрысып даудан өлген.
Шапырашты, Дулаттың бәрі куә,
Шытыр жеген өгіздей аунап өлген.
Мақтаған байларыңның оңғаны жоқ,
Төрт бұрышын төңіректің жалмап өлген, –

деп, Құлмамбеттің қанатын осылайша жүйеге жығып қырқады» [78, 38], – дейді. Жамбылтанушы С.Садырбаев: «Мысалы, Албан, Суан елдерінің бай-бағландарын айтып, біздің елдің ішкі құрылысында қателік пен кемшілік жоқ деп, сылап-сипамақ болады, әрі сол кездегі таптық тартысты жаймашуақтамақ. Сонда Жамбыл бір ғана мысалға [деталь] тыңдаушысының назарын аудартады» [46, 218-219], – деп, жоғарыда М.Әуезов келтірген Мақсұт туралы шумақты ұсынады. С.Бегалин де: «Албанның ең бір аталы жуан жерінен, Ажыбай тұқымынан шыққан Мақсұт болысты Бактиярдың баласы Күржібай өлтіріп, сонан үлкен дау болған» [55, 109], – дегенді айтады да аталған шумақты мысалға алады. Е.Ысмайылов та осы оқиғаға мән беріп, айтыстың шарықтау-шегіне жеткенін былайша ұғындырады: «Шапырашты адамдары елді жаудан қорғап өлетін болса, сенің ағаң Мақсұт ағайынмен ұрысып, аяқ-асты даудан өлген, сен мақтаған байларың көк есектей ақымақ, елге тигізген түк пайдасы жоқ, айналасын жалмап жеумен келе жатқандар, олардың бірінде Сұраншы, Сауықтың шеніне алмаймын, мені қара күннің баласы деп кемітесің, сен өзің қашып келген ақтабан ұрысын, басында бір тал қыл жоқ деп кемітіп жырлайды. Жамбылдың дәлелі басым болып Құлмамбет жеңіледі» [65, 90].

Дәйектерге сүйене отырып, зерттеушілердің соңғы тоқтамдары Мақсұтқа байланысты болатыны аңғарылады. Шындығында, олардың пікірлеріне арқау болған Мақсұт кім?

М.Қожамқұлұлы шамамен XIX ғасырдың алғашқы ширегінде туып, жетпісінші жылдардың аяғында Бақтиярұлы Күржібайдың қолынан мерт болған. Сүйегі – Албан ішіндегі Қызылбөріктің Әжібай атасынан тарайды.

Әжібай батырдан – Жалбы, одан – Қожамқұл, Мақсұт – Қожамқұлдың бел баласы. Қызылбөрік руының билік тізгіні қазан төңкерісіне дейін осы тұқымның қолынан түспеген. Сол атаның ұрпағы Ә.Ниязбеков ақсақалдың жазбаларынан Мақсұт туралы мынандай дерек кездеседі: «Мақсұт топтап ұры ұстаған – барымташы, тілге шешен-даукес, мансапқор, қатыгез, қанқұмар кісі екен. Ол әкесі Қожамқұлға ас беріп, ат шаптырғанда алғашқы тоғыз атқа тоғыз-тоғыздан бәйге жариялап, бас бәйгеге 9 адам тіккен [42]. Бұдан бұрын мұндай қатыгездікке қырғыздың шоң манабы Жантай Орманұлы [1800-1867] да барып, інісі Таштанбектің асында бас бәйгеге 65 адам тіккенде жапсарлас жатқан қазақ-қырғыз күніренген еді [66, 95].

Мақсұт жасынан бір беткей, тентек болып өссе керек. Бірде Қожамқұл байдың аулына қырғыз, қазақтың атақты адамдары түсіп, әкесі Мақсұтты өрістегі малға жұмсайды. Көп ұзамай жүзі түнерген бала қайта оралып, қонақтар ортасында отырған Қожамқұлға: «Әке, мен сіздің ұлыңызбын ба, әлде, құлақ кесті құлыңызбын ба?» – деп сұрапты. Баласының сауалына немқұрайды қараған бай: «Құлымсың» дей салыпты. Екі көзі от шашып, ызаға булыққан Мақсұт белінен кісесін шығарып: «Құлақ кесті құл мынандай болады» деп, сол құлағын түбінен шорт кесіп, төрдегі әкесінің алдына тастапты. Тұйықсыз қимылдан теңселіп кеткен жұрт жағасын ұстапты» [42].

Кейін барымтада бір аяғы мертігіп, шораяқ болып қалған. Қатарлас қырғыз, қалмақтармен болып тұратын барымта-қарымта, дау-жанжалдарда белсенділік танытып, ел ішінде батыр атанып кеткен. Мейірман ақынның төмендегі бір шумақ өлеңі сөзге айғақ боларлық:

– Жау келсе найза ұстадың ел шетіне,
Қаршадай қарамастан келбетіңе.
Ақсақ, шұнақ демей-ақ сені ұстады,
Қысылса Қызылбөрік өз бетіне [99].

Мейірман ақын мен оның әкесі Дәркенбай, немерелес ағайыны Мақсұт туралы ел арасында аңыз, әңгімелер мол тараған. Сондай әңгімелердің бір тобын Ә.Диваев 1921 жылы жазып алыпты [100]. Мақсұттың мейірімсіздігіне, рақымсыздығы мен қанқұмарлығына жаны түршіккен Дәркенбай би ағайынынан іргесін бөліп, көп жылдар араз болып жүреді. Түрген бойын мекендеген Қызылбөріктің аз атасы Керейкұлға қыастық жасап, қыз-келіншектеріне зорлық жасауға дейін барған.

Сүйінбай елі 1879 жылы «Ақ қояннан» малы жұтап, таяқ ұстап қалады. Өрдегі Мақсұт ауылы төрт түлігін күнгейге жайып, апаттан аман қалады. Сүйінбай жаз шыға Асы асып Мақсұттан көмек сұрай барады:

... Жанымды қу мал үшін отқа салдым.
Қоян келіп малымды шайқаған соң,
Салбырап қартайғанда Албан бардым.
– Баласы Қожамқұлдың Мақсұтбегім,
Қара үзген хан, қарадан қара көгім.
Біздерге артық қызмет қылмақ болсаң,
Бөрте атын Бала Қараш алып бергін [55, 63].

Бұл арнаудан Мақсұт бидің 1879 жылы тірі екенін межелей отырып, Құлмамбет пен Жамбыл айтысының сәл алдында ғана мерт болғанын болжауға болады. Түркістан өлкесінің губернаторы 1873 жылы Жетісудің бірнеше би-болыстарына алғыс жариялағанда, сол тізімде Мақсұттың да аты-жөні іліккен [101]. Бидің өліміне қатысты бұрын-соңды көз көріп, құлақ естімеген оқиға Жетісу жұртын дүр сілкіндіреді. Шексіз зорлық-зомбылыққа төзбеген Күржібай Алматыдағы жиынға аз ғана нөкерімен келе жатқан Мақсұтты қонаққа шақырып, қапысын тауып мылжалап өлтіреді. Тіпті, мүшелеп көміп, жер бетінде ізін қалдырмау үшін өлік үстінен мал айдап өтіпті деген де әңгіме ел ішінде кездесіп қалады. Жамбылдың: «Әр түрлі жамандықты естіп өлген, Қорлықпен буындырып, күшпен өлген...» деген өлең жолдары да талай нәрсені аңғартса керек. Күржібай Алматыдағы Әлімұлы Әбсемет дейтін шалақазақпен Әмір, Әмзе атты адвокаттар арқылы жең жалғастырып, Мақсұт өліміне байланысты қылмыстық іс аяқсыз қалады. Бұл аздай-ақ, түрлі жалалар таңып Мақсұттың баласы Мәсімханды бас етіп Әжібай тұқымынан 12 адамды жер аудармақшы болады. Қорланған сүйекті іздемек тұрмақ, ағайындарының өзі қуғын-сүргінге ұшырайды.

Қиын күн болып кетті Әжібайға,
Қосеке, Мәсімханды мықтап ойла.
Аспанға қарақұстай алып ұшқан,
Кешегі ер Мақсұттың құны қайда? [55, 107-110] –

деп, Одаман ақынның Шапырашты Қосай шешенге айтқаны – осы оқиғаның болғанына дәлел. Ағайын араздығынан Қосай ауылы Текестегі Албан ағайындарын паналап, біраз жылдар қонсы отырса керек. Кейін Сарыбай бидің араласуымен еліне оралған Қосай Шапыраштының қабырғалы биінің бірінен саналған. Жоғарыда Албан Одаман ақын Қосайды арқа тұтып, Әжібай тұқымын арашалап қалуды өтінгеніде сондықтан. Кейін Қосайдың табандылығының нәтижесінде атышулы Мақсұт ісі заң орындарынан билер алқасына аударылып, ұрпақтары қуғыннан арылады.

Міне, осы қанқұйлы оқиға айтыстың қарсаңында ғана өтіп, ізі де суый қоймаған еді. Жамбыл Мақсұт бидің жалпақ жұртқа істеген зұлымдығын және сол әрекеттеріне сай қорлық өліммен өлгендігі жайлы көп мәлімет білетіні – оқиғаның өткеніне көп уақыт бола қоймағанын байқатады.

Жамбыл үшін жеңіс кілті болған осы оқиға, Құлмамбет адымын ашырмайтын кісеннің құлпын жауып тастағандай. Жамбыл: «Қажылық қып кетіп пе еді Мақсұт ағаң» деп Құлмамбетті мысқылдайды. Мұның мәнісі – Мақсұттың сүйегі де табылмай, із-түссіз жоғалып кеткені. Одан әрі мәйіттің қалай қорланғанынан хабар беріп өтеді де, өш алған Қызылбөріктің Керейқұл, Сақау аталарын әдейі атап, Құланаянның өспей қалғанын зілді кекесінмен жеткізеді. Азулы Құлмамбеттің аузына қақпақ салатын сәтте – осы тұс. Жоғарыда айтылғандай, Әжібай батыр Құлмамбеттің бабасы Құлбарыс бастаған құланаяндарға жайлы қоныс бөліп, қызылбөріктердің өзге аталарына қарағанда іш тартып, ағалық танытқан. Сондықтан Құлмамбет үшін Әжібай тұқымын қырсық шалып, Жетісу жұртына күлкіге ұшырауы орны толмас қасірет еді. Айтыстағы Жамбыл сөзінің логикалық дәлділігі, дәлелдігі Құлмамбеттің ішкі психикасына әсерін тигізбей қалмады. Қоршаған орта, Құдайберген болыстың өркөкірек, өзімшіл о жар мінезі де айтыстың оқыс аяқталуына себепкер болғандай. Текті ақын «Жығылған жұдырыққа тоймайдының» керін келтірмей, орынды уәжге тоқталады.

М.Әуезовтің осы айтысқа қатысты: «Айтыста жеңу мен жеңілу өлең таппағаннан болмайды, жүйеге, жолға жеңілуден болады», – деуі айтыс психологиясын дәл танып, шынайы бағалаған пікірі еді [102,

8-9]. Құлмамбет пен Жамбыл айтысын терең талдаушылардың бірі Б.Кенжебаев: «Айтыста жеңу мен жеңілу өлең таппағаннан болмайды, жол, жүйе, дәлел таппағаннан болады», – деп аға ғалымның әділ тұжырымын қуаттайды [103, 36-37].

Айтысты бұрын-соңды зерттеген ғалымдардың пікірлерін тоғыстыра отырып, олардың заман ағымынан оза алмай, біржақтылыққа барғаны сезіну қиын емес. Құлмамбетті тұйыққа тіреген – Мақсұттың басбұзарлығы мен масқара өлімі. Әйтпесе, өз жұртындағы Қанкелді, Райымбек, Әжібай, Шағаман, Қожеке, Саурық, Тазабек, Шалтабай болып жалғаса беретін жоңғар, қытай, орыс отаршылдарына қарсы күрес-терде танылған батырларды ортаға салып, айтысты жалғап кетудің мүмкіндігі мол еді.

Ұзақ жылдар Құланаян Құлмамбеттің XIX ғасырдағы қазақ айтыс өнерін дамытудағы сүбелі еңбегі әдебиеттанушылар қаламынан дұрыс бағаланбай келді. Жамбылмен өнер жарыстырған Сарбас, Досмұхамбет, Шашубай сынды тарлан таланттардың шығармашылығы жөнінде сөз қозғағанда, олардың үстем тап өкілдерін жақтаушы, кертартпа ақындар ретінде тану – күні өткен кеңес идеологиясымен бірге кеткен көзқарас. Осындай біртума дарын иелерінің қазақ әдебиетіндегі орнын анықтап, тиісті бағаларын беру арқылы ұлы Жамбыл есімін одан сайын асқатата түсеріміз сөзсіз.

Құлмамбеттің жоғарыда талданған көлемді де көркем, әдебиет сүйер қауымға белгілі үш айтысынан өзге бірнеше қақтығысулары сақталған. Олар – қырғыз Қаламқаспен, Уәзипа және Тұрсынай қыздармен өткен жыр тартыстарының үзінділері.

Қырғыздың бұғы елінде шамамен 1870 жылы өткен *«Қаламқас қызбен айтысының»* жұрнағы кезінде М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба орталығында сақталған Ә.Матайұлы материалдарынан [42] алынып, Құлмамбеттің академиялық жинағында жарияланды [47, 108]. Айтыс оқиғасы туралы ақынның аталас туысы М.Жігітекұлы ақсақал мынандай деректер келтіреді: «Құлмамбет Шымкенттен келе жатып, Түргендегі Айнабек дегеннің үйінде қайтыс болады. Сол кезде Түрген қыстағындағы орыс көпесіне жалданып жүрген әкем Жігітек Қоқаұлы да Құлмамбетті жерлеуге қатысыпты. Кейін осы жаназада болған әңгімені жиі еске алып отырушы еді. Құлмамбеттің туысы әрі құрдасы Көрпетай Найманбайұлы марқұмды арулап, ақыретке орағанда сол қол саусағынан алтын сақина көреді. Жаназа шығарушы молдадан:

– Сакина марқұмның денесімен бірге жерленсе, шарият көтере ме? – деп сұрайды. Молданың рұқсатымен сакина ақынмен бірге қойылады. Кейін жаназаға жиналған көпшілікке Көрпетай сакина тарихынан әңгімелеп береді» [104].

Ертеректе Құлмамбет пен Көрпетай жапсарлас қырғыздың бұғы еліне жолаушылап келе жатып, бір үлкен тойға кез болады. Дәстүр бойынша өнерпаз екі жігіт той бастап, жол-жоралғы алады. Той қызығы ақындар айтысымен жалғасады. Ауыл жастарының қолқасымен Қаламқас деген сұлу қызды Құлмамбетпен айтыстырады. Бірақ бұл жерде екі ақын бір бірін жеңе алмайды. Арада жүрген Көрпетай Қаламқасқа сөз салып, айтысты жалғастыруға көндіреді. Қаламқас арнайы үй тіктіріп, қос қонақты аулына шақырады. Айтыс бірер күнге созылып, қыздың сөзден сүрінуімен аяқталады. Жеңілгенін мойындаған Қаламқас қолындағы алтын сақиналарының бірін Құлмамбеттің саусағына кигізеді.

Осы айтыстың айғағы іспеттес ел жадында Құлмамбеттің бір ауыз өлеңі қалған:

«Ақынның кім кемітер әзіз басын,
Қаламқас алғашында болды басым.
Айтыста жеңілген соң, тоғыз беріп,
Қолыма салды алтын сақинасын» [47, 108].

Ақынның айтуынша, Қаламқас – Алатаудың теріскейіндегі Ақсу деген жерді мекендеген қырғыздың Бұғы руынан шыққан ақын қыз. Оның ақындық дарынын Құлмамбет:

Қаламқас сүйкімді екен жаннан өзге,
Шешен екен шіркінің айтар сөзге.
Бір күн, бір түн айтысып әрең жеңдім,
Мақтамаймын бекерге көрер көзге, –

деп ақындығын шын мәнінде мойындап, ыстық ықыласын білдіреді. Айтыс қыз бен жігіт арасында өткендіктен, зілсіз әзіл-қалжың да араласқаны сөзсіз. Сондай жарасымды сәттердің бірінде Құлмамбет өзінің қалыңдық іздеп жүргенін жеткізеді:

– Бір туыс деп келіп ем қырғыз елін,
Сіздерге жөн білер деп арттым сенім.

Жомарттығы ежелден бар жұрт еді,
Бір сұлуын ардақтап алсам деймін.

Өкінішке орай, айтыстың жұрнағы сақталғандықтан, бүгінгі күнге тек Қаламқастың жеңілгенін мойындаған соңғы шумағы ғана жеткен:

– Бектерім, ел билеген даналарым,
Сіздерсіз сүйенерім, паналарым.
Жолы үлкен Албан екен, бір жағы аға,
Жеңілейін, сыйлайын аға жағын.
Тоғыз беріп ағаға қайтарыңдар,
Орындандар, тағы да бір арманын [47, 108].

Осы айтыстан соң Құлмамбеттің атағы қырғыз арасына да тарап кетеді. Ат ізін суытпай, жиі барып жүрген ақын Бұғының Бәпі есімді қызына үйленеді. Бірақ Қаламқас сыйлаған сақинаны көз жұмғанша саусағынан шығармайды

Құлмамбет пен Уәзипа қыз. Арғын Уәзипа қыз бір топ өнерпаз жігіттермен Жетісу жеріне келеді. Мақсаты – осы өңірдегі атақты ақындармен жүздесіп тәлім алу, реті келсе, айтысқа түсіп бағын сынау. Бұл сыбысты естіген Сүйінбай бастаған Құлмамбет, Қожа, Сарбас ақындар олар түскен ауылға ат басын тірейді. Ақындар бас қосқан жерде тыныш отырсың ба? Көп ұзамай айтыс та басталып кетеді. Алғашқы сөзді қызу қанды Қожа бастайды. Бірақ қыздың төкпелеткен ұшқыр сөздері адымын аштырмайды. Кезек Құлмамбетке келгенде айтыс ауаны өзгеріп, әзіл оспақ, қалжыңға ауысып кетеді. Қақтығыс арасында анайылау сөздер де айтылып қалып жатады. Жыр сайысы қызған сайын Құлмамбет кібіртіктеп, жеңіліске ұшырайды. Іле-шала айтысты жалғастырған Сарбас та көп ұзамай жеңілгенін мойындайды. Тамашаға жиналған қауым енді Сүйінбайды қолқалап ортаға шақырады. Таң ағарғанша созылған айтыстың соңында ұтымды сөзден тұтылған Уәзипа көз жасын төгіп, отырып қалады. Қыз бен жігіт айтысының барлық талаптарына сай, көркемдігі ерекше бұл туындының Ә.Сариев жеткізген толық нұсқасы баспа жүзінде жарияланбаған [105]. Тек Сүйінбайға тиесілі бөлігі «Ақиық» [106, 103-107], Құлмамбетке қатысты «Сөзімнің қыл сыймайды арасына...» [47, 109-110], үзінділері «Бейпіл сөздер...» [107, 175-180] жинақтарына енгізілді.

Айтыста Құлмамбет қашандағы адуынды әдетіне басып:

– Ұраным – ер Әжібай, мен – Құлмамбет,
Сөйлесем тарқар еді қайғы-қасірет.
«Әжібайлап» қосылдым бүйіріңнен,
Қыласың, сұрқия қар, неден үміт, –

дегенде, айылын да жимаған қыз:

–Тіліңді тарта сөйле, ер Құлеке,
Жасыңнан өлең айтып жүрсің жеке.
Балаңдай мен байғұсты қар дейтіндей,
Бар еді не білгенің, батыреке?–

деп ұтқырлықпен ұтымды жауап береді. Қиядан жол, қиыннан сөз тауып, талай қыз-келіншекті шаң қаптырып кеткен Құлмамбет түрлі әдіс, айлаға көшеді. Бірақ Уәзипаның өткір де уытты өлең жолдары тұйыққа тірей береді. Сонда Құлмамбет:

– Кім артық, кімнің кімін Құдай білер,
Кімді жұтпай қояды сұм қара жер.
Қойнына сендей қыздың бір түн жатса,
Сонымен Құлекеңе иман бітер, –

деп әзіл-қалжыңға ауысады. Уәзипа қыз бұған да бөгелмей: «Әуре боп сендей шалға жүргенімше, Белге қурай қыстырып, мекем буам» дегенде, орынды айтылған уәзге Құлмамбет амалсыз бас иеді. Сөз таппағаннан емес, сөз қадірін түсінетін өнерпаздың өз бағасын түсіргісі келмегендіктен болар.

Әдеби қорларда қордаланған «Анайы айтыстардың» кебін киген аталған шығарма кей зерттеулерде атүсті ғана айтылып [108, 103], ғылыми айналымға түспей келеді. Айтыстың тағы бір ерекшелігі – Уәзипаның Құлмамбетпен қағысатын бөлігінің соңында Жамбыл айта-тын: «Құланаян Құлмамбет, ағып жатқан сумен кет!» дейтін бақсылық сарындағы өлең жолдары қолданылады. Дәл осындай формадағы өлең Тұрсынай қыздың Құлмамбетпен айтысында да ұшырасады. С.Бегалин тапсырған «Найман Тұрсынай қызбен айтысам деген ақындар» деп аталған айтыс Орталық ғылыми кітапхана қорында сақталған [106]. Бұл жолғы айтысқа Сүйінбай, Құлмамбет, Қожа, Сарбас, Жанұзақ, Жамбыл ақындар қатысады. Алайда, Құлмамбет сөзі хатқа түспей қалғандықтан, айтысты талдауға мүмкіндік табылмады.

І. 3 Құлмамбет – жыршы

Құлмамбет – қазақтың бай эпикалық мұрасы мен импровизациялық дәстүрін жалғаушы әрі дамытушы. Ол қазақ, қырғыз халықтарының төл жырлары мен шығыс аңыздарының желісіне құрылған қисса-дастандарды рухани азық етіп, өмір бойы жырлап өткен. Алайда, XIX ғасырдың көп ақындары сияқты Құлмамбеттің де жыршылық қыры бүгінге дейін ашылмай келді. Шындығында ол «Алпамыс», «Айман-Шолпан», «Туғанбай мен Қоңырбай», «Рапықжанның зары», «Мың бір түн», «Көрұғлы сұлтан» т.б. ондаған жырлар мен «Біржан мен Сара», «Жүсіпбек пен Шөкей қыз» және өзінің айтыстарын жадында ұстап, ел арасына таратып келген. Осы тұжырымды нақтылай түсетін және бір дәлел – аталған жырлардың көбін жарыққа шығарушы Ж.Шайхисламұлының ұзақ жылдар Құлмамбет елінде өмір сүргендігі. Бір өкініштісі, Жүсіпбек қожа өзі шығарған халық мұраларын қайдан, кімнен алғаны туралы мәліметтер көрсетпейді. Бірақ сол материалдардың көбі Оңтүстік өңірі мен Жетісу ақын-жырауларынан жазып алынғаны дау тудырмаса керек. Әсіресе, Сүйінбай, Құлмамбет, Майкөт, Бақтыбай, Жамбыл, Бөлтірік сынды ақын-жыршылардың аузынан мол дүниелер алынғаны анық. Құлмамбеттің «Көрұғлы сұлтан», «Мың бір түн» киссаларын жырлаудағы жанкештілігі Жамбыл естеліктерінде жиі аталған. Құлмамбет екеуі қырғызға барғанда, Шабдан әдейі жолынан қалып, «Көрұғлы», «Мың бір түн» жырларын құмарта тыңдағанын айта келіп: «Менің бұл жолғы олжам Құлмамбеттен «Көрұғлы сұлтанды» үйрендім. Бірақ бәрін жаттап алу қиын екен. Құлмамбет бір айтқанда екі күн, екі түн ұйықтамастан айтты. Мен оның бір күн, бір түн айтуын-ақ ұғып алдым. Менің өрісімді кеңейткен ірі жыр «Көрұғлы сұлтан» болды. «Көрұғлы сұлтанды» айтқанда Құлмамбет дем алмай айтады екен. Шабдан үйіне келесі күн қонғанда күндізден бастап айтып еді, содан келер сәскеге дейін дем алмай айтты. Өлең тыңдауға жиналған елдің бәрі талып, ұйықтап қалды. Жалғыз-ақ Шабдан ұйықтамады. Мені Құлмамбеттің өзі ұйықтатпай қозғап отырды [56, 95], – деп аға ақынды әділ бағаласа, 1938 жылғы «Казахстанская правда» газетіне берген сұхбатында осы айтылғандарды қайталай отырып: «Сүйінбайдан үйренген «Сұраншы», Құлмамбеттің «Көрұғлы сұлтан» жырлары екі үлкен ақынның маған берген батасы мен ақындық сарқыттары еді» [108], – деген жолдармен толықтырып, ағынан жарылады.

Жамбылдың өмірі мен шығармашылығын зерттеуде өзіндік қолтаңба қалдырған О.Нұрмағамбетова да аталған естеліктерді толық қуаттап: «Жамбыл Құлмамбетпен тек айтысып, жеңіп қана қоймайды, кейін онымен жақсы дос болып, көп уақыт бірге жүреді..., одан белгілі «Көрұғлы сұлтанды» үйренеді» [109], – дейді. Дәл осындай пікір фольклортанушы А.Бұлдыбай зерттеуінде де ұшырасады: «Көрұғлы» дастанының тағы бір нұсқасы Жамбылға Құланаян Құлмамбет арқылы жеткен... Сонымен Жамбылға жеткен «Көрұғлының» екі түрлі нұсқасын көреміз [Майлықожа-Құлмамбет]» [110, 110].

«Асыл сөздің атасы» кітабында М.Жолдасбеков төмендегідей қызықты дерек келтіреді: «Құлмамбеттің өнеріне таң болып, қайран қалған Шабдан:

– «Мың бір түнді» білесіз бе, неше күн айтасыз, – деп сұрайды.

– Білемін, ас, дәрет, намаз уақытын есептемегенде, отыз бір күн күн-түнімен айтамын, – дейді Құлмамбет. Уәделесіп Құлмамбетті Шабдан Петербургтан [Ташкент болар – Т.Ә.] оралған соң сол жылдың күзінде қайта шақырады. «Мың бір түнді» Құлмамбет айтады, жыр құмар Шабдан тыңдайды, біраз күн өткен соң Шабдан әбден қалжырап:

– Мұның бітетін күні бар ма, – десе керек. Сонда қанаты қайрылған құстай қолы домбыра ұстауға жарамай қалса да, жағы тынбай сайрап отырған Құлмамбет:

– Тақсыр, мен айтқалы он жеті күн болды, алда әлі он алты күн бар, – деген екен. Міне, осы мысалдардың өзінен Құлмамбеттің терең ақындығына, көл-көсір жыраулығына көз жеткізгендей боламыз» [44, 80-81]. Құлмамбеттің Шабдан ордасында «Мың бір түн» дастанын жырлағаны жөнінде Н.Төрекұлов: «Құлмамбет осылайша «Мың бір түннің» бірінен соң бірін тізбектеп; аңшының әңгімесі, балықшының әңгімесі, диханның әңгімесі, киік жетектеген кісінің әңгімесі, қолы кесілген жігіттің әңгімесі деп шұбырта берген, шұбырта берген», – деп, өзінің бұл деректерді Үмбетәлі ақыннан естігенін есіне алады [91, 60-65]. Жамбыл шәкірттерінің бірі Ә.Қосбасаров ақсақал «Жыр тыңдаса Шабдан тыңдасын» деген қанатты сөз қазақ, қырғыз арасында сол Құлмамбет жырлауынан кейін тарап кеткенін айтады [111].

Ақынның бұдан да өзге күрделі жырларды орындағанын Б.Атыханұлы шығармашылығынан айқын аңғарамыз. Бөлтірікті айтыскерлікке, жыршылыққа Құлмамбеттің баулығаны жөнінде М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы секілді зерттеушілердің тұжырымдары жоғарыда қаперге алынды. XIX ғасырда қазақ айтыс өнерінің туын көтеріп, жыртысын жыртқан Сүйінбай, Шөже, Майкөт, Құлмамбет, Жамбыл

ақындардың жырын тыңдап, құрметпен сый-сыяпат көрсеткен Шабдан Жантайұлы [1854-1913] туралы бірер сөз.

Арғы атасы Атеке [қазақтар Әтеке жырық атаған – Т.Ә.], одан – Қарабек, Қарабектен – Жантай, оның бел баласы – Шабдан көп жылдар қырғыздың Сарбағыш тайпасын билеп келген. Атеке жырық орыстармен онды қарым-қатынаста болып, 1786 жылы Екатерина II патшадан сыйлыққа 800 сом күміс ақша алған. Өзге ұрпақтары да Ресей әкімшілігі тарапынан шен-шекпенсіз қалмаған. Шоң манап Шабданға Сарбағыштың Тынай руының 1500 түтіні бағынышта болған. Жайлауы үлкен Кебин мен кіші Кебин аралығындағы көк орай кең өлке болса, суық түсе Қарақыстақ деген жерді қыстаған. Бабаларынан мұра болып келген ел билеу дәстүрі Шабданды да айналып өтпеген. Бірақ ол Атеке, Қарабек, Орман, Жантай сияқты жұртына зорлық-зомбылық, қанішерлігімен емес, ел бірлігі мен татулығын жақтаған көреген көсем, ел қорғауда жанын шүберекке түйген батырлығымен бағаланды. Өнерді сыйлағандықтан, қырғыз, қазақтағы қолына қомыз, домбыра ұстаған ақын, әнші-күйші, жыршыларға бүйрегі бұрып, ордасынан құры қол аттандырмаған. Шабданға байланысты қазақ ғалымдары өздерінің ілгергі зерттеулерінде үстемтап, шонжарлар өкілі ретінде сыни көзқараста қарағаны белгілі.

Шапырашты елі 1879-1880 жылдардағы «Ақ қоян» жұтынан қатты ашығып, Жамбыл теріскей Алатаудағы қырғыздарға барып, өлеңмен сауын айтады. «Төскейде малы, төсекте басы қосылып жатқан» ағайын ақынға жылы қабақ көрсетіп, іш тартады. Шабдан батыр 18 жылқы айдатып, жомарттық танытады. Жамбылдың «Шәбденге» атты арнау өлеңі осы шақта туса керек [31, 35]. Шабдан манап та ақ патшаның марапатынан кенде қалмапты. Орыс армиясының «Войсковой старшинасы» дәрежесіндегі Ш.Жантайұлы 1912 жылы дүние салып, келесі жылы қазан айында асы беріледі. Асқа қазақтың Орта және Кіші жүзінен беделді адамдар арнайы шақырылса, Ұлы жүзге тұтасымен сауын айтылады. «Айқап» журналында Мұхамедсәлім Кәшимов былай деп жазады:

«Шабдан асы октябрдің бірінен онына шейін созылды, он мыңға дейін үй тігілді, асты басқарып, бақылап тұру үшін Алматыдан 9 казак-орыс, 30 солдат алдырылды. Адамның көптігі сондай, біреуден біреу адасып кетеді. Елді адастырмас үшін Пржвал уезіне қызыл ту, Пішпекке қара ту, қазаққа көк ту, өзбек пен ноғайға ақ ту, адасқанға ала ту тігіп, әркім өз елінің жөнін тек тудан білетін болды. Бәйгеге 180 ат шапты, атты Боралдай биігінде [Шабданның жайлау, күзеуі] тұрып

қонаға айдап, 50 шақырым жерден жіберді. Жиырма бес атқа бәйге берілді. Бәйгеде отыздан артық ат өлді. Екі бала өлді.

Сайысқа қырғыздан Ақсақал деген сайыскер, дүнген Бұлар батырдың сайыскері Жүсіп деген қазақ жігіті шығып, екеуі тұқыл найзамен түйресіп, Ақсақалды Жүсіп түсірді. Бас балуанды Қарқаралыдан келген Шәкірбек деген балуан жықты [112, 60-61]. Осы аста Өмірзақ ақын алғаш топ алдында жар [жоқ іздеу жырын – Т.Ә.] жырлап, Бөлтірік ақын Шабданға жоқтау айтады [113, 140]. Айдаудан келген Тоқтағұл ақынның Жамбылмен кездесуі де осында өтеді [44, 3].

Петербургтан арнайы келіп Алатау мұзарттарын зерттеуші геолог, этнограф С.Е.Дмитриев «О ледниках горного узла Челико-Кебинского Алатау» деген мақаласында Шабдан асына қатысқанын, отыз шақырым аумағында құмырсқадай құжынаған аттыларды көргенін, мұндай ұлы жиынды бұрын-соңды көрмегенін жазады. Түрлі музыкалық аспаптардың сүйемелдеуімен ақындар келіп ән-жыр орындады, олардың атақтылары Жамбыл, Қалмырза, Тоқтағұл, Өмірзақ, Кенжеқара еді деп тамсана отырып, әттең, олардың жырлары еш жерде жазылмады [114], – деп өкініш білдіреді.

Тіршілігінде талайлардың қырсығын кескен, бір басында тірі пенденің көп қасиеттері жинақталған Шабдан манаптың көзі жұмылғаннан кейін де даңқын аспандатқан осы асы болады. Ілгергі-бергі замандарда Жетісу жерінде құлақ естімеген ұлы ас қырғыз-қазақ есінде ұзақ жылдар сақталып қалды. Құлмамбет рухани-материалдық жағынан әрдайым демеп отырған Шабдан, Бәйтік, Тезек, Батталқазы, Жүнісбай сынды билік иелерінің орны айырықша, солардың арқасында ірі алқалы жиындарда жыр жарысына қосылды. Көтеріңкі көңіл-күй, шабытын жанып, тек өнермен айналысуға жағдай жасады.

Құлмамбетті күйші деп те таниды. Қолында бүктемелі [опырмалы – Т.Ә.] домбырасы болыпты. Жыр сарындарын күйге айналдырып, немесе күй ырғақтарын жыр сарындарына ұластыруға шеберлігі көбінесе эпикалық жырларды орындау үстінде көрінген. Халық әдебиетін зерттегендегі олқылықтарымыздың бастысы – сөз өнері мен саз өнерін біртұтас қарастырмай, жеке бөліп кететінімізде. Аталған кемшіліктер Ә.Қоңыратбаев еңбектеріне де арқау болғаны аңғарылады: «Жыраулар мен ескі айтыс ақындарында импровизацияның төрт түрлі өнері бірлесіп, ол синкретизм аңғарында көрінген: 1) Олар асқан импровизатор болған, мұны сөз өнері дейміз; 2) Теңдесі жоқ күйші [домбыра, кобыз] болған, мұны музыкалық импровизация дейміз; 3) Олар ғажап орындаушы [солист, артист] болды; 4) Заман, ел жайын терең

толғайтын үлкен ойшыл, ұстаз болды. Бүгінгі ақындарда алдыңғы үш белгі өзінің өрнегін жоя бастаған [115, 25-26]. Ә.Қоңыратбаев атаған өнер түрлерінің Құлмамбет бойында жымдасып, үндестігін тапқаны даусыз. Құлмамбет айтысқанда өлең, толғау, кисса-дастандарды жырлағанда тыңдаушыларды үйіріп әкететін қасиеттері аз болмаған.

Бұл ерекшеліктерін Жамбыл жиі сүйіспеншілікпен еске алып хатшыларына әңгімелеп отырады екен: «Құлмамбеттің сөзі тыңдаушыны алып кетуші еді. Және бір бастап алғаннан кейін көтеріліп, үдей беруші еді» [55, 80].

Ақынның мимикалық әрекеттерге барып, көз тартарлық артистік қимылдарға икемділігін Қ.Байболұлы: «... Құлмамбет реңді, сары, жіңішкелеу қой көзді, қолы сыртылдақ, буынсыз, қызғанда домбыраны аяқпен де тартатын кісі еді», – деп еске түсіреді [116].

Құлмамбет маңындағы ізбасарлары Мейірман, Бөлтірік, Жүсіпбек қожа, Етекбай, Сыпатай, Молдахмет, Токсанбай, Қойдым секілді дарынды ақындарды айтыскерлікке, жыршылыққа, әнші-күйшілікке баулып, алқалы той, жиындарда томағаларын сыпырып, бағын сынап отырған. Әлемді поэзиясымен мойындатқан Жамбыл ақынның өзі «Бақтыбаймен дидарласуында»:

Қаздай қалқып ерінбей,
Өлең тердім жасымнан.
Майкөт ақын, Құлмамбет,
Орын берді қасынан [31, 135] –

деп ағынан жарылмаушы ма еді. Ол өз замандастары арасында кең тынысты импровизаторлық дарыны, жыршылық даралығы, айтылатын мәтін мен әуен, сарын, әуез, мақамдарды үйлестіре, сіңістіре білетін сазгерлік қабілетімен ерекшеленеді. Сол себептен де, сан қырлы өнерпаз ретінде Жетісудың көп ақындары Құлмамбетті үлгі тұтып, өздеріне ұстаз санаған.

М.Әуезов те осы мәселеге жіті көңіл бөліп: «Ауыз әдебиетінің барлық жұрнақтары күйге өлшеніп, арнаулы әнмен айтылады. Сол себепті оның сыртқы түрінде жазбадан айырмасы бар. Ол желпініп айтылады», – дей келіп, атақты жалайыр Қабан ақын өзімен айтысатын ақын отырған ауылға айдаладан әндетіп келетінін айтады [117, 122]. Осы реттегі З.Ахметовтің: «Қазақ халық поэзиясында өлең шығармалар көбінесе ән түрде жарық көрген» [118, 231], – деген ой-тұжырымы ұлы тұлғаның пікірімен қабысып жатқандай. Қазақ ауыз әдебиетінде-

гі терме үлгілерінің синкреттілігі С.Медеубекұлы зерттеулерінде де маңызды мәселелер көтерілген [119, 36-37].

Бір сөзбен айтқанда, айтыс синкретті өнер. Дегенмен, бір-бірінен мындаған шақырым жырақта жатқан батыс пен шығыс, оңтүстік пен солтүстік өңірлеріндегі халық поэзиясының құрылыс, пішіні, қолданылатын музыкалық сарындармен орындалу машықтарында өзгешеліктер жоқ емес. Мұны тарихи, генетикалық, психологиялық тұтастық, танымдық, географиялық жағдаяттарға байланыстырған жөн сияқты. Қазақтың тамыры талай ғасырларға сұғынып кеткен дәстүрлі ерекшеліктері бүгінге дейін үзілмей келді. Бірақ кейбір қазіргі айтыстарда бұл дәстүр сақталмайтыны өкінішті.

Құлмамбет айтыстарының әуендеріне қарағанда, үні сазды, лирикалық сезім басым болып келеді. Бұл – Жетісу ақын, жыршыларының бәріне тән қасиет.

Түйіндеп айтқанда, XIX ғасырдағы іргелі айтыс ақындарын сөз өнері аясында ғана зерттеумен шектемей, синкреттік тұрғыда түбегейлі қарастыру қажеттілігін айта кеткен орынды.

I. 4 Айтыскерлік шеберлігі

Айтыс – сан жүйрік бақ сынайтын жыр тартысы, сөз бәсекесі. Оның да тай жарысы, құнан додасы, аламан бәйгесі болады. Жарапазан, жар-жар айтып ауызданған жас талап бара-бара ауылдың алты ауызына жарап қыз-жігіт қағысуына араласады. Алтыбақан, бастанғы, қыз ұзату, шілдехана сияқты ірілі-ұсақты жиын-тойларда көзге түсіп, ащы терінен арылып, алқалы топ, ұлы жиындарға жолдама алады. Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар шығатыны тәрізді жаңағы сатылардан сүрінбегендері ғана үлкен ақындар айтысында бақ сынайды. Импровизаторлық дарын ақынға тумысынан берілетін табиғат сыйы болғанмен, маңайындағы айтыскерлерден үйренуге, талмай іздену арқылы айтысқа төселу – ақын үшін шындалу сатысы. «Бұл қасиет оңай орнамайды, ол шын ақпа ақын өнеріне бейім болған күннің өзінде де ұзақ сонар жол кешіп, сан сайыста сілкісе жүріп сан рет жаға жыртып, тон тоздырып барып келеді», – дейді М.Әуезов [31, 5]. «Айтыс туралы» мақаласында С.Мұқанов та осындай тоқтамға келеді [92, 10]. Е.Тұрсынов айтысты салыстырмалы түрде ұлттық спорт өнері ретінде қарастырып, мынандай мысалдар келтіреді: «...Функция жағынан сөз таластыру, ақындық айтыс балуандар күресі, ат жарысы, жаяу жарыс,

жамбы ату, т.б. жарыстармен пара-пар құбылыс болып табылады және солармен қатар өткізіледі» [89, 122].

Ақынның ұстанған дәстүр-үлгісі, өскен ортасының ықпалы айтыс үстінде айқын байқалып тұрады. Атақ, даңқы дәуірлеген ақындармен кездесіп, өнерін бақылау, реті келсе сөз қағысып жеңілудің өзі жас талапкер үшін үлкен сабақ, өнеге болып табылады. Бұл орайда «Түбек пен Құлмамбет», «Құлмамбет пен Жамбыл» айтыстарын атасақ та жетерлік. Жас ақындар сол кездесулерден мол тәжірибе жинақтап, жыр жарыста озып шығудың сан қырлы айла-тәсілдерін үйренді. Әрине, айтыс өтетін ортадағы тыңдаушылардың екі ақынға да қатыстылығы, жікке бөлінген жанашыр екі топтың арасындағы психологиялық тартыс айтыс тағдырына өз әсерін тигізері анық. Е.Тұрсынов айтқан ұлттық ойын жанкүйерлері мен айтыскерлер жанашырларының мақсаты ортақ, көтерген туы, айтар ұраны біреу. Ол – елі мен жерінің, ұлтының, руының, тіпті жеке тұлғалы адамдардың жыртысын жыртып, намысын таптатпау.

Айтыстың шиеленісуі, шарықтау шегі мен жеңіс кілті де сол топтағы жағдайға [ситуацияға] әбден байланысты. Әсіресе, сол үйге, топқа билік етуші тұлғаның айтыс барысындағы рөлі ерекше. Мысалы, Құлмамбет пен Майкөт жыр бәсекесіндегі қырғыз манабы Бәйтіктің жалғыз ауыз шешімі, немесе Құлмамбет пен Түбек тартысындағы Жетісу жұртына ықпалды Тезектің айламен ақындарға төрелік етуі, болмаса Құлмамбет пен Жамбыл арасындағы бәсекеде руластарының, жақтастарының молдығын пайдаланған Құдайберген болыстың қысастығы айтыс тағдырын шешіп отырды. Ел билігінің тізгінін уысында ұстаған би-болыстар өнер жарысында да жағдайды жіті бағдарлап, өзіне икемдеп, қажетті жерінде кесімді сөзді де өздері айтып отырған. Бірақ билеушілер өз әмірімен азулы ақындарды әрқашан жүгендеп, айтқанына көндіре алмаған. Олар да жүйелі сөзге жүгініп, аталы сөзге жығылған.

Ақындар айтыста үстем болу үшін өзіне тән айла-тәсілдерді көп қолданған. Құлмамбеттің айтуынша, айтыста жеңудің үш шарты бар көрінеді. «Біріншіден, жүректілік керек. Қай жерде, қандай топта, қандай ақынмен айтыссаң да еш қысылып, қымтырылуға болмайды. Өзінді өз үйінде отырғандай еркін ұстауың керек.

Екіншіден, сенің аузыңнан шыққан сөзге әзіл-қалжың араласа жүрсін, сонда ғана қаумалаған қалың топтың назарын өзіңе аударасың.

Үшіншіден, қарсыласың бұрын кіммен айтысып, кіммен қағысқанын, кімді қалай жеңіп, кімнен қалай жеңілгенін жақсы білу керек. Сон-

да ғана онымен ұстасу жеңіл соғады» [120, 13]. Бұл шарттар ақынның шәкірттеріне үйрететін негізгі қағидалары болса керек. Құлмамбетті ұстаз тұтқан Бөлтірік ақынның Майкөт, Жамбыл, Үмбетәлілермен қақтығысынан, Әжектің Артық, Шәріпжамал, Әдия қыздармен айтыстарынан аға ақын қағидаларының үлгісі көрінгендей. Жеңіс тұтқасы есебінде осы тәсілдерді өзі де үнемі ескеріп отырғанын көреміз. Қара Бәйтік ордасында өзін құдды туған аулында жүргендей сезініп, болыс, манаптармен еркін амандасады. Мың сом ақша, жүз қарамен келіп, кісімсініп, паңданып отырған дулат Рысқұлбек болысты былайша өткір сөздермен шенеп өтеді:

– Сен бе едің, Рысқұлбек бұлғақтаған,
Қояйын амандасып, шырақ, саған.
Айналып ақ тұйғындай түйіп өткен,
Бар екен бір мінезің шұнақтаған [47, 65].

Бөтен ел, жат жерде жүргені шабытын жанығандай, айылын жинауды да білмейді. Тіпті, қызған сайын үдей түседі. Мұндай сабырлы мінез Тезек ордасында да, Арбаөткелдегі болысаралық жиында да сақталады. Құлмамбет бойына жинақталған батылдық, жігерлілік, тапқырлық, төзімділік секілді қасиеттер ірі айтыс ақындарының көпшілігіне тән.

Айтыс ақындарының тағы бір үлкен ерекшелігі – олар айтыс қарсаңында қызықты эпикалық туындылардан, қисса-дастандардан, атакты ақындардың және өзінің жеке айтыстарынан үзінділер орындап, тыңдаушы көпшілікті баурап алады. Әр айтыстың алдында шағын кіріспе келтіріп, қашан, қайда өткенін, кімнің жеңіліп, кімнің ұтылғаны жөнінде мәліметтер береді. Өз шығармаларын айтқанда да кімнен үстем болып, кімнен жеңіліп опық жегенін қоспасыз, бүкпесіз жеткізіп отырады. Ілгерідегі ақын-жыраулардың тектілік қасиеттері мен шынайылық пиғылдары Құлмамбет сынды өрелі өнерпаздар арқылы ұрпақ зердесіне жеткені даусыз. Ақын бірде езуінен шыққан әзіл-күлкі, ащы әжуа, өткір мысқыл сөздерімен қарсыласының олқы тұсын дәл басса, енді бірде көңілін аулау арқылы тыңдаушыларының назарын тағы да әріптесіне аударып психологиялық тәсілдер пайдаланады.

Сырттан қысыла кіріп, арқасы қозып, шабыт буып отырған даңқты ақынға не айтарын білмей тосылған Жамбылға:

– Ей, байғұс, үндемейсің, дертің бар ма,
Үндемеске қылған бір сертің бар ма?
Шапқанмен артың белгілі, Шапырашты,
Ұстасар меніменен к...ің бар ма? –

деп, одан әрі састыра түседі. Айтыс өнері қай қарсыластан болса да қолма-қол жауап талап етіледі. Кейде оқыстан анайы, тұрпайылау сөздер шығып кетуі – қалыпты жағдай ретінде ескеріледі. Мұндай сәттер қайым айтыстарда жиі орын алады [105]. Құлмамбеттің Майкөтпен, Жамбылмен, Уәзипа қызбен айтыстарында осындай сөз тіркестері ара-кідік ұшырасып қалады. Бұл әрекет тыңдаушының көңілін көтеріп, жалықтырып алмау үшін де қолданылатын тәсіл болуы мүмкін.

Ақынның өзі айтпақшы, қарсыласының жеке басы, елі мен жері, ілгергі айтыстардағы жетістіктері мен кемшіліктері туралы мәліметтерді жинақтап, жыр жарысына дайындықпен баратынын көреміз. Тезек ордасына арнайы келе жатқан Түбекті тосып отырған топта Құлмамбеттің:

– Мұндайда сөз табады ердің ері,
Хан Тезек, болып тұрсың елдің белі.
Тақсыр-ай, біз жеңілсек өз намысың,
Бар ма еді бұл Түбектің кемдіктері? [47, 26] –

деуі сөзге дәлел боларлық. Қара Бәйтіктің еліне барар жолда сол жақта Майкөт ақынды еріткен Рысқұлбек болыс жатқанын естіп, іштей үлкен айтысқа әзірленіп келгені мына жолдардан анық байқалады:

«Әркімнің айтқан сөзін ойлап келдім,
Құлағын домбыраның бұрап келдім.
Алыс пен жақынның кімі бар деп,
Бәрінен қазақ, қырғыз сұрап келдім».

Құлмамбет Майкөтті арнайы іздемегенмен, қаумалаған қырғыз-қазақ түбінде екеуін айтыстыратынын сезеді. XX ғасырдың алғашқы ширегіне дейін Біржанның Сараны, Әжектің Шәріпжамалды, Таңжарықтың Қойдымды, Кененнің Нұриланы әдейі іздеп айтысқаны белгілі. Талапкер қай ақынмен жыр жарысқа түскісі келсе, сол туралы дерек жинақтап, даярланып жүретіні анық. Жамбыл естеліктерінде Құлмамбет, Майкөт сынды аркалы ақындармен кездесудің орайын

ұзақ күткені айтылады [121, 188]. Табиғи дарын-қабілеті мен өмірден алған тәжірибесін ұштастыра отырып, импровизаторлық шеберлігі шындалған соң ғана бетпе-бет жүздескені мәлім.

Құланаян Құлмамбет айтыста жиі қолданатын әдістерінің бірі – елінің, жерінің, игі жақсыларының байлық, салтанатын дәріптей отырып, аз аталы, әлсіз рулардан шыққан ақындарға сес көрсетіп, бетін қайтару. Майкөтпен, Жамбылмен айтысқанда бұл тәсіл ерекше орын алған. Ақындардың ортаға салар адамдары – Оңтүстікке, Жетісуға белгілі игі жақсылар. Сол себептерден де айтыс үстінде жалған айтып жалтарудың мәнісі жоқ. Кейде шалқыған шабыттың әсерінен ауытқып жатса, екіншісі өрескел тұстарын түзеп отырған. Майкөт:

– Байзақ, Батырбек пен Батырбасы,
Елу менен қырқында оның жасы.
Бір Мәмбеттен туған жан 500 ауыл,
Жетпейді долы әйелдің берсе асы.
Ақмолда деген кісі елде жатыр,
Домалап өрге қарай атқан тасы [47, 68], –

деп Дулат Байзақ датқа ұрпақтарының көптігін, ерлігін сөзіне арқау етеді. Себебі аз аталы Ысты руынан шыққан Майкөт Дулат мансаптыларының ықпалында жүріп, солардың жыртысын жыртуға мәжбүр болады. Қырғызға Құдайберген майырдың баласы Рысқұлбекке ілесіп баруының да мәнісі содан. Майкөт жағдайында бұл үлкен сын болса, Құлмамбет есебіне пайдасы зор. Байзақ ұрпақтары болыстық мансапқа таласып, аяғы ірі жанжалға ұласады.

«Қырғыз хрестоматиясы» беттерінде Майлықожа Сұлтанқожаұлы [1835-1898] шығармаларына берілген анықтамасында Я.Лютш төмендегідей мәліметтер келтіреді: «Дулат Байзақ датқаның баласы Ақмолда болыс болып жүргенде, бір сайлауда оның інісі [шешесі бөлек] Райымқұл болыстыққа таласады, халық Ақмолданы сайлайды. Сонда да Райымқұл болыстықты қимайды, екеуі ерегеседі. Елді екі бөліп, халық іші бүліншілікке айналады ...» [84]. Міне, осы ағайын арасындағы араздықтан құлақдар Құлмамбет ел арасына бүлік салған оқиғаны Майкөт есіне салады:

Бұзықтықтың салдарынан ел талқан болып,
Ұлы жүз қырғын тапқан бір баласы.

Қоқанның ханы байлап допқа тұтып,
Орысты бастап келген Ақмолдасы [47, 69].

Құлмамбет Майкөт руы ыстылармен іргелес жатқан сіргелі, ошақты сияқты шағын рулардың тұрмысы мен ру басшыларының қоғамдық-әлеуметтік істерге қатыстылығын қарсыласынан жеке-жеке сұрап, берілген жауапқа қанағаттанбай, Қазығұрттан Іле Алатауына дейін созылып жатқан қалың Дулатқа тіл тигізеді. Оған себеп, бір құрсақтан тараған [Албан, Суан, Дулат Домалақ енеден туған – Т.Ә.] Дулат Рысқұлбектің өзіне қарағанда Майкөтке іш тартқаны екен. Мұндай тәсіл Жамбылмен айтысында да ерекше көрініс тапқан.

– Сен маған салғалы отырсың ба көптігіңді,
Тіпті керек қылмаймын септігіңді.
Айыл жіптен тартып кел шеттігіңді,
Ерегіссем, үземін көпшігіңді [47, 105], –

деп кекесін, мықылмен көптігін, өрлігін танытады.

Ал Түбекпен жыр сайысында доңыз жылы болған алапат аштықтың салдарынан босқынға ұрынған Найман жұртының Жалайыр жеріне ауып жан сақтағанын айтып, адуынды абыз ақынның аяғына былайша тұсау салмақ болады:

– Баяғы доңыз жылғы ашшылықта
Баласын нанға сатқан атаң ғаріп.
Бір табақ қара бидай салып беріп,
Жалайыр қалмап па ед, апанды алып.
Тұқымың сонда-ақ құрып қалмақ еді,
Ап қалды тұқымыңды атам бағып [47, 33].

Қарсылас руының осал тұстарын ілгергі тарихпен қабыстыра отырып бетке басу – іргелі ақындардың бәріне тән тәсіл. Бар саналы ғұмырын айтысқа бағыштап, әбден ысылған Түбек секілді әккі ақындар ғана мұндай тұзақты жырақтан байқап, айналып өткен.

Қазақ ақындарының негізгі күнкөріс көзі, кәсібі өлең, жыр айту, өнерпаздық болып табылатыны жоғарыда айтылды. Отбасының өзге мүшелері немесе ағайын-туыстарының қолқабысымен ғана тіршілік еткеннен де ақындардың көпшілігі шаруаға қырсыз болып, кедейшіліктің зардабын тартқан. Бізге жеткен әңгімелерде, құжаттар мен

деректерде дәулетіне сәулеті сай ақындарды сирек кездестіруге болады. Атағы жайылған ақындар, әнші-күйшілер, сал-серілер айлап, жылдап ел кезіп үй көрмей кеткендіктен, ел ішінде ұрпағының өнерпаз болғанын қалаған жан тым аз ұшырасқан. Сондықтан ақындардың күн көрісі халықтың мойнында болған. Реті келіп, дәулетті ауылдарға кездескен ақындар билікті адамдарға арнау, мадақтаулар айтып, сый-сыяпат алудан арланбаған. Қолы тар, пысықтарына ұшырасса бұйымтай сұрайды, қалағанын бермесе мінез-құлқын өлеңге қосып, жұрт арасына жайып жібереді. Бұл әрекет ақындарға мін саналмайды. Дегенмен, Құлмамбеттің сұраншақ пиғылды жақтырмағандықтан, осынысын бетіне салық қылып бірден шабуылдайтын тәсілі болған. Ауыр сырқаттан соң Жетісудағы Тезек төренің ордасына келіп «Бересің он тоғыз қып, ашуланып» деп салмақ салып отырған Түбекке:

– Міндет қып неменеңе келдің, Түбек,
Көтерем секілденіп қотыр үлек.
Дау іздеп, қайыр сұрап жүруменен,
Қалыпсың сұқсырдай боп, мұнша жүдеп, –

дегенді айтып, бірден мойнына тұзақ тастамақ болады. Бірақ М.Жармұхамедов айтпақшы: «Сан рет сөз майданына түсіп ысылған, тәжірибелі Түбек қайда барса да алдынан кескестей беретін бұл секілді жеңіл-желпі тосқауылдан әсте іркіліп айылын жимайды» [79, 73-74]. Алайда, айтыста жеңу үшін бар күш-жігерін сарқа пайдаланатын Құлмамбет секілді өнер шеберінде мұндай айла-тәсіл аз болмаса керек. Қазақ жеріндегі сұрампаздықты сынап қарсыласының қытығына тиегін «Жанақ пен Түбек», «Сақау мен Орынбай», «Шөже мен Кемпірбай», «Орынбай мен Шортанбай», «Әсет пен Кәрібай» сықылды айтыстар көптеп саналады.

Құланаян Құлмамбет қай ақынмен жыр тартысына түссе де ұшқыр ойды көркем тілмен безендіре, түрлендіре, сәндендіре құлпыртып, ұрымтал тұсын дөп басады. Әріптесінен өзін қашанда биік санап, оның ақындығына шүбә келтіргендей сыңай танытады. Томағасын сыпырғанда көзіне қызыл ілінген тау қыраны секілді қарсы ақынға бірден шүйлігіп, адымын аштырмайды. Сөзінде өрлік, үстемдік басым. Көп жерде елінің төрт түлік мал мен шұрайлы қонысқа бай екенін айтады, қарсыласының кедейлігін бетіне басып, мысқыл, кекесінге айналдырады. Ол талай жыр жекпе-жегінде уәжді мәліметті қалқан етіп, сөз семсерін батыл қолданудың арқасында жеңіске жетіп отырған.

Акын барлық айтыстарын, толғаулары мен арнауларын: «Құлмамбет – менің атым Құланаян, Екенім Құланаян құдайға аян» деген жолдардан бастайды. Мұның мәнісі – біріншіден, өзінің түп-төркінін, қай елдің, рудың, атаның атынан сөйлейтінін нақтыласа, екіншіден, «кірме» деген қаңқу сөздің алдын алу мақсатында берілетін анықтамасы болса керек. Майкөтпен айтысында:

– Бұл жерге келіп тұрған кезің, Ысты,
Бір мидан сөйлеп тұрған сөзің, Ысты.
Албанмен тең болам, – деп ойладың ба,
Секілді ит табаны аз ғана Ысты [47, 67], –

десе, Жамбылмен жыр тартысында:

– А, Жамбыл, Албан да ағаң, Дулат та ағаң,
Не қылса да артық тұр менің бағам.
Қасқарау Нұрқанның жылқысын мен қаптатсам,
Қырылар, Шапыраштым, бұзау-танаң [47, 98], –

дейді. Алғашқы шумақта өз елінің атынан сөйлеп, Майкөт жұртының аз екенін айтып, сөз соңына кекесін, зіл тастағандай көрінеді. Ал кейінгі мысалда Дулаттың Қасқарау атасының атынан сес көрсетеді.

Болмаса, Түбекпен кездесуінде: «Құлмамбет – менің атым Құлан еді, Бәйдібек атамыздың ұраны еді» деп Жетісу жерінің, осында қоныстанған барлық рулардың атынан сөйлейді. Ал қырғыз Қаламқаспен айтысында: «Акын қызы болса егер бұғы елінің, қазақ жақтан кірейін мен ұрандап» деп бүкіл қазақ халқының атынан түйінді пікір айтады. Бұдан: Құлмамбет – Құланаян – Албан – Дулат – Бәйдібек – Қазақ болып жалғасатын схемалық көрініс түзелетінін аңғаруға болады. Сонда ақынның өзіндік «мені» ру, тайпа, қауым, ұлт ұғымдарымен астарласып жатады. Осылардың әр қайсысының атынан сөйлеу арқылы біртіндеп ұлттық деңгейге көтеріледі. Халықаралық дәрежедегі мұндай айтыстарға Сүйінбай, Шөже, Жамбыл, Әубәкір, Нұржан т.б. ақындар қатысып, қазақтың намысын қорғағаны белгілі.

Құлмамбет жыр тартыстарында өз қарсыластарының мысын басу үшін не бір ұтқыр ой, бейнелі образдарды, көркем де өрнекті ұйқас, шумақ, тармақтарды орынды пайдаланғаны аңғарылады. Акын халық поэзиясының кәусәр бұлағынан күш-қуат алып, өрліктің, іріліктің, па-

расаттылықтың нышандарын бойына сіңіреді. Мысалы, Жамбылмен айтысқанда өзінің ақындық өресін былайша бағалайды:

– Өлеңші толып отыр көбелектей,
Тоғыз ақын толғанып төнеректей.
Тоғыз тұрмақ ақының он бір болса,
Немене, бәріңді де басып өтпей.

Құлмамбет шығармашылығында бейнелеу құралдарының барлық түрлері кездеседі десе де болғандай. Әсіресе, эпитеттің түрлері жиі ұшырасады. Құлмамбеттің Майкөтпен айтысындағы:

Көрік басқан кісідей,
Көкпеңбек, қара түсі жоқ.
Қозы қарын, қурай бұт,
Қатыннан көп күші жоқ, –

деген өлең шумағындағы «көкпеңбек», «қара» сын есімдері мен «қозы», «қурай» зат есімдері тұрақты эпитетке жатса, бір тармақта қатарлана келуі оларды күрделі эпитетке айландырып тұр. Эпитеттің тұрақты, күрделі түрлері троптың [құбылтудың] бөліктерімен араласа келетін тұстары да кездеседі. Құлмамбеттің Түбекпен айтысында әсірелеу сипаты байқалады:

– Жасың да жүзден асып кетіп қапты,
Шыдамай жүр дейтұғын өтеріне.
Керейдің қаңғып жүрген кәрі айғыры,
Үйсіннің шайнатарсың дөненіне.

Осы өлең жолдарындағы «кәрі айғыр» тұрақты эпитеті алдыңғы «Жасың да жүзден асып кетіп қапты» деген әсірелеу тармағымен тығыз байланыста. Себебі Түбектің Жетісуға келгендегі жасы сексеннің шамасында екендігі жоғарыда айтылды. Мұндай күрделенген әсерлі жолдар, шумақтар Құлмамбет туындыларында өте мол.

– Өлеңші иттен де көп, боқтан да көп,
Әйтеуір айтады ғой бірдеме деп.
Қайтқан құстай жиналып қалған екен,
Біразырақ сөйлесін Құлмамбет кеп, –
[Құлмамбет пен Жамбыл]

деген шумактың үшінші жолында ғана теңеу бар. Бірақ ол қалған тармақтарға мейлінше бейнелі, суретті сипат кіріктіріп, мазмұндық, көркемдік сапасын ашуға әсерін тигізген. Шумактың бірінші [өлеңші – көп], екінші [әйтеуір – айтады], төртінші [сөйлесін – Құлмамбет] тармақтарындағы қарабайыр сөйлем ұйқастарынан «Қайтқан құстай жиналып қалған екен» деген жолдың салмағы басым. Ақынның пайымынша, арнайы шақырылмаған өлеңшілер осы жиынның арқасында ғана топтасып отыр. Қайтқан құстың бәрі оралмайтыны сияқты, бұлар да ендігі ретте тегіс бас қоспауы мүмкін. Сондықтан өлеңші мен ақынның парқын білетін Құлмамбет топ алдында сөйлеп қалғысы келеді.

Ақын теңеудің күрделі түрін молынан пайдаланып өлең шумақтарын ажарлап, құбылтып отырады. Мысалы, «Көрік басқан кісідей», «Қысты күні қар астында қалған шөптей», «Күйкі тұғыр сықылды, бір немені алып келдің», «Жаудың жетек атындай жігіт еді» т.б. бейнелі күрделі теңеулер әр шумактың ажарын айқындап, мазмұн, мағынасын аша түседі.

Құлмамбеттің даралық «менінде» де өзіндік ерекшеліктер аз емес. С.Қасқабасовтың пікірінше : «Ол атақты ақындармен сүре айтысқа түскенде өзінің жеке қасиеттерін ерекше сезінеді. Өзінің рулық көпшіліктен бөлек тұлға екенін айырықша түсінеді және осының бәрін сырлы сөзбен, айшықты теңеулер мен метафоралар арқылы жеткізеді» [90, 124]. Нақтылап айтқанда, Жамбылмен айтысында осындай мазмұнына көркемдігі сай тармақтар қолданысқа жиі түседі: «Мылтыққа салып қойған мен бір пестон, Асықсаң ажалыңа келші балам!», немесе: «Албан, Дулат тобында мен бір жорға, Менімен жарар ма екен шалдыруға».

Құлмамбет өзін жыр әлеміндегі желмен жарысқан сәйгүлікке балау [оза шапқан тұлпар, топ бастаған жүйрік т.б.] арқылы халық поэзиясындағы тұрақты метафораларды, әсіресе, күрделі метафораларды туындыларына шебер пайдаланады. Мұндай үрдіс – Құлмамбет заманындағы атақты айтыс ақындарының бәріне тән. Ұшығына жетпейтін асыл арман, тәтті қиял, ұшқыр ойға қазақ «көңіл – көк дөнен» деп бірақ ауыз сөзбен байлам жасаған. Ал ақындар болса шалқыған шабытын тұлпардың шабысына, арғымақтың қарышына, жорғаның шалысына салғастыра бейнелейді. Бұл жайт Құлмамбеттің «Ақырғы сөз» толғауында жүйелі сипатқа ие болады:

Бұл жұртты бір көрмекке іңкәр едім,
Шабылған жас күнімнен тұлпар едім, –

дегенде, немесе:

Лауға күні-түні болдырмаған,
Шашама маң жұкпаған күлік едім, –

болмаса:

Тең жорға төрт аяғым бірдей шалыс,
Менімен болар ма екен салдыруға?
[Жамбылмен айтысынан]

Осындағы әр сөз, тіркес, тармақ кестелі орамдармен көмкеріліп отырады. «Шабылған жас күнімнен тұлпар едім», «Шашама шаң жұкпаған күлік едім», «Тең жорға төрт аяғым бірдей шалыс» – мұның бәрі метафоралық үзілістер. Егер өлең жолдарындағы метафоралық үзілістерді жеке қалдырар болсақ, онда ақынның жеткізбек ойы төмендегідей болып сүреңсіз шығар еді: «[Мен] – тұлпар едім», «[Мен] – күлік едім», «[Мен] – жорға едім». Ақын күрделі метафораларды қосу арқылы өз ойына күшейтпелі мағына беріп, оларды жүйе-жүйесімен түрлендіре құлпыртуды мақсат тұтады. «Шабылған жас күнімнен тұлпар едім» деген түйінді сөз тіркесінде шынайылықтың белгісі жатыр. Ақиық Сүйінбайдың ақындық мектебінен тәлім алған Құлмамбет өнер аренасында ерте көрінді, әрі өткірлігінің, дарындылығының арқасында қазақ даласына тез танылды. Ақын соны меңзеп отыр. «Тең жорға төрт аяғым бірдей шалыс» дегенде, бойына өнердің бар саласы тоғысқанын, мұндай қабілет екінің біріне қона бермейтінін паш етеді. Қазақта төрт аяғын бірдей шалыс басатын жорға жылқы тым аз кездеседі. Ал шала жорғаларды кез-келген үйірден табуға болады. Бұл орайда ақын халық поэзиясында сирек көрінетін көркем бейненің озық үлгісін ұсынады.

Тегінде, Құлмамбет өзінің өнердегі өресін, сол жолдағы көтерілген биігін, жас тоқтатқан, қартайған шақтарын жылқы түлігімен байланыстырады. Жастығын – тұлпар, шуақты жылдарын – жорғаға салыстырса, ақындық қуаты толыққан кезеңін:

Денемде арам ет жоқ қазанат ем,
Талаймен бір уақытта жамағат ем, –

деп суреттесе, жарық дүниеден озар сәтін былай сипаттайды:

Алпысқа танбай келді шоқырағым,
Қолында асасы бар сопылардың.
Қаңғырып талай жерді жүріп едім,
Түргеннен бұйырды енді топырағым.
[«Ақырғы сөз»]

Ақынның шығармашылығын әсерлі айшықтармен ажарлай түсетін метафоралардың бір бөлігі қыран құстарға қатысты. Мысалы, Жамбылға қаратып: «Болғанда мен – ақ сұңқар, сен – бір тауық, Сен әтеш айқайлағыш ауық-ауық» деген кестелі тіркестерді пайдаланса, «Ақырғы сөзінде» төмендегідей нәрлі тармақтар қолданылады: «Ақиық алғыр бүркіт, қыран едім, Бұл күнде торға түсіп кетті мәні», «Мендей-ақ пендесіне нәсіп берер, Күніне жүзді ілген сұңқар едім» т.б. Қазақ ұғымында ақиық, қыран, сұңқар эпитеттері бүркіттің алғырлығына, өжеттілігіне, ұтқырлығына қойылатын балама атаулар. Бірінші тармақтағы өзін құс төресі ақ сұңқарға, қарсыласын басыбайлы, ұшуға мүмкіндігі жоқ тауыққа балауы – үлкен шеберліктің жемісі. Ондағы образды, астарлы мағынаны айқындар болсақ, әріптесіне деген ауыр мысқыл, зілді кекесін жатқандай. Екіншіден, бұл метафоралық тіркестерде ақынның көркемдік ойлау санасының тереңде жатқаны айқын аңғарылады. Құлмамбеттің өзін-өзі көтермелей сөйлеуі заңды да. Өйткені, тоғыз ақынды бірдей жеңіп, домбыраларын керегеге байлатып отырған адуынды ақын ешкімнен де тайсалмақ емес.

Құлмамбет «Ақырғы сөзінде» кезінде дәмдес-тұздас болған ел азаматтарының жеке атап, олардың асыл қасиеттерін, кескін-келбеттері мен адамгершілік болмысын халық поэзиясы дәстүріндегі тектес, төркіндес образды, бейнелегіш сөздермен өрнектейді:

– Абықанға сәлем де,
Асқар таудай бел еді.
Есімбекұлы Қожабек –
Гулеген қызыл жел еді.
Қожамқұлұлы Мақсұттың –
Бұлтпен басы тең еді.
Сығайдың он бір баласы –
Дария шалқар көл еді...
Қатпа Төлек батырдың
Көкірегі өр еді.
Жексенбекке сәлем де,
Қызыр шалған ер еді.

Телқозыға сәлем де,
Елімдегі ескі көз еді.
Құланаян ішінде
Санасар кісім сол еді...

Осылайша акын өзі қадірлеген ел жақсыларын зор шабытпен жырлайды. Өлең тармағында ұлттық тілдің нәрлі де әрлі бояу-нақышта-рын, бейнелеу құралдарын, образдар жүйесін орынды пайдаланған.

Құланаян Құлмамбет туындыларында терең ойлы, нақыл-ғибрат, қанатты сөздер мен фразалық тіркестердің көркемдік-эстетикалық тұрғыда алатын орны ерекше.

Тырнақтап жиған дүниенің,
Пайдасы жоқ қу жанға.
Ақыр бір күн кетерсің,
Қу дүниеге қуанба.

Бұл дүние әлі-ақ өтер қимағанмен,
Сыйласқын өз басыңды сыйлағанмен.
[«Ақырғы сөз»]

Алғашқы шумақтың әр жолында түйінделген ойлар логикалық тұрғыда өзара үндесе, қабыса байланысқан. Мағыналық сипатына орай тұтастай нақыл сөзге жатқызуға болады. Бір қарағанда, кейінгі үзіндідегі ой да алдыңғы шумақпен сарындас секілді. Бірақ екеуінің де мағыналық тұжырымында моральдық-дидактикалық ерекшеліктер айқын аңғарылады. Бірінші мысалдағы «дүние» байлық, дәулет ұғымын білдірсе, соңғысында жарық дүние, тіршілік мәнісін тұспалдайды. Акынның екі үзіндіде де негізгі айтпақ тұжырымы «Қамшының сабындай қысқа өмірде сыйласып өт» деген халық философиясымен түйінделетін сияқты. Осы ретте мағыналық сипаты сарындас, мәндес «Ноқталы басқа бір өлім», «Болса да өзге өтірік, өлім анық» т.б. нақыл сөздер Құлмамбет шығармаларының философиялық-эстетикалық талғамын тереңдетіп, көркемдік реңін аша түсетіні хақ.

Арнау, толғауларында адамның моральдық қағидаларына байланысты туындаған «Тәж, тақыт дүниеде тұрмас бойға», «Сөзімнің қыл сыймайды арасына» тәрізді нақыл сөздер аз емес. Осындай сөз маржандары Құлмамбет мұраларын түрлендіре, нұрландыра түсіп, көркемдік бедерін айқындауға септігін тигізеді. Бірінші жағдайдағы

«тәж», «тақыт» ұғымдары: мансапқорлықтың, билікқұмарлықтың, бакқұмарлықтың символы, заманның, уақыттың өзгермеген куәсіндей. Бірақ жеке адам үшін мәңгі емес, уақытша алданыш. Ақынның тура мағынада айтпағы осы болғанмен, «сол тәж бен тақытты адал пайдалан» деген салмақты қорытындыны тыңдаушының еркіне қалдырады. Сөйтіп, сыртқы сапалық белгіні ішкі мағыналық белгі арқылы ашады.

Екінші мысалдағы «Сөзімнің қыл сыймайды арасына» деген тіркес Құлмамбеттің жеке басына қатысты болғанмен, тамыры дәстүрлі халық әдебиетінде жатқаны дау тудырмаса керек. Бұл пікірге халық әндерінде кездесетін осы тақылеттес мағынадағы «Арадан қыл өтпеген құрбым едің...» деп басталатын қара өлең жолдары дәйекті дәлел. Халық ұғымында «қыл» зат есімі өлшем құралы болып та саналады. Алайда, контексте ауыспалы түрде «Сөзімнің қоспасы жоқ, шындыққа құрылған» деген мағынада алынғаны байқалады. Құлмамбеттің ақыл-ой өрісін, ақындық түйсік-қабілет өресін осы бейнелі сөз тіркесінің көркемдік қуаты толық айқындайды. Тармақтың түрлене құлпыруына себепші болған бейнелеу құралы – қыл» зат есімі. Егер қылдың орнына «жіп» сөзін қолданғанда сүреңсіз, жай сөйлем қатарында қалған болар еді. Құлмамбеттің ақындық шеберлігінің құны да сонда жатса керек. Ақын осы секілді образды, суретті сөздер тудыру арқылы халық поэзиясының көркемдік, тілдік сапасын арттырады.

Өзге замандастары сықылды Құлмамбет арнау, толғаулары мен айтыстарының жыр үлгісіне құрылған тұстары да кездеседі. Әсіресе, егіз, шалыс, ауыспалы ұйқастармен ауыз әдебиеті дәстүрін дамыта, өрістете жырлау әдісінен Құлмамбет те сырт қала алмаған. «Ақырғы сөз» толғауының соңғы жағы былайша тізбектеле жырланған;

Ағайынды көрем деп,
Құлмамбеттің келгені.
Науқастанып Түргенде
Көре алмай қайғы жегені.
Айдаһар ажал кез келіп,
Сіздерді бүгін көргені.
Бір кісідей шайқап ем,
Дүние деген немені...
Ғазалда қалған ажал ғой,
Өкініп, қайғы жемелі...

Бұл – эпикалық дәстүрде шалыс ұйқаспен түзілген терме-жыр. Шумақтың басынан аяғына дейін «келгені», «жегені», «көргені», «немені», «жемелі» деген бір бунақты, бір әуенді, бір интонациялы сөз-

дермен бедерленген. Мұндай жымдасқан ұйқас, әуезді ырғақ, дыбыс үндестігін шебер үйлестіру Құлмамбет сынды өрелі акындардың қолынан келсе керек. Осы секілді шумақтардан өзге, оның айтыстарында жұп ұйқастар да ұшырасып жатады. Майкөтпен айтысында:

– Мақтама, Майкөт елінді,
Басайын сенің демінді.
Неге сонша мақтайсың,
Қара, пұлға жуық боп,
Қарындасқа суық боп,
Мейірімсіз болған елінді, –

деген жолдар кездеседі. Шумақтың алғашқы қос тармағы «елінді», «демінді» өзара ұйқасса, кейінгісінде «жуық», «суық» үйлесім тауып, «боп» сөзімен аяқталады. Айтыста кейде осылайша егіз, шалыс ұйқастар араласып, шумақтала береді.

Айтыстарда кейде шумақтар сұрау қайталауға ауысып отырады. Мұндай үрдіс Майкөтпен айтысында белең алады. Көбінесе Құлмамбет сауал қойып, Майкөт оған жауап беріп отыратыны жоғарыда айтылды. Қарсыласының сөзіне қанағаттанбаған жағдайда өз сұрағына өзі жауап беріп, мін таға сөйлейді:

– Майкөт-ау, үнің қандай, күлкің қандай,
Ойнаған жарастықты қыз-келіншек, мүлкің қандай?
Қыр малына ауылың жоқ екен-ау,
Көңілді қош қып мінуге жылқың қандай?

болмаса:

– Жамбыл, отқа салар майың жоқ па,
Құдайға айтып сояр малың жоқ па?
Ескожаға сүйенген жорға екен,
Саларға өз елінде байың жоқ па?

Құлмамбет мұраларында тау, тас, өзен-су, адам аттары, ру атаулары т.б өте мол ұшырасады. Жоғарыда айтылғандай бір ғана «Ақырғы сөзінде» 80-ге тарта кісі аттары қамтылған.

– Албан, Дулат бәрі кеп атқа мінсе,

Ысты, Ошақты, Шапырашты дегеннің немене өзі? –
[Құлмамбет пен Жамбыл]

деген екі тармақтың өзінде бес рудың атауы жинақталған.

Әулиеата, Әзірет,
Түркістан, Шымкент, Сайрамнан.
Әрі жағы Шыршық, Тәшкеннен,
Халықтың жайын айтайын, –

дейтін Майкөтпен айтысында кездесетін өлең жолдарында Оңтүстік өңірінің бірнеше қалалары сөз болады. Ал мына шумақта қазақ даласының барлық аймақтарын еске салып өтеді:

– Шақырған ертең ерте қызыл тауық,
Жағалап Семей, Шуды қылдым сауық.
Ертіс бойын жағалап Алматымен –
Сарыарқа бес дуанға салдым сайран.

Айтыстарының және бір ерекшелігі – жыр тартысы кезінде көтеріңкі, лепті интонациямен басталып кететін кезектер аз болмайды. Жамбылмен кездескенде:

– О, Жамбыл, бүгін болар ұрын тойың,
Ертеңгі күн болады дәл шын тойың, –

деп арындай келіп, Жамбылды өткір әжуа мен зілді мысқылдың астына алады. Бұл жерде көтеріңкі, лепті интонация бас жағында орналасқан. Кейде өлең жолдарының аяғына келетіні де болады. Майкөтпен жыр тартысында:

Сол емес пе, Майкөт-ау,
Сендерді Құдай атқаны, –

дейтін тармақтардағы көтеріңкі лепті сөздер шумақтың соңында келген. Ақынның Жамбылға айтқан сын сөзі түгелдей: «ұрын тойың», «дәл шын тойың», «қалың қойын» деген метоним [алмастырып атау] ұйқаспен аяқталған. Бұл да – ақындық шеберліктің сан алуан шарттарының бірі.

Құлмамбет айтыстарында ауыз әдебиетінде кездесетін ұйқастың барлық түрлерін дерлік қолданған. Түбек, Жамбылмен айтысы, Уәзипа, Қаламқаспен қақтығыстары 10-11 буынды қара өлең, кейде аралас, егіз ұйқастарға құрылған. Ал Майкөтпен сөз бәсекесі де қара өлең, аракідік кезекті шалыс, аралас ұйқастармен аяқталған. Негізінен 3 бунақты, 10-11 буынды, кейде 2 бунақты 7-8 буынды тармақ, шумақтар аралас ұйқасып та отырады. Мәселен, Майкөтпен айтысында шұбыртпалы ұйқас бар:

– Мен айтайын кемінді,
Басайын сенің демінді,
Жамандама елімді.
Неге мақтай бересің,
Ақымақ, шіркін елінді...

Қаламқаспен қақтығысы түгелімен қара өлең ұйқасына құрылған:

Қырғыздың келіп түстім ауылына,
Кез болдым үлкен жиын, қауымына.
Жолықтым Қаламқастай ақын қызға,
Ақсудың биік шыңды бауырында.

Осындағы буын, бунақ саны, тармақтардағы ұйқасу тәртібі қара өлең ұйқасының барлық шарттарына сай келеді. Құлмамбеттің айтыстарында өлеңнің әуезділігін арттырып, түрлендіре құбылтатын ішкі ұйқастар да кездеседі:

– Арпа, бидай пісті деп,
Алшандаған сорлы елің.
Тары, қонақ пісті деп,
Талтандаған сорлы елің.
Жиын теріп алған соң,
Жеткізе алмай қарызға,
Қалтандаған сорлы елің.
[Майкөтпен айтысынан]

Түбекпен айтысындағы;

– Бай болсаң бұл араға келдің нағып.

Алжығанда қайтесің өлең бағып.
Сескенетін мен емес құр сесіннен,
Шамаң келсе, жібергін жерге қағып, –

деп басталатын үзіндідегі «нағып», «бағып», «қағып» деген сөздер толымды ұйқасқа жатады. Ал Уәзипа қызға қайтарған жауабындағы мына шумақта толымсыз ұйқастың белгісі байқалады:

Әкеңмен айтыспағын, сұркия қар.
Құлмамбет сендей қызды жерге тығар.
Құлекең әкендей боп қарайса да,
Бір сендей Құлмамбеттің «перісі» бар.

Құланаян Құлмамбет шығармалары бейнелеу құралдарына мейлінше бай, олардың танымдық, тағылымдық, әсемдік әсері мен эстетикалық қызметі ерекше мәнді. Ол – дәстүрлі халық поэзиясының, халық даналығының інжу-маржандарын айырықша сезіммен талғап-екшеп өз туындыларына шебер қолдана білген сөз зергері. Оның ақындық даралығы бейнелеу құралдарын шашыратпай, тығыз бірлікте, поэтикалық тұтастық қалпында игере алатын зор қабілетінде жатса керек.

Қорыта айтқанда, ру шежіресі, ел басынан өткен қиын-қыстау кезеңдер ақын поэзиясынан тысқары қалмайды. Тарихи шындық көркемдік шындықпен астасып, жымдасып жатады. Сөйтіп, айтысқа тың сипат беріп, тақырыпты жаңаша түрлендіру арқылы мазмұнын жаңғыртады. Қазақ халқымен оның ұлан-ғайыр даласының ілгергі-бергі тарихын, мәдени-рухани, әлеуметтік-қоғамдық өмірі туралы сан-саналы мәлімет жинау, оны есте сақтаудың өзі мол тәжірибе мен асқан дарындылықты қажет ететіні сөзсіз.

II. ТЕКСТОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақ әдебиетінің текстологиясы XX ғасырдың екінші жартысында ғана қанат жайып, өркендей бастаған кенже ғылым санатында жататыны белгілі. Сан ғасырлар ауызша таралып келген халық әдебиеті үлгілері мәтіндерінің бастапқы қалпын сақтап қалғандары жоқтың қасы деуге болады. Олар ұрпақтан ұрпаққа жалғасу барысында тақырыптық, мазмұндық, көркемдік, көлемдік сапасынан ажырап, ұзақ эпикалық жырлардың үзінділері, ірі ақындар айтыстарының жұрнақтары, шағын жанрлардың тамтықтары боршаланып жеткен. Бұл олқылық жер шарының барлық көшпелі және жартылай көшпелі халықтарына тән. Әсіресе, қазақ сияқты ақындық, жыршылық өнері басым халықтарда жеткізуші буынның өзінше өзгертуіне байланысты халық әдебиетінің барлық жанрлары дерлік көпнұсқалы болып келді. Атап айтқанда, «Қобыланды батыр», «Көрұғлы» жырларының әр қайсысы 30-ға жуық нұсқа мен версиялардан тұрады.

Қазақ халық әдебиетін кешенді түрде жинау ісі 1920-1923 жылдардағы Ө.Диваев басқарған фольклорлық-этнографиялық экспедициядан бастау алады. Бұл шаруалар 30-40 жылдар аралығында дұрыс жолға қойылып, қарқын ала бастады. Алғашқы қазақ мәтінтанушыларының алдында екі үлкен маңызды мәселе туындаған еді. Оның біріншісі – халық әдебиетінің мәтіндік тарихын жазу болса, екіншісі – текстологиялық тұрғыда сұрыпталған басылымдар әзірлеу. Сондықтан, фольклорлық мұраларды жинау, жүйелеу, сақтау, жариялау, зерттеу жұмыстары қатар жүргізіліп, алғашқы ғылыми-көпшілікке арналған көп томдық жинақтар жарық көрді.

Осы ауқымды бастаманы қалыпты жүргізу үшін орыстың белгілі мәтінтанушылары Д.С.Лихачевтің [122], Б.Н.Путиловтың [123], В.Я.Проптың [124] еңбектеріне сүйенбеу мүмкін емес еді.

Қазақ ақындарының шығармаларын текстологиялық тұрғыда зерделеу Абай өлеңдерінен бастау алады. І.Жансүгіровтің «Абай кітабы» [125] атты мақаласы текстологиялық саралаудың қарлығашы болып саналса, М.Әуезовтің «Абай жайын зерттеушілерге» [126] деген еңбегі ғылыми негіздегі алғашқы зерттеу екені сөзсіз. Қазақ фольклоры мен әдеби шығармаларының мәтіндік текстологиясы жөнінде әр кезеңдерде қалам тартқан З.Ахметов [127], С.Қасқабасов [128, 15-59], Ш.Сарыбаев пен Ә.Құрышжанов [129], Р.Сыздықова [130], Н.В.Кидайш-Пакровская мен О.Нұрмағамбетова [131, 9-62], Қ.Мұхаметханов [132], Т.Абдрахманова [133], М.Жармұхамедов [134, 253-279], Б.Әзібаева

[135, 269-284], М.Ғұмарова, М.Бөжеев, Қ.Сыдиықов, Ш.Ахметов [136, 15-261] сынды ғалымдар Қазақстанда осы ғылымның ірге тасын қалап, өркендеуіне жол ашқаны дау тудырмаса керек.

Ақындар шығармашылығынан А.Құнанбаевтың, Ж.Жабаевтың, Ш.Құлекеұлының, М.Өтемісұлының, С.Торайғыровтың, Б.Күлеевтің т.б. туындылары текстологиялық електен кейін қайта жарияланып, рухани-мәдени мұраларымыз сапалы мәнімен жаңғыра түсті.

Алайда, ғасырлар тоғысында аталған батыл қимылдар бір орнынан қозғалмай, тұралап қалғандай сыңай танытты. Оған қоғамдағы өзгеріс, қаржы тапшылығына байланысты ғылымдағы іркіліс айтарлықтай әсерін тигізді. Ұлттық Ғылым академиясының М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына қарасты еліміздегі жалғыз Қолжазба және текстология орталығына жабылу қаупі төнді. Орталық әзірлеген «Халық әдебиеті» сериясындағы көп томдықтар мен текстологияға қатысты ұжымдық монографиялар қаржы жетімсіздігінен жарыққа шықпай, ұзақ жылдар баспаларда жатып қалды. Қазақ текстологиясы басынан кешірген осындай ауыр кезеңде де халық мұраларын жинау, жүйелеу, сақтау, зерттеу жұмыстары тоқталған емес. Бұған 1975-1997 жылдары жарияланып үлгірген «Қазақ фольклоры мен әдебиет шығармаларының текстологиялық зерттелуі», «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» [6 том], «Батырлар жыры» [6 том], «Ертегілер» [4 том], «Дастандар [2 том], «Тарихи жырлар» [3 том], «Айтыстар» [5 том], «Мақал-мәтелдер» [2 том] т.б. зерттеу еңбектер мен ғылыми-көпшілікке арналған жинақтар дәлел бола алады. Алайда, Орталық ғылыми кітапхана мен Қолжазба және текстология орталығында сақталған мыңнан астам халық ақындарының шығармаларына ғылыми сипаттама жазу шаралары толық жүзеге асырылмағандықтан, олардың барлығының дерлік туындылары жүйеленіп, текстологиялық тұрғыдан зерттелмеді. Осындай толғақты мәселе Құланаян Құлмамбет шығармашылығына да қатысты.

Ақынның 1931 жылдан бері жарияланып келген айтыстарының өзі түрлі өзгерістерге ұшырап келген. Сол себептен басылым көрген айтыстарды көрсетілген әдеби қорлардағы түпнұсқа мәтіндерімен салыстыра отырып, текстологиялық талдау жүргізуді жөн санадық.

«Құлмамбет пен Түбек айтысының» нұсқалары алғаш 1964 жылғы «Айтыс» жинағында жарияланып, ғылыми түсінігінде құрастырушылар мәтін М.Көпеевтің «Қара кітабынан» алынғаны туралы мәлімет көрсетеді [137, 427]. Кейінгі басылымда да осы нұсқа көшіріліп басылған. Орталық ғылыми кітапханадағы түпнұсқаның жоғалып ке-

туіне байланысты салыстыра талдаудың сәті түспеді. Бірақ осы қор мен Қолжазба және текстология орталығында айтыстың К.Әзірбаев, М.Байбатырұлы, Ф.Ғабитова, Ә.Нұрлыбаев, Қ.Атабаев нұсқаларын салыстыра оқығанда М.Көпеев, К.Әзірбаев, Ф.Ғабитова, Қ.Атабаев жазбаларында көп ерекшелік байқалады. Баспа, құрастырушылар тарапынан өзгертілген кей сөз тіркестері айтыстың мазмұнына айтарлықтай әсерін тигізбейді. Көлемі жағынан да бір-бірінен басымдылығы байқалмайды. Мысалы, М.Көпеев жеткізген мәтін – 136, К.Әзірбаевтікі – 136, Ф.Ғабитованікі – 148 жолды құрайды. Ал Қ.Атабаевтың тікелей «Айтыс» жинағынан көшіріп алғаны анықталды. М.Байбатырұлы мен Ә.Нұрлыбаев нұсқалары өзге жинақтағылардан көлемі жағынан, мейлі композициясы мен көркемдігі жағынан болсын ерекшеленеді. Ә.Нұрлыбаевтың қолжазбасы 392 жолмен, М.Байбатырұлының нұсқасы 447 жолмен аяқталады. Осы орайда, құрастырушылар тарапынан кеткен зор кемшілік ретінде жаңа жинақ құрастырғанда айтыстың қолжазба күйіндегі нұсқалармен таныспай-ақ, ілгергі мәтіндердің көшірмесін ұсынып отырғанынын айта кеткен орынды. Және бір үлкен олқылық – «Айтыс» томдарының түсінігінде шығарманың өзге нұсқалары жөніндегі мәліметтер көрсетілмейтіндігі.

Жоғарыда айтылған себептерге байланысты алты жинаушының арасынан Қолжазба және текстология орталығында сақталған Ә.Нұрлыбаев пен М.Байбатырұлы нұсқалары іріктеліп алынды. Мұқаш нұсқасы:

Дүние біреуге кең, біреуге тар,
Бұл мақал ел аузында бұрыннан бар.
Тарылма дүниенің бақытына,
Тарылсаң, қолдағыға боласың зар, –

деп басталып,

Адам болсаң, айтылған сөзіңе жет,
Өзің үшін қайырлы қызмет ет.
Түбектің оқиғасын бітірейін,
Тыңдаушы жамиғатқа рахмет [138], –

деген жолдармен тәмамдалады. Мысалдардан көрінгендей, жеткізушілер тарапынан айтысқа алғы және соңғы сөздер жазылған. Бұл шығарманың көп өзгеріске түскенін аңғартады. Алдыңғы тарауда ай-

тылғандай, айтыскерлер айтысты өзі таратып, ел арасында насихаттап отырған. Онда жеткізуші ақын жыр тартысының қайда, қашан, қандай жиында, кіммен өткендігі және соңында кім жеңілгені туралы қысқаша мәліметтер беріп отырған. Бірақ шындықтан алшақ кетпеуге тырысқан.

Екінші топ айтысты жаттап алып, жүрген жерінде таратып отырады. Бір өкініштісі, бұлардың кейде туыстық, жекжаттық, таныстық жақындығын пайдаланып біреуіне бұра тартып кетуі байқалады. Кейде ұмытылған жерін өз жанынан қосып жіберетіндері де кездеседі. Осылардың кесірінен кейінгі үйренушілер сол қоспаларымен жаттап, өзінің ізбасарларына жеткізген. Әрине бірнеше ұрпақ жалғастығынан кейін мұндай айтыстың негізгі мәтінін анықтау мүмкін емес.

Үшінші жеткізушілердің қатарына жазып алушы молдаларды жатқызуға болады. Бұлардың белсенділігі ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде белең алды. Себебі осы кезеңде қазақ кітаптарының жарыққа шығу деңгейі ұлғайып, қажеттілігіне орай аз да болса халық мұраларын жинау жұмыстары жүргізілді. Осы тұста кейбір пысықтардың атақты ақын-жыраулардың туындыларын көшіріп беріп мал тапқандары болған. Сол көшірме таратушы молдалар мен кітап шығарушылардың қаламынан айтыстарға көп өзгерістер енгізіліп, тіпті қайта жазып шығатындары ұшырасып тұрған.

Төртіншіден, кеңес дәуіріндегі идеологиялық кедергілердің әсерінен дінге, «аға ұлт» дәрежесіндегі орыс халқына байланысты сөздер, тіркестер басқа баламалармен ауыстырылып, тіпті кей шумақтар алынып тасталған. Біздіңше, мұндағы басты мақсат – Құлмамбетті дәулетті бай-манапты, атқамінер би-болыстарды мактаушы кертартпа ақын ретінде көрсетіп, Майкөт пен Жамбылды еңбекті, елдікті, ерлікті дәріптеуші халықшыл тұлға деңгейіне көтеру. Сол себепті айтыс мазмұнынан тап теңсіздігін, ру қайшылығын тауып, идеологиялық тұрғыда талданған.

Құлмамбет пен Түбек айтысының М.Байбатырұлы нұсқасы да бірнеше жеткізушіден кейін едәуір өзгерістерге түскенін аңғару қиын емес. Айтыстың 145 жолдан тұратын шағын кіріспесі аңыздық дастанның желісіне құрылған. Оқиға Бардам атты кедей жылқышы шал жөнінде өрбиді. Көл жағасында жылқы бағып жүрген Бардам шал сарыала қаздың ұясының үстінен шығып, үш жұмыртқа тауып алады. Жұмыртқаның бірі жарылып, ішінен қыңсылаған «ит тұмсық, жарғақ құлақ» бір мақұлық шығады. Оған арнайы ұя жасап, асырай бастайды. Жыл өткен соң әлгі жануар құмай тазыға айналып, маңайда

алмаған аңы қалмайды. Кедейдің қалауын беріп, итті Тезек төре қолына түсіреді. Құмай тазы Тезектің даңқына даңқ қосып, атағы Алты алашқа жайылады. Осы сыбысты ұзақ науқастан тұрған қарт Түбек те естіп, Жетісуға қыдырып қайтуды сылтау етіп төреге хат жазады. Тезектің «Бар еді бір кеп қайтар жөніңіз» деген жауап хатын алысымен Үйсін еліне жол тартады. Жолда Түбек Жалайыр Асан молданың аулына арнайы түседі. Ол біраз жыл бұрын Түбектің «шеменін ішін жарып алған екен». Енді Түбектің түпкі ойын сезген Тезекті «Сонымен жүре тұрсын Түбек, Асан, Келет, – деп, күтіп отыр Түбек қашан», – дейді Мұқаш ақын.

Жан-жаққа ат шаптырып, ақындарын жинап алған төре оларды Түбекке қарсы насихаттап қайрап отырады. Сол тұста Түбек келіп қалып, аяқ астында айтыс басталып кетеді. Алғашқы бөлім осымен тәмамдалып, екінші кезең Құлмамбет пен Түбек айтысына ұласады. Үшінші бөлігінде сөз жарысы Түбек пен Тезек арасында өтеді де жырлаушының соңғы сөзімен аяқталады. Таза айтыс мәтіні 200 жолдан тұрса, оның ішіндегі Құлмамбет пен Түбектің жыр жарысы бар болғаны – 96 жол ғана құрайды. Қалған 247 жол жинаушының еншісінде.

Айтыстың осы нұсқасы 1996 жылы «Найман Түбек ақынның Тезек төреге келіп қайтуы» деген тақырыппен «Тезек төре» жинағында жарияланды [Алғы сөзін Б.Нұржекеұлы жазып, құрастырған – С.Дәуітұлы] [139]. Құрастырушының жазуынша, М.Байбатырұлының бұл нұсқасы Б.Нұржекеұлының жеке мұрағатынан алынған. Ал М.Байбатыровтың араб әрпінде өз қолтаңбасымен жазылған нұсқасы Қолжазба және текстология орталығында сақталғаны жоғарыда айтылды. «Тезек төре» жинағындағы айтыс мәтіні мен қордағы түпнұсқаны текстологиялық салыстыру барысында орны ауысқан тіркестерді есепке алмағанның өзінде, түбегейлі өзгеріске түскен сөз тіркестерін, тармақтарды, тіпті шумақтарды көптеп кездестірдік. Аталған кітаптың көпшілік оқырманға арналғанын ескеріп, текстологиялық тұрғыда саралау жұмыстарын жүргізу орынды саналды, әрі зерттеу мен айтыстың түпнұсқаға жақын нұсқасы қосымшаға ұсынылды.

Айтылған пікірлердің дәлелділігі үшін төменде бірнеше мысалдар келтіре кетуді жөн көрдік.

1. «Тезек төре» жинағында: Түпнұсқада [ӘӨИ.337-б., 4-дәп.]

Бес болыс Жалайыр мен Албан, **Өнеге аға** Жалайыр, Албан, Суан, Суан,

Айтуға тіл жете ме ел **данасын**.

Айтуға тіл жете ме ел **ағасын**.

Осыларды билеген Тезек **екен**,

Осыларды билеген **бопты** Тезек,

Айтатын әңгіменің таңдамасын.

Айтайын әңгіменің таңдамасын.

[45, 13-14;46, 1-2 жолдар]

Осы шумақтардағы әр сөздің мән-мағынасына тереңінен сұғынып, зерделей талдаса көзге бірден ұрынатын кемшіліктер аз еместігі байқалады. Біріншіден, жинақтағы «Бес болыс Жалайыр мен Албан, Суан» тармағының алдыңғы тіркестерінде тарихи негіз жоқ. Ш.Уәлиханов деректеріне қарағанда, Тезек Абылайханов 1850 жылы Албан руының аға сұлтаны болып тағайындалады [140, 542]. Бірақ Жетісудағы басқа руларға билігін жүргізе алмады. Себебі олар жеке-жеке сұлтандарға бағынышты еді.

Екіншіден, 1898 жылығы бүкілресейлік жан санағы бойынша Жалайыр – 12, Албан – 14, Суан – 6 болысқа бөлінген. Сондықтан «бес болыс» тіркесі – дәлелсіз айтыла салынған жеткізушілердің қоспасы. Ал түпнұсқадағы «Өнеге аға Жалайыр, Албан, Суан» дегендегі «өнеге аға» сөздерінің мәні өзгеше. Қазақ шежірелеріне жүгінгенде Жалайыр Үйсіннің Тарақ тармағынан, Албан, Суан Абақ бөлігінен тараған [141]. Олар сол тұста Жетісудағы мәдени-әлеуметтік шараларға белсенділік көрсетіп, маңайындағы ұсақ руларға өнеге танытарлық іргелі тайпалар еді.

Екінші шумақтағы «ел данасын» тіркесі де себепсіз пайданылған балама екендігі дау тудырмайды. Халқымыз тарихында тұтас бір ру дана болған емес, бірақ данышпан ұлдар тудырған. Қазақ қоғамының қай дәуірінде болсын елі үшін еңбек еткен дана тұлғалар аз емес. Маңайының бірлігін, тұтастығын, ынтымағын сақтауда ерекше ықпал жасаған жеткізуші «Айтуға тіл жете ме ел ағасын» дегенде Тезек төре салмағын ғана меңзеп отыр.

Жинақ бойынша үшінші тармақта «Осыларды билеген Тезек екен» деп нақты дерек келтіріледі. Бұл да дәлелсіз тұжырым. Қанша дәмеленгенмен, Тезектің Жалайыр, Албан, Суанды тұтас билеуге шамасы келмеген. Себебі, оған бағынышты әкімшілік аймағы Албан руының шеңберімен шектелген. Дегенмен, Тезек төре орыс шенеуніктеріне

арқа сүйеп, төңірегіндегі өзге сұлтандарға қысым жасап отырғаны белгілі [142, 593]. Сондықтан түпнұсқадағыдай «Осыларды билеген бопты Тезек» деу орынды секілді.

2. Ат мініп, түйені жетеледі,	Атын мініп, түйені жетелейді,
Қойды айдап аулына келеді.	Қойды айдап аулына төтелейді,
Ит иесін тапты деп кедей кетті,	Ит иесін тапты деп күңкілдейді.
Тезек тағы кедейді шақырады.	
[143, 26-29]	

Жинақтағы өлеңнің құрылысы, мазмұны, ұйқасы, ырғағы, буын, бунақ саны поэзия шарттарына сай еместігі бірден байқалады. Шумақтың әр жолы бір-біріне кереғар ой білдіріп, желілі мазмұнынан мүлде ауытқып кеткен. Түпнұсқаға қарағанда, Бадам шал Тезектен құмай тазының төлеміне алған атын мініп, түйесін жетекке алып, елу қойды аулына төтелей айдайды. Мұнда қисын бар. Кедейдің бар мақсаты – айырбасқа алған малды аман-есен, тездетіп үйіне жеткізу. Сол үшін ат басын төте жолға салады. «Ит иесін тапты деп күңкілдеуінде де» мән жатыр. Аң түгіл, құсты да ұшуға үлгіртпейтін құмай тазының арзанға кеткеніне іштей ызалы. Бірақ қолдан келер дәрмен жоқ, төренің берсең – қолыңнан, бермесең – жолыңнан алатыны күмәнсіз. Сол себептен де Құдайға тәубе қылады. Күңкілдің түкпірінде зілді мысқыл да жатқан тәрізді. Бағынышты елден «жемтік» іздеп жалаңдаған төренің де кей пиғылы құмай тазыдан кем түспейді. «Ит иесін тапты» деп күңкілдегенде езуіндегі «Ит иесіне тартады» деген халық мәтелі айтылмай бара жатқандай.

3. Жинақта көп сөздер, тіркестер дұрыс оқылмағандықтан, мағыналық тұрғыда өзгеріске ұшырап отырғаны көзге түседі. Мысалы, Құлмамбет жауабының мына шумағында әріп қателіктері өте көп:

Мүйізін шықты ма елді жегеніңнен,	Мүйізін шықты ма, елді жегеніңнен,
Жалаңдап сұрай келдің Кегеніңнен.	Жалақтап сұрай бердің келгеніңнен.
Үш қатынның біреуі жады қылып,	Үш қатынның біреуі жады қылып,
Тұра алмай жапыр деп шегеніңнен.	Тұра алмай жапыр деп еді шеменіңнен.
[142, 11-14]	

«Жалаңдап сұрай келдің Кегеніңнен» тармағындағы «Кеген» – Құлмамбет туған Күрметі маңындағы жер атауы [Қазіргі Алматы облысы, Райымбек ауданының орталығы – Т.Ә.]. Құлмамбеттің Шығыстан келген Түбекке «келдің – Кегеніңнен» демегені пешенеден белгілі. «Кегеніңнен» сөзіндегі л және г үнді дауыссыз дыбыстары қатар қолданылғанда алғашқы әріп түсіп қалып, ауызша «кегенінде» болып айтылуы қазақ тілінің үндестік заңына тән қасиет. Бұл заңдылықты қаперге алмаған құрастырушылар сөздің мәнін жер атауына балап, бас әріппен жазғаны аңғарылады. Осы жолдың алдыңғы сөзі «жалаңдап» түпнұсқадағы «жалақтаппен» мәндес болғанымен, 80 жастағы Түбектің жас қасқырдай «жалаңдауы» қисынды теңеу емес. «Келдің Кегеніңнен» дегендегі «кел» түбірлі етістіктердің қатар жіберілуі де өлең шумағының көркемдік сипатын әлсіретіп тұрған сыңайлы. «Тұра алмай жатыр деп шегеніңнен» тармағындағы «деп» сөзінен кейін «еді» көмекші етістігі түсіп қалғанын, «шегеніңнен» сөзіндегі м дауыссыз дыбысының орнына г әріпі жазылып кеткен. Айтыстың толық текстологиясын жасауда мұндай олқылықтар ескерілді.

«Құлмамбет, Түбек, Тезек ақындардың айтысқаны» аталған төте жазудағы айтыс нұсқасын Әшім Нұрлыбаев 1956 жылы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына өз қолымен тапсырған. Қолтанба әрі кезінде қарындашпен жазылғандықтан, сапасы жоғала бастаған. Жинаушы айтысқа берген шағын түсінігінде: «Осы кезде Түбек 107 жаста, Құлмамбет 17 жаста екен. Сүйретіліп келген Түбек жан-жағына қарап тұрып, былай әңгіме бастайды» [142], – деген қисынсыздау дерек келтіреді. Бұл қолжазбадағы мәтін өзге нұсқаларға қарағанда сапалылық жағынан бағалы. Көркемдік ерекшелігімен де, көлемдік өлшемімен де назар аударарлық, бұрын жарияланбаған тың туынды. Араб әрпінде тым ұсақ, оқуға қолайсыз қолжазбамен танысу кім-кімге де оңайға түспейтіні анық. Сондықтан құрастырушылар, зерттеушілер назарынан тыс қалып келген сыңайлы. Айтыс:

– Хан Теке, қасиетің ұшқындаған,
Жан едім өз бетімен іс қылмаған.
Тұлпардың тұяғындай асыл едің,
Ышқынып жау келгенде пысқырмаған, –

деген Құлмамбеттің арнау өлеңімен басталып,

– Келгенде алжып жүріп, түк бермесем,
Кетесің наза болып, жылап деймін.

Тезекпен өлең айтып алдым деме,
Әншейін алдым дерсің, сұрап деймін, –

дейтін Тезек сөзімен аяқталады. М.Байбатырұлы нұскасынан өзгерінің бәрінде осы жолдармен төре айтысты тоқтатады. Жеткізуші тарапынан басқа мәлімет беретін жыр жолдары кездеспейді. Ордада Түбекті күтіп отырған ақындардың ішінен суырылып шыққан Құлмамбет айтысты бастап кетеді. Ал қалған төрт нұсқада да Түбектің кемшілігін білдіріп, Тезек өзінің ақындарымен айтысып отырады. «Албанның көрдіңіздер Тезек ханын», – деген тармақтан кейінгі бір шумақ М.Байбатырұлы мен Ә.Нұрлыбаевтың жазбаларына түспегенмен, М.Көпеев, К.Әзірбаев, Ф.Ғабитова, Қ.Атабаев нұсқалары осы шумақпен басталып отырады. Бұл логикалық тұрғыдан да заңды деп есептеуге болады. Айтыстың өтуіне себепкер болушы төре, жыр бәсекесінде өз ақындарының озық шығуына да ынталы. Сондықтан, ақындарының аузына сөз салып, баптап отырғаны сөзсіз. Және де қадір-қасиетіне салмақ салу үшін өзін «хан» атауы әбден мүмкін. Тезектің бастама өлеңі Өшімде – жоқ, Мұқашта – 3, Машһүр Жүсіпте – 3, Фатимада – 4, Құсайында – 2, Кененде – 5 шумақты құрайды.

Осы ретте жоғарыда айтылғандай, М.Байбатырұлының «Құлмамбет пен Түбек ақынның айтысқаны» және Ә.Нұрлыбаевтың «Құлмамбет, Түбек, Тезек ақындардың айтысқаны» аталған нұсқаларын жолма-жол салғастырып, текстологиялық тұрғыда нақтыланған, негізгі мәтінді анықтаған жөн сияқты. Екеуінде де Құлмамбеттің алғашқы кезегі екі-екі шумақтан болып келгенмен, мазмұны әр түрлі. Алғашқысында Тезекті бірауыз мақтап алып, бірден Түбектің жайын сұрауға көшеді. Соңғысында тек төрені мадақтаудан ауытқымайды. Түбек туралы сөз қозғалмайды. Және осы Өшім нұскасында Тезек: «Жүрмей ме сырттан сұрап зэнталақтар», – деп тікелей ақындарын кінәлай бастайды. Құлмамбет екінші кезегінде ғана: «Бетіне мысықтай-ақ бір шабайын, Түбектің барлық жайын ұқтыр маған», – дегенді айтып ақта-ла бастайды. Осыған қарап, Құлмамбеттің бірінші кезегіндегі бір шумақ өлеңі келесі кезегіне ауысып кеткендігін тұжырымдауға болады. Тезектің бастапқы кезегі Өшімде – 4 жол, Мұқашта – 12 жол [мұнда екінші кезек]. Өшім мәтініндегі Құлмамбеттің: «Бар ма еді бұл Түбектің кемдік жері» болып аяқталатын 20 жол қарымта өлеңі мен Тезектің: «Адамын кара нанға сатқан деймін», – деген тіркестермен бітетін жауабы Мұқаш нұскасында қамтылмаған.

Ордасына кіріп келген Түбектің Тезекке бағыштап айтқан алғашқы сөзі Мұқашта – 24, Өшімде – 86 тармақты құрайды. Түбектің: «Атаңның бармақ құсы келді» сөз тіркестерінен басталып, «Мен соның, кім

хан болса, торғайымын, Ез болсаң, тастап көрші басымды алып», – деп тәмамдалатын 46 жол жауабы Мұқаш қолжазбасында ұшыраспайды. Және соңғы нұсқадағы мәтіннің үзіндісі екені анықталды. Бұл жолы қарт ақын төренің бабасы Абылайдан бастап өзіне дейінгі ата-тегін қазбалай бірде мақтап, бірде жеке басын табалай отырып, «Үш жүзден асқан Түбек келіп отыр, Бір нәрсе бұл Түбекке беремісің?» – деп үміттенген бұйымтайын да жасырмайды. Осы ұзақ өлеңінде Тезектің бар болмысын ашып: «Бала емес Түбек саған анау-мынау, Аруақтың ескі құры, аты дардай», – деген сесті сөз айтып мысын басады.

Енді төрені маңайлай отырған Егізақ, Тоғызақ, Егізбай, Шаншар ақындардың арасынан суырылып шыққан Құлмамбет Түбекті жыр жекпе-жегіне шақырады. Құлмамбеттің қарымта жауабы Мұқаш жеткізуінде 3 шумақпен шектелсе, Әшім жазбасында 8 шумаққа созылады. Құлмамбет те Бәйдібектен бергі өз шежіресін таркатып, бытырап жүрген елін біріктіру үшін ата-бабасы Абылай ұрпақтарын шақыртып алғанын айтып өтеді. Өзінің де бос кеуде еместігін, «Алаш ұлы өлеңіне таң қалғанын» айтады. Мұнан кейін Түбектің қарттығын, науқастығын, сұрампаздығын теріп жырына арқау етеді. Құлмамбеттің осы кезегін екі нұсқада салыстырғанда, М.Байбатырұлы жырлаған мәтін қысқалығымен қоса айтыстың әр жерінен терілген әрі көп өзгеріске түскені мына салыстырудан айқын байқалады:

Ә.Нұрлыбаев нұсқасындағы сол кезектің 14- жолынан кейін:	
Ей, Түбек, кім көнеді дегеніңе, Таң қалған қара қазақ өлеңіме.	Бай болсам, бұл ордаға келемін бе, Таң қалған Алаш ұлы өлеңіме.
Өлеңде жұмысың не алжыған шал, Аз қапты кәрілік жетіп өлеріңе. Тоғыз тұрмақ алмайсың тоғыз лақ, Төрені көзің жетсін береріме. Қайтқан айғыр арқасын алдырады, Үйсіннің кез боп қалдың дөненіне.	Керейдің қаңғып жүрген шемен шалы, Бұл жаққа тамашамен келгеніңе. Мал іздеп әлі күнге қаңғып жүрсің, Өзіңнің жақын қапты өлеріңе. Қаңғыру қартайғанда жөн бе саған, Ішіңнің қарамастан шеменіне. Жасың да жүзден асып кетіп қапты, Шыдамай жүр дейтұғын өтеріне. Керейдің қаңғып жүрген кәрі айғыры, Үйсіннің шайнатарсың дөненіне.

М.Байбатырұлы қолжазбасындағы Құлмамбеттің: «Аузыңды аша берме, алжыған қарт», – деп басталатын соңғы үшінші шумағы өзге бес нұсқада да кездеспейді. Әшім нұсқасындағы мұнан кейінгі 5 шумақ өлең Мұқашта да, басқа да нұсқаларда сақталмаған.

Түбектің екінші кезегі Мұқашта 18 жол болса, Әшімде 95 тармақты қамтиды. Бастапқы нұсқадағы Түбектің: «Ежелден хан ордасы халықтікі, Қызғыштай көлге қонған шырылдайсың», – деп басталатын жолдары Әшім қолжазбасында 14-жолдан кейін ғана: «Қызғыш құс қара жағал, к...і күйік, Ие бола қалыпсың көлге деймін» болып өзгеріспен енген. Әшім жеткізген тіркестер өзге нұсқалардың бәрінде де сақталған. «Деймін» тіркесі алғашқы нұсқада 5 рет айтылса, соңғы жазбада 22 мәрте қайталанады. Мұқаштағы «тауып», «ауып», «қауып», жауып», «шауып» болып ұйқасатын 2 шумақ екінші қолжазбада 14-шумақтан кейін көп ауытқуларға ұшырағанын мына мысалдан айқын аңғаруға болады:

Ақын болсаң, айтсаңшы орнын тауып, Отыр ма айтысуға көңілің ауып?	Алаштан бидай терген мен бір тауық, Отыр ма айтысуға көңілің ауып?
Айғыр болсаң алысқа ұзамассың, Ит қотырша енесін алар қауып.	Әнім мен өлеңімді үйреніп ап, Өлтірді-ау, осылар-ақ, бетке шауып.
Ақылсыз арыстандай айға шаптың, Басыңа орнатайын пәле жауып.	Алыстан аң іздеген арыстан ем, Бір күшік к...і күйік, алды қауып.
Өлеңім мен әнімді үйреніп ап, Отырсың арсыздықпен бетке шауып.	Ойлама қартайды деп бұл Түбекті, Бұл Түбек әлі болса темір сауыт. Апырмай, Құлмамбеттің кеудесін-ай, Өзінің сөйлеспестен теңін тауып.

Осы ретте, К.Әзірбаев, Ф.Ғабитова, Қ.Атабаев нұсқаларының соңғы мәтінмен ұқсастығы – Ә.Нұрлыбаев жеткізген қолжазбаның толықтығына кепіл бола алады.

Құлмамбеттің екінші кезегі Мұқашта – сегіз-ақ жолды құраса, Әшімдегі: «Құлмамбет – менің атым, құлан деген», – деп басталатын өлеңнің көлемі – 15 шумақ. Осы кезектің мөлшері Кененде – 4, Фати-мада – 2 шумақты құрайды. Бірақ бәрінің мазмұны екінші нұсқаның мәтінімен мәндес болып келеді.

Мұқаш нұсқасындағы Түбектің соңғы кезегі: «Түбектің бұл үш жүзден алғаны анық», – деп басталып, «Сарт еді сары құлақ бұдан бұрын», – деген сөз тіркестерімен тәмамдалып, ұзын саны 13 жолмен шектеледі. Ал Әшім тапсырған мәтінінің көлемі – 49 тармақпен аяқталып, Құлмамбет пен Түбектің жыр жарысы шегіне жетеді. Мұқаш жазбасындағы соңғы Құлмамбеттің 4 жол, Түбектің 16 жол қарымта өлеңдері осы кезекке еніп кеткен. Түбектің өткір тілі төренің ата-тегін қозғап кеткесін, Тезек қорытынды сөз айтып айтысты тоқтатуға мәжбүр болады. Бұл ерекшелік айтыстың өзге де нұсқаларына тән. Дегенмен төренің осы аралық сөзінің көлемі әр қолжазбада біркелкі емес. Анығын айтқанда, Мұқашта – 25, Әшімде – 18, Фатимада – 14, Кененде – 12, Мәшһүр Жүсіпте – 13 жолды құрайды. Алғашқы нұсқаның соңы Тезек пен Түбек арасындағы 3 кезекпен түйінделгенмен, жеткізуші тарапынан желілі оқиғалар кірігіп кетеді. Түбектің қарымта өлеңінің көпшілігі Әшім нұсқасынан айырмашылығы шамалы, бірақ онда айтыстың орта тұсына жымдасқан.

Тезек қарт ақынға үш тоғыз бен бір қыз атайды. «Ер тоқымды бір тұлпар, құмайды қос, Иығыма бұлғын ішік кигізбедің», – деп, Түбек илікпей қояды. Дегеніне жеткен соң еліне қайтуға асықпай, қоңыр салқын күзді күтеді. Жырлаушының мәліметінше: «Үй тіккізіп, қыз алды есігіне, Ордадан аулағырақ, жатты аулақ». Ұлы жүзден ешбір ақын төтеп бере алмай, әккі төре Сүйінбайға ат шаптырады. Мұны түс көріп сезіп қалған Түбек: «Түсімде бір балаға кезігіппін, Бар екен сол баланың қызыл желі», – деп Тезектің сынағалы жүргенін бетіне басады. Сол түні іргедегі ауылда қонып жатқан Сүйінбай да түс көріп: «Түсінде «Қарасайлап» атқа шапты, Сонда да аса алмады бір тік өрден», – дейді жеткізуші. Ертесінде жолы болмасын сезген Сүйінбай аулына қайтып кетеді. Күзге салым еліне бет түзеген Түбек Абақ, Тарақ елінің игі жақсыларымен түгел қоштасып ұзақ жыр толғайды. Еліне олжалы оралған Түбекті Сыбан, Мұрын елдері жиылып қарсы алып, үлкен той жасайды. Ақынның бұдан кейінгі өмірін Мұқаш: «Мұнан кейін жамандық көрген емес, Қырсығын кетіріпті Тезек кесіп», – дейді.

Кезінде М.Жолдыбаев, Ә.Қосбасаров сияқты арқалы ақындармен жыр жарыстырып, «Алпамыс» жырын грампластинкаға жаздырған Мұқаш ел аузындағы әңгімелерге сүйеніп, айтыстың көп жерін өз жадынан қосып отырғаны айқын аңғарылады. Дүлдәмәл тұстары да аз емес. Мәселен, осы нұсқадағы «қызыл желді бала» Сүйінбайдың 1815 жылы туғанын ескерсек, айтыс өткен 1865 жылы ол – 50 жастағы ел ағасы. Қатаған, Тезек, Қаңтарбайлармен айтысқа түсіп, Жабай, Қара-

сай, Өтеген, Сауырық, Сұраншы батырларды жырға қосқан Жетісудың айтулы ақыны еді. Кемеліне келіп, бабында жүрген Сүйінбайдың жыр сайыстан тек аға ақынды сыйлағандықтан ғана бас тартуы мүмкін. Және бұл әңгіменің Құлмамбет, Түбек, Тезек арасындағы айтысқа қатысы шамалы.

Ә. Нұрлыбаев нұсқасындағы Тезектің қорытынды сөзі «Арасы үш мың жылдың сират деймін», – деген тіркестермен басталса, қалған жазбалардың мазмұны «Қылдан тар қияметте сират деймін» болып келеді. Яғни, бір тармақтың төрт жинаушыда да ұқсас келуі – Өшімдегі «Арасы үш мың жылдың...» дейтін сөз тіркестерінің жолай қосылғанын аңғартады. Ендеше, соңғы жолды түпнұсқа ретінде қабылдап, Өшім нұсқасына енгізген жөн. Жоғарыда келтірген пікірлерімізді жинақтай келіп, бес нұсқаның ішінде Ә.Нұрлыбаев жеткізген мәтін түпнұсқаға жақын келетінін атап кеткіміз келеді.

«Құлмамбет пен Майкөт ақын айтысының» нұсқалары. Айтыстың Орталық ғылыми кітапхана және М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қорларында сақталған нұсқаларын С.Сейфуллин, Қ.Байболұлы, Ж.Жантөбетов, Ф.Ғабитова, М.Құрманбаев секілді белгілі жинаушылар жеткізген. Бұл мәтіндердің құрылысы мен мазмұнында айтарлықтай алшақтық байқалмағанмен, әр қайсысының басталуы түрлі оқиғаларға орайластырылып, көлемі мен көркемдігінде көп нұсқан келтірілген.

«Құлмамбет пен Майкөттің айтысқаны» алғаш С.Сейфуллиннің алғы сөзімен «Жаңа мектеп» журналында [144], кейін «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» жинағында жарияланды. Алайда мәтін тым қысқа, әрі кімнен, қашан, қайда алынғаны туралы мәлімет қамтылмаған. Осы кемшілік жөнінде Құлмамбет шығармаларын жинаушы Қ.Байболұлы: «...Құлмамбет пен Майкөт сөзін Сәкен Сейфоллаұлы кітапта бастырды. Бірақ сөзінің бәрі шала көрінді» [145], – деп қынжылыс білдіреді. Бұл нұсқа кейінгі басылымдарда жарияланған емес.

«Құлмамбет пен Майкөт ақынның айтысқаны» аталып Орталық ғылыми кітапхана қорында түпнұсқасы төте жазуда сақталған мәтін «Айтыстың» 1965 жылғы томында [146, 167-180] жарық көрген. Құрастырушылар ғылыми түсінікте айтыстың түпнұсқасы Сиран Мүкеұлы дегеннен алынғаны туралы мәлімет келтірген. Өкінішке орай, бұл жолы да қолжазбада мәтін кімнен, қайдан, қашан алынғаны [тапсырушысы «белгісіз» деп жазылған – Т.Ә.] хатқа түспеген. Өзге нұсқалардан тағы бір ерекшелігі айтыс үстіндегі оқиғаларға байланысты түсініктер беріліп, бағыт-бағдар көрсетіліп отырады. Әрі айтыс соңын-

да Құлмамбет пен Майкөттің Бәйтік манапқа айтқан арнау өлеңдері келтірілген. Мұндай арнау өзге қолжазбаларда кездеспейді. «Айтыс» томының 1965 жылғы басылымы мен түпнұсқаны салыстыру барысында бұл айтыста да біршама мән-мағынасы өзгерген сөздер, енбей қалған шумақтар анықталды.

Бұл кемшіліктердің болуында өзіндік себептер жоқ емес. Нақтылап айтқанда, кеңес дәуіріндегі идеологиялық кедергілердің әсерінен дінге, орыс халқына байланысты сөздер, тіркестер басқа баламалармен ауыстырылып, тіпті кей шумақтар алынып тасталған. Оған айғақ ретінде «Айтыс» томдарында жарияланған мәтінге енбей қалған Құлмамбеттің мына шумағын айтса да жеткілікті;

Жар етіп тіліме алдым **бір Құдайды**,
Құлмамбет ән шырқайды біріңғайлы.
Атаңның **аруағын** жоқтап келдім,
Жүрмісің, болыс Байсал, күйлі-жайлы?

Осы жолдардың сызылып тасталуы асты сызылған сөздерге байланысты екені даусыз. Себебі шумақтың мазмұнында өзге күдік, қауіп туғызар жасырын ой, қатерлі тұжырым байқалмайды. Мұндай «таза-лаулар» өзге кезектеріне де қатысты. Түпнұсқа бойынша: «Орысқа қиын жерде жауап айтқан» [26-жол] деген тармақ жинақта: «Патшаға қаймықтастан жауап айтқан» [146, 170] болып өзгертілсе, «Өзбектен бостан болып жүрген еді» деген жолдағы «өзбектен» сөзі жинақта «Қозыке» делініп, адам атына ауыстырылған. Құрастырушылар екі тармақты да редакциялағанда «халықтар достығы» деген саяси идеологияның жетегінде кеткен. Тіпті, қарапайым логикаға жүгінуді де ұмытқан. XIX ғасырдың екінші жартысында ақ патшаға жолығып, оған «қаймықтастан жауап айтқан» қаратаулық қазақ болды ма, жоқ па?» – деген сауал маңында ойланып, бас қатырмаған да сияқты. Бұл жерде Майкөт Дулат руынан шыққан Үмбет, Шымбет атты ағайынды жігіттердің орыс ұлықтарына тайсалмай, қиын жерде жауап айтқанын дәріптеп отыр. Сол секілді Сіргелі руының Марқабай, Жанкісі сынды ерлері оңтүстікті билеп келген қокандықтарға бағынбай, еркін, бостандықта жүргенін меңзейді.

Айтыс мәтінін редакциялаудағы екінші мәселе – таптық көзқарасқа байланысты. Бұл ретте Майкөт өз жұртын, оның байлығын мақтаған ұзақ жыр жолдары тұтасымен жинаққа енбей қалған:

Біздің елдің бектері,
Бұрынғы нұсқа көргені.
Пайғамбар салған жолменен,
Көбеу болған қызғындай.

.....
Оншақты адам келгені.
Қыз, қатынның кигені
Атылас пен шайы болар,
Жеңіл салып жүргені.
Мұндай назымнаманы,
Өзің тұрмақ, ит Албан,
Ата-бабаң көрмеді...

Біздіңше, мұндағы басты мақсат – Құлмамбетті дәулетті бай-ма-напты, атқамінер би-болыстарды мақтаушы кертартпа ақын ретінде көрсетіп, Майкөтті еңбекті, елдікті, ерлікті дәріптеуші халықшыл тұлға деңгейіне көтеру. Сол себепті, айтыс мазмұнынан тап теңсіздігін, ру қайшылығын тауып, идеологиялық тұрғыда талданған.

Зерттеу барысында «Құлмамбет пен Майкөт айтысының» бір пара мәтіндерінің анайылау жерлері қысқартылып, жинақтардан аластатылып келгені анықталды. Атап айтқанда, Майкөттің соңғы кезегінде елінде базарсыз екендігін, егін екпейтінін айтып Құлмамбетке мін тағатын көлемді өлең жолдары қасақана сызылып тасталған:

Орыстан келген тауарға,
Қыз, қатының күйлейді.
Орыстан келген будандар,
Тобылғының түбіне
Бір-бір киім матамен,
Қыздарыңды сүйейді.

Біздің елдің диқаны,
Ұны менен сөгіне,
Балаңды сатып алады.
Қаладан келген ұлдай қып,
Қалмақтан келген құлдай қып,
Есігіне салады.
Құдай алғыр, Құлмамбет,
Ісләмді жамандап,
Ақырың қалай болады?!

Өлеңнің аяққы екі тармағы ғана алынған, бірақ «Ісләмді» деген сөз «Өз жұртыңды», «Ақырың – күнің», «болады – оңады» болып өзгеріске ұшырап, алғашқы мәнінен айрылған. Түйіндеп айтқанда, «Белгісіз» жинаушы жеткізген түпнұсқа мен жарияланған мәтін арасындағы айырмашылықтар жиі кездесетіндіктен, олардың бірен-сарандары ғана талданып, түбегейлі мәтіндік салғастырулар қосымша зерттелді.

«Құлмамбеттің Майкөт ақынмен айтысқаны» нұсқасын ел аузынан араб әрпінде жазып алып, 1946 жылы Орталық ғылыми кітапхана қорына тапсырған – халық ақыны Жақсыбай Жантөбетов [1888-1958]. Көлемі тым қысқа болса да көп өзгеріске түскен. Майкөттің қарсыласына жауап ретінде Қаратауды төкпелете мадақтайтын тұсы өзге қолжазбаларда ұшыраспайтын «Жамбыл мен Құлмамбет айтысындағы» мына шумақтардан басталады:

– Уа, Құлмамбет, Құлмамбет,
Қарақалпақ, қазақта,
Бұзылды сенен бұл ниет.
Ағып жатқан сумен кет!
Қызарып батқан күнмен кет!
Күн де қайтып шығады,
Қарайып көшкен түнмен кет!
Түн де қайтып келеді,
Жел ұшырған күлмен кет! [147]

Дәл осындай жолдар Құлмамбеттің Тұрсынай қызбен өткен қақтығысында да кездесетіні жоғарыда айтылды. Сондықтан осы бақсылық сарынды жаттанды [формулалық] өлең жолдарына жатқызған да орынды сияқты.

«Құлмамбет пен Майкөт ақынның айтысқаны». Орталық ғылыми кітапханада сақталған бұл қолжазбада Қазанқап Байболұлының [1889-1945] төте жазудағы төл қолтаңбасы қалған. Жинаушының сөз сыңайына қарағанда, Құлмамбетпен таныс болған және осы айтысты өз аузынан естіген: «Құлмамбет сөзін 9-10 жасымнан бастап едім және Құлмамбетті тірі күнінде көріп, сөйлескен де жайым бар еді.

– Артымда бала қалмады, тым болмаса сөзім қалсын, – деп, Омар қожа дегенге жаздырып, маған тапсырған еді.

– Балалықтан ұмытып кетерсің, – деп менен алып, Өтеген деген жырауға тапсырған жайы бар еді» [147].

Айтыстың «Құлмамбет – Майкөт» және «Құлмамбет пен Майкөт» аталған Орталық ғылыми кітапхана қорындағы латын әрпіндегі Ф.Ғабитова, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына қарасты Қолжазба орталығында сақталған кирилл жазуындағы М.Құрманбаев [148] жазбалары С.Сейфуллин жариялаған мәтіннің көшірмесі екендігі анықталды. Осы қолжазбаларда айтыстың соңғы жағындағы 7-8 буынды жыр үлгісінде бәсекеге түсетін тұсы ғана қамтылған. Сол себептен де айтыс нұсқасы ретінде қарастырылмады.

Аталған бес мәтінді сараптау елегінен өткізгенде мазмұнының маңыздылығы мен көркемдік ерекшеліктері жағынан ерекшеленгені Қ.Байболұлы мен Ж.Жантөбетов, «Белгісіз» жинаушы нұсқалары болды. Оларға да текстологиялық тұрғыда талдау жасай отырып, айырмашылықтар аз еместігі айқындалды. Көлемі де әр түрлі. Мысалы, Қ.Байболұлы – 680, «Белгісіз» жинаушы – 446, Ж.Жантөбетов – 284, Ф.Ғабитова – 100, М.Құрманбаев – 75 жол айтыс мәтінін жоғарыдағы әдеби қорларға өткізген.

«Белгісіз» жинаушының: «Жад етіп тіліме алдым бір Құдайды...»; Жақсыбайдың: «Айтамын әуел бастан бір Құдайды...», – деген сөз тіркестерімен басталатын айтыс Қазанқап жеткізген мәтінде 16 шумақты Құлмамбеттің кіріспе өлеңінен кейін ғана: «Әуелі жар [сүйеніш, тіреніш деген мағынада – Т.Ә.] қыламын бір Құдайды», – деп жалғасып кетеді. Құлмамбеттің алғашқы кезегі «Белгісіз» жинаушыда – 27, Жақсыбайда – 28, Қазанқапта – 25 жолмен аяқталады. Бірақ Бәйтік Манаппен амандасқан 3 шумақ арнау өлеңін Қазанқап кіріспеге кіріктіріп жіберген. Барлық мәтіндерде де орын ауысқан сөздер мен тіркестер кездескенмен, айтарлықтай айырмашылық байқалмайды. Тек соңғы қолжазбадағы: «Албаннан алты арыс ақын келді, Ертерек, сырбаз соймай келгін мұнда», – деген жолдар алғашқы екі нұсқада қамтылмаған.

Мұнан кейінгі бір шумақпен ғана кезектесетін Майкөттің үш, Құлмамбеттің екі қарымта жауабы бір мазмұнға сәйкестеліп отырады. Келесі Қазанқап жазбасындағы: «Майкөт-ау, олай десең әуелім бақ...», – деп келетін 4 жол Құлмамбеттің жауабы өзге мәтіндерде кездеспейді. Осыдан кейін Майкөт те қайымдасып кетіп: «Кекесін келген жерден сөзіңді айттың, Қайтейін, ей, Құлмамбет, Құдайдан тап», – болып аяқталатын қарымта өлеңі басқа нұсқаларда ұшыраспады. Осы ретте, Жақсыбай жазбасындағы Майкөттің :

– Құлмамбет, келе қалдың өзің үшін,

Бір айтқан бес-алты сөзің үшін.
Боласың менен жақын, қайтіп, құрғыр,
Қырғызға амандастың өзің үшін, –

деген өлең тіркестері қалған екі нұсқаға кірмеген. Құлмамбеттің үшінші кезегінің алғашқы екі жолы белгісіз жинаушыда: «Тіліңді тарта сөйле, Майкөт ақын, Болып тұр бір Дулатпен жүзің жарқын»; Жақсыбайда: «Сенбісің, дауысы биік Майкөт ақын, Ергенге Рысқұлбекке жүзің жарқын»; Қазанқапта: «Айтып ем, жаным саған, сөздің салтын, Сауықпен араладым қырғыз халқын», – болып, соңғы: «Ердім деп Рысқұлбекке екпіндеме, Болмассың, Албан, Дулат менен жақын», – деп келетін қос тармағы барлық нұсқада да еш өзгеріссіз берілген. Осыған қарап, өлең құрылысы, мазмұны мен көркемдік ерекшелігін саралай отырып Қазанқап жеткізген нұсқаны негізгі айтыс мәтініне енгізген орынды деп саналды.

Бұдан былайғы ақындардың бір-бір ауық қақтығысы үш қолжазбада да көп ауытқымағанмен, кейінгі кезектер қабыса бермейді. Айтыстың «Белгісіз» жинаушы, Жақсыбай, Мүлік жеткізген нұсқаларындағы Құлмамбет пен Майкөттің алтыншы кезегіндегі: «Ал, Майкөт, Албан бай ма, Ысты бай ма...», – деп қайымдасып кететін тұсы Қ.Байболұлы жазбасында он жетінші кезекте көрініс тапқан.

Сегізінші кезектен бастап айтыстың мазмұны әр қилы болып, көлемі де сәйкессіздене бастайды. Майкөттің Құлмамбет еліндегі Әжібай тұқымдарын сынайтын жері Қазанқапта 10 жолмен аяқталса, өзге екі қолжазбада төрт жолмен ғана шектеледі. Құлмамбеттің жауабы Қазанқапта – 12, «Белгісіз» жинаушыда – 6, Жақсыбайда – 4 тармақты құрайды. Майкөттің Дулат датқаларын мадақтап айтқаны жинаушылардың реті бойынша 10–8–14 жолдан тұрса, Құлмамбеттің жауабы 6–4–0 тармақты қамтиды. Он бірінші кезектен кейін «Белгісіз» жинаушы жеткізген айтыскерлердің 12, 13, 14, 15-ші кезектері Қ.Байболұлы нұсқасындағы 12, 13, 14, 15, 16, 18, 19-шы кезектер Ж.Жақсыбаев жазбасына енбей қалғаны анықталды. Осы аталған қарымта өлеңнің Майкөтке қатыстысы «Белгісіз» жинаушыда – 41, ал Құлмамбетке телінгені – 16 жол. Қазанқаптағы Майкөтке тиесілісі – 57, Құлмамбетке тән жолдың саны – 44.

Екі ақынның да импровизаторлық дарыны, ескінің сарыны эпикалық дәстүрді жалғаушы, жыршылық өнерге бейімділігі айтыс аяғындағы жыр тартыста айқын танылады. Төкпелете айтылған 7-8 буын-

ды жыр доданы үш жинаушы да барынша камтыған. Қаратау елінің кемшілігін жіпке тізіп, жыр тізгінін қолына алған Құлмамбет болады. С.Сейфуллин, Ф.Ғабитова нұсқалары: «Токтат, Майкөт, сөзіңді», – деген сөз тіркестерінен басталса, «Белгісіз» жинаушы: «Мақтама, Майкөт, еліңді», Жаксыбай: «Көргенмін, Майкөт еліңді», – деп термеленіп кетеді. Ал Қ.Байболұлы жеткізген мәтінде алғашқы 9 жол қара өлең үлгісінде айтылып барып: «Алдымдағы Майкөт-ау», – деген тіркестермен жыр сүрлеуіне түсіп кетеді. Алдыңғы жолдар жоғарыда көрсетілген бесеуінде кездеспейді. Сондықтан айтыстың толық мәтініне еруге тиіс деп есептелді. Құлмамбеттің бұл кезегі Сәкен мен Фати-мада – 65, Жаксыбайда – 100, «Белгісізде» – 122, Қазанқапта – 144 тармақтан құралған. Сол ретпен Майкөттің жыры: 35–77–123–147 тармақтан жинақталған.

Барлық нұсқаларда айтыстың жыр үлгісінде бәсекелесуі бір кезекпен ғана шектеліп, тәмамдалады. Кей сөздер, тіркестер мен шумақтардың орны ауысып кеткенмен, ішкі мазмұнына айтарлықтай әсерін тигізбейді.

Мәтіндерді сөзбе-сөз салыстыру барысында С.Сейфуллин, Ф.Ғабитова жинаған қолжазбалар айтыстың соңғы кезегінің үзінділері екені анықталды. Ж.Жантөбетов пен «Белгісіз» жеткізуші жазбалары біршама көлемді болғанымен, Қ.Байболұлы нұсқасы сияқты толық жинақталмаған. Айтыс аяғында Құлмамбет көтерген әлеуметтік мәселелерге жауап бере келіп, ел тарихы мен дінге ерекше мән беріп ұзақ толғаған Майкөт тоқталған шақта, Дулат Рысқұлбек қызбаланып әрең отырса керек. Орнынан атып тұрып: «Қанттың дәмін сарт білмейді, сөздің дәмін қырғыз білмейді, – деген, ақымақ қырғыздар-ау, Құлмамбеттің не айтары қалды», – деп өркеуделік танытады. Құлмамбет ақын: «Саған мен жақын емес пе едім, қыздан туған Майкөтті менен тәуір көрдің», – деп басқа сөзді қысқартып, Рысқұлбекті даттағандай болып айтқан сөзі еді:

– Көп көрдім би мен болыс, датқанды да,
Сөйлесе ақын өлең таппады ма?
Қаласың Майкөт айтса, құлаш болып,
Көңіліңе мен айтқаным жақпады ма?
Не дейсің, мына сөзге, Рысқұлбек,
Сыртыңнан естуші ем Рүстем деп.
Кетесің Майкөт айтса хош болып,
Қаласың мен айтқанда ұрысқың кеп.

Әділеттілік, туралық білсең өзің,
Қаңғырған ұтар ма еді бір Ыстың кеп.
Қаңғырған бір ыстың кеп жеңер ме еді,
Бұл Ысты Албанменен тең ел ме еді?
Рысқұлбек, бір туралық қылып тұрсаң,
Бұл менің панама келер ме еді?
Әділеттілік, туралық білсең өзің,
Жекті қолға аударып бір бермедің.
Рысқұлбек, бұл Майкөттің адамы еді,
Осының ата-тегі сара ма еді.
Рысқұлбек, бұл Майкөтті жақтаймысың,
Белгілі қыздан туған бала еді? –

дегенде, Рысқұлбек: «Қызталақ, көбік жеген Албан, мені ұрысайын деп пе ең, басыңды алайын», – деп ұмтылғанда, қырғыздар араға түсіп, тоқтатқан соң, Бәйтік батыр: «Ендігі қалған әңгіме ертең болсын деп», – деп, дауды басып тастайды» [148], – дейді Қазанқап.

Айтысқа келген жұрт осы арнау өлеңнен кейін тарқасады. Құлмамбеттің Рысқұлбекке жиі ұрына беруінің өзіндік себебі жоқ емес секілді. Туыстық жағынан Майкөтке қарағанда, Рысқұлбек Құлмамбетке бір табан жақын екені алғашқы тарауда ескертілген еді. Майкөтті жанат ішік кигізіп қасына ертіп, Рысқұлбектің өзін сырт тепкені Құлмамбетке оңай соқпайды. Сондықтан да шарасыз ақын болысқа ауыр сөздер айтуға мәжбүр болады. Басқа нұсқаларда ұшыраспайтын осы арнау өлең Қазанқап жеткізген мәтіннің шынайылық ажарын аша түскендей. Билік иелерінен зәбір көріп, өзегін өрт шалып отырған ақынның ішкі күйзелісін осы өлең арқылы шығарғаны шындыққа жанасады. Толық нұсқалар ретінде қабылданған «Белгісіз» жинаушы мен Қ.Байболұлы нұсқаларындағы айтыстың тағдыры шешілетін сәті біркелкі жазылмағаны аңғарылады. Бірінші қолжазбада бірін-бірі жеңе алмай, теке-тіреске түсіп отырған ақындарға Бәйтік манаптың төрелік ететін тұсы кірмей қалған. Алайда, екі ақынның Бәйтікке айтқан арнау өлеңдерінің мәтіні түгел сақталған. Керісінше, Қ.Байболұлы қолжазбасында айтыстың аяқталуына қатысты мол мәліметтер берілген.

Түні бойы айтысқан ақындардың қайсы жеңгенін білмей жұрт дал болады. Ертесі екеуін шақыртып алған манап өзіне арнап бір-бір ауыз өлең айтуды өтінеді. Сондағы Құлмамбеттің Бәйтік пен ханшасын мадақтап айтқаны:

– Жар етіп тіліме алдым бір Құдайды,
Әмбеден раушан қылған күн мен айды.
Құлмамбет сәлем беріп інің келді,
Жүрмісің, датқа Бәйтік, күйлі-жайлы?
Домбыра әуенімен болар шешен,
Датқадан өз қатарлы болдың көсем.
Құлмамбет сәлем беріп інің келді,
Жүрмісің, датқа Бәйтік, аман-есен?
Үлкендігің – Рүстем датқадайсың,
Бір Құдайдан басқадан жасқанбайсың.
Қайратың әзірет Шерідей бар,
Төрт шарда Омар менен Оспандайсың.
Бәйбішең алдындағы Макрайым,
Пейіштің сарайындай салған жайың.
Қайратың әзірет Шерідей бар,
Қызындай Пайғамбардың алған жарың.

«Өзімді сахабаларға, ханымды Пайғамбардың қызына теңедің», – деп, манап Құлмамбет сөзіне қатты ашуланды. «Енді мені жамандап айт», – деп, кезекті Майкөтке береді. Арқасы қозып, шабыт бұғанда аруақтанып кететін Майкөттің Бәйтікті кемітіп айтқан өлеңі:

– Жаманда дедің, датқа, мейлілерің,
Келмесін ашуланып зейілдерің.
Айтайын жасыңдағы мақамыңды,
Майкөттен қалмасыншы көңілдерің.
Жаманда дедің, датқа, көрді көзің,
Айтайын жасыңдағы мақамыңды,
Тағы да ашулансаң мейлілерің.
Жетім боп он жасыңда қалып едің,
Үш-төрт жыл байдың қойын бағып едің.
Бүгінде бұл дәулетті берді Құдай,
Жасыңда анық сорлы, кәріп едің.
Онан соң бес-алты жыл бактың бада,
Жауыр қып к...і де міндің тана.
Салдарынан кетпей қойған кедейшілік,
Жарығы табаныңның бітті жаңа.
Өгізбен тарғыл шолақ тойға бардың,
Болады деп мұным ұят ойламадың.

Біреудің қойын бағып, қосын айдап,
Келгенше жиырмаға оңланбадың.
Келгенде жиырмаға бітті дәулет,
Датқа боп отызында құрдың сәулет.
Қанайдың қорасына Қыдыр кіріп,
Қырықта ақылменен сүрдің әулет.

«Майкөттің бұл жамандап айтқан өлеңінен кейін манап: «Майкөт Құлмамбетті жеңді», – деп, жеңді қылыпты» [148].

Түйіндеп айтқанда, Қ.Байболұлы жеткізген «Құлмамбет пен Майкөт ақынның айтысқанының» көлемдік өлшемі, мазмұндық маңызы мен көркемдік ерекшеліктеріне байланысты түпнұсқаға жақын екеніне көз жеткізуге болады. Жоғарыда дәлелденген сөз тіркестері, өлең шумақтары мен «Белгісіз» жинаушы нұсқасындағы Бәйтікке айтылған арнаулармен толықтырып, «Айтыстың» келесі томдарына негізгі нұсқа ретінде ұсынылса, құптарлық іс болары анық.

«Құлмамбет пен Жамбыл ақынның айтысқаны». Тұңғыш рет С.Сейфуллиннің «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» жинағында жарық көріп, кейін Ж.Жабаевтың 1940, 1946, 1957, 1982, 1996 жылдарда шыққан жеке жинақтары мен 1942, 1965, 1988 жылдардағы «Айтыс» томдарында басылды. Айтыстың текстологиялық електен өткен, толық мәтіні Жамбылдың 150 жылдық мерейтойына арналып профессор С.Садырбаевтың басшылығымен жарық көрген 2 томдық таңдамалы жинағында жарияланды [149, 68-80].

Орталық ғылыми кітапхананың сирек қорында араб және латын әрпінде жазылған айтыстың екі нұсқасы сақталған [150]. Б.Атшабаров деген автор тағы бір нұсқаны қырғыз елінде тұратын қазақ карттарынан жазып алғаны жөнінде мерзімді баспасөз беттерінде жазып, үзінділерін мысалға келтірді [151]. Айтыстың осы нұсқасының бар екенін әдебиеттанушы Н.Төрекүл да қуаттайды [152, 75-76]. Алайда, біз аталған қолжазбаны Орталық ғылыми кітапхананың, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Жамбыл мұрағаты қорларынан кездестіре алмадық. Жамбыл айтыстарын зерттеуші Р.Әбдіғұлов та көрсетілген нұсқаның ұшыраспағанын айтады.

Жоғарыдағы басылымдарда жарияланған үзінділерге қарап, өзімізге таныс мәтіндерге мүлдем ұқсамайтынын аңғардық. Сөзіміздің дәлелдігі үшін мына шумақтарға көз жіберуге болады:

Құлмамбет:

– Екейді ел дейміз бе, бел дейміз бе,
Көтеремді көктемде жемдейміз бе.
Жалаң аяқ жарлыны ерттеп мініп,
Қызықты, уа, халайық, көрмейміз бе?
Қызықты, уа, халайық, көрмейміз бе,
Жыртық тонды Жамбылдан жеңілген соң,
Тамам Албан ұяттан өлмейміз бе?
Ақын деп бір тулақты алып кепті,
Албан, Суан ортаға алып бір көрмейміз бе? –

десе, Жамбыл:

– Құлмамбет, заманында болдың құлан,
Аузыңда – Алла, көпірдің, қолда – Құран.
Арқадан кісі өлтіріп қаңғып келіп,
Албанға дінін сатқан сен бір жылан.
Шабасың ақиланып бір қиядан,
Түбің жоқ, арғын да емес, албан да емес,
Саудагер сарт емес пе ең, жүзі қара.
Арғы атам ер Қарасай жауға шапқан [152].

Айтыстың осы нұсқасын тауып, текстологиялық тұрғыда салыстыра зерттесе, күмәннің сейілері сөзсіз. Бірақ айтыстың көрсетілген екі шумағынан өзге мәтіні жарияланбағанына қарағанда, жалғасы қолға түспеген сыңайлы.

Осы ретте «Құлмамбет пен Жамбыл айтысының» текстологиялық мәселелерін шешуде С.Садырбаевтың көп еңбектенгенін айта кеткен жөн. Атап айтқанда, ғалымның тікелей басшылығымен жарық көрген Жамбылдың 1982 жылғы 2 томдық шығармалар жинағы мен 1996 жылғы 2 томдық таңдамалы шығармалар жинағы пікірімізге толық айғақ боларлық. Сонымен қатар айтыстың мәтіндік текстологиясын жасап, бірнеше ғылыми мақалалар жазды [153]. Осы зерттеулерде 1931, 1940, 1996 жылдардағы басылымдардың мәтіндік өзгешеліктеріне ерекше мән беріліп, «Жамбыл мен Құлмамбет айтысының» канондық мәтінін түзудің ғылыми бағыты көрсетілген [154, 210-225]. Дегенмен, айтарлықтай олқылықтар жіберілгені де көзге бірден ұрынады. Бұл кемшіліктер жөнінде этнограф-зерттеуші Шапырашты Дәркенбай

сындарлы пікірлер білдірген еді. Автор әдебиет зерттеушісі ретінде танымал болмағанымен, туған жер, өскен ел тарихын жете білетін іздемпаздығы мен біліктілігі жоғары азамат екені мақаласынан айқын байқалады. Біз төменде Ш.Дәркенбайдың «Құлмамбет пен Жамбыл айтысындағы» Құлмамбеттің:

Қара күннің баласы Ышты бақыр,
Кім өлсе соған түсер заман ақыр [149, 68], –

дегендегі «Ышты» сөзімен:

Албан, Дулат, бәрі кеп атқа мінсе,
Дегенің Үштаңбалы керегі жоқ [155, 97], –

деп аяқталатын шумақтағы «Үштаңбалы» тіркесін анықтау үшін жазған шежіре аңызын толық беруді ұйғардық. Соңғы қос жол өлең Жамбылдың 1996 жылғы жинағына белгісіз себептермен енбей қалған. Ал «Ышты» ұғымы туралы С.Садырбаев төмендегідей анықтама келтірген: «...Осы шумақтың бесінші тармағындағы «Қара күннің баласы Ышты бақыр» деген тіркестегі «Ышты» сөзі қандай мағынада айтылғаны бізге бимағлұм. Сірә, сондай дұлдамалықтан болар, 1946 жылғы жинақты әзірлеушілер «Ышты» деген сөзді «Ысты» деп өзгерте салған. Бұл сөз төңірегінде ойланған жөн» [153].

Енді Ш.Дәркенбай жеткізген шежіре аңызға көңіл бөлсек: «...Бәйдібектің екінші әйелі Зеріптен Жәлмәмбет туады. Жәлмәмбет отызға келгенше үйленбей, серілік құрып жүріп Мапыраш атты қызбен көңіл қосады. ...Мапыраш анамыз ұл табады. Бірақ қан көп кетіп, ұлын сүйе де алмай, қайтыс болады. ...Баланың атын анасына ұқсатып Шапырашты деп қояды. ...Бұдан соң Жәлмәмбет өзінің туған балдызы Қарашашқа үйленеді. Ай-күні жетіп, Қарашаш ұл табады. Толғатып жатқанда «мәрту» басып Қарашаш анамыз да қайтыс болады. Нәрсетенің атын Ошақты қояды. Тегі Жәлмәмбет атамыз серілеу болса керек, сол екі арада Сыланды деген қызметшісімен көңіл қосып, оған да үйленеді. Іле-шала Сыланды ұл босанып, атын Ысты қояды. «Қара күннің баласы Ысты бақыр», – дегенде Құлмамбет осыны меңзеп айтқан болар.

Шапырашты туғанда бір жылқышы Бәйдібекке сүйінші сұрап барыпты. Сүйіншісін берген бабамыз жылқы ішінен бір торы тайды

ұстатқызып, темір көсеуді отқа қыздырып тайдың санына тартып жіберген екен. Ошақты мен Ысты туғанда да дәнеккен жылқышы сүйінші сұрап барыпты-мыс. Бәйдібек баяғы тайды ұстатқызып, жамбасына тағы екі жерден қарып таңба басыпты. Кейінірек: «Сонша жылқыңыз бола тұра, үш ұлға арнап жалғыз тайды бәсіре еткеніңіз қалай», – деп сұрағандарға Бәйдібек: «Таңбасы бір болса тату болады», – деген жауап қайтарса керек. Тайдың санына көсеуді үш тартқанда түскен таңбаны «үш таңба» немесе сыртқы түріне қарай «тұмар таңба» атайды. Құлмамбеттің: «Дегені ұштаңбалы керегі жоқ», – деуі содан. Жоғарыда айтылған шежіре аңыздан жастайынан құлақтанып өскен ақын шапыраштының әке-шешесінің некесі қиылмай тұрғанда ана құрсағына біткенін болжап: «Шапырашты дегеннің некесі жоқ», – деп отыр. 1946 жылғы жинақта дұрыс басылып келген тіркестер Жамбылдың соңғы 2 томдықтарында құрастырушылар тарапынан бұрмаланған» [156].

Орталық ғылыми кітапхананың сирек қорында сақталған айтыстың түпнұсқасында Ш.Дәркенбай мысалға келтірген сөз тіркестерімен дәл келгендіктен, зерттеуші пікіріне алып, қосарымыз жоқ [150].

Баста көрсетілген кітаптар мен Жамбылдың таңдамалы шығармалары жинағында орын ауысқан шумақтар да кездеседі. Мысалы, алғашқы басылымдардағы Жамбылдың: «Есіркеп көрген жерден ентеледің», – деген тармақтан кейін келетін: «А, Құлмамбет, Құлмамбет», – деп басталатын 15 жолдан тұратын бақсы сарынды жыр үлгісі 1996 жылғы кітапқа айтыс тәмамдалатын тұстағы: «Дүйсенбай, Сәт, Мәңке, Жанын беріп, сені ақтап алсын», – деген тармақпен жалғастыра орын ауыстырылған. Ал түпнұсқада да бұл шумақ Жамбылдың алғашқы кезегінің: «Досқа таба, дұшпанға болма күлкі», – деген жолдан кейін бастау алады. Осы шумақты Құлмамбетпен айтысқан Майкөт, Тұрсынай ақындар пайдаланғанын жоғарыда айтқан едік. Жыр сайысына аяқ астында қосылып, бірден суырып салып айтып кете алмаған айтыскерлер шабыты қозғанша жаттамалы (формулалы) өлеңдерді қолданатын кездері аз болмаған. Бұл тәсіл айтыс ақындары үшін айып саналмаған.

Атағы қазақ, қырғызға тең танылған Құлмамбет тоғыз ақынды бірден жеңіп, шабыты шалқып отырғанын Жамбыл көрді әрі тындап жүрді. Бірақ онымен айтысу ойында жоқ еді. Мұны айтысуға мәжбүрлеген – Шапыраштының билеушісі Құдайберген болыс. Бұл жөнінде біз жоғарыда Ү.Кәрібаевтің естелігінен үзінді ұсынғанбыз. Естелікке сенсек, айтысқа Жамбыл өзінің жүрек қалауымен түспегені айқын аңғарылады. Құлмамбет өктем пиғылмен өлең нөсерін селдеткенде бір

сәт көмейге сөз ілікпегендіктен, осындай дайын мәтінді пайдалануы мүмкін еді.

Жамбылдың соңғы жинағына енген мәтін мен түпнұсқа ретінде қабылданған Ү.Кәрібаев қолжазбасын текстологиялық тұрғыда саралағанда көп ерекшеліктер көзге шалынды. Әсіресе, 1996 жылы басылым көрген Жамбылдың таңдамалы шығармалар жинағында ондаған өлең шумақтары, жекелеген сөз, тіркестер алынып тасталған, немесе себепсіз өзгеріске ұшыраған. Тіпті, қысқартылғанына байланысты белгілер де қойылмайды. Анығын айтқанда, айтыс жарияланған алғашқы бетте [149, 68] Құлмамбет сөзінің 13, 16, 17, 18, 19, 20, 23-жолдары түрлі өзгеріске түсіп, «Албан, Дулат тобында мен бір жорға» деген 26-тармақтан кейін: «Жамбыл деп осы арада жан мақтайды, Сол неме жарар ма екен пар қылуға, – деп келетін жолдар үзіліп қалады. Мұндай олқылықтар айтыстың барлық беттеріне тән. Кейде тұтас шумақтар кесіліп тасталған. Мәселен, 69-беттегі 16-жолдан соң жалғасатын:

– Өлеңші иттен де көп, боктан да көп,
Әйтеуір айтады ғой бірдеме деп.
Қайтқан құстай жиылып қалған екен,
Біразырақ сөйлесін Құлмамбет кеп, –

деген шумақ, болмаса, сол беттегі 32-тармақтан кейін келетін мына өлең жолдары жинаққа енгізілмеген:

– Шапырашты дегеннің некесі жоқ,
Бай болады диқаншы шекесі тоқ.
Албан, Дулат бәрі кеп атқа мінсе,
Дегенің Үштанбалы керегі жоқ.

Немесе, түпнұсқадағы:

– «Қанайлаған» қырғызды бөкселеген,
Баяғыдай гулеген заманың жоқ.
Кіріп келіп есіктен, үндемейсің,
Үлкенге сәлемің жоқ, аманың жоқ.

Есіктен кіріп келдің, тайпақ қара,
Өзің қандай, мен қандай байқап қара.

Аузында сәлемің жоқ, аманың жоқ,
Не басыңа күн туды дүзі қара, –

деген шумақтарды құрастырушылар аталған беттің 34-тармағынан соң қысқартып, өңдеп мына түрде кіргізген:

– **Майтөбе, Құлансазда өлеңдетіп,**
Баяғыдай гулеген заманың жоқ.
Үндемей кіріп келдің тайпақ қара,
Өзің қандай, мен қандай байқап қара.
Үлкенге сәлемің жоқ, аманың жоқ
Не басыңа күн туды **дозақ** қара.

Құлмамбеттің ««Қанайлаған» қырғызды бөкселеген» деп Теріскей Алатауды жайлаған қырғызға иек сүйеген баяғыдай заманың жоқ деген тұспал сөзі: «Майтөбе, Құлансазда өлеңдетіп» болып өңделген. Сонымен қатар 70-беттің 19-тармағынан, 71-беттің 28-тармағынан кейінгі шумақтар қысқартылған. Негізгі Үмбетәлі нұсқасы бойынша Жамбылдың алғашқы кезегі:

– Ал, қадір, атыңыздан әуел қадір,
Бұл жерге келіп отыр Екей Жамбыл.
Көсілген аяғыңды бір жимайсың,
Не басыңа күн туды, тәңір алғыр.

Ал, қадір, атыңыздан қадір дана,
Құлыңа Алла деген болғын пана.
Көсілген аяғыңды бір жимайсың,
Не басыңа күн туды дүзі қара.

Құлмамбет, сөз сөйлейсің анықтамай,
Алды-артыңды сөйлейсің парықтамай.
Айтатұғын кісіңнің өзіне айтқын,
Делбе кезек кісідей шалқақтамай.
Ыстыда толып жатыр қой мен жылқы,
Қасабек, Дәулетбақпен қызыл түлкі.
Бабаның ката қойын маған балап,
Досқа таба, дұшпанға болма күлкі, –

деген шумақтан соң «Ал Құлмамбет, Құлмамбет, Ағып жатқан сумен кет!..» болып термеленетін бақсы сарынымен жалғасып кетеді. Біз салғастырып отырған жинақтағы мәтін мүлде өзгеше. Кейде түпнұсқа мен жинақтағы тұтас бір кезек сәйкес келмейтін жағдайлар да кездеседі [149, 71-72]. Жинақтың 73-бетте Жамбыл кезегінен – 33, 74-бетте – 17, 75-бетте – 14, 78-бетте – 10 тармақ қамтылмаса, Құлмамбет кезегінен 76-бетте – 12, 77-бетте – 10 жол кесіліп тасталған.

Айтыстағы бір топ сөз, тіркестердің түпнұсқадан дұрыс оқылмағандығы айқын аңғарылады. Пікіріміздің айғағы ретінде бірнеше мысалдар келтірмекпіз. Құлмамбеттің: «Қамалып қам теріге бүрмеленбе, Қысты күні қар астында қалған шөптей», – деген жолдарындағы «қам» эпитеті жинақта «қау» болып қате оқылған. Айтысты көшірушінің әріп таңбасында араб әліпбиіндегі сөз аяғы м және у дыбыстары ұқсас жазатындығынан, олар орын ауыстырып оқылған сияқты. Бірақ көшірушінің у әрпіне қатысты қойған белгісін [v] құрастырушылар неліктен байқамағаны түсініксіз. Халық ұғымында «қам тері – тұздалмаған, иленбеген шикі тері. Мұндай тері кепкен соң құрысып қалады да, іске жаратуға қиындық туғызады. Қар астында қалған шөптің де жылқы сияқты тебін малы болмаса, өзге малға пайдасы аз. Құлмамбет осы тұста қарсыласы мен шөпті, тері мен қарды шендестіре отырып көркем образ жасауға талпынған. Анық оқылмағандықтың салдарынан ақынның мына өлең жолдарынан да мәні өзгерген сөз анықталды:

Бұлбұл қонақ бастанған Екейім-ай,
Жұлып алып басыңды кетейін бе-ай!

Жамбыл жинағында алғашқы тармақ «Бұлбұл қабақ секілді Екейім-ай» делініп, «қонақ» ұғымы – «қабақ» зат есіміне айналып, «бастанған» сөзі – «секілді» көмекші етістігіне өңделген. Бұған себеп, ұзақ сақталған қолжазбаның ескілігінен аталған сөз көмескіленіп, анық оқылмағандығына болжам жасауға болады. Біріншіден, «бұлбұл қабақ секілді» деген тіркестер халық поэзиясында да, жазба әдебиетте де кездеспейтін теңеу. Жұдырықтай бұлбұл құсының қабағын байқап, оны адамға балау мүмкін емес.

Екіншіден, түпнұсқа негізінде «Бұлбұл қонақ бастанған Екейім-ай» дегенде Құлмамбеттің көкейінде Жетісуда ақын ретінде танылмаған Жамбылды «Бұлбұл құс сияқтанып әр жерлерде өнер көрсеткенсіп жүрген көптің бірісің, сен менің тегеурініме қалай шыдамақсың» деген әжуа, мысқыл ойдың ұшқыны жатқандай. Шынында да дәл сол

сәтте Жамбылға қарағанда Құлмамбеттің өнердегі беделі, айтыстағы тәжірибесі мол еді. Акын жас қарсыласына соны тұспалдап тұрған сияқты.

«Құлмамбет пен Жамбыл айтысының» бүгінгі күнге жеткен бірден-бір түпнұсқасы Ү.Кәрібаев қолжазбасы екені жоғарыда айтылды. Бірақ өзге де нұсқалары болғаны күмәнсіз. Осы пікірімізге Жамбыл өмірінің соңғы жылдарын бірге өткізген белгілі тұлғалардың естеліктері растайды. Е.Ысмайылов: «Бізде Құлмамбет пен Жамбыл айтысының екі варианты бар еді, біреуі 1932 жылғы Сәкеннің «Қазақ әдебиеті нұсқалары» жинағында басылғаны, екіншісі 1938 жылы Кененнен жазылып алынғаны еді. Екеуін оқып беріп едік, Жамбыл аса ықылас танытып тыңдап отырды да: «Көп жері бүлінген екен. ... Енді шырақтарым, осы айтысты Үмбетәлі екеумізден жайланып отырып қайта жазып алыңдар, – деді» [157, 96-138], – деп, айтыстың үш нұсқасы болғаны жөнінде маңызды мәліметтер келтірсе, Жамбылмен қоян-қолтық араласып, өмірі туралы алғаш толымды еңбек жазған С.Бегалин: «...Жамбылдың бұл айтысын Үмбетәліден жақсы білетін де, айтатын да кісі жоқ. Үмбетәлі Жамбылдың өз айтуынан үйренген» [158], – дегенді айтып аға ғалымның соңғы мәліметін нақтылай түседі.

Осы орайда, акын М.Хакімжанованың тағы бір нұсқасы туралы тың дерегіне де жүгінген орынды сияқты: «Осы жылдары Жамбылдың көптеген еңбектері орыс тіліне қауырт аударылып жатты. Москвадан Марк Тарловский деген ақынды шақыртып «Жамбыл мен Құлмамбет ақынның айтысын» аудартпақ болды. Қартайып қалған Жәкең мұндай ұзақ айтысты түгелдей қайдан қайталап айтып бермек. ...Сондықтан өзін Жамбылдың шәкіртімін деп білетін орденді халық ақыны Саяділ Керімбековті алдырдық. Ол кісі бұл айтысты Жәкеңнің айтуынан бала кезінде ауызекі жаттап алған. ...Жәкеңнің осы айтысын Саяділден Самат Нұржанов екеуміз жазып алғанбыз. Бұл жерде бір айта кететін гәп, 1931 жылы осы айтысты Саяділ жазып академияға өткізген екен. Соны естіп қалған Тайыр академиядағысы мен біз жазып алған нұсқаны салыстырып, соңғысын қабылдағаны есімде» [159, 101-102].

Өкінішке қарай, бұл нұсқа бізге белгілі қорларда сақталмағандықтан, танысудың сәті түспеді. Орталық ғылыми кітапхана қорындағы 317-бумадан өзге 651-буманың 5-дәптеріндегі латын әрпінде машинкаға басылған нұсқаларды тапсырушылардың аты-жөні көрсетілмеген. Нұсқалар демекші, соңғы бумадағы айтыс мәтінінің екі бөлек екені аңғарылады.

Алғашқы мәтіннің Үмбетәлі нұсқасынан көп ерекшелігі байқалмағанымен, кейінгісінде айтарлықтай өзгешеліктер кездеседі. Әсіресе, кей ұқсас сөз тіркестері, тармақтар екі ақынның да жырында орын алғаны бірден көзге шалынады. Құлмамбет айтыс басында [1996 жылғы жинақта 75-б, 30-31 жолдар]:

Мылтыққа салып қойған мен бір пестон,
Асықсаң ажалыңа келші балам! –

деп айбат шегіп, өктемдік танытса, Жамбыл да өз кезегінде қарсыласына дәл осы мазмұнда сес көрсетеді [72, 2-3 жол.]:

Мылтықтай түтеп тұрған мен бір пестон,
Асықсаң ажалыңа кеші бермен!

Тағы да Құлмамбеттің алғашқы кезегінде көрсетілген жолдарға тым сарындас, мәндес мына тармақтарды ұшырастырамыз [ОҒК.317-бума]:

Мылтықтай түтеп тұрған мен бір пестон,
Асықсаң ажалыңа келші балам!

Құлмамбет пен Жамбыл сияқты аса ірі импровизатор ақындар бірінің ойын, өлең жолдарын, екіншісі өз кезегінде дәл қайталап айтуы қисынға келмейді. Мұндай кемшіліктер айтыс мәтінін саралау кезінде кеткен сыңайлы. Құрастырушылар осы үш нұсқаның негізінде айтыс мәтінін баспаға әзірлеп келгені белгілі болды. Профессор С.Садырбаев 1932, 1940, 1946 жылдарда жарияланған мәтіндерге текстологиялық сараптаулар жүргізсе, біз өз тарапымыздан соңғы басылымдарға шолу жүргіздік. Одан шыққан қортынды қосымшада келтірген жолма-жол салғастыруымызда айқын көрініс берген. Өзіміз сүйенген ғылыми пікірлерді түйіндей келіп, 317-бума Үмбетәлінің жеке тапсырғаны, ал 651-бумадағы мәтіндерді 1939 жылдың қарашасында Жамбылдың КСРО Ғылым академиясының қазақ филиалына барған сапарында Үмбетәлі екеуінің бірін-бірі толықтырып жаздырған нұсқалары деп топшалауға болады. Сол жолы Жамбылмен жүрген топтың қатарында болған Е.Ысмайыловтың естелігі осы тұжырымға айқын дәлел болады.

«Құлмамбеттің ақырғы сөзі» толғауының Н.Ерубайұлы нұсқасын [160] профессор М.Жолдасбеков алғаш «Жұлдыз» журналында [161, 208-209], араға он жылдан салып «Асыл сөздің атасы» [162, 80-82] кітаптарында үзінділерін жариялады. Өзге Е.Құлсариев нұсқасы Орталық ғылыми кітапхана қорында [163], Ә.Матайұлы жеткізген мәтін М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба Орталығында [164] жинақталған. Соңғы қысқа нұсқаны жазушы Т.Қаупынбаев «Бабалар аманаты» [165, 132-126] жинағына енгізді. Толғаудың алдыңғы нұсқаларының толық мәтіні тұңғыш рет Құланаян Құлмамбеттің жеке кітабында жарық көрді [155, 114-133]. Сақталған қолжазбаларды салыстыра қарастырғанда, Ә.Матайұлы тапсырған жазба Е.Құлсариев нұсқасының үзіндісі екені анықталып, ал қалған толық екі нұсқаның арасында айырмашылықтар аз еместігі айқындалды. Ертай нұсқасының көлемі 455 жолды құрайды.

Толғау:

– Айнабек, келіп түстім мекеніңе,
Келеді ердің жасы екі елуге.
Құлмамбет бір-екі ауыз сөз қалдырсын,
Дүниеден ажал жетіп өтерінде, –

деп басталып, жырлаушының мына жолдарымен аяқталады:

Қаза жеткен жеріне кәлима айтып,
Онан соң жаназалап, ақым еткен.
Ақыры Құлмамбеттің солай болып,
Осы сөз, осыменен тамам, біткен.

Шығарманың алғашқы бөлігінде ақын өмір бар жерде өлім жақын жүретінін, өмір-керуен екенін дәлелдейтін кең толғамды философиялық тұжырымдар айтады. Өзінің өмір жолына көз жіберіп, алпыстан асқан өмірінің бір күнгідей білінбей өте шыққанын арман қылып, мұңын шағады. Нұрсейіт нұсқасының да бірінші бөлімі осы сарындас болып келгенімен, мүлде шенеспейтін, түсіп қалған өлең шумақтары көп.

– Бұл дүние әлі-ақ өтер кимағанмен,
Сыйласқын өз басыңды сыйлағанмен.

Дүниенің бір тиындай пайдасы жоқ,
Қызық деп тірлігінде жинағанмен.

Денемде арам ет жоқ қазанат ем,
Талаймен бір уақытта жамағат ем.
Лауға күндіз-түні болдырмаған,
Қалдырмас адам көңілін азамат ем.

Руым – Қызылбөрік, Құланаян,
Пенденің қылған ісі Құдайға аян.
Қолынан сусын беріп, көзі көрмей,
Арманда боп қалды ғой жалғыз балам.

Арманда қалды-ау, жалғыз балам,
Салған соң Құдай басқа, бар ма шарам?
Өлді, – деп Құлмамбетті естігенде,
Басына түседі ғой ақырзаман.

Сені деп ертелі кеш зарлаушы еді,
Қарағым, не болады екен ғаріп анаң.
Әрі барар дәрмен жоқ, бері келер,
Боп қалды-ау екі ортада күнім қараң.

Руым – Құланаян, Қызылбөрік,
Қолынан дәм татырған, тұзын беріп.
Тым болмаса өлмедім армансыз боп,
Шырағым Арызханның жүзін көріп.

...Ауызға сөз келеді **ойран-ойран**,
Көңілім осы жылы боп ед жаман.
Бар Құдай ауылдан-ақ жазған екен,
Өмірім Түргенге кеп болды тамам.

Атыңнан айналайын құдірет палақ,
Сыймайды бір кермеге екі талап.
Жасымнан бері қарай қуып едім,
Түбіме жеткенің бе, дүние жалап, –
деген шумақтар Ертай нұсқасында қамтылмаған. Туған жер мен өскен
ел, жалғыз қызы Арызханға деген жүрек жарды сағынышы Нұр-

сейіт жеткізген мәтінде ерекше суреттеледі. Бұл – заңды құбылыс. Ұзатылған бір қыздан өзге кіндігінен ұрпақ өрбімеген шерменде акын жеке басының зарын соңғы рет жыр жолдарына айландыруы әсерлі әрі нанымды. Сондықтан да осы шумақтар негізгі нұсқадан орын алуға тиіс.

Толғаудың Н.Ерубайұлы өткізген мәтіннің тармақ саны – 281. Басқы шумағы:

– Жаратқан барша жанды жалғыз Алла,
Батасын қысылғанда берер жанға.
Күні біткен барады күнде өтіп,
Біз келген саудагерміз бұл жалғанға.

Аяққы шумағы:

– Нашарланды хал-жайым,
Қош аман бол, ағайын,
Тілімді Құдай байладың.

Нұрсейіт нұсқасындағы бастапқы және соңғы жолдар Ертай жырлаған мәтінде де кездеседі. Бірақ өзгерген сөз тіркестері аз емес. Атап айтқанда, Нұрсейіттегі: «Біз келген саудагерміз бұл жалғанға», – деген тармақ Ертайда: «Біз келген керуенбіз дүнияға», – болып өзгеріспен берілген. «Саудагерміз – керуенбіз» ұғымдарының кейінгісі көшпелі елге етене жақын, дала даналығынан туындағаны даусыз. Жырлаушының соңғы сөзін айтпағанда, Е.Құлсариев нұсқасында аяққы шумақ: «Қатын-балам, аман бол, Күніңді қараң айлаған», – деген жолдармен тәмамдалады.

Е.Құлсариев нұсқасында 443-жолдан кейін түсіп қалған мына жолдар Н.Ерубайұлы нұсқасының соңғы жағында қамтылған:

– Сұлуды сүйіп жасымда,
Жүйрікті мініп жайладым.
Алты Албан сенің арқаңда,
Жылында жүз мал айдадым.
Әр жақсының алдында
Қызыл тілді қайрадым.
Тамам жүйрік бас қосса,
Сескеніп, сірә, таймадым.

Ойқара-ағаш, Тәшкенде
Бектер өткен жер екен,
Бірінен бір тай алмадым.
Талайының алдында
Бұлбұлдайын сайрадым.
Бақтың қайтқан кезінде
Жұрттың түрі осы ма?
Теңгеге де толтырмай,
Талайдың алдым жармағын.
Сопылыққа бел байлап,
Басқа сәлде байладым.
Бар тапқаным сол болды –
Әзірет сұлтан барғаным.
Алла, – деп, барып, зар жылап,
Үш мәрте зиярат айладым.

Ертай Құлсариев [1892-1958] – Құлмамбет шығармашылығын жинаушы С.Керімбеков, Ә.Мәлкеұлы, Ә.Матайұлы, М.Жігітекұлы секілді Алматы маңында туып өскен ақын. Құлмамбеттің «Ақырғы сөзін» бала жастан жаттап өскен Ертай 1939 жылы КСРО Ғылым академиясының қазақ филиалына қолжазбасын өз қолымен тапсырған. Сондықтан бұл мәтіннің түпнұсқаға бір табан жақын деп айтуға болады. Осы ретте жоғарыда көрсетілген Н.Ерубайұлы қолжазбасындағы кей үзінділерді тиісті орындарына кірістіре отырып, композиция, мазмұны мен көлемі жағынан толықтыра түскен орынды сияқты.

Және бір айта кетерлік жайт, толғаудың жарияланымдары мен қолжазба арасындағы айырмашылықтар төңірегінде болса керек. Нақтылай айтқанда, М.Жолдасбеков «Асыл арналар» жинағында жариялаған толғаудың үзіндісі мен түпнұсқаны салғастырылғанда біршама өзгешеліктер анықталды [толғаудың мәтіндік текстологиясы қосымшаға ұсынылды].

«Құлмамбеттің Батталқазыға айтқаны» атты арнау өлеңді Н.Ерубайұлы жеке туынды ретінде жазып алған болса [163], Е.Құлсариев қолжазбасында толғаудың алғашқы бөлігіне еніп, бір шығармаға айналып кеткен. Шындығында, екеуінің мазмұнына қарап тұтас бір туынды екенін айқындау қиынға соқпайды. Құлмамбет Түргендегі Айнабек дегеннің үйінде ауыр сырқаттанып жатып, замандасы Батталқазы төренің молдасын алдырып «Ақырғы сөзін» жаздырады. Көзі жұмылып, тілі байланғанша Шымкенттен шығып еліне жеткенше жол

бойы басынан өткен оқиғаларға тоқталып отырады. Әсіресе, өліміне себепші Қастекте көрген түсіне ерекше тоқталып өтеді.

Түсінен шошынып оянған ақын ажалдың шеңгеліне іліккенін ұғынады. Үш күндік өмірдің мың шақырым артта қалған отбасына қайтуға да, Алатаудың күнгейінде жатқан ағайынмен бақұлдасуға да жетпейтінін сезініп, адасқан қаздай екі арада қалады. Ақырында әке аманатын орындауға пейіл білдіріп, Түргенді бетке алады:

Үш күндік өмірмен жүріп кеттім,
Жазуы солай болды-ау құдіреттің.
«Әкем айтқан жеріне барайын», – деп,
Иман сұрап Құдайдан үміт еттім.

Санаулы күннің бірін Алматыдағы Батталқазы төреге қиып, аталған арнауын шығарады. Шындығында, Түргенге науқастанып жеткен Құлмамбет ақтық сөзін айтып жатып көз жұмады. Өкінішке орай, хатқа түскен толғаудың түпнұсқасы сақталмағандықтан, бүгінгі күнге тек ауызша нұсқалары ғана жеткен.

«Құлмамбеттің қырғыз Шабдан батырға айтқан» арнау өлеңі ақынның жеке жинағында жарық көрді [155, 137-140]. К.Әзірбаев жинаған араб [166] және латын [167] әріптерінде жазылған түпнұсқалары Орталық ғылыми кітапхананың сирек қорында топтасқан. Екі қолжазба да Кененнің аузынан жазылғандықтан, айтарлықтай өзгеріс байқалмайды. Тек латынша мәтінінде аздаған орыны ауысқан сөз тіркестері кездеседі. Сондықтан алғашқы қолжазбаны түпнұсқа ретінде қабылдауға толық негіз бар.

Бірі сөзбен түйіндер болсақ, Құланаян Құлмамбеттің айтыстары мен бірлі-жарым арнау, толғаулары болмаса, жоғарыда айтылғандай басқа туындылары дер кезінде жиналмағандықтан, бүгінгі күнге жетпей қалды. Сол себептен де оның шығармаларын өзге халық ақындарының творчествосымен салғастыру қажеттілігі туындамайды. Орыс текстологы Д.С.Лихачевтың пікірінше: «Текстология дегеніміз – мәтінді жарыққа шығаруды реттейтін қосымша пән емес, ол – шығарма мәтінінің тарихын зерттейтін жеке ғылым. Оның іс жүзіндегі көріністерінің бір белгісі – мәтінің ғылыми басылымы» [122, 219]. Осы озық тәжірибені басшылыққа ала отырып, Құлмамбеттің қолда бар еңбектерін текстологиялық жүйелеу барысында түпнұсқаға жақын мәтіндері анықталды. Олар практикалық негіз ретінде жұмыстың қосымшасына ұсынылды.

Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы

Құланаян Құлмамбеттің ақындық өнерінің, сабақтасу, даму жолдарын, өзіне тән ерекшеліктерін жан-жақты сараптап, зерттеу нәтижесінде оның бүгінгі кезге дейін белгісіз болып келген қырларын, туу, қалыптасу бағыттарын айқындауға болады. Ақынның халық әдебиеті үлгісіндегі толғау, арнаулары, импровизация дәстүрінде дүниеге келген айтыс-қағыстарының поэтикалық өрнегі, текстологиялық мәселелері, ірі жыр бәсекелеріндегі ақындық шеберлігі тақырыпты игеру барысында талданып қарастырылды. Қолда бар материалдардың негізінде алғаш рет шығармашылық өмірбаяны жазылып, тың мағлұматтар берілді. Ақын шығармашылығының халықтық сипаты, танымдық-тәрбиелік ролі поэтикалық дәстүр аясында сабақтастырыла сараланды. Құлмамбеттің өнерпаздық тәлімінің ақындық ортасына болған ықпалы, әсері анықталды.

Құлмамбет жасынан халық әдебиетінің сан ғасырлар үзілмей келген асыл мұраларының үлгілері мен ақындық, жыршылық, шешендік мектептердің өнер-өнегесінен нәр алып, оны өз тарапынан жетілдіре, кемелдендіре отырып, кейінгі ұрпаққа жеткізуге ұйытқы болды. Әсіресе Қабан жырау, Шөже, Сүйінбай, Қаңтарбай, Түбек, Жанақ, Бақтыбай, Сарбас, т.б. ақындық поэзияның ірі өкілдерінің ықпалы Құлмамбет үшін даналықтың, өнерпаздықтың үлгісі. Құлмамбет те өзі құрмет тұтқан осы тәлімгерлерінің екі үлкен ұлағатты кеңесін ерекше қастерлеген.

Біріншісі, айтыста болсын, өлең, толғауларда болсын шындыққа жүгініп, ұшқыр ой, ұтқыр жауап, өрнекті тілмен қаумалаған тыңдаушыны баурап алу.

Екіншіден, шығыс аңыз, ертегілерін желілі жырға келтіріп жырлау. Бұл эпикалық дәстүр – Жетісу ақындарының бәрінің дерлік бойына қалыптасқан қасиет. Тіпті, тарихи тұлғаларды өлең, жырға қосып айту да XIX ғасырда ерекше белең алған еді.

Еңбекте қамтылған көкейтесті мәселелердің бірсыпырасы Құлмамбеттің төңірегіндегі ақындардың жеке бастары мен әдеби-мәдени ортасы, олардың сол тұстағы заман ағымының шындығымен тұтастандырыла, тоғыстырыла зерттелген сияқты. Осы ақындық жалғастықтың өзіндік дәстүрі, олардың бір-бірімен қарым-қатынастары, байланыстары, өзара әсер-ықпалдары кеңінен қарастырылды. Құлмамбеттің шығармашылықтағы даралығының озық жетістіктерін – оның өзімен үзеңгілес, немесе кейінгі буын ақындардың танымдық, көркемдік-

эстетикалық деңгейі тұрғысынан айқындауға болады. Бұл қатардағы өнерпаздар өзіне дейінгі дарынды тұлғалардан, халық әдебиетінің даналық үлгілерінен үйренумен бірге, Құлмамбеттің де ақындық шеберлігінен, айтыстағы мол тәжірибесінен үлгі алды әрі жеке шығармашылығына кеңінен пайдаланды.

XIX ғасыр ақындық поэзияны шырқау биікке көтерсе, сол дәрежеге жеткізген соқпақ жол – айтыс өнері екені даусыз. Ілкі замандардан жеткен көне сүрлеуді жалғап, өз тарапынан кемелдендіре отырып, тың межеге көтеруде Құлмамбеттің атқарған еңбегі ұшан-теңіз. Құлмамбет – ең алдымен, айтыс ақыны. Оның есімін ел есінде сақтаған да осы өнері. Бұл анықтама өнердің өзге саласындағы қырларын жоққа шығармаса керек. Ақынның Түбекпен, Майкөтпен, Жамбылмен айтыстары, Уәзипа, Тұрсынай, Қаламқас қыздармен қағысулары еліміздің әр қилы аймақтарынан түрлі нұсқаларда жетуінің өзі Құлмамбетке қатысты халық ықыласын білдіреді.

Құлмамбет айтыстарының бәрінде дерлік адам мен заман бейнесі барынша кең көрініс тапқан. Ол бала кезінен ел мен жер шежіресін, тарихи оқиғалар мен оларда кездесетін адам аттарын жаттап өсіп, айтыстарында, толғауларында қажеттілігіне орай жиі қолданып отырған. Атап айтқанда, «Ақырғы сөз» толғауының өзінде Жетісу мен Оңтүстік өлкелеріне танымал 80-ге жуық адамның есімі аталып, оларға жеке-жеке тоқталып отырады. Айтыстарында да халық өмірі, ел тізгінін ұстаған азаматтар мен олардың атқарған игі істерінің сипаты көрініс тауып жатады. Құлмамбеттің осы біліктілігі, зейінділігі қарсылас ақынның кемшілігін жіпке тізетін сәттерінде айқын аңғарылады. Оның бір ғана Түбекпен өткен айтысында Бәйдібектен тараған бірнеше рулардың шежіресі, Абылай ұрпақтарының Жетісуға келіп ел билеуге араласуына байланысты төрелер шежіресі шынайылықпен бейнеледі. Доңыз жылы Найман жұртының алапат жұтқа ұрынып, аштықтан күйзелген елдің Жетісуды паналағанын Түбектің есіне салып, халық басындағы, ұлт санасындағы келелі мәселелерді көтереді. Айтыс аяқталмағанмен де, Құлмамбеттің өзін алқалы топта көрсете алған, өлең-сөздің құдіретін, ақындық даралығын, арқалылығын, талант, дарын қуатын таныта алған алғашқы жыр бәсекесі болды.

Ақын Майкөтпен болған жыр сайысының бастапқы тұсында ел мен жер байлығын дәріптегенмен, негізінен діни, саяси-әлеуметтік мәселелерге ден қояды. Қоқан, орыс отаршылдарының зорлық-зомбылық әрекеттері әшкерелеп, соларды жақтаған теріс пиғылды билік иелерін өткір сынға алады. Айтыстағы өмір шындығы, дәуір келбетінің терең

де дәл бейнеленуі шығарманың ішкі мән-мазмұны мен көркемдік қасиеттерін аша түскен.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы заман ағымын, ел тіршілігі болмысының нақты көріністерін суреттеген көркем де кесек туындылардың бірі – Құлмамбеттің Жамбылмен айтысы. Ілгергі-бергі зерттеулерде бұл шығарма туралы қалам тартпаған әдебиеттанушы кемде-кем. Жамбылмен айтысқан Құлмамбет, Сарбас, Досмағамбет секілді тарлан таланттардың шығармашылығы жөнінде сөз қозғағанда, оларды үстем тап өкілдерін жақтаушы, кертартпа ақындар ретінде тану – күні өткен, кеңес идеологиясымен бірге кеткен ескі көзқарас. Осындай біртума дарын иелерінің қазақ әдебиеті тарихындағы орнын анықтап, тиісті бағаларын беру арқылы ұлы Жамбылдың есімін одан сайын асқақтата түсетініміз анық. Зерттеу барысында айтыс өнерінде Жамбылдың бағын ашқан бұл туынды туралы жаңа көзқарас, соны тұжырымдар айтылып, жыр сайысы қай жылы, қайда өткені жайында нақты пікір, дәйекті дәлелдер келтірілді. Сондықтан ендігі жерде айтысқа қатысты біржақты, ұшқары тұжырымдар жасалмайтығындығына сенгіміз келеді.

Құланаян Құлмамбеттің азын аулақ өлең, жырларының арасынан «Ақырғы сөз» толғауының алатын орны ерекше. Соңғы демі үзілер сәтте тіршіліктегі бар саналы ғұмырын ой елегінен өткізіп, артта қалған отбасының тағдырына алаңдайды, қозыкөш жерде жатып көре алмаған жалғыз қызын, жете алмаған туған жері мен елін армандайды. Шығарма лирикалық сарыннан терең философиялық мәнді толғау деңгейіне дейін көтеріліп, адамгершілік, бірлік, татулық идеялары өзекті мәселе ретінде түйінделеді.

Құлмамбет шығармаларының тілі көркем, әсем де айшықты нақыштармен астарланып, өрелі де тапқыр оймен әдіптеніп, ұйқас қисынымен көмкеріліп жатады. Көркемдік-бейнелеу құралдары өзара қабысып, бір-бірімен тығыз байланысып отырады. Мазмұны мен пішіні, сөз суреттілігі мен ұйқас үндестігі ақын даралығын, шеберлігін байқатады. Құлмамбеттің жыр сарындарын күйге айналдырып, немесе күй ырғақтарын жыр сарындарына ұластыруға шеберлігі көбінесе эпикалық жырларды орындау үстінде көрінген. Өлеңді әуенмен, термені мақаммен, жырды сарынмен үндестіріп, сөз мәні мен мәнерлілігін, ұйқас пен ырғақ әуезділігін дене қимылдарымен үйлестіре орындау – импровизациялық өнерге тән қасиет. Сөз өнері мен саз өнерін біртұтас, қатар зерттеу де әдебиеттану ғылымы үшін өзекті проблема. Көркемдік тәсілдерді орнын тауып, қисынына келтіре пайдалану

ақындық шеберлікке байланысты. Айтыскер ақын өзінің сөздік қорын байыту үшін халық әдебиетінің мол мұрасын, мүмкіндігінше, ауқымды түрде игеруі, оның сан-салалы құбылыстарын жете түсінуі, әр сөз тіркесінің мәні мен мағынасындағы ерекшеліктерді, құбылтулар мен құлпыртуларды айқын меңгеруі қажет. Қазақ айтыс өнерін жалғаушы әрі дамытушы Құланаян Құлмамбет – дәстүрлі ақындық поэзия мен халық әдебиетінің озық үлгілерін өз шығармашылығына көркемдік құрал ретінде молынан пайдалана білген шебер ақын.

Құлмамбет мұрасының тұңғыш рет текстологиялық тұрғыда сараптаудан өтуінің өзі еңбектің күрделілігін меңзейді. Оның шығармаларын жинау, жариялау, зерттеу жұмыстары ұзақ жылдар салыстырмалы түрде ғана жүргізіліп келгендіктен, текстологиялық жүйелеу шаралары қажет болмады. Тек, Жамбылмен айтысы ғана 1982, 1996 жылдары толық текстологиялық електен өтіп, ғылыми айналымға енді. Алайда, мәтіндік салғастыру барысында өзгерген сөз тіркестері, тармақтар, түсіп қалған шумақтар анықталып, түпнұсқа негізінде қалпына келтірілді. Құлмамбет – ауыз әдебиетінің өкілі, импровизатор ақын, сондықтан оның туындыларының бірнеше нұсқалары болуы заңды құбылыс. Осы пікір басқа да халық ақындарының мұраларына қатысты.

Текстология қазақ әдебиетіне өте кешеуілдеп, кенжелеп енген ғылым саласы болғандықтан, етене жақындап, сіңісіп кете қойған жоқ. Соның салдарынан ондаған халық ақындары мен жырауларының қолда бар шығармаларына текстологиялық зерттеулер жүргізілмей келді. Кеңес дәуірінде баспаға әзірленген халық ақындары мұраларының қажетті нұсқасы тандалып, оның өзінде құрастырушылар мен редакторлар тарапынан жал-құйрығы күзеліп, ең соңында цензура сүзгісінен өткендері ғана басуға жіберіліп отырған. Мұндай кемшіліктер «Айтыс» жинақтарын құрастырғанда ерекше белең алған. Соның бір дәлелі Құлмамбет айтыстарынан айқын көрінеді.

Бүгінгі таңда Құлмамбеттің Түбекпен айтысының бес, Майкөтпен айтысының алты нұсқасы сақталған. Солардың арасынан «Құлмамбет пен Түбек айтысының» М.Көбеев, «Құлмамбет пен Майкөт айтысының» С.Мүкеұлы нұсқалары қайталанып бірнеше рет жарияланып отырған. Бірақ өзге нұсқаларымен мәтіндік текстологиясы талданып, ғылыми түсініктері жазылмаған. Осы олқылықтарды түзету мақсатында, ақынның барлық шығармаларына текстологиялық зерттеулер жүргізіліп, түпнұсқаға жақын үлгісі жасалды. Бұл ретте, бірнеше мәселелерге ерекше назар аударуға тура келді.

Бірінші: ауыздан-ауызға жеткізушілер тарапынан кеткен қателіктер. Айтыстарды жырлаушы, жазып алушылар мәтіндердің кей жолдарын, шумақтарын тастап кетеді, немесе өз жанынан қосып жіберуі де мүмкін. Сөз тіркестерінің өзгеріп отыруы да осындай сәттерде жиі бұзылып отырған. Кейде жеткізуші рулық, туыстық жақындығын пайдаланып түрлі өзгерістер, түпнұсқада жоқ тармақ, шумақтар енгізіп жіберуі кәдік.

Екінші: шығарманы тікелей жазып алушыдан көшіру үстінде жазып үлгірмеу; немесе қайсы бір сөз тіркестерін қағыс есту; болмаса сауатының шамасына байланысты қате көшіру сияқты өрескел кемшіліктерді ескермеуге болмайды. Үшінші: осы қолжазба мәтіндерін баспаға әзірлеуде қадім, шағатай жазуларындағы жеке сөз тіркестерін қате оқу; кей өлең жолдары мен шумақтарын оқу мүмкіндігі болмағандықтан тастап кету; араб, парсы, көне түркі тіліндегі сөздердің мәнін түсінбеу; өз бетінше редакция жүргізу тәрізді құрастырушы, бастырушылар қолынан жіберілген кемшіліктер аз емес. Төртінші: кеңес дәуіріндегі идеологиялық кедергілердің әсерінен дінге, «аға ұлт» дәрежесіндегі орыс халқына байланысты сөздер, тіркестер басқа баламалармен ауыстырылып, тіпті кей шумақтар алынып тасталған. Біздіңше, мұндағы басты мақсат – Құлмамбетті дәулетті бай-манапты, атқамінер би-болыстарды мақтаушы кертартпа ақын ретінде көрсетіп, Майкөт пен Жамбылды еңбекті, елдікті, ерлікті дәріптеуші халықшыл тұлға деңгейіне көтеру. Сол себепті, айтыс мазмұнынан тап теңсіздігін, ру қайшылығын тауып, идеологиялық тұрғыда талданған.

Еңбекте сонымен қатар, Құлмамбеттің баспа жүзін көрген туындылары мен олардың түпнұсқасы, қолжазба нұсқалары жолма-жол, сөзбе-сөз салғастырыла отырып, мәтіндер арасындағы айырмашылықтар ашылды. Бұл зерттеулер негізгі түпнұсқа мәтіндерін даярлауға жол ашты. Құланаян Құлмамбеттің ақындық өмірі, шығармашылық жолдағы даралығы, сол өнер соқпағындағы шыншылдық пен турашылдық қасиеттері, оны маңайындағы ақындардың ұстазы деңгейіне көтерді.

Түйіндеп айтқанда, XIX ғасыр поэзиясында алатын көрнекті орны бар Құлмамбет ақын – халқымыз қастерлеп өткен айтыс өнеріне тың леп қосып, оны кейінгі ұрпаққа түрлендіре, кемелдендіре жеткізуші хас шебер ақындардың бірі. Мұның өзі ақын шығармашылығының өзіндік бет-бағдары мен ешкімге ұқсамайтын ерекшеліктерін айқындайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДӘЙЕККӨЗДЕРІ



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДӘЙЕККӨЗДЕРІ:

КІРІСПЕ

1. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: ҚМКӘБ, 1959. – 559 б.
2. Мұқанов С. Айтыс туралы // Айтыс. – Алматы: Жазушы, 1988 б.
3. Ысмайылов Е. Ақындар. – Алматы: ҚМКӘБ, 1956. – 340 б.
4. Бегалин С. Жамбылдың өмір кезеңдері // Орталық ғылыми кітапхананың қолжазба қоры [ОҒК], 644- бума.
5. Нұртазин Т. Жамбылдың айтыстары // Шеберлік туралы ойлар. – Алматы: Жазушы, 1968. – 288 б.
6. Сүйінішәлиев Х. **Ақын айтыстары** // Лениншіл жас, 1955, 22 маусым.
7. Сильченко М.С., Смирнова Н.С. К вопросу О Дjamбуле импровизаторе // Вестник АН Каз ССР. 1946, №7-8.
8. Кенжебаев Б. Жылдар жемісі. – Алматы: Жазушы, 1984. – 288 б.
9. Нұрмағамбетова О. Айтыс өнерінің дүлділі // Лениншіл жас, 1972, 3 маусым.
10. Тәжібаев Ә. Жамбыл – ұлы заманның ұлы ақыны // Жамбыл және қазіргі қазақ поэзиясы. – Алматы: Ғылым, 1976. – 270 б.
11. Жолдасбеков М. Жүз жыл жырлаған жүрек // Жалын, 1972. №2.
12. Қасқабасов С., Әлібек Т. Құланаян Құлмамбет // Ғылым министрлігі – Ғылым Академиясы Хабарлары. Тіл және әдебиет сериясы, 1998, №4.
13. Бердібай Р. Жыраудан қалған жауһар сөз // Егемен Қазақстан, 1996, 23 тамыз.
14. Садырбаев С. Жамбыл мен Құлмамбет айтысының тарихи сипаты // Жұлдыз, 1983, №5.
15. Төрекұлов Н. Жүз жасаған бәйтерек. – Алматы: Жазушы, 1989. – 240 б.
16. Назарбаев Н. Жамбыл туралы сөз // Жамбыл туралы сөз. – Алматы, 1996. 153 б.
17. Сейфуллин С. Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары. – Қызылорда: ҚМКӘБ, 1931.
18. Джабаев Дjamбул. Избранные произведения. – Алматы: Ғылым, 1996. 406 с.
19. Айтыс. Т.1. – Алматы: ҚМКӘБ, 1964. – 430 б.
20. Айтыс. Т.1. – Алматы: Жазушы, 1965. – 556 б.
21. Әуезов М. Жамбылдың айтыстағы өнері // Қазақ ССР Ғылым академиясы Хабарлары. 1948, №6.

22. Бегалин С. Сахара сандуғаштары. – Алматы: Қазақстан, 1976. – 167 б.

23. Садырбаев С. Жамбыл мен Құлмамбет айтысының текстологиясы // Қазақ әдебиеті, 1982, 3 желтоқсан.

24. Ауэзов М. Казахское народное творчество и его поэтическая среда. «Әуезов үйі» Ғылыми-мәдени орталығы, 286-бума.

25. Ауэзов М. Казахстанское народное творчество и его поэтическое среда // Тамыр: Альманах. Вып. 1[3] : искусство, культура, философия. 2001. – 104 с.

26. Жармұхамедов М. Айтыстың даму жолдары. – Алматы: Ғылым, 1976. – 168 б.

27. Дәуітұлы С. Бөлтірік ақын // Азамат болсаң... – Алматы: Жалын, 1993. – 48 б.

28. Сейітжанұлы З. Шыңжаң қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 185 б.

29. Медеубеков С. Бірі – зар заман, бірі – халық жауы, бірі – кеңеске қарсы деп...// Ана тілі, 1996, №34.

30. Мәсімханұлы Д. Қытай қазақтары поэзиясындағы ұлт-азаттық идея [XX ғасырдың 20-50 жылдары]. Фил. ғыл. канд. дисс. автореф. Алматы, 1999. – 28 б.

I-ТАРАУ

31. Жамбыл. Тандамалы шығармалары [Құраст.: Айтов Н., Қараев М., Тілепов Ж.]. – Алматы: Ғылым, 1-т. – 1996. – 312 б.

32. Оңтүстік Қазақстан облысы экспедициясының материалдары // М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Қолжазба орталығы [ӘӨИ]. 1039-бума, 2 -дәп.

33. Қалиев Б., Үшбайұлы К. Қызылбөрік Найманбайдың төрт арысы. – Алматы, 2000. – 67 б.

34. Қаупынбаев Т. Албан шежіресі. – Алматы: «Тоғанай Т», 1997. – 112 б.

35. Ұлы жүз шежіресі // ӘӨИ. 1041-бума, 1-дәп.

36. Төле бидің тарихы // ОҒК. 763-бума, 1-дәп.

37. XV ғасырдан бастап сөйлейтін қазақ шежіресі // ОҒК. 1760, 1-дәп.

38. Сүттібайұлы Д. Нұрила. [С.Дәуітұлының жеке мұрағатынан].

39. Валиханов Ч. Собрание сочинений : В 5-ти т. –Алма-Ата: Каз. Сов. Эцикл., 1985, Т.3. – 415 с.

40. История Казахстана с древнейших времен до нашей дней [очерк]. – Алматы: Дәуір, 1993. – 416 с.
41. Қазақ батырлары // ӘӨИ. 813, 814-бумалар.
42. Құлмамбет туралы деректер // ӘӨИ. 1040-бума, 2-дәп.
43. Ысмайылов Е. Жамбыл және халық ақындары [Құраст. К. Сейдаханов]. – Алматы: Санат, 1996. – 240 б.
44. Жолдасбеков М. Асыл сөздің атасы. – Алматы: Білім, 1996. – 304 б.
45. Бегалин С. Жамбылдың өмір кезеңдері // Орталық ғылыми кітапхананың қолжазба қоры [ОҒК], 644-бума.
46. Садырбаев С. Фольклор және Жамбыл. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
47. Құланаян Құлмамбет. Сөзімнің қыл сыймайды арасына... [Құраст. Т.Әлібек]. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 224 б.
48. Айтыс. – Алматы: Жазушы, 2-т. –1966. – 664 б.
49. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. – Алматы: Ғылым, 1989. 6-т. – 296 б.
50. Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы, 1990. – 350 б.
51. Еңсегей бойлы ер Есім // ОҒК. 513- бума, 1-дәп.
52. Құлмамбет пен Майкөт айтысы // ОҒК. 316-бума, 2-дәп.
53. Қоңыратбаев О. Тұрар Рысқұлов: қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 448 б.
54. Жолдасбеков М. Жамбыл және оның ақындық ортасы // Жұлдыз, 1976, №7.
55. Бегалин С. Жамбыл: Өмірбаяндық хикаят. – Алматы: Жалын, 1996. –184 б.
56. Бегалин С. Өмір хикаялары // ОҒК, 644-бума.
57. Кемпірбайдың Әсетке берген жауабы//ОҒК. 493-бума, 1-дәп.
58. Шал ақын Құлекеұлы. Шығармалар. Зерттеулер. – Алматы: Дайк- Пресс, 1999. – 264 б.
59. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 1989.–Т 2. – 1989. – 496 б.
60. Найманбайұлы Ә. Болжаусыз осы екен ғой өлім деген...// ОҒК. 783-бума, 3-дәп.
61. Алғазыұлы Ш. Көш керуен. – Алматы, 1992. – 124 б.
62. Абылқасимов Б. Жанр толғау в казахской устной поэзии. – Алма-Ата: Наука, 1984. –120 с.
63. Бердібай Р. Кәусар бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1989. – 360 б.
64. Военный сборник. Москва, Спб. 1865, №5.

65. Ысмайылов Е. Ақындық өмір. – Алматы: Жазушы, 1965. – 144 б.
66. Үмбетаев М. Менің пірім Сүйінбай. – Алматы: Қазақ ун-ті, 1992. – 144 б.
67. Янушкевич А. Күнделіктер мен хаттар, немесе қазақ даласына жасалған саяхат туралы жазбалар [Аудар. М.Сәрсекеев]. – Алматы: Жалын, 1979. – 272 б.
68. Тілепов Ж. Түбек Байқошқарұлы // XIX ғасырдағы қазақ ақындары. – Алматы: Жалын, 1988. – 352 б.
69. Тезек Абылайхановтың қазанамасы // Түркістан уалаятының газеті. Ташкент, 1879, №32.
70. Қарқабат пен Түбек айтысы //ОҒК. 315-бума, 2- дәп.
71. Туркестанское ведомости. Ташкент, 1879, №32.
72. Валиханов Ч. Собрание сочинений В 5-ти т. – Алма-Ата: Каз. Сов.Энцикл., Т.2. – 1964. – 664 с.
73. Валиханов Ч. Собрание сочинений В 5-ти т. – Алма- Ата: Каз. Сов. Энцикл., Т.4. –1968. –783 с.
74. Семенов-Тянь-Шанский П.П. Путешествия в Тянь-Шань в 1856-1857 годах. – Москва, 1946.
75. Халидов Қ. Тауарих хамса. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 302 б.
76. Нұржекеев Б. Тезек төре – ерек төре // Тезек төре. – Алматы: Жалын, 1996. –192 б.
77. Айтыс. Т.1. –Алматы: Жазушы, 1965. –556 б.
78. Айтыс. Т.1. –Алматы: ҚМКӘБ, 1964. – 430 б.
79. Жармұхамедов М. Айтыстың даму жолдары. –Алматы: Ғылым, 1976. –168 б.
80. Дала уалаятының газеті [Құрастр. Ү. Субханбердина]. –Алматы: Ғылым. – Т.4. – 1994. – 816 б.
81. Бегалин С. Жамбылдың өмір кезеңдері // Орталық ғылыми кітапхананың қолжазба қоры [ОҒК], 644-бума.
82. Бөлтірік пен Майкөт айтысы //Айтыс. –Алматы: Жазушы. Т.3. – 1966. – 620 б.
83. Смирнова Н. С. Өтеген Батыр // Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1979. –312 б.
84. Лютш Я. Киргизская хрестоматия. –Ташкент Тип. Ф. В. Базилевского, 1883. – 240 с.
85. Гродеков П.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. –Ташкент: типо-лит. С.И. Лактина. –1889. – 398 с.
86. Құлмамбет пен Майкөт айтысы [Алғы сөзін жазған – С.Сейфуллин] // Жаңа мектеп, 1926, №4.
87. Майкөт ақынның өлеңдері // ОҒК. 430, 548- бумалар; ӘӨИ. 411- бума, 10-дәп.

88. Тоғалақ молда. Шығармаларының екі томдық жинағы. – Фрунзе: Қырғызстан, Т.2. –1970. –344 б.
89. Турсынов Е. Возникновение баксы, акынов, сэри и жырау. – Астана: ИКФ «Фолиант», 1999. –252 с.
90. Қасқабасов С. Жамбыл туралы сөз // Жамбыл туралы сөз. – Алматы, 1996. – 153 б.
91. Төрекұлов Н. Жүз жасаған бәйтерек. – Алматы: Жазушы, 1989. – 240 б.
92. Мұқанов С. Алғы сөз // Ж. Жабаев. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы: ҚБМБ., 1946. –736 б.
93. Жамбыл ақын шығармалары // ОҒК. 349-бума, 3 дөп.
94. Қазақтың жыл қайыруы // Солдат, 2000, №6.
95. Дәркенбай Шапырашты. Бір айтыстың ақиқаты // Ана тілі, 1993, 24 желтоқсан.
96. Құлмамбет пен Жамбылдың айтысы // ОҒК. 317-бума, 1-дөп.
97. Бегалин С. Сахара сандуғаштары. –Алматы: Қазақстан, 1976. –167 б.
98. Нұрмағамбетова О. Өшпес даңқың // Социалистік Қазақстан, 1972, 3 маусым.
99. Дәркенбайдың Мейірманьы // ОҒК. 529-бума, 5-дөп. 1935.
100. Дәркенбай мен Максұт әңгімелері // ӨӨИ. 473-бума, 13-дөп.
101. Түркістан губернаторьының бұйрықтары // Түркістан уалаятының газеті. 1873, 13 ғынуар.
102. Әуезов М. Жамбылдың айтыстағы өнері // Жыр алыбы. Алматы, 1971. – 275-б.
103. Кенжебаев Б. Шындық пен шеберлік. – Алматы: Жазушы, 1966. – 365 б.
104. Ұлы жүз шежіресі // ӨӨИ. 1041-бума, 1-дөп.
105. Сүйінбай шығармалары // ӨӨИ. 386-бума, 2, 3-дөп.
106. Сүйінбай. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1996. – 152 б.
107. Бейпіл сөздер. Қазақтың эротикалық фольклоры [Құраст. Сейдімбек А.]. – Алматы: Темірқазық, 2000. – 269 б.
108. Жамбыл ақын шығармалары // ОҒК. 349-бума, 3-дөп.
109. Нұрмағамбетова О. Айтыс өнерінің дүлділі // Лениншіл жас, 1972, 3 маусым.
110. Бұлдыбаев А. Жамбыл дастандары // Ж. Жабаев творчествосы. – Алматы: Ғылым, 1989. – 272 б.
111. Қосбасаров Ә. Жыр тыңдаса Шабдан тыңдасын...// Ана тілі, 1992, 12 қараша.

112. Кәшімов М. Войсковой старшина Шабдан батыр Жантай-ұлының асы // Айқап. 1913, №3.
113. Жансүгірұлы І. Кастерлі қазына // Жұлдыз, 1997. 5 мамыр.
114. Дмитриев С.Е. О ледниках горного узла Челико-Кебинского Алатау // Изв. Турк. ОИРГО, 1913, В.IX.
115. Қоңыратбаев Ә. Эпос және оның айтушылары. – Алматы: Қазақстан, 1975. – 40 б.
116. Құлмамбет пен Майкөт айтысы // ОҒК. 316-бума, 1-дәп.
117. Әуезов М. Әдебиет туралы. – Алматы: Санат, 1997. – 304 б.
118. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 212 б.
119. Медеубекұлы С. Ақыл, нақыл, өсиет. – Алматы: Санат, 1996. – 128 б.
120. Дәуітұлы С. Б. Атыханұлы // XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1994. – 312 б.
121. Бегалин С. Жыр жолы // Дастан ата [Құраст. Н. Төрекұлов]. – Аматы: Жазушы, 1989. – 416 б.

II-ТАРАУ

122. Лихачев Д.С. Текстология. – М., Л. : Наука, 1964. – 102 с.
123. Путилов Б.Н. Современная фольклористика и проблемы текстологий // Русская литература. 1963, №4.
124. Пропп В.Я. Текстологическое редактирование записей фольклора // Русский фольклор: материалы и исследования – М., Л.: 1956. – Т.1. – 347 с.
125. Жансүгіров І. Абай кітабы //Тілші, 1923, 8 мамыр.
126. Әуезов М. Абай жайын зерттеушілерге. ЖТШЖ, – Алматы: Жазушы. – Т.15. 1984. – 328 б.
127. Ахметов З. Современное развитие и традиции казахской литературы. – Алматы: Наука, 1978. – 327 с.
128. Қасқабасов С. Қазақ ертегілерінің текстологиясы туралы // Қазақ ССР ҒА Хабаршысы. 1976. №2, 51-59 б.
129. Сарыбаев Ш. Құрышжанов Ә. Халық жырларының текстологиясы туралы // Қазақ ССР ҒА Хабаршысы. 1959, №9.
130. Сыздықова Р. Текстология мәселелері // Қазақ әдебиеті, 1965, 13 тамыз.
131. Кидайш-Покровская Н.В., Нурмагамбетова О.А. Героическая поэма «Кобыланды-батыр» // Қобыланды. – Москва: Наука, 1975. – 445 с.
132. Мұқамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында. Алматы, 1959.

133. Абдрахманов Т. Сөз текстология жайында // Қазақ әдебиеті, 1965, 13 тамыз.
134. Жармұхамедов М. Айтыс өнерінің арғы тегі мен дамуы. – Алматы: Мұраттас, 2001. – 293 б
135. Шеризат-Гүлшат. Ғылыми басылым // Құраст. Б.Әзібаева]. – Алматы, 2001. – 298 б.
136. Қазақ фольклоры мен әдеби шығармаларының текстологиялық зерттелуі. – Алматы: Ғылым, 1983. – 264 б.
137. Айтыс. Т.1. – Алматы: ҚМКӘБ, 1964. – 430 б.
138. Құлмамбет пен Түбек ақынның айтысқаны // ОҒК. 356-бума, 7-дәп.
139. Нұржекеев Б. Тезек төре – ерек төре // Тезек төре. – Алматы: Жалын, 1996. –192 б.
140. Валиханов Ч. Собрание сочинении в 5-ти т. –Алма-Ата: Каз. Сов. Энцикл., Т.3. –1964. – 667 с.
141. Ұлы жүз шежіресі // ӘӨИ. 1041-бума, 1-дәп.
142. Құлмамбет, Түбек, Тезек ақындардың айтысқаны // ӘӨИ. 337-бума, 4-дәп.
143. Айтыс. – Алматы: Жазушы, 2-т. – 1966. – 664 б.
144. Құлмамбет пен Майкөт айтысы [Алғы сөзін жазған – С.Сейфуллин] // Жаңа мектеп, 1926, №4.
145. Құлмамбет пен Майкөт айтысы // ОҒК. 316-бума, 1-дәп.
146. Айтыс. Т.1. – Алматы: Жазушы, 1965. – 556 б.
147. Құлмамбеттің толғаулары // ОҒК. 316-бума, 1, 2, 3-дәп.
148. Құлмамбеттің Майкөт ақынмен айтысы // ОҒК. 700-бума, 4-дәп.
149. Жамбыл. Таңдамалы шығармалары [Құраст.: Айтов Н., Қараев М., Тілепов Ж.]. – Алматы: Ғылым, 1-т. – 1996. – 312 б.
150. Құлмамбет пен Жамбыл ақынның айтысқаны // ОҒК.317-бума, 1-дәп.
151. Атшабаров Б. Жамбыл мен Құлмамбет айтысының шығу тарихы // Қазақ әдебиеті, 1978, 29 желтоқсан.
152. Төрекұлов Н. Алатау асқарынан жыр асырған. – Алматы: Ғылым, 1996. – 320 б.
153. Садырбаев С. Жамбыл мен Құлмамбет айтысының текстологиясы // Қазақ әдебиеті, 1982, 3 желтоқсан.
154. Садырбаев С. Фольклор және Жамбыл. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
155. Құланаян Құлмамбет. Сөзімнің қыл сыймайды арасына... [Құраст.Т.Әлібек]. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 224 б.

156. Дәркенбай Шапырашты. Бір айтыстың ақиқаты // Ана тілі. 1993, 24 желтоқсан.
157. Ысмайылов Е. Үлкен шеберлік // Қазақ әдебиеті, 1955, 24 маусым.
158. Бегалин С. Жамбыл ел аузында // Әдебиет және искусство, 1946, №4.
159. Хакімжанова М. Алғашқы дидарласу // Жыр алыбы. – Алматы: Жазушы, 1972.
160. Құлмамбеттің ақырғы сөзі // ОҒК. 511-бума, 1-дәп. 1935.
161. Жолдасбеков М. Жамбыл және оның ақындық ортасы // Жұлдыз, 1976, №6.
162. Жолдасбеков М. Асыл сөздің атасы. – Алматы: Білім, 1996. – 304 б.
163. Құлмамбет ақынның өлердегі сөзі // ОҒК. 511-бума, 2, 3-дәп. 1939.
164. Құлмамбет туралы деректер // ӘӨИ. 1040-бума, 2-дәп.
165. Қаупынбаев Т. Бабалар аманаты. – Алматы: Жалын, 1996. – 256 б.
166. Құлмамбеттің қырғыз Шабдан батырға айтқаны // ОҒК. 548-бума, 3-дәп.
167. Құлмамбеттің Шабдан батырға айтқаны // ОҒК. 848-бума, 1-дәп.

ҚОСЫМШАЛАР



ҚОСЫМШАЛАР

ТЕКСТОЛОГИЯЛЫҚ САЛҒАСТЫРУЛАР:

**1996 ЖЫЛҒЫ «ТЕЗЕК
ТӨРЕ» ЖИНАҒЫНДАҒЫ
«ҚҰЛМАМБЕТ ПЕН ТҮБЕК
АЙТЫСЫНДА»
[Алматы, 1996]:**

**ҚОЛЖАЗБА
ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ
ТҮПНҰСҚАДА
[ӘӨИ.337-бума, 4-дәп.]:**

Тартынма дүниенің бақытына,
Тартынсаң, қолдағыға
боларсың зар.
[45-бет, 3-4 жол]

Құр етпес тірі еткенді
тыңдаңыздар!
[45, 5]

Жаралыстың қожасы бұл
адамзат...
[45, 7]

Бес болыс жалайыр мен албан,
суан,
Айтуға тіл жете ме ел **данасын**.
[45, 13-14]

Осыларды билеген Тезек **төре**...
[46, 1]

Айына серкеш, не төрт қой
жылдық **асы**,

Ыңғайлы **ымқырулы** жылқы
малға.
[46, 9-10]

Тарылма дүниенің бақытына,
Тарынсаң, қолдағыға боларсың
зар.

Тірі еткенді құрметпен
тыңдаңыздар.

Жаралмыстың қожасы бұл
адамзат...

Өнеге аға, Жалайыр мен Албан,
Суан,
Айтуға тіл жете ме ел **ағасын**.

Осыларды билеген **бопты**
Тезек...

Айға серкеш, не төрт қой
жылдық **ақы**,

Ыңғайлы **еді қарауылға** жылқы
малға.

Ұстайды өз қолында бір жыл
ұдай,
Кім білсін не боларын мұнан
былай.

[47, 2-3]

Бұл кедейдің кесірін әбден
кесті,

Бұл өзі құстан туған болды
құмай.

[47, 4-5]

Қасқыр, **қарсақ** алмаған аң
қалмады...

[47, 6]

...Қойды айдап аулына **келеді.**
[47, 27]

Ит иесін тапты, **кедей кетті,**
Тезек тағы кедейді шақырады.
[47, 28-29]

Ғаділ болсаң нашарға пайдаң
тисін,

Батыр болса халқы үшін
жанын қисын.

[48, 8-9]

...Жалайыр, **қарауында** Албан,
Суан.
[48, 13]

...Аумаған алтын қазық **дөре.**
[48, 17]

Үш қатынның біреуі жады
қылып,

Жалайыр Асан **бақты** жазған
түнеп.
[48, 19]

Пендесіне беруші патша құдай,
Бұл өзі құстан туған болды
құмай.

Кедейдің кесірін әбден кесті,

Ұстады өз қолында бір жыл
ұдай.

Қасқыр, **түлкі** алмаған аң
қалмады...

... Қойды айдап аулына
төтелейді.

Ит иесін тапты деп **күңкілдейді.**

Үш жүзге аты шығар келді
қисын,

Ғаділ болсаң нашарға пайдаң
тисін.

...Жалайыр, **«Ханекелеп»** Албан,
Суан.

...Аумаған алтын қазық бопты
дере.

Жады **қып бір қатыны,** жады
болып,

Жалайыр Асан **молда** жазған
түнеп.

«...Өзімнен нем шығады», – деп
бағынбайды.

[49, 5]

«...Қызыңның есік-төрін
көріңіз», – деп.

[49, 9]

Шал **бармақ оралайды** оңды-
солды...

[49, 15]

Аталық **Шиырбайға** түстенеді...

[49, 17]

Бір тоғыз шапан киіп, **атты**
алады.

Аралап үш матайдың
азаматын...

Халықтың дәулетіне
эсерленіп...

Қалқабайға риза
болғандықтан...

[49, 19-24]

Арсаландап тәуіп **те** қарсы
алады...

[49, 30]

...Түнімен сөз қылды өткен-**кет-**
ті.

[50, 5]

...Тезектің **бір итінің** даңқы
жетті.

[50, 7]

...Сол итін қартайсам да
алайын деп.

[50, 9]

«...Өзімнен нем шығар», – деп
бағымдайды.

«**Біздің** де есік-төрді көріңіз», –
деп.

Шал **бармаққа оралды** оңды-
солды.

Аталық **Маман байға** түстенеді.

... Көп шерді көкіректен
ақтарады.

Қалқабай, Тәнекенің
баласынан,

Бір тоғыз шапан киіп, **ат та**
алады.

Асан тәуіп арсаңдап қарсы
алады...

...Түнімен сөз қылды өткен
кепті.

...Тезектің **дара жолы,** даңқы
жетті.

...Ордасынан олжамды алайын
деп.

Олай болса ол жаңа тілектес
боп,
Құлмамбет, Құланалы,
Егізбаймен,
Ақындары Тезексіз етпес ошаң.
[50, 12-13]

Найманда Қоңыр төре, Сы-
бан, Мұрын,
Сол елдің қызын алып,
бардың ұрын.
Біз жеңілсек, тақсыр-ау, сізге
намыс,
Кемшілік жері болса айтшы
сырын.
[51, 5-8]

Ассаламағалейкум, хан
ордасы...
[52, 1]

...Қараға хан едім деп болма
асы.
[52, 5]

...Қырылды Рүстемнен жеті
адамым.
[52, 10]

...Қай уақытта қатарыңа жете
аламын.
[52, 12]

...Қорынып Түбек сенен
жалтарар ма?
[52, 14]

...Аз қапты кәрілік жетіп
өлеріңе.
[53, 4]

...Жалаңдап сұрай келдің
Кегеніңнен.
[54, 13]

...Тұра алмай жатыр деп
шегеніңнен.

Асан ерді міністен қалмайын
деп.
Құланаян бастаған өңшең
шөпшек,
Тезексіз бірде бірі етпес ошаң.

Арқада ол Түбектің өскен жері,
Кір жуып, кіндігін кескен жері.
Тақсыр-ау, біз жеңілсек өз
намысың,
Бар болса үйретіп қой кемдік
жері.

Ассалаумағалейкум, Ордабасы...

Қараның хан қашан да
таңламасы.

...Көкейіңде көмілді жеті
адамым.

...Қай уақытта қатарыңа жатады
мін.

...Түбек сенен қорқып
жалбарына ма?

...Аз қапты кәрілік жеңіп
өлеріңе.

...Жалақтап сұрай келдің
келгеніңнен.

...Тұра алмай жатыр деп еді
шеменіңнен.

Түбектің бұл үш жүзден **озғаны**
анық...

[54, 14]

**Көлденең, ауырдың деп келме
алды ма,
Дертімді жазды Асан ішім
жарып.**

...Шалқар көл құрығаны жаман
ырым.

Бақ болды Тезегіңе **қызымды**
алған...

[54, 20-21]

**Алланың өзі берген ханға
бақыт,
Ордада ғәділ өтті алтын
тақыт.**

**Қызыңды міндет қылсаң
алып-ақ қайт,**

**Жөнімен сұрасаңшы қайыр-
сарқыт.**

[55, 13-16]

...Тезекпен жақын бопсың
ағаласып,

[55, 19]

**Пайданы тапты ақынынан-
пақырынан,
Әбден-ақ айрылыпты
ақылынан.**

**Достығы Құлмамбеттің
көрініп тұр,**

**Төрені болды айырмақ
қатынынан.**

[55, 21-24]

**Арқамда азынатып
айғырыңды...**

[56, 3]

**Жұлғызып жал-құйрықтан
жауыр болса...**

[56, 8]

Түбектің бұл үш жүзден **алғаны**
анық...

...Шалқар көлді **қорыған** жаман
ырым.

Бақ болды Тезегіңе **менің
қызым...**

...Тезекпен жақын бопсың
араласып.

**...Арқанда азынатып
айғырыңды...**

**Айрылып жал-құйрықтан
жауыр болса...**

Ие болып мойнына өзің қағып.
Құланның айғырындай есін
жиса...

[56, 8-11]

Найманнан Түбек келді түлеп
ұшып,
Ордаға ортақпын деп қалды
түсіп.
Бір үй тік көк майсаға, тай
сойылсын,
Үлбіреп жал мен жая тұрсын
пісіп.

Ол үйге кілем, көрпе
төселінсін...

...Қоя түр ендігісін құйрық
қысып.

Жіңішке қылдан нәзік дейді
сирақ,

Жұмақта нұрдың қызы мәңгі
тұрад.

[56, 13-23]

Алты арыс Орта жүзден келген
екен...

[57, 6]

...Бір тоғыз, өз аузыңнан бір қыз
дедің.

[58, 4]

Ие бол, мойнына өзің қағып.
Құланның айғырындай ішін
жиса...

Найманнан Түбек келді қолын
ашып,
Ордаға ортақпын деп қалды
тасып.

Бір үй тік, кілем, көрпе
төселінсін,
Қарт адам демін алсын ас-су
ішіп.

Пайда тапты қай төре
ақынынан,

Әбден-ақ, айрылыпты
ақылынан.

Бір тай сой, қымыздан көл
орнасын,

Жал мен жая үлбіреп тұрсын
пісіп.

...Қоя түр ендігіні к...і қысып.

Жіңішке қылдан нәзік дейді
сират,

Ұжмақта қордың қызы мәңгі
тұрад.

Алты арыс Орта жүзден келіп
қапты...

...Үш тоғыз, өз аузыңнан бір қыз
дедің.

Тезек ханның сөзі:

Дәл мендей жомарт ерді таба
алмайсың,
Бермесем, әлде де не деп
жамандайсың.
Адаспа өз жолыңнан
алжымасаң,
Құмайды мендей қылып баға
алмайсың.
Көрмесең хан Тезекті
сағынасың,
Тәубеңнен бүйте берсең
жаңыласың.
Төреден ит алды деп ел
күлмей ме,
Құмайды аузыңа алып не
қыласың?
[58, 15-22]

Түбек ақынның сөзі:

Хан Тезек олай десең сөзімді
тос,
Қайтсең де бір тоғызға
құмайды қос.
Бермесең құмайыңды
қуанбаймын,
Ордадан ешнәрсе алмай
кеткенім бос.
Тезектен Түбек босқа
қайтыпты деп,
Табалап дұшпан шіркін,
күледі-ау дос.
Ордаға Ұлы жүздің ортасында –
Атаңның аруағына дегенім
қош.

[58, 23; 59, 1-5]

*Тезектің сонда құмайды сылап
тұрып айтқаны:*

**Қайтеді алды-артыға
қарасаңыз,
Тоғыз да бірталай мал
санасаңыз.
Аруақтан құмай тұрмақ, құл
садаға,
Алыңыз шын ренжіп,
қаласаңыз.
[59, 6-9]**

Түбек ақынның жауабы:
**Түбекке кім береді, сен
бермесең,
Басымды қартайғанда
теңгермесең.
Алыстан арман қылып келдім
саған,
Болғаны өз басыңнан кем
көрмесең.
[59, 10-13]**

**Қонаққа шақырады әркім
сыйлап,
Бергеннен ала берді малды
жинап.**

**Жетпіс пен сексеннің
арасында...
[59, 18-20]**

Алпыс пен жетпістің арасында

**Құлмамбет Құланаян, Егізбай
бар
Келе алмай маңайына
қаңғырады.
[60, 5-6]**

...Абақтан Сүйінбайды
алдырады.
Сүйінбай бір ауылда жатыр
қонып,
Тезек жүр қарт Түбекті
сырттан торып.
Сол күні бір түс көрді Түбек
ақын,
Төреге былай деді өзі жорып.
[60, 8-12]

Жел екен жерден топырақ
суырғандай,
Апшысын тірі жанның
қуырғандай.
Тіл алсаң, сол балаға салма
мені,
Болмасаң бір көрерміз
бұйырғандай.
[60, 17-20]

Төре едің **төбең биік,** халық
тоқтар.
[61, 24]

...Елің бар ережелі бұған қуан.
[62, 1]

Ер бала есігіне берді тәңір,
Токтайды алтын **бесік** анасына.
[62, 8-9]

...Жаярмын бұл үш жүздің
арасына.
[62, 11]

Малдыбай, Діқанбай мен
Қожбанбет би..
[62, 14-15]

...Қазақта әлі де бар бұл
берекей.
[62, 23]

Жақыннан Сүйінбайды
алдырады.
Сүйінбай бір ауылда жатыр
түнеп

Түбек қарт **осы түнде** бір түс
көрді.
Тезекке түсін айтып, қойды
тілек.

Түбің бек, Төре едің халқын
жоқтар.

... Елі жылы, ерің бар бұған
қуан.

Ел, бала есігіне берді Тәңір,
Токтайды алтын **басың** анасына.

...Барамын бұл үш жүздің
арасына.

Сабаншы, Діқанбай мен
Қожбанбет би..

...Қазақта әлі де бар жол бірегей.

Қабірі көз көрінім кеңіп кетіп,
Нұрына бір алланың қойның
толар.

Шыбын жан қарыш қазым
тақтайында,
Қиямет-қайым қанша орын
болар.

Пайғамбар туын қашан
көтерер деп,
Әжәһа, күпір сәнә ойың болар.
Көтерер неше түрлі туларын-
ай,

Дария көзден аққан суларын-
ай.

«Бізге де бір мархабат ете
көр», – деп,
Көркерсің кәпірлердің
шулауын-ай.

[63, 4-13]

**1965 ЖЫЛҒЫ
«АЙТЫС» ЖИНАҒЫНЫҢ
1-ТОМЫНДАҒЫ
«ҚҰЛМАМБЕТ ПЕН МАЙКӨТ
АЙТЫСЫНДА» [Алматы, 1965]:**

Құлмамбет «құланаяқ» дейді
мені...

[167, 1]

...Тінәлі, аманбысың,
Шоланұлы.

[167, 4]

...Майкөт те ат-тоныңды тілей
келді.

[167, 6]

Білгенің Түбекке арнап дұға қыл,
Жалғыз жарық сонан да
кеткен ұшып.

Адам болсан, айтылған сөзіңе
жет.

Өзің үшін қайырлы қызмет ет.

Түбектің әңгімесін бітірейін,

Тыңдаушы жамағатқа рахмет.

**ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ
КІТАПХАНАНЫҢ
СИРЕК ҚОРЫНДАҒЫ
ТҮПНҰСҚАДА**

[ОҒК. 316-бума, 1-дәптер]:

Жар етіп, тіліме алдым бір
Құдайды,
Құлмамбет ән шырқайды бір
ыңғайлы.

Атаңның аруағын жоқтап
келдім,
Жүрмісің, болыс Байсал,
күйлі жайлы?
Құлмамбет Құланаян дейді
мені...

...Амансың ба, Тінәлі
Шоланұлы?

...Майкөтің ат, түйеңді тілей
келді.

Айтайын тағы бір сөз
бейімдесең...
[167, 17]

...Майкөтпен айтыспаққа бар ма
бетің.
[168, 6]

Қу тонның қызуына
масаттанасың,

Бай болып **жүргендей-ақ пайдаң**
тиіп.
[168, 19-20]

Үкілеп тұла бойын жын
қаққандай...
[168, 23]

Ал, Майкөт, осы **жолы** жолың
түсті,

Менімен айтыспағың қиын **іс-ті.**
[169, 9-10]

Албанмен тең **болам** деп
ойламағын...,
[169, 11]

...Сенімен Албан, **Суан** тең емес
пе?
[169, 16]

...Ергенге **Ырысқұлбекке өсіп**
мерей.

Сіргелі, аз ғана Ыстың түгіл...
[169, 26-27]

...Даурығып мәнсіз сөзді
ұлғайтасың.
[170, 2]

Жел сөзге **кетіпті** аузым қалып
алып...
[170, 5]

Сөйлейді қалай-қалай **мына ант**
ұрған,

Айтайын тағы бір сөз **ниет**
етсең...

...Майкөтпен айтыспаққа бар
ма **ниетің?**

Тапқаныңды жыртыңдап кие
бермей,

Бай болып **кетпедің бе,** дүние
жиып.

Үкілеп тұла бойын жын
ұрғандай...

Ал, Майкөт осы **ретте** жолың
түсті,

Менімен айтыспағың қиын
күш-ті.

Албанмен тең **түсем** деп
ойламағын...,

Сенімен Албан **қашқын** тең
емес пе?

...Ергенге Рысқұлбекке **жүзің**
мерей.

Шіріген аз ғана Ыстың түгіл...

...Жалықсаң күндіз емес,
түнде айтасың.

Жел сөзге **кетпейді** аузым
қалып алып...

Сөйлейді қалай-қалай, **неткен**
мұндар...

**Аузынан жалмандаса жылан
туған.**

Түбіне **бір-бірінің жету үшін,**
Әжібай, **Үкібайың дауды қуған.**
Албанның **батырлары** батырлық
кып,
Ақыры өзді-өзінің басын **ұрған.**
[170, 9-14]

...Сөз қылды-ау, төрт үй Ысты
соны ұялмай.
[170, 18]

Сен көрсен Дулатымды көрде
жатқан,

**Ұрыншақ Ажыбайың дауды
ұнатқан.**

Сыпатай **жаумен** алысқанда,
Жастығын Ағыбектің бір
құлатқан.
[170, 21-26]

**...Патшаға қаймықтастан жауап
айтқан.**
[170, 26]

Өткенді көп сөз қылма **бекер-
босқа,**
**Лекірмей жөніңе көш, сөзді тос
та.**
[170, 29-30]

**Басына не шүкірлік өткен
мұндар.**

Әжібай, Еркінбегің сотпен
ұрсып,
Түбіне **өзді-өзінің жеткен
мұндар.**
Албанның **датқалары**
батырлық қып,
Ақыры өзді-өзінің басын
ұрлар.

...Сөз қылды-ау, төрт үйлі Ысты
тәңірім-ай?!

Көріп пе ең Дулатымды көрде
жатқан.

**Әжібай кімнен артық Құдай
атқан.**

Сыпатай **Арқа елімен**
алысқанда,
Жастығын Ағыбектің бір
қуартқан.

**...Орысқа қиын жерде жауап
айтқан.**

Өткенді көп сөз қылма **келген
басқа,**
**Бір бөлек жердің жайы, өлген
басқа.**

Баласы Байзақтың **батыр басы,**
Асып тұр тұстасынан дәрежасы.
[171, 3-4]

Баласы Байзақтың **Батырбасы,**
Келген жоқ қырық, елуге әлі
жасы.

Мақтадың **батыр басы**
майырыңды,
Шыққан ба онан да **үлкен**
қастарыңнан.
...Бүркітбай, көріп пе едің
Әйтiмбеттi?
[171, 9-10, 12]

Мақтадың **Батырбастай**
майырыңды,
Шықпады ма онан да **өзге**
жастарыңнан?
...Бүркітбай, көріп пе ең
Алтынбектi?

...Бабасы Батырбектен үлгі алады.
Баласы **Жұмабайдың** Тайтелі
еді...
[171, 24-25]

...Бабасы Батырбектен үлгі
қалды.
Баласы **Жұмабектің** Тайтелі
еді...

Жаныста әзіз **төрeм** әулие өткен...
[171, 27]

Жаныста **әзіз Төлем** әулие
өткен...

Момынбек, **Шүйбек** пен
Сеңкебай би.,
...Солардың датқа болған
балалары.
[171, 29-30]

Момынбек, **Шойбек** пенен
Сеңкебай би,
Солардың датқа болған
баршалары.

Ел **жайын,** молда Майкөт
білгеніңнен...,
Солардың қызметінде
жүргеніңнен.
[171, 31-32]

Ел **жайлы,** пәле Майкөт,
білгеніңнен...,
Солардың қызметіне
үргеніңнен.

...**Қозыке** бостан болып жүрген
еді.
[172, 9]

Өзбектен бостан болып жүрген
еді.

...Ыстының Жәкен, Шокай
ұстыны еді.
Төменде **Қолбай** деген бір дәуім
бар...
[172, 10-11]

Бұлар да **үкіметтен** келе жатыр,

Патшаға сұратқан жоқ төменгі
елді.
[172, 15-16]

Жүруші еді Тоқбергенді халық
мақтап,
Атшабар Бәйдібек деп, ұран
тастап.
...**Жоныңнан таяқ алар**
жалаңаштап.
[173, 1-2, 4]

Баласын **Шуақтының** білмеуші
ме ең,

Датқаның, Ошақтының батыр
Барақ.
[173, 9-10]

Мақта, Майкөт, жерінді...
[173, 11]

Қарындасқа **жуық** боп.,
Жеріңнің жайын айтайын...
...Ұйықтап жатқан кісің көп.
[173 , 5, 17, 19]

...Ыстының Жәкен, Шокай
өстіні еді.
Төменде **Қолбай** деген бір
дәуім бар...

Бұлар да **өкімет боп** келе
жатыр,

Орысқа сұратқан жоқ төменгі
елді.

Тоқберген **хан деуші** еді халық
мақтап,
Ат шабар «Бәйдібек» деп ұран
атап.
...Жалаңаш **қояр** еді аттай
матап.

Баласын **Жаншуақтың**
білмеуші ме ең,

Датқасы Ошақтының батыр
Сапақ.

Мақтама, Майкөт, жерінді...

Қарындасқа **суық** боп.,
Тасына қына байлаған...

...Көкпектен басқа шөбің жоқ,
Ұйықтап жатқан кісің жоқ.
Және бір жайын айтайын,
Қаратаудың қазағы
Тамның артын шөмейткен,
Таммен үйін көбейткен.
Нансыз асқан еті жоқ,
Етін нанмен көбейткен.
Анық кедей болмаса
Майкөт-ау, елің неге өйткен?!

...Тақымдары **жалт** еткен.
[174, 8]

...Есіріңкі ант ұрған.
[174, 26]

...Бір **төбе** қиды жиып ап,
«Алты айға жетед», – деп.

...Өлең айтып **жатқаны**.
[176, 1]

Қымыз ішіп, **мәз** болып...
[176, 7]

...Төбеңнен **ұрды** күдірет.
[176, 13]

Әзірет сұлтан **әлипан**,
Аияз құрған **көп** күмбез...
Аят құрған **көк** күмбез?
[176, 33-34]

Көкпекте жатқан **қу Албан...**,
...**Жасқа** толған үлектей.
[177, 23-24]

Бабаңның **жұртын** жамандап,
Төбеңнен құдай ұрғаны-**ай**.
[177, 40-41; 178, 1]

...Тақымдары **тарқ** еткен.

...Есірігінді ант ұрған.

...Бір **там боқты** жиып ап,
«Алты ай **қысқа** жетед», – деп.
Он тиын егер болса да,
«Бір сомдық ауқат етед», –
деп...

...Өлең айтып **қайтқаны**.

Қымыз ішіп, **мал** болып...

...Төбеңнен **ұрсын** күдірет.

Әзірет сұлтан **әулие**,
Қай жақта деп естідің,

Түбекте жатқан **құландай...**,
...**Сауып** тұрған үлектей.

Бабанды **жүрсін** жамандап,
Төбеңнен Құдай ұрғандай.

Құдай атқан **Құлмамбет**.
Біздің елдің **бектері**
Бұрынғы нұсқа **көргені**.
Пайғамбар салған **жолменен**,
Көбеу болған **қызғындай**.
Оншақты адам **келгені**.
Қыз, қатының **кигені**,
Атылас пенен **шайы** болар,
Жеңіл салып **жүргені**.
Мұндай назымнаманы,
Өзің тұрмақ **ит Албан**,
Ата-бабаң көрмеді.

Иманын мүлде иіріп...
[178, 4]

Иманын молдау иіріп...

Орыстан келген тауарға,
Қыз, қатының күйлейді.
Орыстан келген будандар,
Тобылғының түбіне
Бір-бір киім матамен,
Қыздарыңды сүйрейді.
Саудагер алып барады,
Қатының мен баланды.
Біздің елдің диқаны
Ұны менен сөгіне,
Балаңды сатып алады.
Қаладан келген құлдай қып...

Өз жұртыңды жамандап,
Күнің қалай оңады.
[178, 21-22]

Үлкендігің Рүстем,
Дастандайсың...
[178, 31]

Майкөттен қабармасын
көңілдерің...
[179, 2]

Жасыңда ынтық сорлы кәріп
едің...
[179, 18]

Өгізбен тарғыл шолақ қойға
бардың...
[179, 23]

Датка боп отырдың да құрдың
сәулет...
[180, 2]

Болыпты қырықшақты сіздің
әулет.
[180, 4]

Құдай алғыр, Құлмамбет,
Ісләмді жамандап,
Ақырың қалай болады?!
Үлкендігің Рүстем
датқадайсың...

Майкөттен қалмасыншы
көңілдерің...

Жасыңда анық сорлы кәріп
едің...

Өгізбен тарғыл шолақ тойға
бардың...

Датка боп отызында құрдың
сәулет...

Қырықта ақылменен сүрдің
әулет.

**1996 ЖЫЛҒЫ ЖАМБЫЛДЫҢ
ТАҢДАМАЛЫ ШЫҒАРМАЛАР
ЖИНАҒЫНДАҒЫ «ҚҰЛМАМБЕТ
ПЕН ЖАМБЫЛ АЙТЫСЫНДА»
[Алматы, 1996]:**

Қара күннің баласы **Ышты** бақыр...
[68, 13-жол]

Құдеке, кісі жібер Жамбылыңа,
Жамбылды **бола ма екен** алдыруға.
[68, 25-26]

**...Ақын болса, ол неме, қайда
жатыр?**

Бүгінгі күн елеусіз қалғанымен,

Сейіт-Баттал, **ер** Әлінің соғысындай,
Не болса да болып қалсын, **жылдам
шақыр!**
[68, 16-20]

Ақын болса қайда отыр ол немесі...
[68, 23]

...Өмірі кішілікке баспай қадам.
[69, 16]

**ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ
КІТАПХАНАНЫҢ СИРЕК
ҚОРЫНДАҒЫ [ОҒК. 317, 651-
бумалар] ТҮПНҰСҚАДА:**

Қара күннің баласы **Ысты** бақыр...

Құдайберген, кісі жібер
Жамбылыңа,
Жамбылды **болмады ма** алдыруға.

**...Сол немең қайда отыр, бермен
шақыр!**

Әлінің, Сейіт-Баттал
соғысындай,
Не болса да боп қалсын, **ақыр-
тақыр.**

Айтыспай бүгінгі күн кеткенімен,
Ертеңгі күн шаужайдан алады
ақыр.

Көрерміз аздан кейін әуселесін...

Жамбыл деп осы арада жан
мақтайды,
Сол неме жарар ма екен пар
қылуға?
**...Менімен жарар ма екен шал-
дыруға.**

...Өмірі кісілікке баспай қадам.

Өлеңші иттен де көп, б... да көп,
Әйтеуір айтады ғой бірдеме деп.
Қайтқан құстай жиналып
қалған екен,
Біразырақ сөйлесін Құлмамбет
кеп.

Қамалып **қау** теріге бүрмеленбе...
[69, 25]

Майтөбе, Құлансазда өлендетіп...
[69, 35]

Үндемей кіріп келдің тайпа қара...
[69, 37]

Үлкенге сәлемің жоқ, аманың жоқ...
...Не басыңа күн туды **тозақ** қара.
[70, 2-3]

Ей, байғұс, үндемейсің дертің бар ма,
Үндемеске **қылған** бір сертің бар ма?
[70, 4-5]

Албан, Дулат жиылып бата берді,
Ұстасар меніменен **халің** бар ма?
[70, 6-7]

...Сірә, жеңбей қоймаспын бүгін сені.
[70, 7]

Бұлбұл **қабак** секілді Екейім-ай...
[70, 39]

Қамалып **қам** теріге бүрмеленбе...

Шапырашты дегеннің некесі жоқ,
Бай болады диқаншы шекесі тоқ.
Албан, Дулат бәрі кеп атқа мінсе,
Дегенің **Ұштанбалы** керегі жоқ.
«**Қанайлаған**» қырғызды
бөкселеген...

Кіріп келіп есіктен үндемейсің...

Есіктен кіріп келдің тайпақ қара...
Аузында сәлемің жоқ, аманың
жоқ...
...Не басыңа күн туды **дүзі** қара.

А, Жамбыл, үндемейсің дертің
бар ма,
Үндемеске бір **сапар** сертің бар
ма ?

Шапқанмен күнің белгілі,
Шапырашты,
Ұстасар меніменен **к... ің** бар ма?

...Бәрпі ішсең де қоймаспын бүгін
сені.

Жөнделіп, жүйіткіуші ем жөнсіз
жерден,
Мен жауға алдырмаушы ем елсіз
жерден.
Мылтыққа түтеп тұрған қарсы
шауып,
Асықсаң ажалыңа келші
бермен!

Бұлбұл **қонақ** секілді екейім-ай...

Тобықтай түзу жерден жол
таппайсың...
[70, 38]

Қызғанша айқай шығып, едім
салғыр,
Сөйлейсің әр немені тілің шалғыр.
Келген жерден сөйлейсің алас
ұрып,
Қалайша шалқақтайсың тәңір
алғыр.
Шырқасам болушы еді, ақтан
бермен,
Жаратты аспан-көкті дәнекермен.
Мылтықтай түтеп тұрған мен бір
пестон,
Асықсаң ажалыңа келші бермен!
Шуу десе жүйрік озар мына
жолдан,
«Демей көр, ескі аруак», алып
қолдан.
Қарасай, дем бере көр, менің бабам,
Құлмамбет, сен жақсы да, мен
жаман ба?
Ақында сен жүйрік те, мен шабан
ба?
Қарасайлап қосылсам бір бүйірден,
Ақырында кетерсің басы аманға!

Тобықтай тозаңынан жол
таппайсың...

Әуелі Албан салайын, Дулат жай
ма?
Басқасын өз жайына қоя
тұрып...
Алпысбай, Мәлібекпенен тағы
да бар,
Қалай айтсам сыйғандай шағы
да бар.
Ыдырыс, Құстоты мен ер
Шұманақ,
Кеңпейіл, кетпес дәулет бағы да
бар.

Ал қадір, атыңыздан әуел қадір,
Бұл жерге келіп отыр Екей
Жамбыл.
Көсілген аяғыңды бір
жимайсың,
Не басына күн туды тәңір алғыр.
Ал қадір, атыңыздан қадір дана,
Құлыңа Алла деген болғын
пана.
Көсілген аяғыңды бір
жимайсың,
Не басына күн туды дүзі қара.
Құлмамбет, сөз сөйлейсің
анықтамай,
Алды-артыңды сөйлейсің
парықтамай.
Сілтейін будақтатып оң мен
солдан.
Ыстыда толып жатыр қой мен
жылқы,
Қасыбек Дәулетбақпен қызыл
түлкі.
Бабаның қата қойын маған
салып,
Досқа таба, дұшпанға болма
күлкі.

Ұша алмас кара бүркіт
қалықтамай,
Барымташы мал алмас анықтамай.
Ерлігім ерлігіңе дөп келеді,
Байлығыңа байлығым еп келеді.
Кісіні дым білмейтін тапқандай-ақ,
Есіріп көрген жерден ентеледің.
[71, 36-40; 72, 1-19]

Алматыда барамын Медеу байға,
Алматыдай шаһарда, –
Он бес мың теңге төктіріп,
Көк күмбез үйді салдырған.
Арғы шетін айтайын...
Қалаша көк үй салдырған.
Мына шетін айтайын:
Ташкент пен Наманган,
Керек болса ақшаны
Ақша деген неменді,
Көп қапқа салдырып алдырған.
[74, 27-39]

Әсемдігін арттырған.

Көңілі көкке өрлеген...
[75, 8]

Таз Құлмамбет, сен салсаң,
Мен де салдым байымды.
Мен де байдан ап жүрмін,
Азын аулақ шайымды.
Асықпасаң, Құлеке,
Табарсың әлі-ақ жайынды.
Менің де Құттықсейіт байым
бар,
Қайтетуғын ойың бар.
Қалың байды қапдатсам,
Болатын әлі-ақ тойың бар.
Жылқысының бір шеті
Алматының өзенінде.
Бір шеті Қарақыстақ,
Қастектің кемерінде.
Несі болмас Құданың
бермесінде.
Бұған қайтіп жетесін.
Жалған сөйлеп не керек,
Айтайын сөздің төтесін.
Жылқысының шетіне
Жарамды атпен сабаулап,
Он күнде әрең жетесің.
Оны саған салып не етейін,
Оны да тастап кетейін.

Алматыда аяндап,
Медеу байға жетейін.
Пар келмес сенің байың
Медеу байға,
Бұл Жамбыл Медеуді
айтпай кетпес жайға.
Токсан екі шолақты жинағанмен,
Жазған-ау, бұған жетер байың
қайда?
Қырық мың сомға жалдатып,
...Қызылжар, Семей, Жаркент-
тен,
Көн қапқа салдырып алдырған.
Әлемді алып байлығы.
Оны саған салып не етейін,
Мұны да тастап кетейін.
Ырысы судай өрлеген...

...Шетіне дұшпан келмеген.
[75, 10]

Олай десең, барайын күн батыста
Сыпатайға, Айтбай оны кетпеймін
тегі жайға.
[73, 32-33]

Жылқысының бір шеті...
[73, 34; 7471-2]

Мен сөйлесем қаларсың...,
Жылқысының бір шеті Үшбұлақ...

Арғы шеті Ырғайты, Теректе,
Жылқышылар мінеді көксерекке.
Тоқсан екі шолақты жинағанмен,
Көрмедім, ондай байды төңіректе.
Сыпатайдың артында қақаман бар,
Қақаманның соңында тақаған бар.
Кіжіктің үлкен үйін көріп пе ең?
Тоқсан тұлып, алтын бөз жасаған бар.
Жеті мың қой бар дейді Қиықбайда,
Қаптап, қабырғалап жатады тұйық сайда.
Қаратай, Қарынбай мен тағы да бар,
Үш мың жылқы бар дейді
Телітайда.
Айтайын Төбетті мен тәңірі сүйген,
Оларға да қыдырдың көзі тиген.
Бәрі де өңкей бекзат, өңкей сыпа,
Жүйрік мініп, басына кәмшат киген,
Сенің тағы дәметкен кеудең қайда.
[73, 33-35; 74, 1-16]

Шеніне дұшпан келмеген.

Тоятын тілеп алыстан,
Тұғырда тұрып жем жеген.
Барайын енді аяндап Сыпатайға,
Бұл Жамбыл Сыпаны айтпай
кетпес жайға.

Қайыры қарашаға сондай жақсы,
Қандырар сусындатып қант пен
шайға.
Жылқысының есебін адам білмес,
Мәлім шығар жалғыз-ақ бір
Құдайға.

Жылқысының жоғарғы шетін
айтайын...

Аралауға амандап,
Жылқышылар мінер мес көкке.
Таз Құлмамбет, жолықтың...
Ырғайты, шеті жатыр Ақтеректе,
Арғымақ мінгізеді ат керекке.

Түгендеп бір жұмада бола
алмайды,
Көсілтіп қамшы басып
көксерекке.
Өзінде 83 мың жылқысы бар,
Асыл тұқым жинаған әр түлік
мал.
Зарлы емес еш нәрсеге балалары,
Жегені шекер мен бал, жая мен
жал.
Тоқсан екі жылқышы аралайды,
Оларға тіл тигізген жарамайды.

Қанша халық аралап жүрсем-
дағы,
Жалғанда көргенім жоқ мұндай
байды.
...Қасиеті сонша мол...
Жүгі қалып жұртында,
Керегесін көк үстіне қомдайды.

....Аузы асқа жарымай,
Сөйтіп Құдай жондайды.
Көсегесі көгеріп,
Көгал жерге қонбайды.

Құлмамбет:

Осыны түлен түртті ғой, Құдай
тағала,
Жапанда жалғыз құрай болмас
пана.
Ерлікпенен байлықтан сөз қозғасам,
Көткеншектен қашарсың байғұс
бала.
Ерсарының жылқысын қапдатсам
мен,
Басылып қалар еді бір көңілің.
Қалайша болып отырсың ырғай
мойын,
Аз кідірсең болады сенің тойың!
Жалпы Дулат бұл жақта жата
тұрсын,
Бабаның қаптатайын қалың қойын.
Тұра тұр, тағы айтайын, көптігімді,
Көптікті айтсам, үземін шеттігіңді.
Шапырашты күйіңмен байлықты
айтып,
Айыл-жіппен тартып кел көттігіңді.
[72, 20-34]

Жамбыл:

Мен барайын төменгі,
Асыл менен Шыбылға.
Мықты болсаң, Құлмамбет,
Күрескеннен жығылма?
Бұ жақтағы Дулатты,
Тастай бере асығып,
Бабаға барып тығылма?
Бабан қойын пұл қылып,
Әруаққа ұрынба!
Адамдықты айт, ерлікті айт,
батырлықты айт,
Ел билігін сақтаған татулықты айт!
Қарымбайдай сараңдар толып
жатыр,
Оны мақтап, әуре болмай, жөніңе
қайт!
[73, 1-13]

Байтелі, **Қаумен**, Дәулетті... [75, 25]

...Бәрі бір-ақ әулетті.

Өнері асып әр жаннан,

Түзеген **көшін** сәулетті. [75, 27]

Дұшпанын табанына жанышқан.

[76, 9]

Байтелі, **Қамен**, Дәулетті...

...Бәрі бір-ақ әулет-ті.

Үш мың бес жүз жылқы айдап,

Түзеген тасын сәулетті.

Одан бері асайын,

Теріскейге қадам басайын.

Жоғары шеті Мырзабек,

Бар еді өңшең қаракөк.

Арғы атасы Қашке хан болған,

Қылған ісі Әлім, Құлпейіске

таң болған.

Аруақты бек болып,

Ауданымен көп болып,

Сондай-сондай жан болған.

Төменгі шетін айтайын:

Әлі менен Нұрабай,

Хан Қашке тұқымы.

Атасы жауға аттанып,

Ат құйрығын бұлады.

Түстік жерге тоқтамай,

...Алтауы да арыстан.

...Патышадайын өңленген.

Ең кежесі Аспарды,

Бұл Жамбыл көк қабандай

қасқарды.

Шын бәлекет басталды,

Таз Құлмамбет, сен болсан,

Көлемін көктің бөктеріп,

Тіресен, таста аспанды!

Құлмамбет:

Жамбыл, отқа саларға майың

жоқ па,

Құдайға айтып соярға қойың

жоқ па?

Саларға өз елінде байың жоқ па?

Шу десен,

Шапырашты шабаның жоқ ,

Бәрің жүйрік гүлесең, жаманың

жоқ.

Қырғызды «Қанайлаған»

бөкселеген,

Есқожаға сүйенген жазған екен.

...Ерегiссен үземiн көттiгiндi.
Айтасың Шапырашты, ерлiгiндi,
Шыр айнала соқтырдым белдiгiмдi.
[77, 15-17]

...Сұраншы сарттан өлген
Сайрамдағы. [77, 19]

...Шашылып қалған едi саймандары.
[77, 22]

...Жүрмiсiң епелектеп, қорқып содан.
Екейден шыққан озып Байсалбайды,
Жылқысы өңкей жорға
тайпалмайды.
[77, 30-32]

Жылқысының басына кедей
барса...
[78, 5]

Ойбай-ай, мына к...ке түрттi
Құдай,
Iсiне күдiреттiң не дүр шара.
Сауырық, Сұраншыдай заманың
жоқ.
Шапырашты басымен
шалқақтайды,
Орыстың заманына не дүр шара.

Ерегiссен үземiн көпшiгiдi
Салғалы отырсың ба ерлiгiндi,
Ерлiгiңмен саласың беклiгiндi.

Ерлiк пенен беклiкте нең бар
сорлы,
Ерлiк пенен беклiгiм сенен артық.

Ақыр түбi Сұраншы жаудан
өлген...
К...дi сүртпеймiн ендiгiңмен.

...**Жайғады** Сарыбоздың
саймандары.

Саймансыз Сайрамдағы сарттан
өлген,
Шоқпарлы Сарыбоздан жәбiр
көрген.

...Жүрмiсiң көлбелектеп қорқып
сұқтан.
Екейден мен айтайын
Байсалбайды,
Тең жорға төрт аяғы
тайпалмайды.
Миллион сом сандықта шiрiп
жатыр...,

Пақыр мен желiсiне мүскiн
барса...

Мың-мыңнан қойы қоздап
шулап жатыр,
Бес дүз құлын желіде тулап
жатыр.
Екі адамға бір саба орнатады,
Қымызын ішкен кісі «шулап»
жатыр.
Қонақ қонса қой сойып, қол
қусырып,
Күнде той, тамашамен дулап
жатыр.

Байсерке, Байғабат пен Ер Шотайды...
[78, 9]

Байсерке, Байғабат пен ер Шотай-
ды...
Шотай мыңғып жатыр...

Біздің елдің адамы өнері асқан,
Өнерімен талайдың көңілін басқан.
Жерді көрген, елді көрген, қала
барған,
Бір кем емес байыңнан асып-
тасқан.
[78, 11-14]

Елімнің ерлігімен мақтанамын,
Сырт дұшпан бізді көрген сескенеді.
[78, 17-18]

Сатайдың сақасы өрде жатыр,
Оны да көрген дұшпан сескенеді.

...Халық үшін шәйіт болып жанын
берген.
Елді қорғап өлгеннің арманы не,
Қалың қазақ құрметтеп соңына
ерген.
[78, 21-23]

Жалғыз-ақ, сен болмасаң, таз
Құлмамбет,
Жамбыл да сенен өзге ақынды
еңселеді.

...Құдайдан шейіт болып қаза
келген.
Осы сөз қырсық болар,
қойсаңшы сен.

Қазылық қылып кетіп пе еді, Мақсұт
ағаң...
[78, 24]

Қажылық қылып кетіп пе еді,
Мақсұт ағаң...

Түлен түртіп отыр ма, таз Құлмамбет,
Кәрікүл мен Сақаудан аз Құлмамбет.
[78, 27-28]

**...Есің жоқ шашың жұртта қалған-
менен.**
[79, 15]

Домбырасының ішегі үзіліп қап,
Осы екен **Құлмамбеттің** арман жері.
[79, 38-39]

**«АСЫЛ АРНАЛАР»
ЖИНАҒЫНДАҒЫ «АҚЫРҒЫ
СӨЗ» ТОЛҒАУЫНДА
[Алматы, 1990]:**

Жаратқан **бәрімізді** жалғыз алла,
Панасыз қысылғанда **бар ма** жанға.
Барады күні біткен **күні қайтып**,
[167, 1-4 жолдар]

Қорлықпен буындырып, күшпен
өлген.

О немен, өлгенде де жөндеп
өлмей,

Аузына бірдемесін тістеп өлген.

Не деп айтқалы отырсың, таз
Құлмамбет,

Керейкүл мен Сақаудан аз
Құлмамбет.

Ішегі Құлмамбеттің үзіліп қап,
Осы екен **бір азғантай** арман жері.

Желөкпе, Құдайберген тентек
адам,

Жеңді деп не қылса да біздің
Жамбыл,

Ұрыс-керіс, шатақты салған жері.
Сонан соң бұл Жамбылдың
даңқы шыққан,
Болған соң абыройлы барған
жері.

**ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ
КІТАПХАНАДАҒЫ ТОЛҒАУ
ТҮПНҰСҚАСЫНДА
[ОҒК, 511, 1-дәп.]:**

Жаратқан **барша** жанды жалғыз
Алла,
Батасын қысылғанда **берер** жанға.
Ешкім жоқ қалған мәңгі бұл
жаһанда
Күні біткен барады **күнде өтіп**,
Біз келген саудагерміз бұл
жалғанға.

...Сыйласқан тіршілікте
сыйласқанмен.

Дүниенің ойлап тұрсам баяны жоқ,
Қызық деп **тіршілікте** жинағанмен.
[167, 6-8]

Жалғаннан жылап кеттім кетерімде,
Келеді ердің ері екі **өлуге**.
Құлмамбет **бес-алты** ауыз сөз
сөйлесін...
[167, 9-11]

Жетпіске жазбай келді шоқырағым...
Аралап талай жерді шарлап едім,
Түргеннен **болған екен** топырағым.
[167, 17-20]

Ылауға **күндіз-түні жалықпаған**...
[167, 23]

Тәнімде арам ет жоқ қазанат ем,
Бірталай уақтысында жамағат ем.
Жел сөзге күндіз-түні шалдықпаған,
Қалдырмас **ердің** көңілін азамат ем.
[167, 25-28]

...Пенденің істегені **тәңірге** аян,

Талайды жүндей түткен қайран
жағым,
Сүрінді, амалым не, бар ма шарам.
[167, 38-40]

Аузыма су тамызып, қоштаса алмай,
Арманда **боп** қалды-ау жалғыз балам.
Өлді, – деп естігенде **хабарымды,**
Басына орнап қалады-ау **ақыр заман.**
Бір мен деп ертелі-кеш зарлаушы еді,
Дарига-ай, не болар екен ғарып анам.
Дүние тынымы жоқ бір ұлы көш,
Салған соң алла тағала недүр шара.
[168, 1-8]

...Сыйласқын өз басыңды
сыйлағанмен.

Дүниенің **бір тиындай** пайдасы
жоқ,
Қызық деп **тірлігінде** жинағанмен.

Бұл елден жылап кеттім
кетерімде,
Ердің ері келеді екі **елуге**.
Құлмамбет **бір-екі** ауыз сөз
сөйлесін...

Алпысқа жазбай келді
шоқырағым...
Талай жерді **қаңғырып жүріп** едім,
Түргеннен **жазылыпты** топырағым.

Ылауға **күні-түні болдырмаған**...

Денемде арам ет жоқ қазанат ем,
Талаймен бір уақта жамағат ем.
Лауға күні-түні болдырмаған,
Қалдырмас адам көңілін азамат
ем.

...Пенденің істегені **Құдайға** аян.

Арманда қалды-ау жалғыз балам,
Салған соң Құдай басқа, бар ма шарам.
Өлді, – деп **Құлмамбетті**
естігенде,
Басына **түседі ғой** ақырзаман.
Сен деп, ертелі-кеш зарлаушы еді,
Қарағым, не болар екен ғаріп
анам.
Әрі барар дәрмен жоқ, бәрі келер,
Боп қалды-ау екі ортада күнім
қаран.

Түргеннің түсте келдім қаласына...
Үйінде Ұлықбектің сөз сөйледім,
Кез болдың Құлмамбеттің қазасына.
[168, 9, 11, 12]

Жүздерінді көре алмай, амал қанша...
[168, 15]

Сәлем де Абықайға Албандағы,
Бір туған артық жігіт жалғандағы
Әзірет сұлтанымды төрт айналдым...
[168, 17-18]

Өлеңі Құлмамбеттің деп жүріңдер,
Дүниеден қаза жетіп салғандағы.
[168, 20-21]

Сәлем де Шыңғыстай мен
Сабаншыға...
...Көк тазы ілескендей сапаршыға.
[168, 22, 25]

...Неше жыл ел басқарды
қажымастан.
Кешегі өткен сайлау дүрмегінде...
Құланбай, Құрманбаймен өтіп кетті,
Ер еді Қоңырдағы қайраты асқан.
[168, 27-28; 30-31]

...Сіздерден сәлем айттым талай
жерге.
[168, 33]

Жантай, Сүмен, Жартыбай
Бақайдағы,
Жақсыдан қалған емес қатардағы.
Жүнісбай құтты болсын қонған
бағың,
Тудың тұрған жері едің Сатайдағы.
[168, 36-39]

Түргеннің келіп едім қаласына...
Үйінде Әлібектің амандастым,
Баттал төре патша баласына.

Жолықтым патшаның баласына,
Түргеннің ертіп келді қаласына.

Үйінде Әлібектің аз сөйлестік,
Кез болып Құлмамбеттің қазасына.
Жүздерінді көре алмай, арманда
өттім...

Сәлем де Абықанға Айдардағы,
Бір асқан жігіт еді жалғандағы.
Сұлтаныма үш бардым зияратқа...

Өлеңі Құлмамбеттің дей жүріңдер,
Қаза жетіп дүние салғандағы.

Сәлем де Шыңғысбай мен
Сабаншыға...
...Көк тазы ілескендей сонаршыға.

...Қай жылы болыс болған
қажымастан.
Кешегі өткен сайлауда осылай
деп...
Қарадан о да үзіліп шығып еді,
Құрманбай, ер Құлмамбет
қайраты асқан.

...Сіздерден сәлем айттым
талапты ерге.

Сәлем де Жартыбайға Бақайдағы,
Әр істен қалған емес қатардағы.
Жүнісбай болыс бопты, құтты
болсын.
Тудың тұрған жері еді Сатайдағы.

Сәлем де **Медеу** менен Біргебайға,
Мансаптан бірде зиян, бірде пайда.
Әйтеуір әркім өмір өткізіп жүр,
Сұм жалған қылар дейсің кімге
пайда.
[168, 40-43]

Біргебай бір **уақытта** парлап еді...
...Сатай да жаңа өспірім саңлақ еді.
[168, 44; 169, 2]

Сәлем де **Жамал** ерге Шөпшекпенен,
Сіздерді көре **алмадық** көксеп
келген.
Бұл жақтағы текеден олар да артты,
Бақыты бар бұларға да өлшеп
берген.
[169, 3-6]

Әзіретің Қаратау – Әулиенің кені еді.
...Өте кеткен жер еді.
[169, 25-26; 28]

...Қызылбөрік дер еді.
[169, 30]

...Әжінің сөзі бекер ме...
...Таймағамбет, Матайкүл,
Қызылдың **тұрған жері** еді.
[169, 37-39]

...Бұлбұлдайын сайрайды.
Тегіс теріп айтуға,
Тілімді **өлім** байлады.
...Топырақ күшқан жеріне...
...Бұйырды бізге топырақ...
[169, 46-48; 50, 51]

...Көштім дәруіл панадан.
[169, 55]

Сәлем де **Омар** менен Біргебайға,
Мансабынан бірде зиян, бірде
пайда.
Адамды әр ісімен өткізеді,
Сұм **дүние** қылар дейсің кімге
пайда.

Бір күнде Біргебай да парлап еді...
...Жүнісбай жаңа өспірім саңлақ
еді.

Сәлем де **Жаман** ерге
Шөпшекпенен,
Сіздерді көре **алмадым** көксеп
келген.
Түргендегі Текеден бұлар да
артық,
Бақытты да бұларға өлшеп берген.

Қасиетті Қаратау – Әулиенің кені
екен.
...Отан қылған жер екен.

...Қызылбөрік деген ел еді.

...Әжінің сөзі шекер ед.,
Тойғанбай, Матай, Құлыншақ,
Қызылдың **құты дер** еді.

...Бұлбұлдай болып сайрайды.
Аса теріп айтуға,
Тілімді **Құдай** байлады.
...Көңілімді Құдай жайлады.
Туған жерге өзімді...
...Бұйыртты Алла топырақ...

...Көштім пәни жалғаннан.

Алтын Албан сенің арқаңда...
[169, 58]

Бөкен-бөкен желіп ем...
[169, 61]

Дұғай сәлем дерсіндер...
[169, 63]

Тойында атпен жарысып,
Қосылдым талай дуанға.
Әлі-ақ бір күн өтерсің,
Қу дүние **үшін** қуанба.
Тірлікте жиған нәрсеңнің...
[169, 65-69]

Телғазыға сәлем де,
Елдегі ескі көз еді.
[170, 3-4]

...Қаза **тапты** Құлмамбет,
Керуендей **кетті**, жөнеді.
[170, 8-9]

Алты Албан сенің арқаңда...

Өлең айтып желіп ем...

Бұл жерден озып барушы ем...

Тайымда атпен қосылып,
Талай **түстім** дуанға.
Ау, бір күн кетерсің,
Қу дүниеге қуанба.
Тырнақтап жиған дүниенің...

Телқозыға сәлем де,
Елімдегі ескі көз еді.

Қазасы **жетіп** Құлмамбет,
Керуендей **көшіп** жөнеді.

**ҚОЛЖАЗБА МҰРАЛАР –
ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ**



ҚОЛЖАЗБА МҰРАЛАР – ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ

ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МҰРАЛАРДЫ ЖИНАУДЫҢ ҚЫСҚАША ЖЫЛНАМАСЫ

Халық әдебиеті, бабалардан аманат болып жеткен көркем сөз өнері – ұрпақтан ұрпаққа жалғанып халықпен қатар өмір сүріп келе жатқан рухани мұра. Сондықтан онда халықтың бастан кешкен бүкіл өмір жолы, тарихи, тағдыр-талайы, арман-мұраты сыр түйген. Бастапқы авторлары белгісіз, халық арасында бірте-бірте жетіліп, толығып, көркемдене түскен халқымыздың салтына қатысты, болмаса салтқа қатыссыз мұралары баға жетпес бай қазына болып саналады. Қай халықтың болмасын мәдени мұрасының жиналу, жариялану, зерттелу тарихын нақты уақытпен, дәл тауып айту қиын. Ол қаншалықты көне болса, оның түп негізі де тым тереңге тамыр тартады. Қазақ халық әдебиетінің байырғы сілемдері VII-VIII ғасыр жәдігерлері Орхон-Енисей жазбаларынан көрініс тапса, бергісі – ортағасырлық жазба мұрағаттардан бой көрсетеді.

XIX ғасырдың алғашқы ширегінен бері ғана там-тұмдап хатқа түсе бастаған халық әдебиеті ауыр кезеңдерді бастан өткерді. Бұған Ресей және Кеңес империяларының отаршылдық саясаты мен бодандық бұғауынан булыққан халқымыздың ұлттық санасының таяздауы ерекше әсер етті. Екіншіден, өз құрамында толық отар болып енген елдің жер байлығы мен шикізат көзін, халқының шаруашылық жайын, тұрмыс тіршілігін, мәдениетін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, діні мен тілін жете зерттеуге Ресей үкіметі мүдделі болды. Алайда, атадан балаға құт болып дарыған аса бай фольклорлық мұраларымыз бен авторлық ауыз әдебиетінің асыл үлгілері атүсті жиналып, алаланып жарияланды. XX ғасырдың жиыrmасыншы жылдарына дейін жазылып алынған аздаған мұралардың өзі бір орталыққа топтасырылмады, ғылыми жүйеге түсірілмеді. Сөйтіп, бірте-бірте көмескіленіп, жад иелерімен бірге ұмытыла бастады.

Қазақ халық әдебиетінің жиналу тарихнамасын үш кезеңге бөліп қарастырып, ғылыми негіздеуге болады. Алғашқы кезең Ресей империясының қазақ жерін отарлауымен тығыз байланысты өрбіп отырды және жинау жұмыстарында сол саясаттың мақсат-мүдделері басшылыққа алынды. Көшпелі өмір салтын ұстанған қазақ халқының рухани құндылықтарына қызығушылықтың астарында, ең алдымен отарлаудың, кейін бірте-бірте орыстандырудың бағыт-бағдарлары жоспарланған еді. Сол мақсатта 1744 жылы Орынбор губерниясы

құрылып, осы құрылымның негізінде қазақ даласын, сол арқылы бүкіл Орта Азия елдерін бағындырудың алғашқы қадамдары жасалды. Сол себепті елдің фольклорын, авторлық ауыз әдебиетін, этнографиясын жинауды желеу етіп, Қазақстанның батысы мен солтүстігіне, шығысына арнайы ұйымдастырылған Ресейдің барлаушы әскери экспедицияларының құрамына енген Л.И.Андре (Д.Андре), И.Г.Андреев, Л.Ф.Баллюзек, Ф.Ф.Берг, И.Ф.Бларамберг, А.И.Бутаков, Я.П.Гавердовский, А.К.Гейнс, Г.Ф.Генс, Д.Гладышев, М.И.Иванин, А.Ф.Голубев т.б. ондаған саяхатшы-жиһангерлер ел аралап, халықтың тіліне, діліне, дініне, салт-дәстүріне, жер-суға, табиғат байлықтарына, билік пен құқықтық жүйесіне қатысты материалдарды, деректік мәліметтерді хатқа түсірді. Алайда, олар халық мұраларын жүйелі, ғылыми тұрғыда жинауды мақсат етпегендіктен, әскери қажеттілікке керектерін ғана іріктеп алып, негізгі рухани құндылықтарға ерекше мән бермеді. Материалдар құпия, әскери мүддеге сай жиналғандықтан, олардың дені жарияланым көрмеді.

Халық мұрасына шынайы жанашырлық танытқан В.В.Вельяминов-Зернов, А.И.Левшин, В.В.Радлов, И.Н.Березин, Г.Н.Потанин, Н.П.Остроумов, П.Н.Распопов, А.Е.Алекторов, Н.Н.Пантусов, А.Н.Харузин, П.М.Мелиоранский, В.В.Бартольд, П.П.Румянцев, А.Н.Седельников, Ә.Диваев сияқты көптеген оқымысты-ғалымдардың, өлкетанушылардың, саяхатшылардың көзқарастары әскерилерге қарама-қайшы, өзгеше пиғылда, ғылыми сипатта болды. Олардың алдына қойған мақсаттары – халық әдебиеті үлгілерін мейлінше сапалы, жүйелі жинақтап, оларды мүмкіндігінше орыс тіліне аударып бастыру, тіпті болмағанда екі тілдегі мәтінді қоса жариялау арқылы өзге халықтарға таныстыру, ғылыми айналымға түсіру. Бұл ретте тіл мәселесі қолбайлау болып, жинаушылар мен айтушылар арасында түрлі қиыншылықтар туғызғанмен, сол кезеңде жазып алынған қолжазбалар, солардың негізінде Қазан төңкерісіне дейін Ресейдің ірі қалаларының баспаларында жеке жинақ болып жарық көрген жинақтар, басылымдардағы жарияланымдар, экспедициялар барысында түсірілген фотосуреттер т.б. бүгінгі күні сақталып қалған халық мұраларының елеулі бөлігін құрайды. Әсіресе, эпостық жырлар, ертегілер, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, аңыздар мейлінше мол жиналып, Ресейде, Қазақстан көлемінде шығатын басылымдарда жиі жарияланып тұрды. Мәселен, ел арасынан жинаған ертегілерді, жұмбақтарды М.Иванов 1842 жылы «Татар хрестоматиясы», В.В.Радлов 1870 жылы «Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи (Ч.3), Я.Лютш 1883 жылы «Киргизская хрестоматия», И.Березин 1890 жылы «Турецкая хрестоматия» (Ч.2), А.Алекто-

ров 1889 жылы «Қырғыз хрестоматиясы», Г.Потанин 1916 жылы «Қазақ, Алтай ертегілері» т.б. жинақтарға енгізді, сондай-ақ бұл мұралар Қазан төңкерісіне дейін жарық көрген «Ежигодник Туркестанского края», «Туркестанские Ведомости», «Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области», «Туркестанские Сборники», «Дала уалаятының» газеті», «Торғай облыстық ведомосының газеті» т.б. ондаған басылымдарда жарияланып отырды. Сол себепті қолжазбалар мен сирек кітаптардың, жалпы фольклорлық, авторлық ауыз әдебиетінің жиналу тарихын сөз еткенде, осынау орыс ғалымдарының ерен еңбектерін назардан тыс қалдырмай, тың ғылыми көзқарастармен толықтырып, жаңаша зерделеу кейінгі толқын зерттеушілердің де басты міндеттерінің бірі ретінде қарастырылуға тиісті.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап жергілікті қазақтардың арасынан да Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, С.Бабажанов, Б.Дауылбаев, С.Жантөрин, Т.Сейдалин, Б.Қарпықов, Ұ.Көнтеков, Н.Сабанбаев, С.Тілемісов, Д.Беркінбаев, Б.Наурызбаев, С.Шорманов, Х.Ғали, М.Көпеев, Ж.Шайхисламұлы, Ү.Толыбеков, А.Сабалұлы, М.Тынышлықұлы, Ораз молда, Ш.Білтебайұлы, Қ.Байғұлұлы, Е.Есенжолов сынды жаңаша оқыған, білімді азаматтар шығып, ұлттық мұраларды жинауға, жариялауға белсенді түрде араласа бастады. Бұл үрдіс ұлттық сананың ояна бастауымен тығыз байланысты болғандықтан, олар халық шығармаларын тарихи-танымдық, идеялық, көркемдік қасиеттеріне, жанрлық ерекшеліктеріне, әдет-ғұрып, салт-дәстүрге ерекше мән берді. Сондықтан да аталған жинаушылар хатқа түсірген фольклорлық-этнографиялық материалдар өзінің кең ауқымымен, жазылу сапасымен ерекшеленеді. Қазақ жинаушылары XX ғасырдың бас кезіне дейін фольклорлық, авторлық ауыз әдебиеті үлгілерінен жекелеген жинақтар шығарып, сол тұста үлкен сұранысқа ие болған халық туындыларын, олардың орыс тіліндегі аудармаларын бүкілресейлік, қазақстандық басылымдарда, ресми баспасөз беттерінде жариялауға мүдделілік танытты.

Атап айтқанда, 1807 жылы Қазанда қазақ тілінде басылған «Сейфулмәлік» дастанынан бастап 1918 жылы Ж.Шайхисламұлы баспаға дайындаған «Қисса-и уақиға-и Кәрбәла үшбу-дүр хәзрет-и имам Хұсаин разиаллағәнә» жырына дейін 150-ден астам қазақтың төл, шығыс сюжеттерінің желісіне құрылған эпостық туындылар, мақал-мәтелдер, аңыздар, жұмбақтар, ертегілер, ақындар шығармалары басылым көрді. Олардың арасынан «Жұмбақ: Сапарғали мен Нұржанның айтысқан жұмбақтары» (1903), баспаға С.Мұхаммедсалықұлы дайындаған «Жұмбақ: Қыз бен Жігіттің айтысқаны» (1903), «Қазақтың тойбастары» (1903), «Терме қазақтікі», О.Жәнібеков құрастырған «Жұмбақ və

мақаллар» (1908), Ш.Жиһангерұлы мен Мейрам Ысқақұлы әзірлеген «Келіннің бетін ашатын терме», «Қазақ мақалдары» (1914) т.б. жеке жанрларды қамтыған жинақтарды кездестіруге болады. Сонымен қатар олардың жинаған материалдары сол тұста оқырмандарға кеңінен танымал «Туркестанские ведомости», «Материалы по статистике Туркестанского края», «Древняя и новая Россия», «Ежигодник Туркестанского края», «Торғай газеті», «Тургайские Областные Ведомости», «Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті», «Айқап», ««Астраханский Вестник», «Родник», «Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области», «Вестник Оренбургского учебного округа» т.б. басылымдарда жариялап отырды. Бұл ретте аталған топтың жинаушылық қабілеті ұлан-ғайыр қазақ жерін, атадан балаға аманат ретінде жеткен телегей-теңіз сөз өнерін толық қамти алмағанымен, қазіргі егемен елдің келешек ұрпақтарға жеткізетін ұлттық қазынасының елеулі бөлшегі болып қала береді.

Халықтың рухани мұраларын кешенді түрде жинау, ғылыми негізде жүйелеу, сақтау, жарыққа шығару жұмыстары Кеңестер дәуірінде жолға қойылып, арнайы қолжазбалар мен сирек кітаптар қорлары ашылғаны баршаға мәлім. Біржақты саясаттың салдарынан сөз өнерінің жүзден бірі жиналса да, бүгінгі ұрпақтың сұранысын қанағаттандырып отырған қолжазба мұралар – сол кезеңнің жемісі екендігін ашып айтуға тиіспіз. Халық әдебиетінің хатқа түсіп, қолжазбалардың бір орталыққа жиналуы Қазан төңкерісінен кейінгі алғашқы фольклорлық-ағартушылық жұмыстардың бір саласы ретінде жүргізілді. Осы игілікті істің басы-қасында белгілі фольклортанушы, қазақ халық әдебиетінің шынайы жанашыры Ә.Диваев жүрді. Оның ұйымдастырған кешенді фольклорлық-этнографиялық экспедициялары мол жетістіктерге қол жеткізіп, жиналған материалдар Қазақстан ғылыми-зерттеу қоғамының аясында алғаш рет бір орталыққа топтастырылды. Бара-бара бұл іс-шаралар КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының Тіл және әдебиет институтының қарауына өтіп, ғылыми тұрғыда қарқынды жүргізіле бастағаны белгілі. Кейін 1961 жылы аталған институт жеке екі құрылымға бөлініп, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының іргесі қаланғанға дейін ұйымдастырылған экспедициялардың барысында қазіргі қолжазба мұралардың қомақты бөлігі жиналды. Дәлірек айтқанда, Қостанай (1935, 1946), Жетісу (1937), Маңғыстау (1939), Семей (1939, 1940, 1946, 1947, 1958, 1959), Қызылорда – Арал (1940, 1942, 1954), Ақмола – Көкшетау (1946, 1950), Қарақалпақстан (1946), Батыс Қазақстан (1947, 1954, 1957), Омбы (1947, 1948, 1950, 1960), Оңтүстік Қазақстан (1953), Қарағанды (1955), Таулы Алтай (1956), Орынбор (1958), Талдықорған

(1958), Шығыс Қазақстан (1958, 1959) экспедициялары Қазақстанның түкпір-түкпірін аралап, ақындар шығармашылығының, фольклорлық және авторлық ауыз әдебиеті үлгілерінің мол қорын жинауға қол жеткізді. Бұл ретте институттың Б.Жақыпбаев, М.Ахметов, С.Батырбеков, М.Жұматаев, Ә.Наурызбаев, И.Ұйқыбаев, М.Хәкімжанова, С.Бегалин, З.Зейтгаппарова, Ә.Әбдірахманов, Ж.Аралбаев, Т.Сыдықов, Д.Шалабеков, Ә.Бөрібаев, М.Мезгілбаев, Б.Уахатов, С.Ордалиев, Ж.Аралбаев, Қ.Байғұлұлы, Қ.Амантайұлы, Е.Есенжолов, Р.Малыбаев т.б. ғылыми қызметкерлері түрлі экспедицияларға қатысып, қолжазба қорының қалыптасуына, халық мұрасының толығына атсалысты.

Осы кезеңде ғана жинау, жүйелеу, сақтау, жариялау, зерттеу шаралары бір ғылыми орталыққа шоғырланып, ұлттық қолжазба қорларын ашуға мүмкіндік туды. Ә.Диваевтің 1920 жылғы кешенді экспедициясы мен 1998 жылғы Ұлттық Ғылым академиясы тарапынан ұйымдастырылған фронтальді [тұтас жинау] фольклорлық-этнографиялық экспедицияның арқасында Қазақстанның түкпір-түкпіріне, Орта Азия елдеріне, Мәскеу, Ленинград, Қазан, Уфа, Омбы т.б. қаларға ондаған арнайы жинаушы топтар аттанып отырды. Бұлардың ішінен А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамбетұлы, І.Жансүгірұлы, С.Сейфуллаұлы, Ә.Марғұлан, Е.Ысмайылов, Ә.Қоңыратбаев, С.Қасқабасов, М.Мағауин, М.Ғұмарова, Т.Бекхожина, Ү.Сұбханбердина, Б.Адамбаев, М.Байділдаев, Қ.Сыдиқыұлы, М.Жармұхамедұлы, Қ.Саттаров, М.Шафиғи т.б. сияқты көптеген маманданған, кәсіби фольклортанушы-жинаушыларды атауға болады. Олар өздеріне дейінгі осы салада жинақталған тәжірибелерден тәлім алды және Кеңес кезеңнің ең озық әдіс-тәсілдеріне арқа сүйеді. Мұнан өзге Қазақстанның барлық өңірлерінде қоғамдық тұрғыда жинаушылар белгіленіп, олар Ұлттық Ғылым академиясы тарапынан қаржыландырылып отырды. Кеңес өкіметінің осындай іс-шаралары өз жемісін беріп, хатқа түскен мұралар сирек қорлардың 90 пайызын құрады.

Сол тұста институттың жұмыс жоспарлары мақсатты түрде жасалып, оларды іске асыру барысында КСРО елдерінің осы салаға байланысты бай тәжірибесі назарға алынды және солардың басшылығымен мамандардың біліктілігі арттырылды. Әсіресе, Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург), Мәскеу, Қазан, Ташкент, Душанбе қалаларындағы Шығыстану, Қолжазба және сирек кітаптар институттарының жұмыс тәжірибелері зор септігін тигізді.

Орталық ғылыми кітапхана мен институт қорларында сақталған қолжазба мұралардың қомақты бір бөлігін Қазақстанның түкпір-түкпірінен жинап, тапсырған қарапайым еңбек адамдарының рухани мұралардың шынайы жанашырлары екендігін ерекше атап өткен жөн. Олар

арнайы білімді, кәсіпқой мамандар болмаса да рухани мұраларға зор жауапкершілікпен қарап, жинап-теріп қорларға өз қолдарымен өткізді, болмаса ғылыми іс-сапарда, экспедициялардың құрамында жүрген ғалымдардың қолдарына табыс етіп отырды. Осы ретте жинаған халық әдебиеті үлгілері орасан көлемімен де, жүйелі сипатымен де ерекшеленетін Ә.Қайнарбаев, Ш.Қалмағамбетов, Ж.Мәдиев, Е.Құлсариев, Ү.Кәрібаев, К.Әзербай, Қ.Жүсіпов, С.Керімбеков, Ә.Сариев, Қ.Сауранбаев сынды ел адамдарының есімдерін еске түсірген жөн.

Саяси шектеулер болғанмен де Кеңес кезеңінде фольклорлық, авторлық ауыз әдебиеті үлгілерінің жалпы көпшілік, ғылыми-көпшілік басылымдары жарияланып тұрды. Олардың қатарында А.Баржақсыбаласының «Мың бір мақал» (1923), Ш.Сарыбаевтың «Терме» (1923), Ә.Диваевтың «Тарту» (1924), «Балаларға тарту» (1926), А.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» (1925), Х.Досмұхамедұлының «Аламан» (1924), М.Әуезовтың «Ел әдебиеті» (1927), С.Сейфуллиннің «Ескі әдебиет нұсқалары» (1931), Ө.Тұрманжановтың «Қазақ мақалдары мен мәтелдері» (1935), С.Аманжоловтың «Қазақтың халық жұмбақтары» (1940, 1959), «Қыз Жібек» (1963), үштомдық «Айтыстар» (1964-1966), «Пернедегі термелер» (1965), «Көрұғлы» (1966, 1973), «Қобыланды батыр» жыры (1975), «Ғашық-наме» (1976) «Қазақ халық әдебиеті» көптомдығының он жеті томы – «Батырлар жырының» сегіз томы (1986–1995), «Ертегілердің» төрт томы (1988–1989), «Айтыстың» екі томы (1988), «Дастандардың» екі томы (1990) т.б. жинақтар мен оқулықтар, олардың қайта басылымдары бар.

Ел тәуелсіздігін жариялаған 1991 жылдан кейін әдеби-мәдени мұраларға деген көзқарастар күрт өзгеріп, саяси-идеологиялық шектеулер, цензуралық бақылаулар алынып тасталғаны белгілі. Осы кезеңде ұзақ жылдар бойы тыйым салынып келген ұлттық тарихқа, дінге, салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа, шежіреге қатысты халық шығармаларын ашық жинауға, заманға лайық жүйелеуге, түпнұсқа негізінде жариялауға, жаңаша зерттеуге мүмкіндіктер туындады. Алыс-жақын шетелдерге іс-сапарларға, экспедициялар құрамында еркін баруға, сол арқылы әлемнің түкпір-түкпіріне шашылып кеткен рухани құндылықтарды елге қайтаруға мемлекет тарапынан жағдайлар жасалды. Әсіресе, Қазақстан аумағындағы жинау жұмыстары жолға қойылып, жаппай жариялау, халық арасында насихаттау шараларына мән берілді. Осыған байланысты 1998 жылғы «Қазақстандағы Халықтар бірлігі мен тарих жылына» орай Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы ұйымдастырған бірыңғай (фронтальді) жинау экспедицияларына М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтымен қатар Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология, А.Байтұр-

сынов атындағы Тіл білімі институттарының мамандары да атсалысып, халық әдебиетіне, салт-дәстүрге, тілге қатысты материалдардың мол қорын жинауға қол жеткізілді. Соның негізінде жоғары оқу орындарының студенттеріне, ізденуші-зерттеушілерге арналған оқулықтар, әдістемелік құралдар, монографиялық еңбектер жазылды.

Жаңа ғасырдың 2004-2013 жылдар аралығында Институт ғалымдары халық әдебиеті мұраларын кешенді түрде жинауға ден қойып, Қазақстаннан бөлек, халқымыз тығыз қоныстанған Қытай, Монғолия, Түркия, Ресей, Өзбекстан, Қарақалпақстан, Тәжікстан, Түркіменстан елдеріне ғылыми экспедициялар ұйымдастырды. Соның негізінде қолжазба қоры жүздеген әдеби жәдігерлермен, музыкалық туындылармен толықты. Бүгінде жоғарыда аталған кітапхана мен институт қорында сақталған 3500-ден астам бумада араб (шағатай, қадім, төте), латын, қолданыстағы кирилл жазуында хатқа түскен 1000 000-ға жуық фольклорлық, авторлық ауыз әдебиеті үлгілерінің қолжазба нұсқалары сақталған. Мұнан өзге XVII ғасыр мен XX ғасырдың басына дейін жарық көрген қазақ мәдениеті мен тарихына қатысты көне басылымдар, литографиялық кітаптар, фотосуреттер, сондай-ақ ұнтаспалар мен бейнетаспалар, микрофильмдер, микрофишалар арнайы зерттеулерді талап етеді. Сол қолжазбалардың арасындағы Жаяу Мұса Байжанұлының, Сәдуақас Шорманұлының, Шәді Жәңгірұлының, Тұрмағамбет Ізтілеуовтің т.б. авторлық қолтаңбалары ұлттың аса бағалы қазынасы екендігін айтып кеткен орынды.

Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу жылдарында ғана халқымыздың бүкіл рухани өмірінде болып көрмеген ірі жобалар, бағдарламалар жүзеге асырылды. Солардың бірі – «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша тек фольклорлық мұралардың негізінде 2004-2013 жылдар аралығында «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясы ғылыми басылымы жарық көрді. Топтамада эпостық жырлардан, халық прозасынан шағын жанрларға дейінгі туындылардың дені қамтылып, келешекте осы үрдісті жалғастыру мәселелері қолға алына бастады. Сөйтіп, ата-бабалардан аманат болып қалған осынау құндылықтарды уақыт талабына сай жас ұрпақтың санасына сіңіріп, отансүйгіштік рухта тәрбиелеуге мүмкіндіктер туғызылды.

Қолжазбалардың жиналу тарихын, ғылыми сипаттамасын жазу жұмыстары да жолға қойылып, 1975-2013 жылдар аралығында «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» топтамасының батырлық, тарихи, ғашықтық жырларға, тәуелсіздікті жырлайтын эпостарға, ертегілерге, дастандарға, XV ғасыр мен XX ғасырдың басында өмір сүрген ақындар шығармашылығына, айтыстарға арналған 10 томы басылым көрді.

Дегенмен, кеңес кезеңіндегі идеологиялық шектеулерге, кейінгі жылдары қорлардың толығуына байланысты бұл топтамаларда халық туындыларының барлық жанрлары толық қамтылды деуге болмайды. Сондай-ақ жинақтарда қолжазба мәтіндердің өлшемі, сапасы, сия-қағазы, атауы, айтушы-авторы, жинаушы-тапсырушысы, жазуы, нұсқалары, аңдатпасы т.б. қысқаша мәліметтер ғана қарастырылды. Келешекте осы үрдісті жалғастырып, қорларда сақталған фольклорлық, авторлық ауыз әдебиеті үлгілерінің негізінде топтаманы 50 томға дейін жалғастыру жоспары көзделген. Осы ретте қоғамдық ғылымдар арасында зерттелуі кенжелеп қалған қолжазбатану, мәтінтану салаларын зерттеудің бағыт-бағдарлары, арнайы жобалары жасалып, гранттық байқауларға ұсынылғандығын айта кеткен жөн.

Рухани жәдігерлердің хатқа түсірілу, басылым көру жылнама-сын қарастыратын «Фольклорлық мұралардың жиналу, жариялану тарихы» атты зерттеу 2014 жылы жарыққа шықты. Еңбекте фольклорлық мұраларды жинаудың бастаулары, жеткізуші, ілгергі-бергі жинаушы-жариялаушылардың қысқаша өмірдеректері, жүйелену, жариялану үрдістері, түрлі шетел саяхатшы-жиһангездердің, ғалым-зерттеушілерінің қазақ халық әдебиеті туралы көзқарастары, ой-пікірлері нысанаға алынды. Сонымен бірге жоғарыда көрсетілген Ш.Уәлиханов пен Ы.Алтынсариннен бергі ұлт өкілдерінің туған халқының рухани құндылықтарын жинаудағы құлшынысы, жанашырлығы, жүйелеп жариялаудағы ерен еңбектері де жан-жақты қарастырылып, мұралардың XVIII ғасыр мен XXI ғасырдың басына дейін жарияланған үлгілерінің ғылыми ұстанымдары, көпнұсқалық, текстологиялық ерекшеліктері сөз болады.

Осы орайда жинаққа енген фольклорлық жанрлардың дені іргелі түрде арнайы зерттеліп, олардың жиналу, жариялану тарихына қатысты толымды ізденістер, ғылыми тұжырымдар жасалғандығын, ғылыми басылымдарының жарық көргендігін атап өткен орынды. Алайда, ол еңбектердің көпшілігі Кеңес кезеңінде жазылып, жарияланғандықтан, бүгінгі ғылыми талаптарға сәйкестене бермейтіні белгілі. Екіншіден, сол тұстағы ізденуші-зерттеушілердің көпшілігі араб жазуын (шағатай, қадім, төте) оқи білмегендіктен, қажетті мәтіндермен толық танысудың мүмкіндіктері болмады. Үшіншіден, еліміздің тәуелсіздігін жариялағаннан кейінгі жылдары Қазақстан аумағынан, алыс-жақын шетелдерден жиналған біршама халық шығармалары әлі де ғылыми айналымға енгенгендіктен, жалпы оқырмандарға беймәлім болып келді. Осы ұжымдық жинақтың авторлары аталған олқылықтардың орнын толтырып, елдің негізгі қолжазба қорларында сақталған фольклорлық үлгілерді, олардың нұсқалары мен версияларын толық

қамтып, зерде елегінен өткізуге тырысты. Тағы бір айта кетерлік жайт, орыс, қалмақ, алтай, карел т.б. халықтардың фольклорлық жанрларының жиналу, жариялану тарихы жеке-жеке зерттеліп, диссертациялық, монографиялық еңбектер жазылды. Ал қазақ фольклортанушылары бұл бағытта әлі де іргелі ізденістер жасай қоймағандықтан, аталған ұжымдық зерттеуді келешекте атқарылатын толымды жұмыстардың бастамасы деуге негіз бар.

ЖҰМБАҚТАРДЫҢ ЖИНАЛУ, ЖАРИЯЛАНУ, ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Фольклорлық мұралардың ішінде қазіргі еркін ойлы жас ұрпақтың рухани өміріне қосқан сүбелі үлесі, өзіндік орны бар саласы – жұмбақтар. Олар қазақ халық әдебиетінің басқа жанрлары іспетті ертеден келе жатқан, көне түрінің санатына жатады. Жұмбақтардың шығу төркініне анықтап зер салатын болсақ, сөз өнерінің тарихымен ұштасып, бұл да біртіндеп қалыптасып, қоғамның ағысымен өзгеріске түсіп, жаңарып отырғанын аңғаруға болады. Жұмбақтар халықтың рухани өміріне мәңгі орнығып, басынан кешкен сан-алуан құбылыстарды дәл басып, оның мазмұнын бүгінгі күнге дейін сақтап келді. Ілкі замандардан адамдар өздерінің ой-санасы мен өмір сүру тәжірибелерінің артуына байланысты қажетті заттарға өзгеріс, жаңалық енгізу арқылы қоғамды ілгері жылжытып отырды. Ал жұмбақтардың қалыптасуы қоғамның дамуымен қоян-қолтық байланысты екені даусыз. Бұл жөнінде Ә.Марғұлан «Қазақ әдебиетінің тарихына» арнап жазған «Жұмбақтар» дейтін еңбегінде атап өтеді [1, 178-179].

Қоғам дамыған сайын жұмбақтардың тақырыптық аясы кеңейіп, ішкі мазмұны жанданып, жаңғыра түседі. Осы тұрғыда М.Ғабдуллин мынандай пікірге келеді: «Жұмбаққа фантазиядан да деректілік, нақтылық басым келеді. Ол жұмбақ көлеміне енетін нәрселерді алыстағы бұлдырдан алмайды, адамның көз алдындағы, күн сайын көріп, біліп отырған нәрселерден алады [2, 88].

Жұмбақтардың дүниежүзі халықтарының бәріне ортақ ерекшелігі – тақырыптық жағынан ұқсас келетіндігі. Атап айтқанда, адам және оның тіршілігі, табиғат, жаратылыс көріністері мен құбылыстары, жан-жануарлар, жәндіктер т.б. Мәселен, аспан әлемін, жер және су сияқты сиқырлы құбылыстарды жұмбақ қылмаған халық кемде-кем. Олардың барлығы дерлік табиғат ерекшеліктері мен жаратылыс құбылыстарындағы құпияларды өз туындыларында шешуге талпыныс жасап, ой-санасын, ішкі дүниесін жетілдіре түсті. Бұл жайлы академик М.Әуезов: «Жалпы алғанда, жұмбақ адамның дүниетану жолындағы ойының, қиялының шамасын білдіреді» [3, 5] деген пікір білдірсе, орыс ғалымы Д.Н.Садовников мына тұжырымға келеді: «Происхождение загадки относится к темной древности, к тому времени когда человек глядел на природу как на что-то живое, когда явления ее были для него подавляющей, страшной тайной. Олицетворяя их, дикий первобытных времен слагал свой образный миф, и многие из загадок носят на себе несомненный отпечаток этой мифологической древности» [4, 1-2]. Бұл пайымдарды белгілі фольклоршы О.Ф.Миллер де

куаттайды [5, 61]. Жоғарыда келтірілген пікірлер қазақ жұмбақтарына да қатысты екендігін дәлелдеу үшін табиғат, жаратылыс құбылыстарына байланысты сан-алуан жұмбақтарды мысалға келтіруге болады.

Әрине, қазақ жұмбақтарының ішкі мазмұны мен тақырыбында, құрылымында өзге халықтарда кездесе бермейтін ұлттық айшық, салт-сана, дәстүр т.б. айшықтар молынан ұшырасады. Қазақ жұмбақтарының ілкі замандардан келе жатқанын XII-XIV ғасырлардың жазба ескерткіштеріне жататын Құмандар кітабының (Кодекс куманикустың) 1936 жылы Копенгагенде К.Гренбек бастырған түпнұсқасы бойынша тілші ғалым Ә.Құрышжанов аударған нұсқасынан көруге болады.

Жинаққа енген 50-ге жуық жұмбақтардың арасынан қазақ тілінде қазірге дейін қолданып жүрген мынандай бір топ жұмбақтарды іріктеп алуға болады:

- | | |
|--|--|
| 1. Сенде, менде жоқ,
Сеңгір тауда жоқ.
Берік таста жоқ,
Қыпшақта жоқ.
(Шешуі: құс сүті). | 2. Ішер, жер,
Ініне кіреп.
(Шешуі: пышақ) |
| 3. Аузын ашса өңімен көрінеді,
(Шешуі: есік ашқанда көрінген үй ортасындағы от) | |
| 4. Ақ үй, аузы-мұрны жоқ үй.
(Шешуі: жұмыртқа) | 5. Ерте тұрдым, алып ұрдым.
(Шешуі: есік) |
| 6. Жазда жабулы қайыс жатыр.
(Шешуі: кірпі). | |
| 7. Жазда жабулы тоқпақ жатыр.
(Шешуі: бес саусақ). | |
| 8. Белдеуде бес ат, бесеу де қасқа
ат. | |
| 9. Ұзын ағаш басында
Ұлы бітіс бітірдім.
(Шешуі: көсеу) | 10. Отырғаным оба жер,
Басқаным бақыр шанақ.
(Шешуі: үзеңгі, аттың ері). |

Міне, осындай оншақты жұмбақтың қазіргі тілімізге өте етене жақын, тіпті төл туындымызға айналып кеткенін аңғару қиын емес.

Жұмбақ жанрының ел аузынан жиналып, баспа жүзін көруі XIX ғасырдың екінші жартысынан белең алды. Қазақ фольклоры үлгілерін, соның ішінде жұмбақтардың жинақтап, жариялауда Ш.Уәли-

ханов, В.Г.Радлов, Я.Лютш, Ә.Диваев, М.Иванов, Л.М.Мелиоранский, М.Ибрагимов т.б. ғалымдар, халық мұрасын жинаушылар қомақты үлестерін қосты. Олар алғаш рет қазақ халқының өзі тудырған жұмбақтары арқылы биік мәдениеті, терең ой-санасын, рухани өмірін, салт-дәстүрі мен эстетикалық талғамын төрткүл дүниеге паш етті.

Арнайы қазақ ауыз әдебиеті үлгілеріне арналмағанмен, 1842 жылы М.Иванов жарыққа шығарған «Татар хрестоматиясында» [6] бір топ қазақ жұмбақтары тұңғыш рет жарық көрді. Бұдан кейінгі кезеңдерде жұмбақтарды өз алдына жеке жариялау ісі қолға алына бастады. Кезінде Ш.Уәлиханов ел арасынан қазақтың фольклорлық мұраларын жинау барысында қыз бен жігіттің шағын жұмбақ айтысын жазып алғандығын аңғаруға болады. Ленинград мемлекеттік мұрағатында сақталып қалған бұл қолжазбаны кейін академик Ә.Марғұлан елге алып келіп, жеке мұрағатына енгізген. Кейін шағын айтысты ғалымның шәкірті С.Өтенияз «Ана тілі» газетінде, фольклортанушы Қ.Алпысбаева «Шоқан Уәлиханов және халық мұрасы» жинағында «Жұмбақ айтыс өлеңдері» деген атаумен жариялады [7].

Бұл шығарма қазақ халқы өкілінің қолымен хатқа түскен алғашқы жұмбақ болғандықтан, аз-кем тоқталып өткенді жөн санадық. Ең алдымен, айтысты қыз бен жігіт арасында өткен деуіміздің бір айғағы, шығарманың айтылу стилінде жастар арасында жиі кездесетін қайым айтыстың белгілері айқын аңғарылады. Ішкі мазмұнында жігіттің қызға ынтықтығы, қыздың сыпайы назы үйлесімін тауып отырады. Екіншіден, мәтінде «Жапырақтың асты ақтан, үсті шұбар, Қыздардың мұны білмес ақымақтары» деген сияқты дәлелді жолдар кездеседі. Мысалы, айтыстың мына тұсында жігіт қызды былайша сүріндірмек болады:

– Көше-көше ауылы көше болар,
Ойынсыз, күлкісіз ел мешеу болар.
Ақын болсаң, сөзіме жауап берші,
Токсан иттің емшегі нешеу болар?

Жігіттің ел алдында ұялтып, сөзден сүріндіруді ойлап, айтқан құйтырқы жұмбағына қыз:

– Айт десеңіз, айтайын бұған, билер,
Аң жүйрігін біледі қуған билер.
Емшегін тоқсан иттің білетін-ді,
Қолына көнек алып сауған билер, –

деп сабырлы кейіпте жігіттің жұмбағына сай жауап береді. Жыр тарыста дойбы, шырақ шам, қағаз-қалам, кітап, пара, меруерт тас, ай мен күн, апта, бір жылда оқылатын намаз саны жұмбақ ретінде жасырылып, ретімен шешіліп отырады. Бір өкініштісі, жұмбақ айтыс толық жазып алынбаған және кейбір тұстары үзіліп қалған. Мәселен, қыздың:

– Өуелде алтын қазық жылыстаған,
Береді Құдай қашан бейіс саған?!
Ақын болсаң, алдыңа сала айтайын,
Мұхаметтің сүйегін кім ұстаған? –

деген жұмбағы жауапсыз қалып, әрі қарай жігіт жазу, кітап, қағаз-қалам туралы жұмбақтарын айтып кетеді. Соған қарағанда, арада біраз шумақтар жазылмай қалған сыңайлы.

Қазақ халқының тұңғыш ағартушысы Ы.Алтынсаринның да ел ішінен фольклорлық мұраларды жинап, балаларды оқыту, тәрбиелеу жұмыстарына пайдаланғаны белгілі. Ол әріптес досы, орыс миссионері Н.Н. Ильминскийге 1876 жылы жазған хатында халық мұраларын оқу құралы ретінде қолдану жөнінде: «Татар тілінде жазылған кітаптардан құтылу үшін, қазақ тілінде оқуға арналған бастауыш кітабымды кеше ғана бастадым... Мысалдарды енгізгім келмейді, өйткені қатаң тұрмыста өскен қазақтарға бұдан гөрі мәндірек әңгімелер керек болады. Мысалдарды қазақ балалары оқығысы келмейтінін, оқыса оған күлетінін, ал олардың ата-аналары: балаларға сауысқан мен қарға сөйлеседі деген сияқты жоқ нәрсені үйретеді деп, тіпті тәжірибемнен білемін» [8], – деген ой білдіріп, алғаш қазақ тілінде жазылатын хрестоматиялық оқулыққа жұмбақтар, баланың ойын кеңітетін әңгімелер, сондай-ақ халық поэзиясының іріктелген үлгілері ғана енгізілетінін жазады. Алайда, аса қиындықпен жарыққа шыққан оқулықта оқушыларға этнопедагогикалық тәлім беретін халық мұралары толық қамтылмаған және ағартушының оның екінші томын жазбақшы болған мақсаты да орындалмағаны мәлім.

XIX ғасырдың ортасынан бастап қазақ халық әдебиетін жинап, жүйелеу, оларды Ресейдің орталық және губерниялық басылымдарында жариялау іс-шараларында орыс, татар, башқұрт, неміс т.б. ұлт өкілдері де белсенді араласты. Солардың бірі – филолог-педагог Мартиньян (Мартиниан) Иванов (1812 – ө.ж.б.). Ол 1825-1831 жылдары Орынбор қаласындағы Неплюев кадеттер корпусында, кейін Қазан университетінде Шығыс факультетінде оқыған кезеңдерінде, Орынбор әскери губернаторының кеңсесінде аудармашы болып қызмет

атқарған жылдары да туысқан татар, башқұрт, қазақ тілдерінің өте жақындығына қызығып, аталған халықтар арасынан жинаған материалдарының негізінде 1842 жылы Қазанда «Татар грамматикасы», «Татар хрестоматиясы» атты еңбектер жазып, жарыққа шығарады. Қазір бұл құнды жәдігерлер Ресей Педагогика академиясы Санкт-Петербург бөлімшесінің сирек қолжазбалар қорында сақталған. Зерттеуші тіл мәселелерімен қатар жоғарыда көрсетілген халықтардың фольклорына да ден қойып, әсіресе жұмбақтарды жинауға ерекше көңіл бөлген. Сондықтан М. Ивановтың «Татар хрестоматиясында» қазақ жұмбақтарының да енегізілуі кездейсоқтық емес.

Ресей, Еуропа елдеріне аса танымал түркітанушы, ориенталист, академик В.В.Радловтың (1837-1918) біршама ғылыми экспедициялары қазақ жеріне арнайы ұйымдастырылғаны белгілі. Атап айтқанда, ғалымның Жетісу өңіріне келген сапарлары (1868, 1869) сәтті аяқталған. Семей мен Верный қалалары аралығындағы ел аузынан батырлар, тарихи жырлар, мақал-мәтелдер, айтыстар, үйлену салтына қатысты өлеңдер, ертегілер, аңыздар, ырымдар, тиымдар т.б. фольклорлық үлгілерді жазып алған. Соның бір айғағы ретінде «Түркі тайпалары халық әдебиетінің үлгілеріне» енген «Қыз бен жігіттің жұмбақ айтысын» атауға болады.

Ғалым бұл айтысты ертегілердің санатына кіргізген. Себебі шығарманың кіріспесінде: «Бұрынғы заманда бір хан болыпты. Ханның бір қызы болыпты. Қызы бек көркем болыпты. Айттыра келсе, бермейді екен. Сөйтіп жүргенде бір жердің бір ханының баласы болыпты. Сол қызды аламын деп іздеп келіпті, әкесіне сөйлесіпті. Әкесі айтыпты: «Қызымның өзі біледі, – депті. – Барамын десе, барады, бармаймын десе, жігітке бармайды», ал аяқталуында: «Таптым ба? Тәлім қыз, енді жаның қалар ма? Тамағымнан бір сүйі!», – деді. «Таптың, жігітім, ақылың бар екен, енді тиемін саған». Тамағынан бір сүйді. Ол күні жатты, ертеңінде қызды алып, еліне қайтты. Әкесіне көп мал берді. Ханның баласы Тәлім қызды қатын қылып тұрды, бай болды, әкесі өлген соң өзі оның орнына хан болды. Сөйтіп, олардың барша мұраты басына жетті», – деген сияқты ертегілердің қалыпты сарыны байқалады. Бірақ шығарманың мазмұнында қыз бен жігіт арасындағы жұмбақ айтыстардың дәстүрлі қалыптары айқын аңғарылады. Қыз:

«Балқан тау да, Балқан тау
Басына шыққан кім екен?
Жолда тұрған жоңышқа,
Ат семірткен кім екен?
Жез бұйдалы нар тайлақ

Оны көрген бар ма екен?
Желдеп кеткен жеті атан
Оны көрген бар ма екен?
Қайтара шөккен қарт бура
Оны көрген бар ма екен?
Егіз қозы сүйексіз,
Оны көрген бар ма екен?
Айдалада жел арқан,
Оны көрген бар ма екен?
Айдалада қызыл ит,
Оны көрген бар ма екен?
Айдалада қу қазық,
Оны көрген бар ма екен?
Жай, жай кілем, жай кілем,
Оны көрген бар ма екен?
Түр-түр кілем, түр кілем,
Оны көрген бар ма екен?» –

деп саудагердің базарлап қайтқан жолындағы кездесетін нәрселерді жасырса, жігіт: «Балқан тау – базар; Ат семірткен – жолаушы; Жез бұйдалы нар тайлақ – бикештің өзі; Желдеп кеткен жеті атан – жеті атасы; Қайтара шөккен қарт бура – қайын атасы; Егіз қозы сүйексіз – екі емшегі; Айдалада жел арқан – жылан; Айдалада қызыл ит – түлкі; Айдалада қу қазық – қоян; Жай, жай кілем, жай кілем – жайылған қой; Түр-түр кілем, түр кілем – түрілген күн» екендігін өлеңмен дәл тауып, қызды жеңеді. Сөзден тұтылған қызды уәде бойынша әйелдікке алады. Айтыстың композициялық, стильдік құрылымына, мазмұндық сипатына қарағанда, шығарма – XIX ғасырдың екінші жартысында өткен жыр сайыстарының біріне жатады.

Бұл жөнінде В.Радлов жинаған фольклорлық мұралардың негізінде «Алтын сандық» жинағын құрастырушы фольклортанушылар С.Қасқабасов пен К.Ісмілжанұлы төмендегідей тұжырымдар келтіреді: «Бұл жұмбақ өлеңді В.Радлов ертегілердің қатарына қосқан. Оның себебі де бар. Қыз бен жігіттің жұмбақ айтысына ұқсас текстің басында ертегінің шартын баяндайтын кіріспе бар, қыздың жұмбағын шешкен жігіт оған үйленіп тынады. Бұл эпизод ертегілердегі, немесе эпостардағы жігіттің жар іздеу кезіндегі сынақтан өту жолын еске түсіреді. Бірақ баяндау шолақ, ертегілік сипат мүлде аз, керісінше, жұмбақ айтысына тән өрнектер мол болғандықтан, айтыстар қатарына қостық» [9, 230-231].

Қазақ руханияты жанашырларының қатарынан туысқан башқұрт халқының өкілі Шахмардан Ибрагимовты (1840-1891) да көруге болады. Орынбор губерниясындағы әскерилер отбасынан шыққан жасөспірім Сібір кадет корпусын аяқтасымен 1856-1862 жылдары Шыңғыс сұлтан ордасында тілмаш болып қызмет атқарды. Кейін Омбы мектебінде қазақ тілінен дәріс беріп, генерал-губернатор К.П.Кауфманның кеңсесінде парсы, татар тілдерінен аудармашы болды. Тұңғыш қазақ басылымы «Түркістан уалаятының газеті» (1870-1882) ашылғанда К.Кауфманның пәрменімен редактор лауазымына тағайындалды. Шығыс тілдеріне жетік азамат 1884 жылдан бастап дипломатиялық жұмыстарға араластырылып, 1890 жылы Сауд Аравиясында елші болып жүріп мезгілсіз қайтыс болды. Аға сұлтан Шыңғыс Уәлихановтың хатшысы қызметін атқарған жылдары өзінің турашылдығымен, білімділігімен жас Шоқанға үлгі бола білді. Ол дүниеден озғаннан кейін Шахмардан Мирасұлы ғалым еңбектерін жиыстырып, жүйеге түсірді. Генерал К.Кауфманды Алтын Емелге ертіп келіп, Шоқан зиратының мүшкіл халін көрсетуге ықпал етті. «Түркістан уалаятының газетінің» беттерінде қазақ ғалымның еңбегін дәріптеп, оған лайықты ескерткіш тұрғызу керектігін көрсетіп үш мақала жариялаған. Содан соң ғана губернатордың бұйрығымен басына тас орнатылып, Шоқанға байланысты ескеркіш сөздер ойылып жазылған.

Ш.Ибрагимов қазақ халқының тілін, тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, салт-дәстүрін өте жақсы білгендіктен, «Түркістан уалаятының газеті» тілінің шұбарланбауына, онда қазақ өміріне, халық әдебиеті мен этнографиясына, тарихына қатысты материалдар жиі жарияланып тұруына өзінің зор ықпалын тигізді. Газетте қазақтың этнографиясына, наным-сеніміне, ғұрпына, өмір-салтына, ұлттық спорт ойындарына, аңшылығына, сот жүйесіне т.б. байланысты еңбектер жазды. Өсіресе, ел арасынан жинаған халық әдебиеті үлгілерін көптеп жариялап отырды.

XIX ғасырдың жетпісінші жылдарында Ш.Ибрагимовтың жинауымен «Туркестанские ведомости» газетінің, «Материалы по статистике Туркестанского края», «Древняя и новая Россия» басылымдарында, «Ежегодник Туркестанского края» журналының [10] 1879 жылғы санында 50-ге жуық жұмбақ жауабымен бірге жарық көрді. Мысалы, жоғарыда көрсетілген «Материалы для статистики Туркестанского края» басылымында 104 мақал-мәтелмен бірге «Қалипа қыз бен Хасеннің жұмбақ айтысын» жариялаған. Қалипа айтыс үстінде 10 жұмбақ жасырып, өлеңмен оның бәрін дұрыс шешкен Хасен қаумалаған көпшіліктің ықыласына бөленеді.

Ш.М.Ибрагимов Орта Азия халықтарына қатысты 1870-1871 жылдар аралығында этнографиялық материалдар жинау барысында хатқа түскен бір топ мақал-мәтелдер мен 50-ге жуық жұмбақтар Жетісу облысынан жазып алынып, «Ежегодник Туркестанского края» басылымында шешуімен бірге жарияланған [11].

Өзге жанрлар сияқты қазақ жұмбақтарының аздап та болса жинала бастауы, там-тұмдап мерзімді баспасөзде, хрестоматиялық жинақтарда басылым көруі – орыс тілді зерттеушілердің назарын өзіне аударды. Бұл жанрдың халық өмірімен тікелей байланыстылығы, ішкі мазмұны мен көркемдік шеберліктің жоғарғы деңгейі, ондағы тапқырлық пен дашышпандық ойлардың ортақ нышандары құлағы түріктанушы ғалымдарын да елең еткізді. Халық туындылары мұнан өзге де көптеген ерекшеліктері мен қасиеттерінің арқасында өрісі кеңейіп, оқылу аясы молыға түсті. Жұмбақтардың жиналуы мен жариялануына байланысты қазақ зиялылары да біршама жұмыстар атқарды.

Бұл ретте сұлтандар Т.А.Сейдалин мен С.А.Жантөриннің есімдерін ерекше атап өткен орынды. Т.А.Сейдалин (1837-1901) – Орынбордағы Неплюев кадет корпусының түлегі, Орыс географиялық қоғамының мүшесі. Аталған оқу орнын аяқтаған 1855 жылдан кейін түрлі әкімшілік қызметтерін атқара жүріп қазақ қоғамындағы сот жүйесі туралы еңбектер жазып, ел ішінен этнографияға, фольклорға қатысты материалдар жинап, жүйелеп, орыс тіліне аударып, оларды мерзімді баспасөз беттерінде жариялап отырған.

С.А.Жантөрин (1837 – ө.ж.б.) де – Ресей географиялық қоғамының мүшесі, этнограф, ориенталист-зерттеуші. Орынбордағы Неплюев кадет корпусын 1855 жылы сотник шенінде бітіріп, Орынбор облыстық әкімшілік басқармасында қызмет істейді. Қазақтың халық әдебиеті, этнографиясы мен тұрмыс-тіршілігі жөнінде елеулі еңбектер жариялады. 1875 жылы Тілеу Сейдалинмен бірге «Қазақ поэзиясының үлгілері» зерттеуін [12, 249-419] жазып, 1885 жылы «Қазақ поэзиясының эпостық және лирикалық өлең үлгілері» жинағын шығарды. «Кенесары туралы жыр», «Қаратаудың басынан көш келеді», «Шалкиіздің Битемірге айтқаны» секілді тарихи жыр-толғауларды орыс тіліне аударды. Әсіресе, 1876 жылы Торғай облысына барған сапары сәтті аяқталып, ел аузынан фольклорлық, этнографиялық материалдарды мол жинап қайтқан.

Т.А.Сейдалин мен С.А.Жантөрин 1875 жылы «Болық қыз бен Елентай» атты жұмбақ айтыс орыс тіліне аударып, жарыққа шығарды. Бұл айтыс кейін 1887 жылы Н.Распопов құрастырған жинақта [13] көркем аудармасымен қайта жарияланды. «Болық қыз бен Елентай» айтысының жарыққа шығуы – қазақ жұмбақтарының күрделі, көр-

кемделген түрінің бар екендігін баршаға аян етті. Өлеңмен айтылатын жұмбақтың мазмұны қаншалық терең болғанына қарамай, оның жауабын қолма-қол, жүйелі түрде көркем тілмен қайтару орыс тілді ғалымдарды қатты таңдандырды.

Олар бұл құбылысты суырып салма ақындық өнердің шыңы, поэзияның шырқау шегі деп түсінді. Мұндай жыр сайысына түсу үшін айтыскерге ақындық өнермен қатар үлкен тапқырлық, білімділік, саналылық қажеттілігі белгілі. Жұмбақтардың орысша аудармасымен бірге жариялануы фольклоршылардың бұл жанрға деген қызығушылығын арттыра түсті.

Солардың бірі – П.М.Мелиоранский (1868-1906). Ол Санкт-Петербург университетінің Шығыстану факультетін араб-парсы-татар тілдері бойынша бітіргендіктен, кейін В.В.Радловтың шәкірті ретінде туркология саласын таңдағаны белгілі. Атақты ғалыммен бірге көне түркі ескерткіштерін оқып, бұл халықтардың тілдерін тануға машыққандықтан, оған қызмет бабында Орск өңірінде, Орынбор губерниясы мен Торғай облысында жүргенде жергілікті қазақ тілін үйрену көп қиындық туғызбаған. П.М.Мелиоранский қазақ тілін үйреніп, зерттеумен қатар ел аузынан фольклорлық мұраларды, әсіресе мақал-мәтелдер мен жұмбақтарды да жинай жүріп, мүмкіндігінше жариялап отырған. Солардың қатарында 1898 жылы жарыққа шығарған «Киргизские пословицы и загадки» [14, 39-50] атты басылымы да бар. Зерттеуші осы жинаққа 21 жұмбақты орысша аудармасымен қатар ұсынған.

Санкт-Петербург университетін ғылым кандидаты дәрежесінде аяқтап, Түркістан генерал-губернаторының әкімшілігінде іс-басқарушы, кейін Ташкент мұғалімдер семинариясында оқытушы болып қызмет атқарған шығыстанушы Я.Я.Лютштың (1854-ө.ж.б.) қазақ халық әдебиетіне деген көзқарасы ерекше болды. Оның семинарияда оқытушы болған 1879-1883 жылдар аралығында ғана (кейін Қашқарға елшілік жұмысына жіберілген – Т.Ә.) «Қырғыз хрестоматиясы» атты ауқымды оқулық жазуы – адам қызығарлық әрі таңқаларлық шаруа. Бұл оқулықта фольклорлық мұралармен қатар авторлық ауыз әдебиетінің үлгілері де қамтылған. Зерттеушінің жұмыс сынайына қарағанда, бұл материалдар сол Ташкент маңайындағы қазақтардан жиналған сияқты. Хрестоматияда 146 жұмбақ әліпби жүйесімен түзілген және табиғат, адам мен оның айналасы, қазақтар тұтынатын, күнкөріс-тіршілікте қолданатын заттардың көпшілігі жұмбақталған [15, 12-20]. Сондықтан тақырыпқа бөлінбесе де Я.Я.Лютштың «Қырғыз хрестоматиясындағы» жұмбақтарды ауқымы жағынан да, жүйелі түзілімі жағынан да ғылыми негізделген деуге әбден болады.

Белгілі орыс миссионері, этнограф, әрі антрополог А.Н.Харузиннің (1864-1932) этнографиялық материалдарға ғана емес, жұмбақтарға да көңіл бөлгені байқалады. Оның 1889 жылғы «Киргизы Букеевской орды» аталатын еңбегінде қазақтың импровизациялық (суырып салмалық) өнері сөз болып, жұмбақ айтыстан үзінді келтіріледі. [16, 132-138]. Онымен қызметтес болған А.Е.Алекторовтың айтуына қарағанда, ол бұл жұмбақ айтысты «Материалы для статистики Туркестанского края» басылымының 1874 жылғы III-шығарылымынан алған [17, 184].

XIX ғасырдың тоқсаныншы жылдары ел ішінен жиналған қазақ жұмбақтары Ресейдің ішкі қалалары мен Қазақстан көлемінде шығатын басылымдарында жиі-жиі жариялана бастады. Мысалы, Ресейдің ірі әскери қайраткерлерінің бірі, 1883 жылдан Сырдария облысының әскери губернаторы болған генерал-лейтенант, зерттеуші Н.И.Гродековтың (1843-1913) «Вестнике Европы» (1890, №1) журналына ұсынған жұмбақтарды айтуға болады.

М.Батбаев деген қазақ 1890 жылғы «Особое прибавление к Акмолинским Областным Ведомостям» газетінің 30-санында екі жұмбақтың араб әрпіндегі мәтіні мен орысша аудармасын жібереді. Ал сұлтан Т.Сейдалиев 1898 жылғы «Торғай газетінің» 12 санында Қожахмет пен Әубәкір ақынның жұмбақ айтысын жариялаған. Бұл айтыста Қожахмет кезегімен алты жұмбақ жасырса, қарсыласы оның бәрін шешеді.

Осы жылдары жинаушысы белгісіз Қостанай уезінен жіберілген жұмбақ топтамалары «Киргизские загадки» деген атаумен 1895 жылғы «Торғай газетінде» (1, 2, 3, 5, 6, 16, 18 сандары), орыс тіліне еркін аударылған 12 жұмбақ 1900 жылғы «Тургайские Областные Ведомостидың» 12-санында, сондай-ақ жұмбақтар «Образцы киргизской народной словесности» тақырыбымен де 1897 жылғы «Тургайские Областные Ведомости» газеттерінің беттерінде орыс тілінде жарияланып отырған.

Орыс миссионері А.В.Васильев (1861-1943) халық әдебиетін жинауға, қазақ тілін зерттеуде айырықша еңбек еткені белгілі. Әсіресе, ел ішінен жұмбақтарды хатқа түсіріп, жариялауға белсене араласты. XX ғасырдың басында қазақ жұмбақтарынан жүйелі, арнайы дайындалған бірден-бір басылым – 1900 жылы А.В.Васильев құрастырған «Киргизские загадки» атты жинақ болды.

Бұл кітаптағы 105 жұмбақтың жетеуі айтыс болса, 11-і дін тақырыбына арналды. Дінге байланысты жұмбақтар жөнінде құрастырушы: «Бұлардың көпшілігі хат танытын қырғыздардікі, молдалардікі» [18], – дейді. Алайда, жинақтағы материалдарды сұрыптай келіп, олардың қоғам мен шаруашылықтың түрлі салаларын қамтитынын аңғаруға

болады. Жұмбақтардың көпшілігі мал шаруашылығы мен көшпелі тұрмыста кездестірілетін заттар, халықтың айналасындағы жаратылысқа, табиғатқа қатысты екендігі байқалады. Сонымен бірге қоғамның дамуына байланысты кәсіпке, саудаға, отырықшылық тұрмысқа қажетті құрал-жабдықтарға, өзге жұрттардан енген тұрмыстық бұйымдарға орай туындаған жұмбақтар молынан кездеседі. Жинақтағы жұмбақ айтыстардың қатарында «Қыз бен жігіттің айтыс жұмбақтары», «Қожахмет пен Әубәкір» айтыстары бар. Құрастырушы соңғы жұмбақ сайысты «Дала уалаяты газетінің» беттеріне де жариялады [19].

А.В.Васильев кейбір жұмбақтар мен айтыстарды мерзімді баспасөз беттерінде де жариялап отыруды әдетке айналдырған. Атап айтқанда, «Қожахмет пен молда Әубәкірдің айтысын» 1900 жылғы «Киргизская степная газетаға» (22, 23-сандары), ал оны кейін жолма-жол орысша аудармасымен сол жылғы «Тургайская газетаның» 22, 24-сандарына ұсынған. «Киргизские загадки в виде состязаний джигита с девушкой» атты айтысты «Киргизская степная газетаның» аталған жылғы 20, 21-сандарында екі тілде жариялап, көшірмелерін «Торғай газетінің» 21-санында бастырған. Сонымен бірге соңғы газетте (9, 10, 12, 14-сандары) басылым көрген «Образцы киргизской словесности» деген топтамалардың арасында жұмбақтар да кездеседі.

Сол тұста қазақ жұмбақтарына қызыққан адамдардың бірі – Ішкі Қазақ Ордасы Приморский округының мұғалімі, «Астраханский Вестник» и «Листка» басылымдарының қызметкері Н.Иванов. Ол «Торғай газетінің» 1900 жылғы 17-санында «Киргизские загадки» деген атпен біраз жұмбақтарды, осы басылымның 1903 жылғы 20-санында «Қыз бен жігіттің жұмбақ айтысын» бастырады. Алайда, Н.Ивановтың кейде бұрын басылым көріп кеткен халық шығармаларын өзінің атынан жариялайтын кемшін тұстары да кездесіп қалады. Мысалы, «Родник» басылымының 1890 жылғы 6-санында «Асан и Усен» деген ертегіні жариялайды. Бұл туралы А.Е.Алекторов мынандай сын-пікір келтіреді: «Рассказ этот представляет собою перевод взятой из «Киргизской Хрестоматии» Алтынсарина статьи «Баймен жарлы баласы». г. Иванову следовало бы это указать» [17, 310].

Бүкіл саналы өмірін қазақ халық әдебиеті мен этнографиясын хатқа түсіріп, жариялауға, насихаттауға, зерттеуге арнаған Әубәкір Диваевтың (1856-1932) қажырлы еңбегі баршаға аян. Оның фольклорлық мұраларға деген қызығушылығы «Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области» басылымына арнап этнографиялық материалдар жинай бастаған XX ғасырдың басынан бастау алады. Ә.Диваев алғашқы 15 жұмбақты шешуімен аталған жинақтың 1895 жылғы IV шығарылымында жариялаған [20]. «Цар-девица и черный раб» атты

тағы бір жұмбақ-ертегіні 1904 жылғы «Тургайская газетаның» 18-санында шығарды.

Ә.Диваев XX ғасырдың алғашқы ширегінде де өзге халық әдебиетінің қатарында жұмбақтарды да хатқа түсіріп отырды. Профессор Ш.Керімнің деректеріне қарағанда, бұл қолжазбалардың кейбірі «Мәскеудегі Тарихи музейдің қолжазба қорындағы Н.И.Гродеков материалдарының арасында (307-к, 52, 5-8 бб.) сақталған [21, 13]. Фольклортанушының кеңес кезеңінде, әсіресе 1920-1921 жылдары өзі Сырдария мен Жетісу өңірлеріне арнайы ұйымдастырған экспедициялар кезінде жазылып алынған мұралардың арасында жұмбақтар да аз кездеспейді. Олардың дені Орталық ғылыми кітапхана мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының сирек қорларында жинақталып қалған. Атап айтқанда, кітапхана қорының 1444-бумасында Ә.Диваев 1920 жылғы Сырдария экспедициясы кезінде жиналған түрлі тақырыптағы 16 жұмбақ, «Шораяқ Омардың жұмбағы», «Молда Нұрмағамбеттің жұмбақ өлеңі», институт қорының 153-бумасындағы зерттеушінің «Тарту» жинағында «Жұмбақшыл патша қызды қара құл жеңген» ертегісі сияқты шығармалар топтасқан.

Сабыржан Мұхаметсалықұлының құрастыруымен 1903 жылы «Жұмбақ қазақ тілінде» дейтін арнайы кітапша жарық көрді [22]. Жинаққа «Мұхаметсадықұлы Сабыржан мен келіншектің жұмбақ айтысы», «Сапарғали мен Нұржанның айтысы» сынды айтыстар кірген. Айтыстың соңғысы 1908 жылы белгілі Алаш қайраткері Омар Жәнібековтің дайындауымен шыққан «Жұмбақ вә мақаллар» [23] аталған кітапшада қайта жариялым көрді.

Жоғарыда аталған жұмбақ айтыстардың көлемі мен көркемдігі жағынан тұшымдылары «Болық қыз бен Елентай», «Сапарғали мен Нұржан» және «Қожахмет пен Әубәкір» сияқты жыр бәсекелері болды.

Қожахмет пен Әубәкірдің жұмбақ жыр жарысы саяси-әлеуметтік тақырыпқа жататындығы айтыс барысында байқалады. Қожахмет алты жұмбақ жасырады, Әубәкір алтауын да шешеді. Аталған алты жұмбақтың төртеуі де – ақ патшаның қазақ жерін отарлау саясатын айыптауға арналған. Бұл айтыстағы тағы бір ерекшелік – Қожахметтің қоғамға жаңа енген телеграфты жұмбақ етуі. Алтыншы жұмбағы жеті қазынаның бірі – ит.

«Қожахмет пен Әубәкір айтысы» қазақ халқының отаршылдыққа деген ашу-ызасынан туындағаны байқалады, жұмбақтардың ішкі мазмұнында патшаның озбырлығына қарсы саяси тұрғыдағы өшпенділік жатыр. «Болық қыз бен Елентай айтысында» жаратылыс құбылыстары мен табиғат көріністері, хайуанаттар дүниесі, аспан әлемі

мен жердің асты-үсті жұмбаққа айналады. Болық қыз қарсылысына сегіз жұмбақ жасырады, Елентай бәрінің де жауабын табады. Айтыстың басты идеясы – халыққа Ислам дінін уағыздау, жаратқан жалғыз Аллаға нандыру.

«Сапарғали мен Нұржан айтысының» артықшылығы да таза жұмбақ стилімен айтылуында. Мұндағы жұмбақтардың тақырыбы ауыл тұрмысының болмысы, қоғамға жаңа енген завод, фабрика, сауда және оларға қатысты кәсіптерге байланысты.

Германияның Любек қаласында туып-өскен этнограф, түркітанушы Р.Карутц түркімендердің салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын зерттеу мақсатында 1903 жылы Маңғыстау түбегіне келеді. Алайда, ол өлкеде түркімендер емес, қазақтар тұратынын көріп таңданғанмен, кейін осы жергілікті халықтың этнографиясын, жалпы мәдениетін зерттеуге кірісіп кетеді. Бастаған ісін аяқтау үшін 1909 жылы қайта оралып, «Ueber Kirgise u. Nord Turkmenen. Aus dem Leben der Steppe von Dr. R. Karutz» атты еңбек жазған. Лейпциг қаласында 1911 жылы жарыққа шыққан бұл этнографиялық зерттеуді кейін Е.Петри «Среди киргизов и туркмен на Мангышлаке» деген атпен аударып, Санкт-Петербургда бастырады. Осы еңбекке енген ертегілер мен мақал-мәтелдердің арасында 4 жұмбақтың мәтіні ұсынылған [24, 91].

И.Адылев деген жинаушы Орал қазақтарының арасынан жинаған мақал-мәтелдер мен жұмбақтарды орыс тіліне аударып, «Образцы народного творчества у киргиз Уральской области» деген тақырыппен 1913 жылғы «Вестник Оренбургского учебного округа» басылымының 4-санына жариялаған. Мәтіндерге берілген шағын түсініктемеде жинаушы әдебиетке, дәстүрге, өнерге қатысты ықылас-пейілін былайша білдіреді: «Киргизи очень любят пословицы, загадки, песни, сказки и т.п. У них даже есть обыкновенье (конок кадэ), состоящее в том, что гостя заставляют, пока варится мясо, спеть, рассказать что-нибудь или задавать трудно разгадываемые загадки» [25, 144-147]. Осы кіріспе-түсініктемеден кейін 39 мақал-мәтел мен 18 жұмбақ, қыз бен жігіттің жыр сайысын енгізеді. Жұмбақтар түрлі тақырыптарды қамтиды, арасында жануар-жәндіктер, киіз үй және оның жабдықтары, тұрмыстық заттар т.б. туралы туындылар бар. Бір қызығы, И.Адылев «Қыз бен жігіттің жұмбақ айтысын» дәл аудара алмағандықтан, қысқаша мазмұнын ғана тәржімалаған. Дәстүрлі айтыстарда негізі жұмбақтарды қыздар жасыратын болса, бұл сайыста керісінше, жігіт жасырып, қыз олардың шешуін айтып отырады. Тақырыбы – кең дала, қызыл тіл, ыстық ықылас, 360 күн, ай, сағат, жұлдыз т.б.

Тағы бір айырықша айта кетерлік жайт, аталған басылымның редакциясы округтегі мұғалімдер мен оқырмандарға мынандай маңызды

ескертү жазады: «...редакция обращается к учителям русско-инородческих школ Оренбургского уч.округа и ко лицам хорошо знающим туземные языки с просьбой заняться возможно полным собранием у разных инородцов пословицы, загадок, песен, сказок и пр., систематизировав их по отделам: мифологического, бытового, исторического, общественного и др. характера. Те образцы народного творчества необходимо излагать в двух столбцах, в которых первый на инородческом языке, но в русской транскрипции, а второй заключать в себе дословный перевод на русском языке. Текст на инородным языке должен быть написан самым тщательным образом, чтобы каждая буква была отчетливо и ясно написана, дабы не смешать ее с какой-либо другой. Все рукописи должны быть снабжены полями для необходимых исправлений и замечаний» [26].

XX ғасырдың бас кезеңіндегі қазақ басылымдарында халық әдебиетінің басқа үлгілері секілді жұмбақтар да там-тұмдап жарияланып тұрды. Сол басылымдардың ішінде 1911-1915 жылдары жарық көріп отырған «Айқап» журналының алатын орны ерекше. Басылым саяси-әлеуметтік, оқу-ағарту, тарихи-мәдени мәселелермен қатар әдебиетті де кең көлемде насихаттағандықтан, халық мұралары да көптеп жарияланып отырған. Солардың қатарында жұмбақтар да журнал оқырмандарына жол тауып, көпшілік талқысына түсті. Олардың дені авторлардың атынан ұсынылғанмен де журналда басылым көрген кейбір жұмбақтарға арнайы тоқталып өткен жөн сияқты.

«Айқап» журналының 1913 жылғы 17-санында Сыдық Бисалиев деген автордың «Жұмбақ әңгіме» аталған қысқа диалогтан құрылған шағын әңгімесі жарияланған. Шығармада кейіпкерлердің есімдері тек бас әріптермен берілген. «Б» есімді азамат жұмбақ жасырады да диалогқа «Қ», «С» деген кейіпкерлер араласады, бірақ олардың оны шешуге ықыластары болмайды. Жұмбақтың шешімін де «Б-ның» өзі айтып отырады. Жалпы жұмбақтың мазмұны былайша өрбиді: «Әй, жігіттер, бүгін мен бек қуанып отырмын біздің халықтың баяғыдан бері құл болып, айналасында не болып жатқанынын көре алмай, туып, өсіп-өніп келе жатқан қараңғы үйінің көп терезелерінің біреуінің ашылғанын естіп». Алайда, жігіттің не үшін қуанғанын, «қараңғы үй», «көп терезенің біреуі ашылды» дегені не екендігін жолдастары долбарлағанмен, шеше алмайды. Өздерінше ақыл айтып, көлгірсиді. Ал жігіт «қараңғы үй – қалың қазақ», ал «ашылған терезе – ол жаңа шылып жатқан «Айқап» журналы екендігін айтып, достарына түсіндірмекші болады. Бірақ «С»: «Айқапсыз-ақ» күнімізді көреміз» десе, «Қ»: «Мен қазақша оқу білмеймін, маған журналдың керегі аз» деп бетін қайтарып тастайды.

Сонда «Б»: «Біздерді адам болады деп расходтанып оқытып жүр-ау! Біздерге де ақ пенен қараны, халал мен харамды, жақсы менен жаманды айыратын пайдалы, халық үшін өзін құрбан қылатұғын адамдарға қарайтұғын көзбенен қарап, қарамызға мәз болып жүр-ау! Қайдан білсін, біздің арамызда адамның беті қойдың кенесі сықылданып күнін өткізіп жүрген адамдардың көп екенін» [27, 73-75], – деп қамығып, дәрменсіздік білдіреді.

Арада жүз жыл өтіп, қараңғылық жойылып, ел тәуелсіздігін алғаннан кейін де осы кейіпкерлердің ізін жалғаушылардың тіпті көбейіп бара жатқанын күнделікті өмірден көріп, таңданбасқа, мойынсынбасқа амал жоқ. Осы бір ғасырда қандай жетістікке жеттік, неден ұтылды? – деген сауал еріксіз сананы жаулайды.

«Айқаптың» 1914 жылғы 10-санында Байбатыр Ержанның бір қарасөз, бір өлең жұмбағы басылым көрген. Ол өлең жұмбағын сыртқа қойған бір табақ судың қуыс мұз болуы туралы жазып, «дәлелін бұл нәрсенің таппай қойма» деп шешуін журнал оқырмандарының талқысына салады. Бірақ ешкім оның шешуін тауып, журнал бетіне жарияламайды. Ал «Бала көтеріп тұрған қатынға біреу:

– Бұл көтеріп тұрған бала өзіңізге қай жағынан жақын болады? – деп сұрағанда, қатын:

– Баламның баласы, байымның інісі, – деп жауап береді, бұл қалай? – деген қарасөз жұмбағына журналдың келесі санында бірнеше оқырман дәл шешуін жазып жібереді. Солардың бірі – Бимұхамбет Майлин. Оның жауабы:

«Мысалы, бір баласы бар тұл қатын бір күнді ержеткен баласымен сатып алады. Сонан соң күннің баласын азат қылып, өзі соған тиеді. Қожа қатынның баласы күңіне жақындық қылса, содан туған бала – баласының баласы, байының інісі болып табылады» [28, 217].

Журналдың 1914 жылығы 18-санындағы Жүсіпжан Демінев жіберген діни жұмбақтарды келесі санында Ибрахим Жүсіпов, Ермұхамбет Сатыбалдин деген оқырмандар дұрыс шешкен. Сондай-ақ басылымның сол жылғы 10, 12, 17-сандарында түрлі тақырыптардағы жұмбақтар жарық көріп, келесі сандарында жауаптары жарияланып отырған. Мысалы, журналдың 1913 жылғы 24-санында «Арғымақ пен есекті, аққу мен жапалақты, көгершін мен қаратағанды қосақтап суреттеу арқылы сол тұстағы қазақ әйелдерінің халін, теңіне қосыла алмайтындығын бейнелеген» бірнеше жұмбақтар берілген.

Дегенмен, Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдерде қазақ жұмбақтары қарқынды түрде жиналып, жариялану деңгейі қарыштап кете алмады. Оның да өзіндік себептері аз емес еді. Біріншіден, қазақ халқының саяси-әлеуметтік, қоғамдық өміріне үлкен бетбұрыстар жасап, газет-жур-

налдар шығаруға талпынған, сол баспасөз беттерінде елдің мұн-мұқтажын, әл-ауқат ахуалдарын білдіріп, фольклорлық қазыналарды аздап болса да жарыққа шығаруды мақсат тұтқан зиялы азаматтардың қолдарын қаржы тапшылығы байласа, екіншіден, патша үкіметінің қазақ жерін билеуші әкімшіліктерінің қатал тәртібі мен цензурасы аяққа тұсау болды. Әсіресе, мұндай кедергілер XX ғасырдың бас кезінде айқын көрініс тапты. Қазан төңкерісіне дейінгі уақыттарда бірлі-жарым жеке жинақтар болмаса, жұмбақтар көбінше баспасөз беттерінде, құрама жинақтарда ғана жарияланып отырды. Арнайы жанр ретінде зерттеліп, жүйеленбегендіктен, жариялану ұстанымдары да әр түрлі болды. Баспасөз беттеріне жүйесіз, ретсіз жіберілсе де, жинақтарға енгендері шамаға қарай сұрыпталып, түрлі тақырыптар маңына топтастырылған. Халық әдебиетінің басқа салалары сияқты жұмбақтарды жинауда, жариялауда көптеген кемшіліктер кетті.

Жұмбақтардың шығу төркіні, ішкі мазмұн-мағынасы мен көркемдік ерекшелігі, оның түрлері мен өзге жанрлармен байланысы жөнінде татымды зерттеулер жүргізілмеді, тіпті көп нұсқалығы туралы сөз де қозғалмады. Бұл немқұрайлылық Қазан төңкерісінен кейінгі жылдарда да жұмбақтардың зерттелуіне өз әсерін тигізбей қалмады. Сонымен қатар айтушы, жинаушы, тапсырушылар туралы деректер берілмеді, тіпті бұрынғы жинақтарда, баспасөз беттерінде жарық көрген жұмбақтарға сілтеме, түсініктер берілмеді.

Қазақ жұмбақтарының кешенді түрде жиналуына, ғылыми жүйеленуіне 1920-1921 жылдардағы Ә.Диваев экспедициясының, отызыншы жылдардағы Қазақстан ұлт мәдениеті ғылыми-зерттеу институты қызметкерлерінің ел арасына шыққан іс-сапарларының барысында хатқа түсірілген материалдар негіз болды. Әсіресе, осы ғылыми мекеменің қызметкерлері М.Ахметұлының Павлодардың Баянауыл, Н.Салықұлы мен С.Бегалиннің Қарағандының Қарқаралы өңірлерінен, Ш.Сарыбайұлының т.б. Алматы облысынан жинаған жұмбақтары Орталық ғылыми кітапхананың сирек қорын жасақтауға, оны толықтыруға септігін тигізді.

Осының негізінде кәсіби қазақ мамандары араласқан алғашқы жұмбақтардың жинағы 1934 жылы дайындалды. Оны құрастырып, алғы сөзін жазған дәрігер, белгілі жазушы Зейін Шашкин (1912-1966) болды. Ол 1930 жылдан бастап Мәскеудің тарих, философия және әдебиет институтында оқып, Абайдың ақындық шеберлігі туралы ғылыми еңбек жазған, Е.Ысмайыловпен бірігіп әдебиет теориясынан еңбек жаза бастаған алғашқы әдебиеттанушы зерттеушілердің бірі еді. З.Шашкин тұңғыш рет жұмбақтарды тақырыптарға жүйелеп, оларға арнап ғылыми алғы сөз жазды. Осы шағын ғана зерттеуінде жазушы

жұмбақтардың көркемдік сипаты туралы былайша ой қозғайды: «...Жұмбақ – әдебиетке ірі қазына. Қазақ әдебиетінің классигі Абай үш жұмбақ жазған. Өзінің айтайын деген пікірін сол жұмбақта айта алған. Жұмбақ – поэзияға жақын жанр. Өте-мөте сықаққа жақын.

Кішкентай бір мақұлық, түрі – ала,
Ағаштан атырабына соққан қала.
Ішінде сол қаланың өмір өтер,
Сабыр қып сахараға шықпас жана.
Жаралған өзі ғана артық болып,
Болжайды әр нәрсені айтып қана.

Міне, бұл жұмбақ – ірі поэзия. Мұнда, біріншіден – бейнелеу, екіншіден – үйлесім, үшіншіден ырғақ бар. Төртіншіден, тіл оралымы қысқа, бос сөз жоқ. Өз дәуірінің тілімен толық көрсете алған. Жұмбақ поэзиясын толық тексеріп, зерттесе әдебиетке үлкен мұра болып табылады» [29, 6].

Латын әрпінде көлемі 104 беттен тұратын жинақтағы мәтіндер алғаш рет 23 тақырыптың маңайына топтастырылған. Атап айтқанда, олар: аспан, жер, хайуандар, жәндіктер, егіс және өсімдіктер, адам және оның мүшелері, тамақ, киім-кешек, үй-қыстақ, от жағу-жарық қылу, ыдыс-аяқ, қол ісі, үй саймандары және керек-жарак, шаруашылық құрылысы, қатынас, жүріс-тұрыс, оқу-білім, техника және жаңа ақша, ойын сауық және ән-күй, уақыт, жаңа жұмбақтар, дін туралы жұмбақтар және жұмбақ айтыс, барлығы – 507 мәтін [30]. Екінші бөлімде ретімен олардың жауаптары берілген. Құрастырушы жинақтың құрылымы мен тақырыптық жүйесі туралы: «Бұл жұмбақ жинағы әрбір тақырыпқа қарай белгіленген. Барлығы – 23 бөлім бар. Ең ақырғы жұмбақ – жастардың, акындардың айтысы. Мұндағы мақсат – көпшілікке түсінікті болу жағын қарастырдық. Ең алдымен, жаратылыс, одан жаратылыс жемісі – адам, адамның істеп, өзіне пайдаланған қоғам, жартылыс көріністерін жіктеп, бөліп жібердік. ...Жұмбақтың ішінде дін тақырыбына арнап бір бөлім жіберілді. Ондағы мақсат – дінді дәріптеу емес, Сол дәуірде Исламның дінінің күште екендігін, оның байлар табының құралы екендігінің бетін ашып, зерттеу мақсатымен жіберілді. Дін туралы екен деп алып тастауға болмайды. Сондықтан әрбір дәуірдің экономикасы, қоғам құрылысы мен қатынастарының арасын ашу жөнінен бұл жұмбақтар үлкен материал береді» [30], – деп жүйелеу жұмысының күрделілігін айта келіп, заман ағымына байланысты дін мәселесін күрделендірмей-ақ атаиестік саясатқа бағыттап жібереді. Бірақ дін тақырыбындағы жұмбақтарды алып

тастауға мақсатты түрде қарсылық білдіреді. Жинақтың бұл алғашқы дайындалымы белгісіз себептермен дер кезінде басылым көрмегендіктен, 1938 жылы баспаға қайта әзірленген. З.Шашкинның алғы сөзі мен бұрынғы тақырыптар сақталып қалғанмен, толықтырылып машинкаға терілген. Көлемі – 156 бетті құрайды, 945 жұмбақ қамтылған. Алайда, З.Шашкиннің 1938 саяси жаламен 10 жылға сотталуына байланысты жинақ тағы да жарық көрмей қалады.

Кеңес дәуірінде осы шағын жанрды фольклордың күрделі бір саласы ретінде зерттеген, жинауға және жариялауға көп тер төккен ғалым Сәрсен Аманжолов болды. Ол 1940 жылы жұмбақтарды тақырыптық ұстаныммен жүйелеп, тұңғыш рет толымды жинақ шығарды. Әрине еңбектің негізін 1934-1938 жылдары З.Шашкин дайындаған тақырыптық жүйе мен мәтіндер құрады. Алайда, сол тұста ұшынып тұрған кеңестік идеологияның салдарынан біраз жұмбақтар қысқартылып, дін тақырыбындағы мәтіндер толығымен алынып тасталған.

Жинақтың алғы сөзін жазған академик М.Әуезов: «Жалпы, жұмбақты сөз образының кілті есебінде тануға болады. Жұмбақ ақындықтың ұрығы, дәні тәрізді. Бұл жақтарынан тексеріп тану да ғылымдық міндет» [31, 4], – деген пікір білдіреді. Латын әліпбиімен басылған бұл жинақта реттік санмен нөмірленген 129 халық жұмбағы топтасқан. Кітап үлкен үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімге: жаратылыс құбылыстары, табиғат, жануарлар мен хайуанаттар, жәндіктер мен өсімдіктер, аспан, жер жайлы туындылар енгізілсе; екінші, үшінші бөлімдерде: адам және оның тіршілігіне қатысты заттар, адам қолынан жасалған құрал-саймандар, қоғамға жаңа кірген бұйымдар мен жұмбақ айтыстар орын алған.

Қамтылған жұмбақ мәтіндері 20 тақырыптың аясында жүйеленген. Мәтіндердің арасынан ескіден келе жатқан халық мұралары мен кеңес дәуірінде дүниеге келген жаңа туындыларды да ұшырастыруға болады. Бұл жөнінде М.Әуезов төмендегідей түсінік береді: «Бұл кітапта Ғылым академиясының Қазақстандық филиалы әзір өзінің қолына түскен қазақ жұмбақтарын жинастырып, олардың дұрыстарын тұтас беруге мақсат тұтты. Сол себепті мұнда бұрынғы жұмбақ, бүгінгі жұмбақ деп бөлген бөлектеу болмады» (31, 4). Жинақтың соңғы жағында қыз бен жігіттің шағын айтысы берілген. Сұлу қыз жас жігіттің парасатын пайымдау үшін өзі туралы, аспан әлемі қақында жұмбақ өлең айтады. Ақылды жігіт жұмбақтың бәрін дәл тауып, қыз көңілінен шығады. Сөйтіп, екеуі көңіл қосып, армандарына жетеді. Бұл кітап – қазақ жұмбақтарының жариялану тарихының бір ғасырға жуық уақыт аралығында тақырыптық ұстаныммен сәтті жүйеленген, мазмұн жағынан өте бай, көркемдік құрылысы келісті, эстетикалық мәні жоға-

ры бірден-бір жинақ болды. Ғалымның ерен еңбегін, жинақты құрастырудағы сәттіліктер мен олқылықтарды таразы басына қатар қоя отырып, басылымды қазақ жұмбақтануының бастамасы десек, шындыққа саяды.

С.Аманжолов пен Т.Жанұзақов 1959 жылы «Қазақтың халық жұмбақтарын» толықтырып екінші рет бастырды. М.Әуезов 1940 жылғы басылымдағы «Жұмбақтар туралы» дейтін мақаласын жаңғыртып, жинаққа алғы сөз ретінде ұсынған. Тақырыпқа байланысты сұрыптауда бұрынғы жүйе өзгеріссіз қалғанмен, көптеген жаңа туындылармен толықтырылған. «Алғы сөзде» тыңнан қосылған жұмбақтар Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтына қарасты қолжазба қорының есебінен алынғаны сөз болады. Әр тақырыптың соңында жаңа жұмбақтар жеке-жеке топтастырылғандықтан, оларды анықтау қиындық тудырмайды. Осы орайда айта кетерлік бір жайт, толықтырылған жұмбақтардың бұрынғы нұсқалары алынып тасталған. Мысалы, жер жайындағы мәтіндер 11 жаңа туындымен толықтырылса, бұрынғы варианттарының 17-сі шығып қалған. Дәл мұндай өзгерістер барлық тақырыптарға тән. Мақалада жинаққа енген бір топ жұмбақ айтыстар туралы ғылыми пікірлер, тұшымды тұжырымдар беріледі. Айтыстарға байланысты М.Әуезов: «Жұмбақтың өзіндегі ақындық көбінесе, едәуір күшті ақындық болды. Сондықтан ақындар жұмбақ үлгісімен жыр айтуды таңдамалы есебінде қолданды» (32, 6), – дейді.

Құрастырушылар «Қазақтың халық жұмбақтарына» Сапарғали мен Нұржанның, Әсет пен Ырысжанның, Болық қыз бен Елентайдың, Рақымжан мен Ыбыраштың, Орынбай мен Қожаның, Мамық пен Жүсіптің айтысы сынды көлемі қомақты әрі тілі көркем жыр сайыстарын енгізген. Дәл мұндай көлемді жұмбақ айтыстар бұрын-соңды жарияланып көрмеген еді.

Фольклорлық туындылардың, оның ішінде жұмбақтардың шын мәнінде мол жиналуы кеңес дәуірінде айырықша жолға қойылғандығын мойындауға тиіспіз. Осы кезеңде ғана жинау, жүйелеу, сақтау, жариялау, зерттеу шаралары бір ғылыми орталыққа шоғырланып, ұлттық қолжазба қорларын ашуға мүмкіндік туды. Алдымен, КСРО ҒА Қазақ фиалалы Тіл және әдебиет институтының, 1961 жылдан Қазақ КСР ҒА-ның М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ұйымдастыруымен 40-50 жылдардан бастап ел арасына шыққан фольклорлық-этнографиялық экспедициялардың, ғылыми іс-сапарлардың негізінде ғылыми қызметкерлер Қазақстанның түкпір-түкпіріне, Орта Азия елдеріне, Мәскеу, Ленинград, Қазан, Уфа, Омбы т.б. қаларға арнайы жіберіліп отырған. Бұлардың ішінен Ә.Марғұлан, Е.Ысмайылов, Ә.Қоңыратбаев, С.Қасқабасов, М.Ғұмарова, Т.Бекхожина, Ү.Сұбхан-

бердина, Б.Адамбаев, М.Байділдаев, Қ.Сыдиықұлы, М.Жармұхамедұлы, М.Шафиғи т.б. сияқты көптеген маманданған, кәсіби фольклортанушы-жинаушыларды атауға болады. Олар өздеріне дейінгі осы салада жинақталған тәжірибелерден тәлім алды және қазіргі кезеңнің ең озық әдіс-тәсілдеріне арқа сүйеді. Мұнан өзге Қазақстанның барлық өңірлерінде қоғамдық тұрғы да жинаушылар белгіленіп, олар Ұлттық Ғылым академиясы тарапынан қаржыландырылып отырды. Кеңес өкіметінің осындай іс-шаралары өз жемісін беріп, хатқа түскен мұралар сирек қорлардың 90 пайызын құрады.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының құрамында 1962 жылы қолжазба бөлімі, сексенінші жылдардың аяғында «Қолжазба және текстология» орталығы ашылып, қолжазба мәтіндерді жүйелеу, каталогтау; деректану және библиография, текстология және мәтіндерді жариялау бағыттары бойынша қызу жұмыстар атқарыла бастады. Алғаш қазақ фольклоры мен авторлық ауыз әдебиеті үлгілерінің жанрлық сипаты, олардың ішкі жанрлық түрлері анықталды. Жүйеленген әр мәтін атауы, жинаушысы, авторы (жыршысы) бойынша жеке-жеке құжатталып, арнайы карташаларға түсіріледі. Аудиотаспалар мен күйтабаққа түскен музыкалық, дыбыстық мұралар да осы ретпен жүйеге түсірілді. Солардың бірі – жұмбақ жанры.

Қазақстан 1991 жылы толық тәуелсіздікке жетіп, еліміз оңаша отау тіккен кезден бастап рухани мұраларды еркін зерттеп, цензураның бақылауынсыз жариялауға мүмкіндік туды. «Қазақстандағы Халықтар бірлігі мен тарих жылына» (1998) орайластырылып ұйымдастырылған кешенді экспедицияның, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының аясында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының осы жылдарда республика аумағына, қазақтар тығыз қоныстанған Ресей, Монғолия, Қытай, Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Тәжікстан елдеріне мақсатты халықаралық экспедицияларының, арнайы ғылыми іс-сапарларының барысында жиналған халық мұралары, оның арасында жұмбақтардың жинақталуын бұрын-соңды болмаған нәтижелі еңбек деп айтуға негіз бар.

Осы толымды еңбектердің, сондай-ақ жоғарыда аталған қолжазба қорларының негізінде 2004 – 2013 жылдар аралығында «Бабалар сөзі» жүз томдық сериясының 100 томы жарық көрді. Топтаманың 64-томы жұмбақтарға арналды. Қазақ кітаптарының жариялану тарихында фольклорлық мұраның дәл осындай кең ауқымда, мақсатты түрде жариялануы – еліміздің көркем мәдениетінің қарыштап өркендеуіне ерекше серпін берді. Себебі халық әдебиетінен текстологияның теориялық негіздеріне сай фольклор үлгілерінен жүз томдық ғылыми

басылым дайындау – дүниежүзі бойынша теңдесі жоқ жоба болып табылады.

Қазан төңкерісінен бергі қазақ жұмбақтарының хатқа түсіп, жиналуына атсалысқандарды үлкен екі топқа бөліп қарастыруға болады. Оның алғашқысы – зерттеуші-маман, ғалымдар болса, екіншісі – халық мұраларының ел арасындағы жанашырлары, жеке жинаушылар.

Академик Ә.Марғұланнның 1927-1928 жылдары Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) қаласындағы Шығыстану институтының түркітану және тарих-филология факультеттерінде оқып жүргеннен бастап халық мұрасына қызығушылық танытып, жинаған материалдарының біразын сол институттың сирек қорына өткізіп отырғаны белгілі. Бүгінде ғалымның 1939 жылы өзге де фольклорлық туындылармен бірге жинаған түрлі тақырыптарды қамтитын 45 жұмбақ, 1944 жылы жазып алған «Гүлбағлаш пен Көбек таздың айтысы» Орталық ғылыми кітапхананың 1078-бумасында сақталып қалған.

КазПИ-дің студенті Д.Шәменовтің 1937 жылғы, 1939 жылы Пахтарал экспедициясы кезінде Тіл және әдебиет институтының қызметкері Т.Әлпейісов ел арасынан хатқа түсірген бір топ жұмбақ та осы бумада жинақталған. І.Жансүгірұлы 1920 жылғы Жетісу экспедициясынан бастап жинап, саяси қуғынға ұшырауына байланысты жеке мұрағатында сақталып қалып, кейін жары Ф.Ғабитова 1948 жылы К.Барлыбеков деген адамнан жазып алған 48 жұмбақ аталған бумада, 1941 жылы өткізген 134 туынды сол қордың 144-бумасында топтасқан.

Белгілі әдебиеттанушы Тұрлыбек Сыдықов (1925-2010) – халық әдебиетінің үлгілерін жинауда аянбай еңбек еткен ғалымдардың бірі. Оның «Батыс Қазақстан», «Қызылорда – Оңтүстік Қазақстан» (1954), «Батыс Қазақстан – Гурьев» (1957), «Орынбор» (1958), «Омбы» (1960), «Павлодар» (1961) экспедициялары кезінде жинаған фольклорлық, авторлық ауыз әдебиеті үлгілері институт қорының қалыптасып, толығына зор үлесін қосты. Аталған мұралардың арасында жұмбақтар да кездеседі. Мәселен, 1882 жылы Мұртаза Бөлекұлы деген адамның ескі қадім жазуындағы қолжазба жинағына шешусіз:

Бір мақұлық бір мақұлыққа қарсы келген,
Арасына бір көк мұз түсе берген.
Мұз құласа біреуі ғайып болар,
Бірі жанды, біреуі жансыз екен (193-бума), –

деп басталатын 24 жол өлең жұмбақ енген.

Институттың сирек қорындағы әдебиеттанушы, ардагер-ұстаз Ш.Кәрібаевтың жеке қорында жүздеген қолжазбалар жинақталған.

Оларда фольклорлық, авторлық ауыз әдебиетінің барлық жанрлары дерлік қамтылған. Солардың бірі – жұмбақтар. Қордың 879/2-бумасындағы 20-дәптерге 1928 жылы жазылған екі өлең, сегіз қарасөз жұмбақ кіргізілген. Солардың қатарындағы «Апан-апан, екі шапан, Бірі – қобыз, жарық жұлдыз» (шешуі: Апан-апан – түйе, екі шапан – жабуы, бір қобыз – мойны, жарық жұлдыз – көзі) деген жұмбақ көшпенді халықтың мал-жанына қатысты ілгергі замандарда шыққандығы байқалады.

Институт қолжазба қорының 481-бумасында фольклортанушы Б.Ысқақов 1964 жылығы Қарақалпақ АКСР-на жіберілген экспедиция кезінде жинаған екі өлең, екі жұмбақ жазба айтыс кездеседі. Бұл туындыларды Н.Байжанұлы деген азамат 1941-1944 жылдары соғыста жүріп Өтепберген деген замандасынан жазып алған екен. Оған себеп болған Есенғазы, Өтепберген ақындардың хат айтыста бірін-бірі жеңе алмағандығы болса керек. Н.Байжанұлының жұмбақтарына арнайы тоқталуымыздың себебі, онда мемлекеттік құрылым туралы сөз болады. Кеңестік идеялогияның әбден ұшыққан тұсында мемлекеттік құрылымды жұмбаққа айналдыру – кім-кімнің де қолынан келе бермейтін көзсіз батылдық.

Алғашқы жеті шумақ өлең жолдарының бастамасында Өтепбергеннің кемшіліктеріне тоқталып өтіп, жасырмақшы жұмбағын былайша екі ауыз өлеңге сыйдырады:

«Дене – бір, тұлға – төртеу, мақсаты – бір,
Төрт тұлға бір денеге басын имек.
Кемісе төрт тұлғаның егер бірі,
Бүйімге жарамайды алып бермек.

Төртеудің төрт дариқа жұмысы бар,
Қоғамға бұл төртеуі аса керек.
Күші бар кәрленсе жан шыдатпай,
Тарихи қайраты бар аса бөлек».

Өтепбергенге арналған бұл екі ауыз жұмбақ шешілмегендіктен, хат айтыстың соңы аяқталмай қалған. Бірақ жұмбақпен танысқан оқырмандар Өтепбергенді жеңілді деп санаған. Ал туысы Т.Байжанұлының ойынша мемлекет болу үшін төрт шарт керек, олар: жеке әскер, ақша, тап, нақты жер көлемі. Егер осы шарттардың бірі орындалмаса, онда толық мемлекет бола алмайды.

Осы буманың 1-дәптерінде Т.Байжанұлы мен Қосымұлы Жанәлінің алты кезектен (6 жұмбақ) тұратын жұмбақталған хат айтысы сақталған.

Алдыңғы ақын жұмбақ айтып, соңғысы оны шешіп отырады. «Майда жұмбақтар» атты екінші бөлікте телефон, мақта, құмырсқа, шырпы, есекқұрт, шығыр, ай мен күн, самал т.б. туралы жұмбақтар берілген. Экспедиция барысында араб әрпіндегі қолжазбаны Т.Байжанұлынан қабылдап алған – институттың ғылыми қызметкері Т.Қанағатов.

Экспедиция Алматыға қайтып оралғаннан кейін Б.Ысқақовқа Т.Байжанұлы арнайы хат жазып, Алмаған деген жыраудың «Мәдікар» атты дастанын, оның Әлпия есімді әйелмен айтысын оған қосып жібереді. Бүгінде аталған буманың 5-дәптерінде сақталған хаттың соңында ақын төмендегідей өтінішін де білдіреді: «...Айтар сөз: сізге осымен қосып «Атымтай жомартты» да жіберіп отырмын. Өзім жазған сәбремски жұмбақтан 213 жұмбақ бар және өзімнің Есқарақызы Мәжікенмен айтысқан жұмбақтар бар. Енді осыларды оқығанда байқауға тиісті нәрсең, көшірген бала сөзге қарақалпақша қосып жіберген. Соны байқап оқырсыз. Мысалы, «негізгі» деген сөзді «тиқарғы» деп жіберген. Одан басқа да бірнеше сөздер кездесуі мүмкін».

Шынында да Т.Байжанұлының жұмбақтары – тақырыптарға жүйеленген, көркем тілмен өрнектелген бірегей туындылар. Мәселен, «Үйіші тұтынатын заттар туралы жұмбақтар» аталған бөлімге 94 жұмбақ енгізілген. Олардың барлығы дерлік тақырыпқа сәйкес жаңа заман адамының тұрмысына, сән-салтанатына байланысты заттарды қамтиды. Арасында «сәбремски» қол жуғыш (умибәлнік), кебіс (гәлош), уют (өтек), төсек (кэрват), ойын картасы, скрепка, дойбы (ойын шашке), кеңсе есебі (кеңсе очеты), киімдігіш (бешелке) т.б. кездеседі. Бөлімдердегі жұмбақтар былайша жүйеленеді: «Өсімдіктер және ішім-жемдік» – 57, «Планеттер (аспан әлемі) туралы» – 7, «Жәндік және хайуанаттар» – 8, «Техника туралы» – 19, «Қасықпен айтылып, қосықпен шешілетін жұмбақтар» (өлеңмен айтылып, өлеңмен шешілетін) – 12, «Қасықпен айтылып, қосықпен шешілетін ілімі жұмбақтар» – 5, «Қосымша жұмбақтар» – 10 шығарма. Қолжазба жинақтың соңында берілген «Қыз бен жігіттің жұмбақ айтысы» атты хат айтыста Мәжікен қыз Тұрмақанға жеті мәрте жұмбақ жазып, барлығының да жауабын алады. Айтыста жастық шақ, адам баласының пайда болуы, адамның дене мүшелері, білім, эззіл-Ферғаун-Аплатон, 29 әріп, ауа-су, ана-әке-бала сияқты тақырыптар қамтылған.

Қарақалпақ бала хатқа түсірген Т.Байжанұлының 213 өлең жұмбағы мен Мәжікен қызбен айтысы адам тіршілігінің сан-салалы қырларын көрсететіндігін, тіпті алпысыншы жылдардың өзінде дін тақырыбынан сырт қалмағандығын мына жолдардан айқын аңғаруға болады:

Отыз қой, бес жорғамен түстім жолға,
Бір қылыш жалаңдаған алып қолға.
Қырық нарға қазине артып барсақ,
Патшамыз не берер ет бізге сонда?

Жауабы:

Отызың – руза ғой айтып тұрған,
Бес жорғаң – намаз екен мойын құрған.
Қылышың жалаңдаған – ол қызыл тіл,
Қырық нарың – парыз еді орындаған.

Б.Ысқақов жетекшілік еткен, құрамына Т.Бекқожина, Т.Қанағатов мүше болған тағы бір экспедиция 1962 жылы Қарақалпақстан өңірлерін аралап, жергілікті жырау Р.Қожамбергенновтың қолынан 1945 жылдан бері жинаған жұмбақтар жинағының қолжазбасын қабылдап алады. Алғашқы тоғыз шумақтан тұратын өлең жұмбақтың шешуі көрсетілмеген. Екінші – Сереке деген қарттың Жұмабек деген жігітке жазған жұмбақ хаты және соңғысының шешкен жауабы. Үшінші бөлімде балаларға арналған әр қилы тақырыптағы 33 жұмбақ түзіліп, әр туындының соңында жауаптары берілген. Институт қорының 485-бумасында жинақталған бұл жұмбақтар қарақалпақ тілінде болғандықтан, оларға кеңінен тоқталуды жөн санамадық.

Институт қорындағы профессор М.Тілеужанов жинаған «Батыс Қазақстанның ауыз әдебиеті» топтамасындағы фольклорлық мұралардың арасында жұмбақтар да қамтылған. 464-буманың 4-дәптерінде екі жұмбақ өлең мен оның шешуі, 910/5-бумада сұрақ-жауап ретінде шағын айтыс берілген. Соңғысында қыз түйе мен жылқының қайдан шыққаны туралы сауал қойса, жігіт дәл жауап қайтарып отырады. Мысалы қыз:

– Елдегі екеу едік, екеу ерше,
Ершеке, сөйлесейші, бермен келші.
Жүдәлі жұртты жеңген ақын болсаң,
Жылқы мал қайдан шықты соны білші? –

деп сұрақ қойса, жігіт былайша жауап қайтарады:

– Базардан алып келген ақша бөз бар,
Қолында саудагердің темір кез бар.

Кем ақыл сен білмесең, мен айтайын,
Жылқы мал желден шықты деген сөз бар.

Аталған қорда топтасқан жұмбақтардың бір тобын фольклортанушы Б.Адамбаев жинап, тапсырған. Ғалымның 1958 жылғы Семей сапарында Мақаншы ауданының Жарбұлақ аулының тұрғыны жыршы, әнші-күйші, саяткер Ә.Құрманұлының аузынан жазып алған 28 жұмбағы 222-бумада сақталған. Туындылардың дені өлең жұмбақтар болғанымен, шағын сөйлемнен құрылған «Тептім, терекке шықтым» (үзеңгімен атқа міну) деген сикты қарапайым жұмбақтар да кездеседі. Тақырыбы әртүрлі, айтушының өзі өнерпаз болғандықтан, арасында музыкалық аспаптарға қатысты шығармалар да жиі орын алған. Б.Адамбаевтың 1965 жылы Ресейдің Омбы облысына барған тағы бір ғылыми іс-сапарында Назыбаев ауданы, Маңғыт кеңшары, Бостандық аулының тұрғыны С.Найманбаев ақсақалдан жазып алған шешендік сөз сипатындағы Олжабай бидің жұмбағы мен оның шешуі осы қордың 626-бумасында сақталған. Онда «Дос пен дұшпан, не нәрсе тәтті-қатты?» секілді сауалдар қойылып, шешуінде нағыз азаматтың мінез-құлқы, тіршіліктегі ұстанымдары сөз болады.

Осы жылы институт Қостанай, Орынбор өңірлеріне және бір экспедиция аттандырады. Олжалы оралған топ аса бай фольклорлық, авторлық ауыз әдебиеті үлгілерін жинап қайтқан. Олардың арасында жұмбақтар да ұшырасады. Белгілі музыкалық фольклор зерттеушісі Т.Бекқожина Қостанай облысының Семиозер ауданында хатқа түсірген Ақтамбердінің мына толғауы жұмбақ ретінде берілген:

Күмбір-күмбір кісінетіп,
Күреңге мінер бар ма екен.
Екі тісін ақситып
Сұлу сүйген бар ма екен?!

Шешуі:

Күмбір-күмбір кісінетіп,
Күреңге мінген – Пайғамбар.
Екі тісін ақситып
Сұлу сүйген – шаһарияр...

Осы экспедиция кезінде жиналып, институт қорының 625-бумасына жинақталған қолжазба мұралардың ішінде шешуімен бір өлең жұмбақ, жауапсыз бір өлең және Ғ.Шолановтың жұмбағы сақталған.

Қолжазба мұраларының толығына зор үлес қосқан ғалымдардың қатарына белгілі әдебиеттанушы Қ.Сыдиықовты да қосуға болады. Ол жетекшілік еткен экспедициялар қашанда олжалы оралып, халық руханиятын молықтырып отырған. Солардың бірі – 1976 жылғы «Тәжікстан, Өзбекстан» экспедициясы. Осы елдердегі қазақтар тығыз шоғырланған өңірлерді аралаған Қ.Сыдиықов (жетекші), М.Шафигов, Т.Гаитов сияқты ғылыми қызметкерлер Тәжікстанның Қорғантөбе, Куляб, Өзбекстанның Сурхандария, Кашқадария, Бұхара, Хорезм облыстары мен Қарақалпақстанның жекелеген өңірлерін қоныстанған қазақтардан мол мұра жинақтаған. Солардың тізімінде жұмбақтар да кездеседі. Бұхара облысы Газли қаласының тұрғыны Болатбай Қожабаевтан (1898 ж.т) жазып алған 4 өлең жұмбақ бүгінде институт қорының 896-бумасында сақталған. Алғашқы жұмбақтың тереңірек назар салғанда, оның мазмұнындағы саяси астарды аңғару қиын емес.

Үш бұтақ көгеріпті бір ағаштан,
Есепсіз неше түрлі миуа шашқан.
Миуаның тәттілігін білгеннен соң
Бүркіт кеп ортасына ұя басқан.
Тегін бақ, тегін миуа дегенменен
Қырғи кеп бір шетінен араласқан.
Бүркіт пе, қарға ма, әлде өзге келсін,
Миуа ағаш жерін тастап қайда қашқан?!
Қиялмен осылайша айттым жұмбақ,
Данышпан табады ақылы асқан.
(Шешуі: үш бұтақ – үш жүз, бүркіт – ақ патша, қырғи – түркімен)

Осы ретте институттың Қолжазбалар және текстология орталығынан арнайы жеке қор ашып, 1963-2002 жылдар аралығында Өзбекстанның қазақтар қоныстанған барлық облыстарына, Қазақстанның Оңтүстік өңірлеріне ондаған экспедициялар ұйымдастырып, рухани мұралардың молығуына айырықша үлес қосқан профессор Қ.Саттаровтың (1941-2011) орасан еңбегін қысқаша атап өтпеу жөн болмас еді. Ташкент облысына қарасты Жоғары Шыршық ауданының Ақсақ ата ауылында дүниеге келген ғалым орталау мектептен кейін Ташкенттегі әскери музыка мектебінде оқып, әскер қатарында дивизиялық оркестр құрамында қызмет еткен. Талапты жас елге оралысымен Г.Низами атындағы мемлекеттік педагогикалық институттың филология факультетіне түсіп, 1967 жылы оны үздік дипломмен бітіргендіктен сол оқу орнында қалдырылып, ұзақ жылдар ұстаздық қызметпен шұғылданады (1967-1992). Ел тәуелсіздігін жарияласымен ата жұртқа

оралып, өмірінің соңына дейін А.Ясауи атындағы Қазақ-түрік университетінің профессоры лауазымында жұмыс істеді.

Қ.Саттаровтың халық әдебиетіне деген қызығушылығы студент шағынан бастау алады. Институт қорындағы жинаушының қолтаңбасы бар қолжазбаларға шолу жасағанда, ол халық мұраларын алпысыншы жылдардың басынан бері жинастырғаны, жазып алғандығы, болмаса хатқа түскендерін көшіргендігі байқалады. Ал жетпісінші жылдары студенттердің жазғы тәжірибелік (практикалық) жұмыстарын пайдаланып, арнайы экспедициялар ұйымдастырып отырған.

Ғалымның фольклорлық, авторлық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаудағы еңбекқорлығын, жанашырлығын оның жетекшілігінде 1978 жылы Қарақалпақстан өңірлерін аралаған З.Пердебаева деген студенттің күнделігінен айқын аңғаруға болады: «Қыдырәлі ағайдың күннің ыстық-аптабында терлеп отырып жазған төзімділігі бізді қажыта бастады. Өте ыстық күнде тер сүртіп отырып жазу жазғанда маужырап, ұйқың да келеді екен. Қыдырәлі ағай жазу кезінде қате жазған, өз жұмысына салғыртықпен қараған студенттерге өте қатаң қарайды екен. Әрине, кейде ұрсып, қате жазған студентке жиіркене қарайтыны байқалады. ...Әрбір жүріс-тұрысы, қозғалысы бізді тәртіпке шақыратын сияқты» [33]. Осы экспедиция кезінде Мойнақ ауданының Үшсай аулындағы қарт жырау Е.Құлыпбаевтан 17 жұмбақ жазылып алынған.

Бүгінгі күні институт қорында сақтаулы тұрған 190 том қолжазба жинаққа енген халық әдебиетінің үлгілері жанрлық тұрғыда жүйеленіп, әр томға алғы сөз жазылған және қосымша түсініктер, фотосуреттер, сөздіктер, мәтіндердің мазмұндары көрсетіліп отырған. Зерттеуші, тіпті студенттерге, жеке жинаушыларға бағыт-бағдар сілтеу мақсатында «Қазақтың халық ауыз әдебиетін жинау методикасы» атты көмекші құрал да жазған [34].

Аталған экспедициялар барысында ол қазақ фольклорының байырғы жанры – жұмбақтарды да назардан тыс қалдырмаған. Әсіресе, Өзбекстан, Қарақалпақстан қазақтары аузынан көптеген жұмбақтар жазып алып, ғылыми айналымға енгізді [35, 87-91].

Қ.Саттаровтың жеке қорындағы 13-жинақта Ташкент облысы сол тұстағы Орджонкидзе ауданының Дөрмен аулының тұрғыны Ж.Бұғыбаев (1910-1981) жеткізген 217 жұмбақ жинақталған. Жазып алу барысында өмірбаянынан аздап сыр шерткен Жолдасбек ақсақал өзінің халық мұрасына деген қызығушылығын отызыншы жылдары Ташкенттегі Қазақ педагогика техникумында оқып жүрген кезден бастау алғандығын айтады. Оған себеп болған осы оқу орнында ұстаздық етіп жүрген, ғалым-жинаушы Ш.Сарыбаевтың ақыл-кеңесі еді. Кейін өзі де ұстаздық еткен Ж.Бұғыбаев 1934-1978 жылдар аралығында

халық әдебиетінің мол қорын жинақтаған. Көзінің тірісінде бұл мұраларды шәкірті Қ.Саттаровқа аманаттап кеткендіктен, ол кейін барлық материалды жүйелеп, осы қолжазба жинақты құрастырған. Солардың үлкен бір тобы жұмбақтар екен. Олар сан-алуан тақырыптарды қамтиды. Олардың арасында табиғатқа, аспан әлеміне, жан-жануарлар мен жәндіктерге, қолданыс бұйымдарына, құрал-жабдықтарға, заманға сай техникаға, өсімдіктерге, ас-тамаққа, мезгіл-уақытқа т.б. қатысты туындылар көптеп кездеседі.

Кезекті 31-жинаққа 1978 жылғы «Амудария құйылысындағы қазақтардың ауыз әдебиетін жинау экспедициясының» материалдары кірістірілген. Экспедицияның негізгі бағыты: Ташкент – Нүкіс – Кегенли – Такта – Құпыр – Ходжейли – Күние – Үргеніш – Күнград – Мойнақ – Ташкент. Барлығы 16 студенттен жасақталған экспедицияның жетекшісі – Қ.Саттаров. Жинаққа енген шағын жанрлардың қатарында 14 өлең жұмбақ енген.

Жеке қордың 71-жинағында Жизақ облысы Мырзашөл ауданының Гагарин қаласының тұрғыны Асылбаевтан алынған – 8, Қ.Саттаровтың әр жылдары түрлі өңірлерден жинаған – 29, 108-жинақта Кентау қаласында хатқа түсірілген «Қабліса (Қабан жырау) мен Таутанның жұмбақ айтысының» қысқа нұсқас мен – 3 өлең, 111-жинақта Түркістан қаласында жазылған – 3, 112-жинақта сол қаланың тұрғыны М.Дамоллаұлы айтқан ертегі мазмұндас (қарасөз) – 1, Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданының Игілік аулының тұрғыны Р.Бекқұлоадан жазылған – 6, 137-жинақта түлкібастық Қ.Қоңырбаева жеткізген – 4, 139-жинақта Жамбыл облысы Сарысу ауданының Игілік аулының тұрғыны Ө.Нарбекованың жадында сақталған – 5, Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтарал ауданындағы Н.Тарбанова айтқан – 1 жұмбақ қамтылған. Түрлі тақырыптарға құрылған бұл халық туындыларының барлығы дерлік 1995-2002 жылдар аралығында Қ.Саттаровтың басшылығымен ұйымдастырылған экспедициялар барысында жиналып, институт қорына тапсырылған.

Ғалым өзінің жетекшілігімен ел арасына шыққан ондаған экспедициялардың барысында жинаған жұмбақтарының негізінде халық мұралары қолжазба топтамасының 61-жинағын құрастыруға мүмкіндік алған. Көлемі 107 беттен тұратын қолжазба жинаққа арнайы алғы сөз, ғылыми түсініктеме, сөздік, жинаушылардың фотосуреттері берілген. Саналы ғұмырының 40 жылында жинаған ұшан-теңіз материалдардың арасынан іріктеп, жүйелеп, тақырыптарға топтастыру жұмыстары көп уақытты, қажыр-қайратты қажет ететіні белгілі. Оған жинаушының мына тұжырымдары айғақты дәлел болды: «Жұмбақты жинау мәселесі де – өте ауыр еңбектің бір түрі. Бұл әңгіменің мәнісін осы жұмыспен

шұғылданған кісі ғана жете түсінуі мүмкін. «Тама-тама көл болар» дегендей, біреулеп жиналған жұмбақтар саны көбейіп, біздің жеке бір жинағымызды толықтырып отыр. ...Бұл қазақ әдебиеті тарихында тиянақты әңгіме болатынына көзім жетіп тұр. Менің данышпандығымнан айтылған сөз емес, өте ауыр да қажырлы еңбектің нәтижесінде амалға асқандығын болшақ ұрпақтың есіне түсіріп отырмын» [36]. Қолжазбалар топтамасына, әсіресе «Жұмбақтар» жинағына тереңірек назар салғанда, бірер жыл ілгеріде ғана дүниеден озған ғалымының шынайы пікіріне, еңбекқорлығына тәнті болмау мүмкін емес.

Алғы сөзде халық жұмбақтарының жиналу, жүйелену тарихына тоқталып, оның жанрлық сипаттарына қатысты ой-пікірлерін тұжырымдаған. Ғылыми түсінікте кеңес кезеңіндегі қазақ жұмбақтарының жариялану үрдістеріне шолу жасап, оларды жинауға атсалысқан Өзбекстанның Ташкент және осы аттас облысының, сондай-ақ Бұхара, Сырдария облыстарының, Қарақалпақстанның, Қазақстанның Семей облысының тұрғындарын жеке-жеке атап өткен. Сөздікте кейінгі кездері қолданыста жиі пайдалынбайтын араб, парсы, көне түркі сөздерінің баламалы ұғымдары көрсетілген.

Жинаққа енген 474 өлең және қарасөз, 5 айтыс, 6 шешендік жұмбақ 13 тақырыптың аясына топтастырылған. Олар: төрт түлік мал, хайуанаттар, құстар және жәндіктер; диханшылық пен егін шаруашылығы, бау-бақша, көкөніс өсімдіктер; жаратылыс дүниесі, табиғат көрінісі; оқу-білім, өнер; адам және оның дене мүшелері; киімдер; үй жабдықтары және керек-жарақ, құрал-саймандар; техника және баланыс; ойын-сауық, ән-күй, музыка аспаптары; уақыт; тамақ және ішімдік; дін және діни ұғымдар; түрлі жұмбақтар.

Бұрын басылым көрген жинақтарға мақсатты түрде кіргізілмеген жұмбақтарға бұл ретте ерекше көңіл бөлінген. Туындылардың дені Құран, бес уақыт намаз, отыз күн ораза тақырыптарын қамтиды. Мысалы, ораза мен намазды дәріптейтін мына жолдар сөзімізді айғақтайды:

Бір таудың етегінде отыз дарак,
Тұрады барлық адам соған қарап.
Күніне ол бес рет мәуелейді,
Айтайын қайсы бірін сізге санап
(Шешуі: 30 күн ораза, бес уақыт намаз).

Айтыстардың дені қыз бен жігіт арасындағы жұмбақталған жыр сайысына жатады. Мейраым мен Темір баланың айтысы «Әмір-Темір бала» жырынан алынып, ұсынылған. «Шешендік сөз үлгісіндегі жұм-

бақтар» аталатын соңғы бөлімге шешендік сөздерге құрылған жұмбақтар алынған. Олардың арасында ғибраттық мәні жоғары, танымдық шығармалар кездеседі.

Бірде науқастанып жатқан Төлеге Қаз дауысты Қазыбек пен Әйтеке билер амандасуға келгенде қарт кемеңгер бірден онға дейін санап, екі әріптесінен шешуін тауып кетуді өтінеді. Сонда Қазыбек: «Бір дегеніңіз – бірлігі кеткен ел жаман; екі дегеніңіз – ерегіскен ер жаман; үш дегеніңіз – таған шідер көрмеген ат жаман; төрт дегеніңіз – төсектен безген жас жаман; бес дегеніңіз – белсене шапқан жау жаман; алты дегеніңіз – асқынып кеткен дау жаман; жеті дегеніңіз – желегі бар басында жас келіншектің байы өлсе, сол жаман; сегіз дегеніңіз – серпілмеген қайғы жаман; тоғыз дегеніңіз – торқалы тойда, топырақты өлімде бас көрсетпеген, сол жаман; он дегеніңіз – оңалмас кәрілікке дауа болмас, дүниеде сол жаман» деп дәл жауабын беріпті.

Ілгеріде шыққан жинақтарда шешендік жұмбақтар жарияланбағанын ескерсек, бұл ретте Қ.Саттаровтың тыңнан жол салғандығын аңғару қиын емес. Ол кейін осы жинаған материалдарының негізінен «Қазақтың халық жұмбақтары» атты жинақ құрастырып, оқырман қауымға ұсынды [37].

Жоғарыда айтылғандай Елбасының жарлығымен 1998 жылы «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы» болып бекітіліп, Ұлттық ғылым академиясының тарапынан Қазақстанның түкпір-түкпіріне фольклорлық-этнографиялық экспедициялар ұйымдастырылғаны белгілі. Сол экспедициялар құрамында тарихшы-этнографтар, тілшілермен қатар фольклортанушы, әдебиеттанушы ғалымдар да қатысып, ел ішінен халық мұраларын жинауға атсалысты. Аталған науқанды жұмыстарға белсене араласқан зерттеушілердің бірі – А.Ойсылбай. Ол Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданына қарасты А.Тоқмағамбетов ауылының тұрғыны С.Ембергеновтің жеке шығармашылығынан бірнеше жұмбақ жазып алған. Ерекше атап өтерлік жайт, бұл туындылардың барлығы дерлік сол тұстағы ауыл адамдарының тұрмыс-тіршілігін, қоғамдағы болып жатқан келеңсіз жағдайларды бейнелейді (1139-бума). Мысалы:

– Арба, дорба сүйреткен,
– Молшылықты күйреткен,
Базарыңды билеткен.
Жомарттықты сиреткен.
От жағып, күл тасуға
Қиыстырып нан табар,
Еркегіңді үйреткен
Қиындықты үйреткен

Ол кімдер?» Ол не?»
– Ол бүгінгі әйелдер
– Ол нарықтық-жарықтық
Нан табарлық күй кешкен.
Қамырдай жанды илеткен, –

деген жұмбақтар токсаныншы жылдардағы әлеуметтік қиыншылықтарды еске салып, ауытқымалы кезеңдегі тарихи шындықты дәл суреттеп отырғаны анық.

Институттың қолжабалар қорына түскен жұмбақтардың бір тобы студенттердің жазғы тәжірибе семестрінде жиналған. Бұл ретте Е.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті филология факультеті студенттерінің жинаған материалдарын атап өткен орынды. Олардың арасында К.Рахманова мен Т.Әділханованың 1991 жылы Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданының «Қырығыз» аулының тұрғыны 86 жастағы Смағұл Тайжанұлынан екі жұмбақ жазып алған. Айта кетерлік жайт, «Керейттің екі ұлы елендесіп келеді, төленгіттің төрт ұлы төбелесіп келеді, Жағалбайлының жалғызы жағаласып келеді» (түйенің екі өркеші, төрт аяғы және құйрығы) деген ру-тайпа атауларына орайластырылған жұмбақ (621-бума, 16-дәп.) «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясында: «Ермекбайдың екі ұлы ерегісіп келеді, Төребайдың төрт ұлы төбелесіп келеді, Жағалбайдың жалғыз ұлы жағаласып келеді» деген өзгеріспен беріліп, ру атауы адам есіміне ауыстырылған [38, 119].

Осы ауданнан студент Қ.Түсіпова түрлі тақырыптағы 10 (927-бума, 15-дәп.), Ж.Әбдрахманова 3 (926-бума), ал С.Сыдығалиева Жамбыл облысы, Жуалы ауданның Жаңаталап аулынан 1 (937-бума) жұмбақты хатқа түсірген. Қордағы 939-бумада 29 жұмбақ бірегей топастырылған. Мәтіндерді 1997 жылы аталған оқу орнының Б.Садуақасова, А.Смағұлова, Э.Мардашова, С.Малғабылова, Б.Дүйсенбаева, Р.Мұқанова, Г.Кәрібаева, М.Бегімбаева, Н.Ахметова т.б. студенттері Өзбекстанның Сырдария облысынан, еліміздің Жамбыл, Жезқазған, Қарағанды облыстарынан жинағандары көрсетілген. Алайда «Төсек арасында төрт бауырсақ» (сиырдың төр емшегі), «Тоқымдай жерге күн түспес» (құдық), «Ши түбінде шұбар кездік» (кесіртке) т.б жұмбақтарды студенттердің бір-бірін көшіргендігі аңғарылады.

Токсаныншы жылдардың басында-ақ Қазақстанның Солтүстік, Орталық, Шығыс облыстары көлемінде халық мұраларын жеткізушілердің сарқыла бастағанына 1990 жылғы практикант Э.Мардашеваның мына ойлары дәлел болады: «Биылғы жылы жаз айында өткен фольклорлық практиканы өзімнің туып-өскен жерім Қарағанды

облысына қарасты Ульянов ауданының Төрткен аулында өткіздім. ...Енді осы фольклорлық практиканы қорытындылай келсек, аңыз-әңгіме, мақал-мәтелдер, ертегі т.б. білетін адамдарды табу қиыншылыққа соқты. «Ондайларды білмейміз» дегендерді жиі естідім» [39]. Дегенмен талапты жас аталған ауылдың тұрғыны М.Жүмекеновадан екі өлең жұмбақ жазып алған.

Аталған облыстың Қарқаралы ауданын аралаған студенттер Г.Кәрібаева Бесоба аулының тұрғыны К.Омарованың аузынан 6 (941-бума), А.Құйқалақова 10 (954-бума), А.Сыздықова 4 (958-бума) жұмбақты хатқа түсірген. З.Сәмтікова Жезқазған облысының (қазіргі Қарағанды облысы – Т.Ә.) Ұлытау ауданында тұратын Д.Жұмағұлқызынан 6, А.Қанапияқызынан 9 (964-бума) жұмбақ жазып алған.

Н.В.Гоголь атындағы (қазір Қорқыт атында – Т.Ә.) Қызылорда педагогикалық институтының 2-курс студенті Ж.Жұмағұлованың 1990-1991 жылдардағы фольклорлық практика кезінде Қызылорда облысының Тереңөзек ауданы тұрғындарынан жинаған фольклорлық, авторлық ауыз әдебиеті үлгілерінің арасында жұмбақтар да кездеседі (ӘӨИ. 1062-бума). Олардың ішінде ертегілердің бастамасында жиі ұшырасатын:

«Қырғаулы қызыл екен,
Құйрығы ұзын екен.
Мен барғанда балапаны
Бақырайып жатқан екен» *(от пен шоқ), –*

деген сияқты өлең жұмбақтар да бар. Ілгері-бергі басылымдарда дәл осы мазмұндас жұмбақ, болмаса оның нұсқалық үлгілері кездеспейді.

Қарағанды облысынан, Жезқазған өңірінен мол халық әдебиеті үлгілерін жинаушы Ә.Наурызбаевтың (1892-1978) жұмбақ жанрына да көңіл бөлгендігі аңғарылады. Солардың бірі – Байдырақ сері мен Саржан сұлудың жұмбақ айтысы. Институт қорындағы 526-буманың 1-дәптеріне айтыстың араб жазуындағы 2, кирилл әрпінде 1 үлгісі түсірілген. Ә.Наурызбаевтың: «Бұл жұмбақтар – Байдырақ-Саржанның «Айтыс» кітабының 2-ші томындағы басылған жұмбақтарға қосылмай қалған жұмбақтар. Себебі – бізге қараңғы. Бұл жұмбақтар да 1964 жылы Ғылым академиясына жіберілген еді. Бұл жұмбақтар кітапқа басылған екі жынысты жұмбағынан кейін жалғасып оқылады», – дейіне қарағанда, айтыстың жалғасын алпысыншы жылдардың аяғында жіберген сынайлы. Алайда, жыр сайысының үш үзіндіні салыстыра оқығанда, олар бір-бірін жалғастырып отыратынын байқауға болады. Алдыңғы екеуі аяқталмаған. Оған жинаушы Ә.Наурызбаев мынандай

себеп айтады: «Ақыры Байдырақтың ойлағаны дұрыс шықты. Қыз мұның шешуін білсе-дағы көпке жариялап айта алмай, көпке қарап: «Мен Байдырақтан тоқтадым, бұйрық осы екен. Шартым бойынша мен Байдыраққа тиемін» деп Байдырақтарды аулына ертіп келіп, әке-шешесіне айтып, қосылыпты» [40].

Ал айтыстың кіріспесінде жинаушы Байдырақтың әншілік-күйшілік, ақындық дарыны бар сері жігіт екендігін, қыздың да жасынан ерке өскен біреудің жалығызы болғандығын, өнерден құралақан еместігін, сол себепті де «кім мені айтыс үстінде жеңісе, соған тиемін» деген шартын еске салады. Байдырақ айтыс үстінде қызды жеңе алмайтынын сезіп, анайы жұмбақтар айтуға көшеді. Қыз ибалылық танытып, айтысты тоқтатады.

Ал соңғы жіберген үзіндіде айтыстың шарықтау шегін Байдырақтың мына күрделі жұмбағы шешеді:

– Бір адам жолаушылап келе жатып,
Бір үйге жолындағы қона жатып,
Сол үйдің семья болған адамдары
Таңдантты бұл қонақты таңырқатып.
Он еркек, жалғыз әйел – бір семья,
Бір үйде бірге тұрар бірге жатып.
Он еркек, жалғыз әйел болғандығын
Әйелден білгісі кеп анықтатып,
«Осының анықтығын айтыңыз» деп,
Әйелден сұрады қонақ жауап қатып.

Сонда әйел былайша деп айтты оған:
– Айтайын мұны саған білгің келсе,
Отырған бір семья боп осы он еркек
Барлығы туған кісі бір анадан.
Бұлардың бесі – бауырым, бірі – ерім,
Төртеуін «құл» деп айтар халқым маған.
Бұлардың мәнісіне түсіне алмай,
Әуре боп қиялда жүр бірнеше адам.
Сен-дағы сол ойшының бірі болып,
Шешіп кет бұл жұмбақты келсе шамаң.

Байдырақ осы жұмбақты жасырғанда, Саржан көп ойланбастан жеңілгенін мойындайды. Шарты бойынша Байдыраққа тұрмысқа шығып, олар ауылдан аттанып бара жатқанда көпшілік сері жігіттен жұмбақтың шешіп кетуді өтінеді. «Бұл жұмбақты қонақ та, көпшілік

те шеше алмағандығын, барлығы жиылып әйелдің өзінен сұрағанда, ол былайша жауап берген екен», – дейді Байдырақ:

«Әкем бай, – деді әйел, – құлдары көп,
Әкемнің менен басқа перзенті жоқ.
Бала үшін әйел алам деп жүргенде,
Құлының біреуі өлді ажалы кеп.
Ол құлдан бес ұл туып қалып еді,
Әйелін әкем алды «жесірім» деп.
Алған соң әкемнен де туды бес ұл,
Болған соң әкем бірге – бауырым бұл.
Бес құлдың ең үлкенін азат қылып,
Мені әкем қосты осыған емес деп құл.
Бес құлдың азат болған бірі – байым,
Әлі де қалған төрті құл болып жүр».

Бұл ретте жұмбаққа негіз болған сюжет көшпелі екендігін, XX ғасырдың басында осы мазмұндас туындылар ресми басылымдарда жарияланып отырғандығын атап өткен орынды. Оның айқын дәлелі – жоғарыда көрсетілген «Айқап» журналының 1914 жылғы 10-санындағы Байбатыр Ержанның қарасөз жұмбағы мен оның Б.Майлин шешкен жауабы. Сондықтан осы жұмбақ айтысқа мән беріп, кеңірек тоқталып өтуді жөн санадық.

Аталған буманың (526-буманың) 6-дәптерінде Ә.Наурызбаев жинап, 1964 жылы институтқа тапсырған 48 жұмбақ топтастырылған. Олардың арасында өлеңмен де (саны – 31), қарапайым бір сөйлеммен де берілген (сан – 17) дін, тіршілік, әлеумет, құрал-жабдық, үй-жай, ас-тағам т.б. тақырыптағы жұмбақтар кездеседі. Мысалы, «Айдалада ақ отау, аузы-мұрны жоқ отау», «Қара сиырым қарап тұр, қызыл сиырым жалап тұр» деген сияқты оқырмандарға танымал жұмбақтармен қатар «Өзі пиштай, қанаты құстай, айбаты айдаһардай, ұстасаң қолға тұрмайды» (шешуі – құмырсқа) секілді тың әрі қарапайым жұмбақтар да бар.

Жоғарыда аталған қорларда сақталған қолжазба жұмбақтардың қомақты бір бөлігін Қазақстанның түкпір-түкпірінен жинап, тапсырған қарапайым еңбек адамдарының, рухани мұралардың шынайы жаныашырлары екендігін ерекше атап өткен жөн. Олар арнайы білімді, кәсіпқой мамандар болмаса да ата-бабалардың аманатындай болып қалған мұраларға зор жауапкершілікпен қарап, жинап-теріп қорларға өз қолдарымен өткізді, болмаса ғылыми іс-сапарда, экспедициялардың құрамында жүрген ғалымдардың қолдарына табыс етіп отырды.

Солардың бірі – кезіндегі партия-кеңес қызметкері болып, кейін зейнеткерлікке шыққан жезқазғандық Ж.Ермұхамедов. Ол 1974 жылы жергілікті халық ақыны Б.Құдайбергеновтың көне қолжазбаларынан көшірген фольклорлық, авторлық ауыз әдебиеті үлгілерінің қатарында Қыпшақ Байсарының қызы мен Тама Мүсіліма қыздың жұмбақтарын да тапсырған. Байсарының қызы өз заманында тілге шешен, әзіл-қалжыңда ешкімге теңдігін жібермепті. Сонымен қатар өлең-жұмбақты да жанынан шығаратын суырыпсалма ақын болыпты деседі. Бір бас қосқан жиылыста қыз: «Мен бір жұмбақ айтамын, соны шешкен кісіге кім де болса, тиемін» депті. Соңында мынандай жұмбақ жасырған екен:

«Қырым деген шаһар бар,
Ортасында қырық қонақ.
Тыңдаңыздар құп тыңдап:
Алпыс қасқыр аналы,
Жетпіс қасқыр балалы
Мұқтағасы бәрінің
Жиналып келіп қой қырмақ.
Бұғалықсыз қорғалап,
Өтінішпен тұр жорғалап,
Бейіспен отыр сыбырлап,
Қонбай ұшар пырпырлап,
Үй айналар шыңқылдап».

Өкінішке орай, бұл жұмбақтың жауабы туралы жинаушы қандай да бір мәлімет көрсетпей, Мүсіліма қыздың жұмбағына мән беріп кетеді. Ол: «Болады мұны тапқан менің ерім, Бұл күнде он сегізге шықты жасым» деп, һамай деген өмір бойы жерге қонбайтын, тек қырық кез жақындағанда көлеңкесі түскен адам не патша, не бай болатын құс туралы, екінші, намаз және оның әрекеттері жөнінде өлеңмен жұмбақ жасырады. Оларды Әбілқасым Наурызбаев шешіп, ал Түсіп Сансызбайұлы өлеңмен түйіндейді.

Осы қордың 683-бумасында 1969 жылы С.Бүкіров деген ел азаматы жазып алған бұрынғы Жезқазған облысы Ұлытау өңірінің түлегі, белгілі халық ақыны Иманжан Жылқайдаровтың Тайғара Оңайбекұлымен жұмбақ айтысы, соңғы ақынның інісі Амантай Оңайбекұлының 6 өлең жұмбағы және олардың жауаптары сақталған. Айтыста Иманжан шай құйып отырған сұлу қыздарды, пілтелі шамды, ойын картасын, дейбыны жұмбақтаса, ал Тайқара ақын ыдыс-аяқты, дастарқан мәзірлерін, адамның бет-бейнесін, сағатты т.б. өлеңмен жасырып, жеңіске жетеді.

Амантайдың жұмбақтарына айтып жатқан сәтте айналасында көрініс берген қарапайым заттар негіз болады.

Кезінде Ж.Аймауытов түрмеде жатып: «...Артымда қыруар елім бар, Өлсе де денем – мен өлмен!» деп хат жазатын Омар Иманбаевтан алынған 613-бумадағы М.Ж.Көпеев мұраларының арасында жұмбақтар да ұшырасып қалады. «Бір жапырақ аты жоқ, бір ұрттам қаны жоқ, белгілі жаны жоқ, сөйлеген не нәрсе?», болмаса «Жансыз, денесіз демалып жатқан не нәрсе?» деген сияқты небәрі 7 жұмбақтың танымдық мазмұны өте терең болғанмен, шешуі хатқа түспей қалған. Сондай-ақ институт қорының 131-бумасында жиналған жылы, жинаушы-тапсырушысы көрсетілмеген «бір дегенім – білеу, екі дегенім – егеу» болып онға дейін жалғаса беретін сан жарыс «Бір дегенім – бірлігі болмаған ел жаман», «Екі дегенім – ерлігі болмаған ер жаман» болып шешендік сөз мәндес жұмбақ ретінде берілген. Ал 520-бумада әдебиеттанушы Н.Төреқұлов хатқа түсірген Тезектің жұмбағына Бөлтірік шешеннің берген жауабы сақталған.

Бірде төре тіс шұқитын ағашын сақалына жасырып, «Анау тұрған – тау, тау етегі бау, сол орманды бауда бір ұры жатыр. Оны қанша кісі барса байлап әкеледі», – дейді үйінде отырғандарға. Сонда Ысты Бөлтірік шешен: «Тау дегеніңіз – басыңыз, тау етегіндегі бау – сақалыңыз, жасырынып жатқан ұры – тіс шұқығышыңыз ғой. Оны бес кісі барса ұстап әкеледі», – деп, бес саусағын көрсетіпті.

Қордың 303-бумасында Алматы облысы, Балқаш ауданының тумасы, халық ақыны Б.Бигелдиевтің 1959 жылы аудандық «Ленин туы» газетінде бастырған біршама жұмбақ өлеңдері топтастырылған. Күн мен түн, адам, жер мен көк, жұлдыздар тақырыбында жазылған бұл жұмбақтарды Қ.Құлжабеков, Ш.Садықов сияқты оқырмандар дәл шешіп, газеттің кейінгі сандарында жариялап отырған. Осындағы 846-бумада аяғөздік қарт ақын Н.Сейітжанов 1978 жылы өткізген түрлі тақырыптағы 10, 914-бумада журналист С.Жақыпов 1988 жылы тапсырған 1 жұмбақ сақталған.

Қазақ қолжазбаларының толығыуына зор еңбек сіңірген Н.Әминовтің 1956 жылы Павлодар облысы, Каганович ауданы, «Жданов» кеңшарының тұрғыны Т.Қолпашовтан (341-бума), әнші-ақын М.Байбатыровтың 1957 жылы Талдықорған облысынан (356-бума), Т.Әміреновтың 1959 жылы Семей облысы Абай ауданынан (357-бума), 1966 жылы әдебиеттанушы Т.Қанғағатов осы облыстың тұрғыны Б.Қасымбаевтан жазып алған (891-бума) жұмбақтардың да тақырыптары сан-алуан. Мысалы, М.Байбатыров жинаған 5 жұмбақ арасында екеуінің жауабы көрсетілмеген. Дегенмен «желідегі құлын мен сабадағы

қымызды» жасырған төмендегі жұмбақты басылым көрген жинақтардан кездестіре алмадық:

«Керіп қойған немене,
Кекектеген немене?
Малып қойған немене,
Бал татыған немене?»

Өткен ғасырдың 30-60 жылдары бір топ жеке адамдар мен Қазақ КСР Ғылым академиясында ресми тіркелген жинаушы-корреспонденттердің қатысуымен халық әдебиеті үлгілерін, олардың арасында жұмбақтарды жүйелі түрде жинап, Орталық ғылыми кітапхананың қорына тапсырып отыру іс-шаралары науқанды деңгейде жүргізілді. Осы кезеңде жиналып, жанрлық тұрғыда жүйеге келтірілген жұмбақтардың дені бүгінде аталған қордың 1444, 1078-бумаларында жинақталған. Алдыңғы буманың негізін 1920 жылғы Ә.Диваевтың (1-дәп.) 1927 жылы Қожантай дегеннің (2-дәп.), К.Байғұмұлының 1946 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданының тұрғыны Ғизатила деген әйелден (3-дәп.), 1945 жылы халық ақыны Ж.Жантөбетовтың (4-дәп.), І.Жансүгірұлының (5-дәп. 1941 жылы Ф.Ғабитова тапсырған), Б.Шапаевтың (6-дәп.) халық арасынан хатқа түсірген жұмбақтары құрайды (Бұлардың ішіндегі Ә.Диваев пен І.Жансүгірұлының материалдары жоғарыда аталып өтті – Т.Ә.). Бумадағы 6 дәптерде 200-ден астам түрлі тақырыптағы жұмбақтар топтастырылған.

Кейінгі 1078-бумада 1936 жылы Бағаналы Мықтыбайдың (2-дәп.), 1947 жылы М.Хакімжанованың (3-дәп.), 1941 жылы Ә.Марғұланнның (4, 5-дәп.), 1939 жылы Т.Байтаңатовтың (6-дәп.), С.Әздембаевтың (8-дәп.), 1939 жылы Х.Байысовтың (9-дәп.), белгісіз жинаушының (10-дәп.), И.Ұйқыбаевтың (11-дәп.), 1947 жылы Османовтың (есімі белгісіз, 12-дәп.), 1947 жылы белгісіз жинаушының (13-дәп.), 1937 жылы Д.Шәмкеновтың (14-дәп.), 1948 жылы Ф.Ғабитованың (15-дәп.), 1939 жылы Т.Әлпейісовтің (16-дәп.), 1940 жылы белгісіз жинаушының (17-дәп.), К.Байкөтовтың (18-дәп.), 1948 жылы М.Дабыловтың (19-дәп.) ел ішінен жинаған 825 өлең, қарасөз, айтыс жұмбақтары қамтылған.

Көріп отырғанымыздай, аталған екі буманың өзінде 1025-тен астам жұмбақ мәтіні мен олардың шешулері жинақталған. Бір ғана Ф.Ғабитова 1941-1948 жылдар аралығында 683 жұмбақ жинап, осы қорға өткізіпті. Еліміздің сирек кітаптар мен қолжазба қорларындағы жұмбақтардың көлемі біз айтып өткен мөлшерден артықта та болуы мүмкін деп ойлаймыз, себебі бұл құрылымдарда әлі де тізімге ілігіп, картотекаға түспегендіктен, ғылыми айналымға кірікпеген туындылар аз емес екендігі мәлім.

Қазақ жұмбақтарын жинауға, толықтыруға белсене атсалысқан қаламгерлердің қатарында М.Әлімбаев, Ж.Смақов, Ә.Ысқақбаев (62) секілді белгілі ақын-жазушылар есімдерін зор ілтипатпен атап өтуге тұрарлық. Бұл ретте көрнекті ақын М.Әлімбаевтің еңбегі ұшан-теңіз. Оның дүниежүзі елдері мен ТМД халықтарының жұмбақтарын ана тілімізге көркем аударумен қатар, жас жеткіншектерге бірнеше төл жинақтарын тарту еткені белгілі. Бүгінгі таңға дейін осындай халықтың рухани мұрасын жеткізуші, жетілдіруші ұрпақ жанашырлығының арқасында қазақ жұмбақтарының даму үрдісі үзілмей, жалғастығын тауып келе жатқаны қуанарлық жайт.

Десек те, кей жинақтарды жіті көзбен шолып, зерде елегінен өткізгенде, көңілге кірбің ұялататын тұстары да кездесіп қалады. Сөзімізге 1994 жылы жарық көрген Ә.Ысқақбаевтың «777 жұмбақ» атты жеке кітапшасы дәлелді айғақ болады. Еңбектің тақырыпқа топтастыру тәсілі 1940 жылғы С.Аманжолов жүйесімен үндесіп жатқанымен, мазмұны қазіргі күннің талаптарына сай түзілгені байқалады. Кітап жас балғындарға арналғандықтан да болар, тілі жеңіл, ойы ұшқыр. Мысалы, «Орақ болып туады, табақ болып тынады» (шешуі: ай), «Жиегіне шатырдың, судан шеге қатырдым» (сүңгі); «Дұрыстап қарасақ, көктегі бағдаршам» (үркер) қатарлы жұмбақтар қай жеткіншектің де болса жүрегінің төрінен орын алары сөзсіз. Алайда, автордың қаламынан туындаған жұмбақтардың бәрін де сәтті деп айту қиынсыз болар еді. Атап айтқанда, «777 жұмбақ» жинағын 1940 жылғы С.Аманжолов басылымымен салыстыра танысқан оқырманға біраз жұмбақтардың ешқандай өзгеріссіз көшірілгені айқын байқалады. Айтқанымыз дәлелді болуы үшін бірнеше жұмбақты мысалға келтіруді жөн санадық.

777 жұмбақ (1994):	Қазақтың халық жұмбақтары (1940):
Басына үлпілдетіп таққан шашақ,	Басына үлпілдетіп таққан шашақ,
Бұралып тал шыбықтай тұрған жасап.	Бұралып тал шыбықтай тұрған жасап.
(Жауабы: қамыс, 24-бет)	(Жауабы: қамыс, 3-бет)
Жылқыны қарына қыстырып,	Жылқыны қарына қыстырып,

Түйені ерніне қыстырып,	Түйені ерніне қыстырып,
Есекті құлағына қыстырып,	Есекті құлағына қыстырып,
Қасқырды ат қып мініп,	Қасқырды ат қып мініп,
«Әйт» дегенде жүре берген.	«Айт» дегенде жүре берген.
(Жауабы: қоян, 29-бет)	(Жауабы: қоян, 19-бет)
Сұм жүзді,	Сұм жүзді, құралай көзді,
Құралай көзді,	Киікше секірген,
Киікше секірген,	Бара санды, жолбарыс тонды.
Қара санды,	(Жауабы: құрбақа, 31-бет)
Жолбарыс тонды.	
(Жауабы: құрбақа, 31-бет)	
Есігі жоқ,	Ақ отаудың есігі де жоқ,
Тесігі жоқ,	Тесігі де жоқ.
Ақ доптың ішінде	(Жауабы: жұмыртқа, 48-бет)
Несібі көп.	
(Жауабы: жұмыртқа, 95-бет).	

Осындай санаулы жұмбақтардың көшірілгеніне қарап, автордың орасан еңбегін жоққа шығаруға болмас, дегенмен, авторлық шығарма мен халық мұрасының аражігін анықтап, ұрпаққа бабалар аманатын адал жеткізудегі борышымызды естен шығармаған жөн сияқты.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ жұмбақтарын ғылыми тұрғыда зерттеу мейлінше белең ала бастады. Бұл салада өнімді зерттеулер жүргізгендердің қатарында Ә.Марғұлан [42, 178-179], М.Ғабдуллин [43, 88], М.Әбжанов, Ж.Адамбаева, Ш.Керім сияқты ғалымдар бар.

Аталған ғалымдардың ішінен М.Әбжановтің еңбегін бөле-жара атап өткен жөн. Ол 1966 жылы кандидаттық дәреже алу үшін «Қазақ халқының жұмбақтары» деген тақырыптағы диссертациясын сәтті қорғап шыққаны белгілі. Осы зерттеудің негізінде 1967 жылы «Қазақ халқының жұмбақтары» дейтін монографиялық еңбегін жарыққа шығарады. Зерттеу «Жұмбақ және оның тарихи даму жолдары», «Жұмбақ және оның басқа жанрлармен байланысы», «Жұмбақ және оның түрлері», «Жұмбақтардың қамтитын тақырыптары мен мазмұ-

ны» аталатын төрт тараудан тұрады. Алғашқы бөлімде жұмбақтардың шығу төркіні мен жариялану тарихы, алғашқы жинаушы, жариялаушылар жөнінде маңызды мәліметтер мен дәйекті деректер береді. Зерттеуші жұмбақтар шағын жанрлардың ішіндегі өте күрделі сала екендігін айта келіп, олардың шешімі туралы мына пікірін ортаға салады: «Жұмбақты шешу – адамның ақыл-парасатының, өмірден көрген-білгені, үйренгені қандай дәрежеде екенін байқатады. Сол арқылы адамның ұшқыр ойлылығын, парасаттылығын, қай нәрсенің болса да шұғыл шешімін табатынын таниды. Жұмбақ шешімін табу арқылы сол кісінің өмір тәжірибесінің қандай екенін біледі» [65, 11].

Зерттеуші жұмбақтарды фольклорлық өзге жанрлармен салыстыру арқылы олардың өзіндік ерекшеліктерін, тарихи шығу және өзгеру жолдарын, түр-сипатын анықтайды, ғылыми табиғатын ашуға талпынады. Бұл орайда автор жұмбақтар фольклордың шешендік сөздер, ертегілер, мақал-мәтелдер, қара өлеңдер, өтірік өлеңдер, мысал өлеңдер сияқты шағын жанрларымен төркіндес, өзектес екендігін айқындайды. Сол мақсатта автор жұмбақтардың осы жанрлармен тікелей қатынасын, байланысын толық талдай отырып, дәлелді айғақтар келтірген.

Ғалым негізгі тақырыптарды жүйелеу барысында, олардың әрқайсысын бірнеше тақырыпшаларға бөлшектеп талдаулар жүргізеді. Қазақ жұмбақтарын ұлттық ерекшеліктеріне байланысты жүйелеуде М.Әбжанов зор жетістіктерге жеткенін айта кеткен лазым. Алайда, автор тарапынан кеткен олқылықтарды осындай жылы лебіздің көлеңкесінде қалдыруға болмайды. Атап айтқанда, зерттеуші жұмбақтардың көркемдік құрылымы мен шешілу ерекшеліктеріне онша мән бермейді. Жұмбақтанудың дамуына байланысты халықаралық деңгейдегі тың ойлар мен ұсыныстарды пайдаланбайды. Әсіресе, жұмбақтардың көпнұсқалығы туралы, тіпті сөз қозғалмайды. Қазақ жұмбақтарын жинауда, жариялауда қандай өзекті мәселелер қордаланған және оларды шешуде нендей шаралар жасалуға тиісті екендігі жөнінде қорытынды тұжырымдар жасалмаған.

Қоғамдағы өзгерістер мен техника жетістіктеріне байланысты дүниеге жаңа жұмбақтар келетіні белгілі. Бұл туралы жұмбақтарды ғылыми тұрғыдан алғаш зерттеушілердің бірі Ж.Адамбаеваның әр жылдарда баспасөз беттерінде жариялаған ғылыми мақалаларында сөз болады [45].

Профессор Ш.Керімнің «Қазақ жұмбақтары» атты монографиялық еңбегі осы жанрды алғаш рет іргелі түрде зерделеген қомақты еңбек болып табылады [46]. Ірі-ірі бес тараудан тұратын еңбекте жұмбақтардың жиналу, жүйелену, жариялану, зерттелу тарихы, жанрлық сипаты, пайда болу тегі, даму үрдістері, көркемдік-стилдік табиғаты, түркі

халықтарына ортақ типологиялық қырлары, фольклорлық мұралардың өзге жанрларымен арақатынасы, халық шығармашылығындағы маңызы мен рөлі отандық, шетел ғалымдарының теориялық зерттеулерінің негізінде, еліміздегі әдеби қорлардағы қолжазбаларды, Қазан төңкерісіне дейін жарық көрген көне жинақтарды, басылымдарды басты нысана ретінде пайдалануының арқасында жан-жақты талданған, зерттеуші тарапынан өзіндік пікірлер, айғақты тұжырымдар жасалған. Ол өзінен бұрын жұмбақ жанрын зерттеген қазақ ғалымдарының еңбектерін толық қарастырып, іздену барысында жинақтаған екі мыңнан астам мәтінді түбегейлі игере отырып жанрдың ішкі болмыс-бітімін, табиғатын барынша меңгеріп, жұмбақтарды былайша жүйелейді: а/ тиым жұмбақ; ә/ ертегі жұмбақ; б/ таза жұмбақ; в/ айтыс жұмбақ; г/ әдеби жұмбақ.

Бұл ретте жұмбақтардың осы тұрғыда жүйеленуіне біржақты пікір айту қисынға келмеген болар еді, себебі фольклортану ғылымы үнемі қозғалыста, қалыпты даму бағытында болғандықтан, аталған жүйе толық мақұлдануы, болмаса жетілдірілуі әбден мүмкін. Алайда, ғалымның бұл тұжырымы бүгінгі күні қалыптаса бастаған, барынша тиімді жүйелеу екендігі дау тудырмайды. Автордың жұмбақтың аралық түрлерін: жұмбақ сауал, санамақ жұмбақ, шешендік жұмбақ, мақал жұмбақ, өлең жұмбақ, әбжад жұмбақ, есеп жұмбақ, түс жұмбақ, ертеке жұмбақ деп жіктеуі де сенімді, алдыңғы зерттеушілердің пікір-түйіндерін толықтыра түседі деуге толық негіз бар.

Жұмбақтар – қай кезеңде де үздіксіз дамып, жаңарып отыратын фольклорлық мұралардың санаулы жанрларының бірі. Зерттеуші жұмбақтың осы қырын да назардан сырт қалдырмай мол мысалдар арқылы айқындайды және олардың бүгінгі қоғамдағы маңызын нақты мысалдармен дәлелдейді. Әсіресе, жанрдың поэтикалық сипатын өлеңдік-ырғақтық жүйе, образдық бейнелеу тәсілдері арқылы талдауы – зерттеудің ғылыми салмағын арттыра түскен. Бұл тұрғыда зерттеушінің нысана мәтіндерін мәндес келетін өзге жанрлармен, өзбек, қарашай, алтай т.б. халықтардың жұмбақтарымен салыстыра қарастыруы да еңбектің жан-жақты ашылуына мүмкіндік туғызған. Сондай-ақ жұмбақтардың өлеңмен, шешендік сөздермен, ертегілермен, мифтермен, тиым сөздермен, жырлармен арақатынасы, олардың бір-біріне болған ықпалы, өзара үйлесім-жалғастығы айғақты дәлелдермен талданған.

Зерттеуде халық жұмбақтарынан тыс әдеби туындыларға, яғни авторлық ауыз әдебиетіне қатысты шығармаларға да айырықша мән берілген. Атап айтқанда, «Әсет пен Ырысжан», «Нұржан мен Сапарғали», «Қожахмет пен Әубәкір», «Қаблिसа мен Таутан» т.б., сонымен бірге Сыр бойы ақындары хат-айтыстарындағы, тіпті кейінгі кеңестік

кезеңдегі жыр-тартыстарындағы жұмбақтың орны, мазмұндық үлесі, көркемдік қуаты арнайы мәселе ретінде көтеріліп, оларға байланысты байыпты байламдар, тұщымды тұжырымдар жасалған.

Ш.Керімнің аталған зерттеуінің негізінде жинақталған жұмбақ мәтіндері кейін жүйеге түсіріліп, «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясының 64-томына енгізілген [38]. Жоғарыда көрсетілген жұмбаққа арналған жинақтар мазмұнына қарай тақырыптарға жүйеленгендіктен, құрастырушы осы тәсілден қалыс қалмағаны байқалады. Әр тақырыпқа бөлінген мәтіндер әліпбилік жүйеге түсірілмеген, бірақ бастан-аяққа дейін реттік санмен нөмірленген. С.Аманжолов пен Т.Жанұзақов құрастырған «Қазақтың халық жұмбақтарында» (1959) мәтіндер жиырма тақырыптың аясында топтастырылған болса, бұл жинақта отыздан астам тақырып қамтылып, тың шығармалармен толыққан.

Жинақта топтастырылған мәтіндердің негізгі бөлігін Ұлттық, Орталық ғылыми кітапханалардың, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының сирек кітаптар мен қолжазбалар қорларында сақталған Ф.Ғабитованың, Ж.Жантөбетовтың, М.Хакімжанованың, Ә.Марғұланнның, Т.Байтаңатовтың, С.Әздембаевтің, Х.Байсовтың, И.Ұйықбаевтың, А.Шамкеновтің, Т.Әлпейісовтің, Р.Токтаровтың, К.Байкотовтың, зерттеуші-ғалымдар: Ә.Диваевтың, І.Жансүгіровтің, Б.Ысқақовтың, С.Ордалиевтың, Ш.Кәрібаевтің, Т.Сәрсенбековтің, Т.Сыдықовтың, Н.Төреқұловтың, С.Бүкіровтың, Б.Қасымбаевтың, Б.Адамбаевтың, М.Тілеужановтың т.б. жоғарыда аталған жинаушылардың әр кездері, түрлі өңірлерден жазып алған қолжазба мұралары қамтыған. Әсіресе, Венгриялық ғалым, профессор Мандоки Қоңыр Иштван 1966 жылдан бастап Моңғолиядағы қазақтардан жинаған 237 жұмбағы кім-кімді болса да қызықтыратыны шындық. Мысалы, томды дайындау барысында құрастырушы тоқсаннан астам қолжазба қарап, олардан 500-ден астам жұмбақ мәтіндерін тапқан.

Сонымен бірге томға «Қазақтың халық жұмбақтары» кітабынан өзге Я.Лютштің «Киргизская хрестоматия» (1883), А.В.Васильевтің «Киргизские загадки» (1900), Зейін Шашкиннің баспаға дайындаған, бірақ жарияланбаған қолжазба жинағы (1934), Моңғолиядағы қазақтар фольклорының негізінде Қ.Қалиаскарұлы құрастырған «Халық жырлары» (1970), «Жұмбақтар» (1976), О.Асқардың «Қара өлен» (1989), Ж.Кейкіннің «Қазақы атаулар мен байламдар» (2006), Қ.Саттаровтың «Жұмбақтар» (1994), Ә.Доспамбетовтың «Қырық қазына» (1987), Е.Сағындықовтың «Қазақтың ұлттық ойындары» (1991) кітаптары мен оқулықтарында, содай-ақ «Балдырған», «Мәдениет және тұрмыс», Қытайдағы қазақтар тұтынатын «Шалғын», «Мұра» секілді басылымдарда жарияланған жұмбақтар кіргізілген. Солардың жиын-

тығынан 64-томға 2279 жұмбақ мәтіні топтастырылған. «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясының ұстанымдарына сай жинақтың соңына жоғарыда көрсетілгендей ғылыми қосымша ұсынылған.

Жұмбақтардың тәрбиелік, өнегелік мәнін адамдар бағзы замандардан-ақ ұққан, бағалай білген. Сан ғасырлар көшпелі ғұмыр кешкен қазақтың халық педагогикасында шағын жанрлардың, оның ішінде жұмбақтардың маңызы өте зор. Әртүрлі той-жиындар мен жастар басқосуларында жұмбақ жасыру кеңінен орын алған. Жас буын жұмбақтың жауабын шешу арқылы ой қабілетін шыңдаумен қатар сөйлеу шеберлігін арттырып, бір-біріне деген қарым-қатынасын дұрыс жолға қоя алаған. Жұмбақтардың дидактикалық маңызына зер салған этнографтар мен фольклоршылар оларды мазмұнына орайластырып сұрыптап, тақырыптық принциптерге сай жүйеге келтіруге талпынған.

Жұмбақтардың басты тақырыбы – адам қажеттілігінен туындаған заттар, төрт түлік мал, жан-жануарлар мен жәндіктер, табиғат пен жаратылыс құбылыстары. Бір сөзбен айтқанда, адамдардың күнделікті өміріндегі қажеттіліктерімен оларға қатысты ой-тұжырымдары.

Екіншіден, жұмбақтардың тілдік құрылымында да ерекшеліктер аз емес, тіпті олардың синтаксистік, фонетикалық құрылысы мен ырғағында да сан-алуан өзгешеліктер бар. Қазақ жұмбақтарын саралай отырып, мазмұны жағынан тура мәніне қарағанда, басым көпшілігі метафоралық мағынада екенін аңғаруға болады. Жұмбақ белгілі зат немесе құбылыс жайлы болса, жауабы тіпті өзге нәрсе болып жатады. Мәселен, «Ақ күшігім шәу-шәу, етеді, астынан шаңы сау-сау етеді» (жауабы: елгезер). Бұл тәсіл адамды бейнелі, көркем түрде ойлауға ықпалын тигізеді. Белгілі жұмбақтанушылардың пайымдауынша, бұл айтқандардан басқа шешуін табу барысында жұмбақтардың ашық немесе жасырын түрде берілгені туралы логикалық тұжырым қажет. Өкінішке орай, жұмбақтану саласында туындылардың логикалық құрылымы мен оларды шешу үшін керекті логикалық тәсілдер классификациясы өз дәрежесінде жасалмай отыр. Дегенмен, кей фольклоршы ғалымдар логикалық тәсілдердің біраз түрлерін жүзеге асыра бастады.

Жұмбақтарды логикалық құрылымына қарай жүйелеуді Н.В.Барбанованың қолға ала бастағанын «Паремологические исследования» атты жинақтағы «О логической структуре некоторых русских загадок» [47, 96-104] деген мақаласынан аңғаруға болады. Бұл зерттеумен таныса отырып мазмұнына орай жіктелген бір топ жұмбақты логикалық құрылымына байланысты бір жүйеге келтіруге болатынына көз жеткіземіз. Сөзіміз дәлелді болуы үшін бірнеше мысалдар келтіруге болады.

Бірінші топқа әртүрлі қазақ жұмбақтарынан алынған мына жұмбақтарды алып талдаймыз:

1. Бір жануар қалтандап,
Тастан киім киеді.
Жауын өтпес томпаңдап,
Ін ішінде жүреді.
(Жауабы: тасбақа).

2. Ол күн күзетеді,
Күн оны түзетеді.
(Жауабы: күнбағыс).

3. Мұрты бар,
Иегінде сақалы жоқ.
Далаға кіріп-шығады,
Сапары жоқ.
(Жауабы: мысық).

Жоғарыдан байқайтынымыз, бұл жұмбақтардың барлығы тек бір ғана үлгімен түзілген, яғни бір көпнұсқалы логикалық құрылымның варианттары болып табылады. Соған байланысты жұмбаққа нысана таңдалып алынады да, оның толықтырылмаған сипаттамасы беріледі. Сипаттаманың кейбір маңызды тұстарының айтылмауы оның жұмбақтылығын көрсетеді. Мұнда жұмбақтың шешуі (соңғы жұмбақта ол – мысық) және бір нысана (бұл жағдайда – аң) арасында салыстыру жүреді. Соңғы жағдайда нысана сипаты бойынша суреттеледі. Жұмбақтың шешуі мен салыстырмалы нысана арасындағы қатынасты төмендегідей жалпылама түрде көрсетуге болады.

Жұмбақтың шешуі: нысана Р Салыстырмалы нысана Q
(Мысық) (Әйтеуір бір аң).

Сипаттары	Сипаттары
X_1 – үстінде жүні бар	Y_1 – «жүндес»
X_2 – төрт аяғы бар	Y_2 – «төрт аяқты»
X_3 – мұрты бар	Y_3 – «мұртты»

Логикалық тұрғыдан алғанда бұл нысаналарды өздеріне сәйкес X және Y сипаттары бар Р және Q көпшама түрінде келтіруге болады.

Бұл екі нысананың салыстырмалылығын берілген көпшамалардың және олардың сәйкес сипаттарының қатынасы ретінде көрсетуге болады.

$$\begin{matrix} P & X_1 & X_2 & X_3 \\ Q & Y_1 & Y_2 & Y_3 \end{matrix}$$

Бұл қатынастар Э.Кегэс-Маранда жасаған $A/B = C/D$ түсінігіндегі метафора формуласының логикалық жалғасы болып табылады [48, 49].

Келесі топқа төмендегі жұмбақтарды енгіземіз:

1. Әкесі баласын көтеріп тұр,
Баласы бөркін көтеріп тұр.
(Жауабы: кереге, уық, шаңырақ).

2. Өз елімде жеке едім,
Желкілдеген бек едім.
Мұнда келдім сайландым,
Қырық жерден байландым.
(Жауабы: тоқыған ши).

3. Қызыл-қызыл, қызыл қыз,
Бұрымы неткен ұзын қыз.
Өзі ұйқыға батады,
Бұрымы сыртта жатады.

Бұл жолы да соңғы жұмбақты мысалға келтіріп, талдау жасаймыз.

Жұмбақтың шешуі: Р Салыстырмалы нысана Q
(Сәбіз) («Қызыл қыз»)

Сипаттары:	Сипаттары:
X_1 – қызыл түсті	Y_1 – қызыл қыз
X_2 – шашағы ұзын	Y_2 – бұрымы ұзын
X_3 – өнімі көмулі	Y_3 – өзі ұйықтайды
X_4 – шашағы сыртта жатады	Y_4 – бұрымы сыртта қалады

Аталған екі нысананың салыстырмалы көрінісі Р және Q көпшама-лар мен олардың сәйкес сипаттары қатынастарының қатарында бай-қалады.

$$\begin{matrix} P & X_1 & X_2 & X_3 \\ Q & Y_1 & Y_2 & Y_3 \end{matrix}$$

Бұл жағдайда II-топтағы жұмбақтар өзге вариантты логикалық құрылымның варианттары болып саналады. Мұнда айта кетерлік жайт, соңғы топ жұмбақтарының қамту аясы өте кең және $P / Q = 1$.

Н.В.Барабанова орыс жұмбақтарын жоғарыдай 7 топқа бөліп, нысаналарды салыстыру арқылы логикалық жүйе түзеді. Әлемнің барлық халықтарының жұмбақтарын дәл осындай логикалық тәсілдермен бір жүйеге келтіруге болатындығы туралы құнды пікірлер білдіреді (47, 253-255).

Қорытып айтқанда, жұмбақтар – халық ғұмырының бастауларынан бері бірге жасап, заман өзгерген сайын жаңа тақырыптармен толығып, көлемі жағынан да, сапасы тұрғысынан да қарыштап дамып отыратын шағын жанрлардың өміршең салаларының бірі. Оның негізі ауызша айтылып, ұрпақтан ұрпаққа жад арқылы таралып келгендіктен, бүгінгі күнге бастапқы қалпын сақтап, толық күйінде жетпеуі де – заңдылық. Халық жұмбақтарын там-тұмдап болса да жинап, баспа жүзінде жариялау XIX ғасырдың қыркыншы жылдарынан кейін ғана қолға алына бастады. Сондықтан бұл жанрды қамтитын мұраларды жинау, жариялау іс-шараларын үш кезеңге бөліп қарастыруға болады.

Алғашқы Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде жұмбақтар қазақ фольклорының өзге де жанрларының қатарында елі ішінен орыс, шетел саяхатшыларының, жинаушыларының, зерттеушілерінің тарапынан хатқа түсірілді. Бұлардың арасында жоғарыда көрсетілген туған елінің дәстүрлі мәдениеті мен әдебиетіне шынайы жанашыр, оқыған қазақ азаматтары болды. Олар жинаған халық туындылары жеке бірлі-жарым кітапшаларда, құрама жинақтарда, хрестоматияларда болмаса, негізінен орыс, қазақ тілдерінде шығатын баспасөз беттерінде ғана жарияланды.

Екінші – кеңестік дәуірде жұмбақтар еліміздің түкпір-түкпірінен мақсатты түрде іздестірілді, жиналды, ғылыми жүйеленді, тақырыпқа топтастырылды, ұлттық басылымдармен қатар арнайы көпшілік, ғылыми-көпшілік, басылымдарда жарық көрді. Сөйтіп, саналы, ұшқыр ойлы жас ұрпақты тәрбиелеуге қызмет етті.

Еліміз тәуелсіздік алған 1991 жылдан бері халық әдебиетінің үлкен бір саласы ретінде мемлекеттік тұрғыда көңіл бөлініп, «Қазақстандағы Халықтар бірлігі мен тарих жылына» (1998) байланысты республиканы толық қамтыған кешенді фольклорлық-этнографиялық экспедициялардың, 2004-2013 жылдарды қамтыған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының негізінде ел аумағына, сондай-ақ қандастар

тығыз қоныстанған Ресей, Монғолия, Қытай, Өзбекстан, Түркімен-стан, Қырғызстан, Тәжікстан т.б. елдерге арнайы жіберілген халықаралық экспедициялардың, ғылыми іс-сапарлардың нәтижесінде сирек қорларда сақталып келген жұмбақтардың көлемі толықты, «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясында ғылыми басылымы жарық көрді. Жан-жақты зерттеулер жүргізіліп, іргелі ғылыми еңбектер жазылды.

Дегенмен жұмбақтарды жинастыру жұмыстарын жалғастыра отырып, әлі де болса түрлі қорларда, мұрағаттарда басы бірікпей, шашырап жатқаны мұраларды заман талаптарына сай жүйеге келтіріп, ғылыми айналымға енгізудің кезегі әлдеқашан келген сыңайлы. Бұл ретте, біз жоғарыда болжам жасаған логикалық құрылымның амал-тәсілдермен жүйелеудің келешегі өте зор екендігі анық. Ішкі мазмұнына байланысты іріктеліп, тақырыптық принципте жүйеленген жұмбақтар бір ғасырдан астам халқымызға рухани жағынан қызмет етті. Алайда, осы аралықта баспа жүзін көрген басылымдар мен жинақтар жалпы оқырманды қанағаттандырғанымен, ғылымның қазіргі тың жетістіктерімен қаруланған талғамы биік ұрпаққа олқылық көрсетері даусыз. Сондықтан да қазақ жұмбақтарының академиялық жинағын шығаруды қолға алып, дайындық жұмыстарын бастайтын мезгіл жеткен сияқты. Бұл тұрғыдағы басты міндет – ірі фольклоршылар мен жұмбақтанушы зерттеушілері бір орталыққа топтастырып, жұмбақтарды жинау, жүйелеу және текстологиялық тұрғыдан зерттеу жұмыстарын кешенді түрде жүргізу болып табылады. Бұл істерде – жұмбақтардың логикалық тәсілдер арқылы классификация жасау өзекті мәселе болып қалатыны анық.

Пайдаланылған дәйеккөздері:

1. Марғұлан Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 1960.
2. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы, 1964.
3. Әуезов М. Алғы сөз // Қазақтың халық жұмбақтары. Алматы, 1959.
4. Садовников Д.Н. Загадки русского народа. СПб., 1876;
5. Миллер О.Ф. Опыт исторического обозрение русской словесности с хрестоматию, расположения по эпохам. Ч.1. Вып.1. Изд.2-е. СПб., 1865.
6. Иванов М. Татарская хрестоматия. СПб., 1842.
7. Архив РГО. Назряд 65. ОП.1.; «Ана тілі» газеті, 1992. №47.
8. Ильминский Н. Воспоминания об И.А.Алтынсарине. – Казань: Типография Ключникова, 1891.– 396 с.

9. Радлов В.В. Алтын сандық // Құрастырып, алғы сөзі мен түсініктемелерін жазғандар: С. Қасқабасов, К. Ісләмжанұлы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 256 бет.

10. Ибрагимов Ш.М. Материалы для этнографии Средней Азии. Киргизские пословицы и загадки // Туркестанские Собр. Ш.М.Ибрагимовым Вед. 1870, №1 и 6; Материалы для этнографии Средней Азии // Туркестанские Ведомости. 1871, №1; Материалы по статистике Туркестанского края. МСТК. 1874, Вып. III. – С. 391-400; Древняя и новая Россия. 1876, Т. III. С. 51-63; Ежегодник Туркестанского края. Ташкент, 1879.

11. Ибрагимов Ш.М. Киргизские пословицы и загадки. Ежегодник Туркестанского края. СПб., 1874. Вып. 3.

12. Образцы киргизской поэзии, собранные Т.А.Сейдалиным и С.А.Джантуриным. Записки Оренбургского отдела РГО. 1875. Вып. 3.

13. Распопов П.Н. Образцы киргизской поэзии в песнях эпического и лирического содержания. 1887. Оренбург.

14. Мелиоранский Л.М. Киргизские пословицы и загадки // Записки Восточного отделения русского археологического общества. 1893. Т. 7.

15. Лютиш Я.Я. Киргизская хрестоматия. Сборник образцов народной литературы киргиз Туркестанского края. Ташкент. 1883, 251 с.

16. Харузин А. Киргизы Букеевской орды // Антрополого-этнографические очерки. 1889. – Вып. I. С. 548; 1891. Вып. II. С. 828.

17. Алекторов А.Е. Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах. Казан, 1900.

18. Васильев А.В. Киргизские загадки. Оренбург. 1900.

19. Васильев А.В. // Дала уалаятының газеті. 1900. № 22-23.

20. Диваев А.А. Этнографические материалы // Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области. 1895. Вып. IV. С. 1-61; Диваев А.А. Этнографические материалы // Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области. 1895. Вып. IV. С. 1-61.

21. Керім Ш. Қазақ жұмбағы. – Алматы: Санат, 1999. – 248 бет.

22. Мұхамедсалықов С. Жұмбақ қазақ тілінде. Казан, 1903.

23. Жәнібеков О. Жұмбақ вә мақаллар. Казан, 1908.

24. Карутц Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. // Перев. с немецкого Е. Петри. СПб., 1912, 188 с.

25. Образцы народного творчества у киргиз Уральской области // Вестник Оренбургского учебного округа. 1913. №4.

26. ӘӨИ. 262-бума.

27. Айқап. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 366 бет.

28. Айқап. 1914. №10.

29. OFK.1073-бума.

30. ОҒК. 1072-бума.
31. Әуезов М. Алғы сөз // Қазақтың халық жұмбақтары. Алматы, 1940.
32. Әуезов М. Алғы сөз // Қазақтың халық жұмбақтары. Алматы, 1959.
33. ӘӨИ. 920/33-қолжазба жинақ.
34. Саттаров Қ. Қазақтың халық ауыз әдебиетін жинау методикасы. – Ташкент: «Өзбекстан» баспасы, 1995. – 64 б.
35. Саттаров Қ. Жұмбақтың айтылу тарихынан // «Қазақ тілі және әдебиеті» журналы, 9-саны. Алматы. 1972.
36. ӘӨИ. 920/61-қолжазба жинақ.
37. Саттаров Қ. Қазақтың халық жұмбақтары. – Ташкент: «Өзбекстан» баспасы, 1995. – 110 б.
38. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2010. Т.64: Жұмбақтар. – 432 б.
39. ӘӨИ. 953-бума.
40. ӘӨИ. 526-бума, 1-дәп.
41. Әлімбаев М. Бөбектерге тарту. Алматы, 1965; Әлімбаев М. Жаңа жұмбақтар. Алматы, 1967; Смаков Ж. Жүз бір жұмбақ. Алматы, 1967; Ысқақбаев Ә. 777 жұмбақ. Алматы, 1994.
42. Марғұлан Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 1960.
43. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы, 1964.
44. Әбжанов М. Қазақ халқының жұмбақтары. Алматы, 1966.
45. Адамбаева Ж. Жұмбақтар қалай жасалады // Қазақстан мектебі. 1964. № 22; Заттық жұмбақтардың тақырыбы мен жасалу жолдары // Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. 1961, № 1.
46. Керім Ш. Қазақ жұмбағы. – Алматы: Санат, 1999. – 248 б.
47. О логической структуре некоторых русских загадок // Сообщение Н.В.Барабановой, вступ. Текст Г.Л.Перякова // Паремологические исследования. Сборник статей. Москва, 1984.
48. Маранда Э.К. Логика загадок // Паремииологический сборник. Москва, 1978.

ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ЖАНРЛАР ЖҮЙЕСІНІҢ ҚЫСҚАША ҒЫЛЫМИ СИПАТЫ

Халық әдебиеті, яғни көркем сөз өнері – ұрпақтан ұрпаққа жалғанып халықпен қатар өмір сүріп келе жатқан рухани мұра. Сондықтан онда халықтың бастан кешкен бүкіл өмір жолы, тарихи, тағдыр талайы, арман-мұраты сыр түйген. Бастапқы авторлары белгісіз, халық арасында бірте-бірте жетіліп, толығып, көркемдене түскен халқымыздың салтына қатысты, болмаса салтқа қатыссыз мұралары баға жетпес бай қазына болып саналады.

Қай халықтың болмасын мәдени мұрасының жиналу, жариялану, зерттелу тарихын дәл нақты уақытпен, дәл тауып айту қиын. Ол қаншалықты көне болса, оның түп негізі де тым теренге тамыр созады. Қазақ халық әдебиетінің байырғы сілемдері VII-VIII ғасыр жәдігерлері Орхон-Енисей жазбаларынан көрініс тапса, бергісі – ортағасырлық жазба мұрағаттардан бой көрсетеді.

Ал жүйелі түрде толығырақ, ғылыми мақсатта хатқа түсіп, жариялануы XIX ғасырдың екінші жартысынан бастау алады. Оның себебі, Ресей империясының қазақ жерін толық отарлап қоғмдық-экономикалық, саяси-әлеуметтік жағдайын түбегейлі өзгертуінде жатыр. М.О.Әуезов сөзімен айтқанда, «Бұл дәуірдің ең зор жаңалығы – қазақ халқының және барлық Қазақстан өлкесінің экономикалық-мәдениеттік, қоғамдық болмысына қосылуында. Ал Ресейдегі 60-жылдардың басынан басталған жаңа тарихтың, қоғамдық, экономикалық дәуір капитализмнің дамып өсу кезеңі болды. Сол Ресейдегі үдеп өсе бастаған капитализмнің арнаулы әсері қазақ мекендеген өлкелердің бәріне көп салаларымен ықпалын жүргізе бастады». Осы ықпалды рухани саладан да анық көруге болады. Өз құрамында отар болып толық енген елдің жер байлығы мен шикізат көзін, халқының шаруашылық жайын, тұрмыс тіршіліктік мәдениетін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, діні мен тілін, ділін жете зерттеуге Ресей мүдделі болды. Соның нәтижесінде қазақ халқының рухани мұрасы аз да болса хатқа түсе бастады.

Сол себепті қазақ фольклоры мен этнографиясын зерттеу жұмысы бірнеше бағытта және түрлі әдіспен жүзеге асырылады. Арнайы тапсырмамен келген әскери адамдар, саяхатшылар Қазақстанның топографиясын жасаумен қатар жер-су, тау-тас, мекен-жайына байланысты әңгіме, аңызды хатқа түсірсе, шенеуніктер мен миссионерлер қазақ тілін зерттеп, қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздіктер жасады, орыс әрпінде жазылған оқулықтар дайындады. Олар ауыз әдебиеті шығармаларын да өз мақсаттарына пайдаланды.

Қазақ фольклорын, тілін, этнографиясын таза ғылыми мақсатта академиялық түрде зерттегендер де бар. Бұл топтағы адамдар фольклорлық және әдеби шығармаларды барынша дұрыс жазып алуға, сұрыптап, жүйеге келтіруге және соларды жарыққа шығаруға ғылыми тұрғыда талдап, зерттеуге күш салды. Сөйтіп, 80-жылдардан бастап, әсіресе, 1890-1900 жылдар аралығында қазақ ауыз әдебиеті жөнінде ғылыми еңбектер мен библиографиялық көрсеткіштер жиі шыға бастады.

В.В.Григорьев, В.В.Вельяминов-Зернов, Н.Ф.Костылецкий, И.К.Березин, Н.И.Ильминский, А.Е.Алекторов, А.В.Васильев, П.М.Мелиоранский, А.П.Харузин, Р.А.Колпаковский, Н.Н.Гродеков, Н.Ф.Катанов, Я.Я.Лютшъ, Г.Н.Потанин, В.В.Радлов сияқты т.б. толып жатқан зерттеушілердің қазақ фольклоры мен этнографиясын жинауға атсалысуы осындай тарихи кезеңнің жемісі еді. Бұл кезең Ш.Уәлиханов, Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин сынды ұлы тұлғалармен қоса, қазақ мәдениетінің қомақты үлес қосқан Т.Сейдалин, Т.Дауылбаев, С.А.Сұлтанғазин, С.Шорманов сияқты т.б. қазақ зиялыларын дүниеге әкелді.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы орыс фольклортануында сол кездегі Ресей ғылымы мен мәдениетіндегі кертартпа словянофильдік, либералдық және демократтық сипаттық қатар өрбігені белгілі. Бұл құбылыстың әсері жоғарыдағы саяхатшылар көзқарастарынан да байқалмай қалмайды. Өйткені, фольклористік зерттеулер тек академиялық мақсатпен шектелмей, кең қоғамдық саяси-әлеуметтік мәселелермен байланысты жүргізіліп отырды.

Қазақ халқының мәдени мұраларын жинап бастыру және зерттеу ісі Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңде де қарқынды жүргізіле бастады. Олардың озық үлгілері «Киргиз-казахский богатырский эпос» (1922) А.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» (1925), Сарыбаевтың «Терме» (1923), С.Сейфуллиннің «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» (1931) сияқты жинақтар мен хрестоматияларда жарияланды. Бұл шараларды ұйымдастыруға 1920-1923 жылдары Оңтүстік және Оңтүстік Шығыс Қазақстанды қамтыған Ә.Диваев басқарған фольклорлық-этнографиялық экспедицияның материалдары септігін тигізді. Мұнан кейінгі жылдарда толық көлемде басылым көрген «Қазақ ертегілері», «Мысалдар», «Жұмбақтар», «Ақындар айтысы», «Мақал-мәтелдер», батырлық, ғашықтық жырлардың ғылыми басылымдары. Қанша Кеңес идеологиясы елегінен өткенмен де А.Байтұрсыновтың, М.Әуезовтің, Х.Досмахамбетовтың, С.Сейфуллиннің зерттеулерінде халық әдебиеті тұңғыш рет ертегілер, салт жырлары, діни жырлар, өлеңдер,

мақал-мәтелдер, билер сөзі, тақпақ, т.б. жанрлық жүйе бойынша қарастырылды.

XX ғасырдың екінші жартысында ауыз әдебиеті үлгілері көпшілік, ғылыми-көпшілік жинақтарға енгізіліп, Е.Ысмайылов, Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, Қ.Жұмалиев, Ә.Қоңыратбаев, Н.Смирнова, Б.Кенжебаев, С.Қасқабасов, О.Нұрмағамбетова, Ы. Дүйсенбаев, М.Дүйсенов, Б.Уахатов, Б.Бердібаев, Е.Тұрсынов, Т.Сыдықов, М.Мағауин, М.Жармұхамедов, Қ.Сыдиықов, Б.Адамбаев, С.Садырбаев секілді белгілі фольклортанушы ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты зерттелді. Фольклортану ғылымының арнасы кеңіп, жанр табиғаты, олардың жанрларын жіктеу, тарихын дәуірлеу, ауыз әдебиетін жазба әдебиетімен, өзге түркі халықтар фольклорымен байланыстары, қазақ халқының мәдениеті ішінде алатын орны, сөз бен әуенің өзара қатынасы т.б. мәселелер біршама қарастырылды. Халық әдебиеті үлгілерін жинау, жазып алу әдістемесі қалыптасып, зерттеушілердің осы салада жүргізген көп жылдан тәжірибиесін қорыту ісі қолға алынды. Фольклортанушылардың ғылыми табыстары «Қазақ әдебиетінің тарихы» «Қазақ фольклористикасы» (1972), «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» (1974), «Қазақ фольклорының типологиясы» (1981), «Қазақ фольклористикасының тарихы» (1988), «Қазақ фольклоры мен әдебиет шығармаларының текстологиялық зерттелуі» (1983), «Қазақ фольклорының тарихилығы» (1993), «Қазақ фольклорының поэтикасы» (2001) атты ұжымдық монографияларда қорытылды.

Осының бәрі халық әдебиетін зерттеу ісі қалыптасып, даму үрдісі қарқынды жалғасып келе жатқанын дәлелдейді. Бұл ретте, зерттеушілер назары, негізінен, ауыз әдебиеті тарихын дәуірлеу, түрік-монғол халықтары фольклорының алғашқы дәуірде пайда болуы және қалыптасу жолдары мен кезеңдері, жанр және өз эволюциясы, ұлттық және халықаралық элементтердің аражігі, шындық пен көркем қиялдың арақатынастары, фольклортану әдістемесі сияқты ірі мәселелерге арналды. XX ғасырдың 80-90 жылдары халық әдебиеті үлгілерінің ғылыми академиялық басылымдарын жарыққа шығару ісі жанданып, «Халық әдебиеті» сериясымен біршама туындылар жарияланып «Бабалар сөзі» (100-том) сериясын шығару шаралары қолға алынды.

Алайда кеңес дәуірі кезіндегі саяси шектеулер мен басқа да себептерге байланысты салтқа қатысты тұрмыс салт, аңшылық жырлары, наурыз, сәбиге арналған салт өлеңдер, ырым, үйлену салт, жерлеу салтына байланысты халық туындылары, жоқтау, әдет-ғұрып, наным-сенім, түс жоруға қатысты шығармалар біржақты қарастырылып, олардың күрделі болмысы, жанрлық жүйесі мен поэтикалық табиғаты іргелі зерттеулердің нысанасы болған емес. Сондықтан еліміз

тәуелсіздік алғаннан бері білім нәрін алған жас ұрпақтың сұранысы да, фольклортану ғылымының бүгінгі деңгейі де бұл мәселені жаңа қырынан зерттеуді талап етеді. Бұл ретте, халық әдебиетінің Кеңес дәуірінде жасалған жанрлық кестесі қазіргі қажеттілікті қанағаттандыра алмайтыны анық. Келешекте фольклорға қатысты хрестоматиялық оқулық дайындалып, ілгері-бергі еңбектерде санға іліккенмен, санатқа қосылмай жүрген, болмаса мүлде аталмаған жанрлар мен жанрлық түрлер ескеріліп, қазақ фольклоры жанрлық кестесінің жаңа жобасы жасалды және жинақ сол жоба бойынша әзірленеді деген ойдамыз.

Салтқа қатысты фольклорға жататын тұрмыс-салт жырлары – қазақ халқының бай ауыз әдебиетінің ең көне жанрларының бірі. Ол халық шығармашылығының өзге түрлері секілді халықтың күнделікті тұрмыс-күйін өрнектейді. Күн-көріс, тіршілік қамымен аң аулап, төрт түлік малын бағып, көшіп-қонып жүрген елдің кәсібінен, еңбегінен – туған өлеңдері мен наурыз жырлары – халық шығармашылығының ең көне, ескі түрлері. Мұнда ерте замандардағы адамдардың тұрмыс халі, еңбегі, кәсібі, тотемдік түсініктері байқалады. Өзін қоршаған жанды-жансыз дүниеге, оның жұмбақ, жат сырлы сипатына таңданып, табынудан туған ұғым-нанымдары суреттеледі. Төрт түлік туралы өлеңдердің ең таңдаулы үлгілеріне «Төлді қалай шақырады», «Баласын сүю», «Мал атасы», «Түлік иесінің үлесі», «Шопан атаға», «Сексек атаға», «Зеңгі бабаға», «Қамбар атаға», «Ойсыл қараға», «Шопан ата сөзі», «Түлікті құрметтеу», «Айдақтау» т.б. жырлар жатады. Сондай-ақ ұлыстың ұл күні – жыл басы Наурызға байланысты өлеңдер мен мергендік, қыран құс, құмайы тазыларға арналған жырлар да көшпелі қазақ өміріне, оның күнделікті еңбек, кәсібіне қатысты туындаған. Ел басына күн туған жаугерлік, болмаса тосын табиғи жағдайларға ұрынып жұт жайлаған кезде ел-жұртын аңшылықпен асыраған азаматтарын халық жырға қосып, ардақтаған. Тіпті, «Қамбар батыр» жырының желісіне арқау болып, «Құламерген», «Жоямерген», «Жерден шыққан Желім батыр» секілді ертегілерде аңшы-мергендер барынша дәріптеледі.

«Жарапазан» жырлары – Кеңес дәуірінде «ескінің сарқыншағы» ретінде ауызға алынбай, жұрт жадында көмескіленіп қалған жанр. Атеистер ораза кезінде айтылатын бұл туындыларға қайыр-садақа сұраушылардың, ислам дінін насихаттаушы қожа-молдалардың үгіт сөзі ретінде қарап, ел ішінен жинауға, жариялауға құлық танытпаған. Сондықтан, жарапазан жырлары ел жадынан шығып, жойылып кетуге шақ қалған.

Сәбиге арналған салт өлеңдер баланың сәби шағында орындалатын ғұрыптық рәсімдер мен салттарға, жол-жоралғыларға қатысты орындалды. Олар өз ішінде: бесік жырлары, уату өлеңдері, ырым өлеңдер

(бесікке бөлеу, ал білек, тұсау кесу, майлап сылау) болып жіктеледі. Сәби өмірінің әр кезеңін сипаттайтын өлең-жырлардың жанрлық, оның жанрлық түрлерін әр жылдары А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, С.Сейфуллин, Ш.Ыбыраев, Б.Әбілқасымов, К.Матыжанов сынды белгілі фольклортанушы ғалымдар зерттеп, әр қилы жүйелегені белгілі. Алайда, оларды жанрлық түрлерінің ерекшеліктеріне қарай саралап, ортақ ғылыми тұжырымға келу фольклортанушылар алдында тұрған келелі мәселелердің бірі.

Үйлену салт өлеңдері – адам өмірінің әр кезеңінде, үй-іші тұрмысының түрлі әдет-ғұрып дәстүрлеріне байланысты туындаған халық туындылары. Олар: той бастар, той тарқар, жар-жар, сыңсу, жұбату, беташар, құттықтау. Қазақ дәстүрінде құдалыққа келуден бастап, келін түскенге дейінгі аралықта жасалатын көптеген жол-жора, дәстүр-шаралар бар. Үйлену тойының сол жора-жосық, көп кәде, ғұрыптарының бірде-бірі өлең, жырсыз өтпеген. Соның алғашқысы – тойбастар. Ол – қалыңдықты шығарып салу үшін қыз әкесінің үйінде жасалатын ұзату тойында да, сондай-ақ күйеу жігіттің аулында өтетін келін түсіру тойында да айтылады.

Той тарқар құдаласу салтының түрлі жол-жорасы аяқталар тұста, құда-жекжат, туыс-туған, құрбы-құрдас бір-бірімен қоштасар сәтте орындалады. Бірнеше күнгі ойын-сауық соңы тойшы қауымды сезімге бөлеп, жүрек сырын жырға қосып айтуға тырысады. Өкінішке орай, бүгінгі күнге той тарқардың бірер шумағы ған жеткендіктен, жанрлық түр ретінде жан-жақты зерттеуге мүмкіндік болмай отыр.

Ұзатылар қызды әке үйінен шығарып салар шақта орындалатын өлең түрлерінің бірі – жар-жар болса, екіншісі – сыңсу, танысу. Жар-жар екі топтың айтысынан тұрады, бір жағы – күйеу, жігіттер жағы да, екінші – қалыңдық, қыздар жағы болып екіге бөлініп кезектесіп айтысады. Жар-жарды алдымен жігіттер жағы бастап, өзге жұртқа келін болып түскелі отырған қыздың көңілін аулап, жар сүйіп, жас нәресте көрудің қызығын айтып, ана орнына қайын ене, әкені қайын ата жоқтатпайтынын да дәлелдеп жұбатады. Қыздар тобы қанша жақсы болса да ата-ененің туған әке мен анадай бола алмайтынын ескертіп, қам көңілділігін, мұңын шағады. Әрбір жолының соңы «жар-жар-ау» деген қайырмамен аяқталатын жар-жарда сахналық ойын-сауық элементтері мол.

Сыңсу – ұзатылғалы отырған қыздың туып-өскен жерімен, ауыл-аймақ, ата-ана, апа-жеңгелерімен, қала берді құрбы-құрдастарымен қоштасу кезінде айтылады. Оның тәртібі бойынша қыз алдымен ауылдағы үй-үйді аралап, ағайын-жұртымен, сонан соң ата-ана, аға-бауырларының әрқайсысымен жеке-жеке көрісіп, құшақтасып шығады. Ұза-

тылып бара жатқан қыз: «Заманым қиын болар-ау, Көкірекке қайғы толар-ау, Ел-жұртым сенен айрылып, Санамен жүзім солар-ау», – деп туған ел, өскен ортасын кимай, ішкі зар-мұңын айтып жылайды. Сыңсу – үйлену салт жырларының ішіндегі ең бір әлеуметтік сыр-сипаты айқын, Қазан төңкерісіне дейінгі тағдыр-талайы жат жұрттық болып есептелетін қазақ қыздарының халін ашып көрсететін өлең түрі.

Сыңсу тоқталған тұста ауылдың көнекөз бәйбішелері мен жақын жеңгелері жұбату айтқан. Оның композициялық құрылымы дидактикалық сарында, жанашыр жақындарының ұзатылатын қызға арнап айтатын үгіт-насихатынан құралады. Қыздың болашағы, ендігі өмірінің қалай болатыны жайлы жол-жоба, ақыл-кеңес көрсетіп, жұбатуға тырысқан.

Келін түсіру рәсімінің және бір жора-жолығы – беташар. Жас келіннің атқаратын қызметі, жүріс-тұрысы, мінез-құлқы, аналық борышы т.б. болып толып жатқан тәрбие мәселесі беташар өлеңінің өзегін құрайды. Әуелі келіннің түр-сымбат, көркін суреттеп алып, соңынан ата-енесімен, абысынымен, қайынаға, қайындарымен таныстырып шығады, әрқайсысына арнайы иіліп сәлем еткізеді. Беташарда соның бәрін жыр өрнегімен жеткізеді. Үйлену салт өлеңдерінің өзге түрлеріне қарағанда, беташарда әзіл-оспақ, қалжың-күлкі басым болады. Мазмұндық жағынан гибратқа толы, өлең кестесі тұрғысынан көркем жанрлық түрдің қатарына жатады.

Келіннің беті ашылғаннан соң туған-туыс, жекжат-жұрат, ауылдас-қоңсылас адамдар той иесін құттықтап, жастарға бата беріп, жақсы тілектер айтып жатады. Ақын-жыраулар, дуалы ауыз шешендер, т.б. өнер иелері құттықтауларын поэзия тілімен де жеткізіп отырған. Сирек те болса солардың кей нұсқалары сақталып, үйлену салт өлеңдерін толықтырды.

Қазақ фольклорының ішіндегі ең көне де, мазмұн-мағынаға бай шығармалардың қатарына жерлеу-салтына байланысты өлеңдерді жатқызуға болады. Бұл топты іштей естірту, көңіл айту, жоқтау, дұға (аруактарға арнап оқу) деп жанрлық түрлерге бөлуге болады. Бұл жырлар – ежелгі дәуірлерден басталып, күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан халықты өнердің үлкен бір саласы. Естірту жыры көбіне: «Аққу ұшып көлге кетті, Сұңқар ұшып көлге кетті. Ол адасып кеткен жоқ, Әркім барар жерге кетті» деген сияқты салыстырулармен жұмбақтап, тұспалдап айтылады. Дүниеден озған адамның өмірбаянын алыстан өрбітіп, кеңінен таратып айтатын елге белгілі, танымал кісілерге арналып айтылған естіртулер көптеп кездеседі. Мысалы, Үмбетей жыраудың Бөгембай батыр қазасын Абылайға, Қыпшақ Ізбастың Байшуақ өлгенде баласы Байғараға естіртулері жерлеу салтына қатысты

туындыларының озық үлгілері болып саналады. Өлген адамды кейде күңіренген күй сазымен де естіртеді. Бұған – баласының өлімін Жосшыға естірту, құдыққа құлап қаза болған жалғыз баласын жоқтаған Токаның күйлері дәлел.

Естіртудің соңы көңіл айтып тоқтатуға, жұбатуға ауысады. Көңіл айтып, жұбату өлеңдері қабырғасы қайысып, қаралы болып отырған жанкүйер жақындарының уайым қайғыға түспеуі ескертіледі. «Қанаты бүтін сұңқар жоқ, тұяғы бүтін тұлпар жоқ», «Жетпесті кума, Келмеске жолама» деген сияқты тіршіліктің ылғый да өзгеріп, жаңарып отыратыны баяндалады. Көңіл айту бірде жыр, өлең түрінде, бірде қара сөз түрінде әңгімеленеді. Дәстүрлі көңіл айтулар жалпыға таныс, жаттанды, дайын формулаларға құрылады, ақыны-жыраулар, би-шешендер айтты дейтін нұсқаларының көркемдігі жоғары болады.

Жоқтау – көлемді өлшеммен де, көркемдік сапасымен де, тарихи сипаты мен өміршеңдігі жағынан кең тараған жанр түрі. Жоқтау ел болып құрметтейтін қадірменді қариясы, батыры, аяулы азаматы дүние салғанда айтылады. Сонымен қатар, жеке адамның, отбасының қайғылы шерін шертеді, жанашыр жақыннан, бауырынан, баласынан немесе ерінен айрылған жалғыз-жарым адамдардың зарын баяндайды. Өлген адамның жылы толып, асы берілгенше қара жамылып, күніне үш мезгіл жоқтау айтылған. Оның өзіндік сарыны, зарлы дауысы болады. Жоқтаудың мазмұны өлген адамның атақ-абыройын, тіршілікте істеген өнегелі істерін, мінезін, адамгершілігін айтуға құрылады. Қаза болған адам еліне қанша қадірлі болса, жоқтаудың көркемдік деңгейі де, мән-мазмұны да ерекше болған. Мысалы, Бұхардың – Бөгембайға, Нысанбайдың – Кенесары мен Наурызбайға, Байтөк ақынның – Жәңгірханға, Абайдың – ұлы Әбдірахманға, Жамбылдың – ұлы Алғадайға т.б. жоқтаулар бұған дәлел. Жоқтаулар, көбінесе, дәстүрлі шер өлеңдеріне тән теңеу, салыстырулардан тұрғанмен, негізінен айтушы адамның дарынына қарай тыңнан туып отырған. Жоқтауды қара жамылған үйдің қыз-келіндері мен әйелдері өз жандарынан шығарып айтқан, болмаған жағдайда ақындарға шығартып, соны жаттап алып жоқтаған. Ел сыйлаған азаматтар дүние салғанда ірі ақын-жырауларға ат шаптырып алдырып, арнайы тапсырыспен жаздырған.

Жерлеу салтына байланысты кәденің бірі – дұға оқыту. Бұл іс-ләм дінін қабылдауға қатысты істелетін рәсім. Дүние салған адамның аруағына бағышталған дұғадан кейінгі тілектер қара сөзбен қатар өлеңмен де айтылғандығын бүгінгі күнге жеткен тілек сөздерден айқын аңғаруға болады.

Әдет-ғұрып өлеңдері – халық құндылықтарының аса қызғылықты, танымдық, тәрбиелік маңызы өте зор саласы. Оларды өзіндік саз-әуе-

ні, поэтикалық формасы мен көркемдік сипаты, мазмұндық ерекшеліктеріне қарай алғыс, қарғыс, бата, амандасу, қоштасу, көрісу, аңсау деп жіктеуге болады.

Жаратылыс дүниесінің толып жатқан құпия сырларына табынып, оны жұмбақ дүние ретінде сезінетін халықтың наным-сенімінен туындаған өлең, жырлар Кеңестік кедергілерге қарамастан көптеп сақталған. Адам мен малдың көбеюі, олардың ауруға шалдығуы мен ауырғандар мен соғыс кезінде жараланғандарды емдеу нәтижесінде тәжірибелік емдеу ісі пайда болды. Мәселен, бақсылар сарынының негізгі мақсаты – түрлі сырқаттарды дауалау, емдеу. Қобыз сазы мен сөз құдіретінің үндесуі – бақсының емдеу құралы болып саналса, арбауда сөз бен іс-әрекеттің арақатынасы зор рөл атқарады. Ал көшпелі қақтың сан ғасырлық емшілік кәсібінен туындаған бәдік жырларының XX ғасырдың алғашқы кезеңіне дейінгі өмірлік мәні өте зор болғаны баршаға мәлім.

Қазақ фольклорының көне наным-сенімдерге қатысты үлгілері XIX ғасырдан бастап хатқа түсіп, А.Байтұрсыновтан бергі М.Әуезов, Х.Досмұхамедұлы, С.Сейфуллин, М.Марғұлан, Б.Кенжебаев, Б.Уахатов сынды ғалымдар тарапынан түрлі жүйелерге бөлініп зерттелгенмен, іргелі түрдегі ғылыми еңбектер жазылған емес. Тек тәуелсіз жылдары ғана қолға алынып, профессор Б.Абылқасымов түбегейлі зерттеулер жүргізу арқылы «Телқоңыр» атты монографиялық жұмысын жарыққа шығарды. Еңбекте наным-сенімге байланысты халық туындылары «Бәдік», «Арбау», «Бақсы сарындары» деген үлкен үш жанрдың маңына топтастырылып қарастырылады. Фольклорлық үлгілер жылдар өткен сайын толығымен түсетінін ескеріліп, 90-жылдары академиктер Р.Бердібай, С.Қасқабасов, профессор Ш.Ыбыраев бірігіп жаңа жүйе ұсынды.

Бәдік, арбау, бақсы сарындары әртүрлі наным-сенімдерге (магиялық, анимистік, шамандық) байланысты болғанымен, науқастан, дерттен қорғану, айығу мәселесі басты қызметі болып табылады. Бұл ретте бата, алғыс пен қарғыс жанрлары да наным-сенімге қатысты халық туындыларына жақындау келетінін аңғаруға болады. Алайда, бұл топ қызметі жағынан отбасы ғұрыптарына жататындықтан, өзінше арнайы қарастыруды талап етеді.

Бұл ретте жанрлық топтар әдет-ғұрып пен наным-сенімге байланысты алғыс, қарғыс, бата, амандасу, қоштасу, көрісу, аңсау өлеңдері; бәдік, арбау-байлау (қарақұрт, жылан, уын қайтару, т.б.), жалбарыну (айға, күнге, бұлтқа, отқа, табиғат құбылыстарына жалбарыну), бақсылар сарыны, дуалау (адамның, жануардың басын айналдыру, бір нәрсеге тәуелді ету), бал ашу (жауырын қарау, құмалақ салу, кітап ашу),

түс жору, ұшықтау (үшкіру, дем салу, қағу), аластау, құрт көшіру, жын шақыру сияқты туындылар топтастырылды.

Салтқа қатыссыз фольклордың үлкен бір көркем де, көлемді бөлігі – эпикалық прозалық жанрлар. Бұлардың қатарына ертегілер, аңыздар (предание), әпсана (легенда), хикаялар (быличка), миф, шежіре, әңгімелер секілді жанрларды жатқызуға болады.

Қазақ халқының ертегілік мұрасы орасан бай. Оның құрамына ертеде қалыптасып, ғасырлардан ғасырға жетіп келе жатқан қиял-ғажайып, тұрмыс-салт туралы ертегілерімен қатар бүкіл Шығысқа белгілі болған «Қырық уәзір», «Мың бір түн», «Тотынама» т.б. әдеби мұралар да кірді. Осы аталған шығармалар қазақ фольклорына сіңісіп, біте қайнасып кеткендіктен, халқымыздың төл туындылары болып та саналады. Халық әдебиетінің байырғы үлгілері болып табылатын «Атымтай», «Қасым-Жомарт», «Сейфулмәлік» секілді қиссалардың негізі о баста Шығыс елдерінде кеңінен тараған туындылардан алынған.

Қазақ ертегілері фольклортану ғылымында қабылданған классификация бойынша жануарлар жайындағы, қиял-ғажайып және тұрмыс-салт ертегілері болып жіктеледі.

Жануарлар жайындағы ертегілер қазақ фольклорында алуан түрлі. Шығыс және Батыс халықтарына мәлім жануарлар жайындағы ертегілерден басқа қазақ халық әдебиетінде аңызға айналған арғымақ аттар, жүрдек желмая, боз інген сияқты төрт түлік малға арналған аңыздар мен әңгімелер өте көп.

Жануарлар жайындағы ертегілерді негізінен үш топқа жіктеуге болады. Оның біріншісі – Шығыс және Еуропа халықтарының жануарлық эпосының негізін құрайтын классикалық ертегілер. Мұндай ертегілер балаларға арналған. Хайуанаттар туралы ертегілердің мысал жанрына жақын келетін түрлерін екінші топқа жатқызып, аполог-ертегілер, яғни мысал-ертегілер деп атаса да болады. Мұнда жануарлардың бейнесі азды-көпті шартты түрде алынып, баяндау белгілі нормалар арқылы ашық суреттеліп отырады. Үшінші топқа жануарлардың қандай да болмасын бір белгілерінің шығуы жайлы баяндайтын этимол ертегілер жатады. Бұл үш топтың әрқайсысы өз ерекшеліктері арқылы дараланғанмен, оларды бір салаға топтастыратын нәрсе – жалпы әңгіменің жануар жайында баяндалатындығы.

Қиял-ғажайып ертегілер – қазақ ауыз әдебиетіндегі ең көне жанрлардың бірі. Өзінің шығу мезгілімен ол алғашқы қауымдық қоғамды қамтиды. Сондықтан ертегінің бұл түрінде адамзаттың ертедегі қоғамдық өмірінің кейбір қалдықтары сақталған. Мысалы, матриархат заманына тән аналық ру мен көптеген әдет-ғұрыптардың көріністері (дуальдық ұйым, аналық мекен, аналық неке, кувада, авункулат, т.б.),

ерте замандағы анимизм, тотемизм, магия сияқты діни нанымдар мен сенімдер т.б. Бірақ көне дәуірдің бұл көріністерін кейінгі заманда халық тек қиял ғана деп түсінген. Сол себепті де ерекшеліктер әңгімесін ерте уақытта болған деп баяндайды. Қиял-ғажайып ертегілердің сюжетіне, поэтикасы мен құрылысына батырлық жыр үлкен ықпал еткен. Көптеген қиял-ғажайып ертегілердің сюжеттік желісінде батырлар жырларындағыдай тұрақты прологтар мен эпилогтар кездеседі.

Тұрмыс-салт ертегілері – қазақ ертегілерінің ішіндегі ең көбі. Мұнда көлемі жағынан өте қомақты халық повесттері, әсем новеллар, даналық сынасу мәселелері туралы ертегілер мен әңгімелер, өмірдің алуан саласында кездесіп отыратын әр түрлі кемшіліктерді түйрей сынайтын өткір сатиралы ертегілер, қысқа, көңілді де күлкілі анекдоттар бар. Сол себепті, жинаққа хайуанаттарға байланысты, қиял-ғажайып, батырлық, новеллалық-тұрмыстық, сатиралық ертегілер мен анекдоттар енгізіледі.

Қазақ халық прозасы өмірлік нысанасы мен атқаратын қоғамдық-тұрмыстық функциясына байланысты аңыздық және ертегілік болып екі үлкен топқа бөлінеді. Олар бір-бірінен өзіндік қасиеттерімен дараланады.

Біріншіден, аңыздық проза тыңдаушысы мен айтушыларына еш күдік туғызбайды, оған ел сенеді, ал ертегілік прозада ойдан шығарылған қиялдан туған жәйттер көп екенін халық жақсы түсінеді; екіншіден, дүние ең алдымен аңыздық прозаның сюжеттері мен жанрлары келеді, одан соң бұл сюжеттер мен жанрлар ел арасына ауызша айтылуының арқасында бірте-бірте толығып, өсіп, ертегілік проза түріне ауысады. Басқаша айтқанда, аңыздық проза дәуір (стадия) жағынан қарағанда көнелеу; үшіншіден, композиция мен тіл кестесі, яғни жалпы көркемдігі жағынан аңыздық проза ертегілерден гөрі төмендеу болады; төртіншіден, аңыздық прозаның негізгі қызметі танымдық, табиғаттың тылысы сырларын түсіндіру және халық тарихынан мағлұмат беру, ал ертегілік прозаның басты функциясы – эстетикалық және тәрбиелік қызмет.

Аңыздық проза өз құрамындағы шығармалардың өмірге келу процесі мен шындыққа қатыстысына байланысты бірнеше ішкі жанрға бөлінеді. Олар – миф, хикая (быличка), әңгіме (сказ), аңыз (предание), әпсана-хикаят (легенда).

Қазақ фольклорындағы миф рулық қауым мен патриархалдық-феодалдық қоғам тұсында жүйелі мифология құрмай, хикаяға айналып кеткен. Қазақ мифінің ішінде, әсіресе кең тарағаны – аспан әлемінің құрылысын түсіндіретін және әртүрлі жануарлар мен жәндіктердің кейбір қасиеттерін баяндайтын мифтер. Айталық, жеті қарақшы, ай,

күс жолы, кемпіркөсак туралы әңгімелер, немесе қарлығаштың құйрығы неге айыр, қоянның ерні неге жырық, суыр неге адамша қол қусырып тұрады? – деген сұрақты-себепті баяндаулар космогониялық және этиологиялық мифтер болып саналады. Адамдар табиғаттың құбылыстарын, аспан әлеміндегі нәрселерді түсіну үшін олар туралы неше түрлі миф шығарып, өз өмірін, тұрмысын соларға көшірген, көп нәрсені күнделікті шаруа мен тұрмыс, адамдық қасиеттер мен қатынастар тұрғысынан түсіндірген.

Алғашқы қауымның мифі үздіксіз пайда болып отыратын әңгімелен бірігіп патриархалды-феодалдық дәуірде хикая жанрын қалыптастырды. Хикаяда шындық фактіден гөрі қоспа көп, жеке адамның өзі туралы әңгімесі ел арасында айтыла-айтыла көптеген өзгеріске ұшырайды. Оған о баста болмаған оқиғалар жамалады. Кейіпкер енді әдепкі жануармен емес, мифтік ұғымнан қалған түсінік бойынша елдің ойынан шығарған неше түрлі ғажайып сиқырлы мақұлықтармен кездескен болып көрсетіледі. Мысалы, бұрынғы аңшының басынан кешкен әңгімелері енді оқиғасы қоюланып, біраз көркемделіп, батырдың жезтырнақпен, немесе жалғыз көзді дәумен, я болмаса албастымен, яғни басқа бір адам көрмеген хайуанмен жолығып, айқасқаны туралы хикаяға айналады. Хикаяда көне дәуірде туған шамандықтың белгілері де кездеседі. Сол себепті хикая жанрын кейде халықтық демонология деп те атайды.

Алғашқы рулық қауымнан бастап, барлық уақытта да туып отыратын жанр – жәй әңгіме. Әңгіме – біреудің, немесе қауымның өміріндегі бір ерекше жағдай туралы баяндау. Әдетте, әңгімедегі оқиға айтушының өзі, яки айтушыға жақын, тыңдап отырған көпшілікке таныс басқа адамдардың қатысуымен расталады, яғни көп жағдайда айтушының өзі әңгіменің басты кейіпкері болады. Бұнда көркемдік әсірелеу болмайды, ол әр жерде, жиын болған кезде айтылады да, ондағы оқиға бірте-бірте тұрақты сюжетке айналады. Сөйтіп, әңгіме дәстүрлі шығарма ретінде жеке жанрлық топ құрайды. Көркемдік әсірелеу жоқ осындай жеке адамның басынан өткен оқиға ретінде айтылатын әңгімені халықаралық фольклористикада мемрот деп те атайды.

Ертегіден тыс прозалық жанрдың бірі – аңыз. Аңыздың басты ерекшелігі – шындыққа, өмірде болған бір фактіге, немесе оқиғаға негізделетіндігі. Бұл жағынан ол әңгімеге жақындайды, бірақ көркемдігі басым болады. Айтушы да, тыңдаушы да аңызға толық сенеді, оның мазмұнына, баяндалып отырған оқиғаға еш күдік келтірмейді. Аңыздың тағы бір айырмасы – ол осы күнгі, әйтпесе болашаққа қатысты мәселені қамтымайды, өткенді ғана баяндайды, яғни ретроспективтік сипатта болады. Аңыздан халықтың дүниетанымдық қасиетін, та-

биғатқа және өзінің тарихына көзқарасын байқауға болады. Қазақ аңыздары үлкен екі топқа бөлінеді. Бірі – жер, су, мекен аттарын түсіндіріп, олардың шығу тарихын баяндайтын топонимикалық аңыздар. Екіншісі – ел тарихы мен тағдырында елеулі болған оқиғалар мен ірі қайраткерлер жайындағы тарихи аңыздар. Екінші топқа өткен ғасырларда өмір сүрген атақты шешендер мен билер туралы шығармалар да кіреді. Яғни, шешендік сөздердің прозалық үлгісіндегілері тарихи аңыз болып саналады. Рас, шешендік сөздердің қызметі мен мақсаты аңызға қарағанда басқаша. Ол ең алдымен қоғамдық қызмет атқарады.

Аңыздық прозаның тағы бір тобы – әпсана-хикаят. Бұл жанр бұрын жеке-дара бөлінбейтін. Ол тақырыбы мен сюжеттік оқиғасына қарай тарихи-мекендік, кітаби-діни және утопиялық болып үшке бөлінеді. Тарихи-мекендік, утопиялық сипаттағы әңгімелер әпсана болып есептелсе де, кітаби және діни сюжетке құрылған шығармалар хикаят тобына енеді. Әпсана – бір мекеннің пайда болуын тарихи оқиғаға байланыстыра баяндайтын, сондай-ақ арманнан туған жәйттерді әңгімелейтін, қиял (вымысел) мен кереметтік (чудесное) элементтерін мол пайдаланатын көркем шығарма. Хикаятқа неше түрлі әулие-әнбие, пайғамбарлар жайындағы және мұсылман дінінің мифологиясына негізделген шығармалар жатады. Хикаят – көркемдігі жоғары, қиял-ғажайып аралас келетін эпикалық прозаның түрі. Қазақстанда өте кең тараған әпсана-хикаяттар болып Сүлеймен, Атымтай жомарт, Лұқпан, Ескендір Зұлқарнайын, Қыдыр т.б. туралы шығармалар саналады. Хикаятта шындыққа жанаспайтын жәйттер, көркемдік әсірелеу, діни мифология сарыны жиі кездеседі.

Халық әдебиетінің бағзы замандардан ұмытылмай ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырған күрделі де мол эпикалық мұраларының бір саласы – батырлар жыры. Бұл шығармалардағы басты қаһарман елін сүйген батыр, ал оның басты мақсат-мұраты – туған елін, жерін басқыншы жаудан қорғау. Батырлар жырларында көбінесе ерте замандағы баласы жоқ қарттың, бастаушысы жоқ елдің жат жұрттан жәбір-жапа көретіні оқиға бастауы болады. Батырлар туралы туындылар жұрт қиялында осындай зарығу, торығу тұсында туындайды. Мұндай батырды халық қартайған ата-ананың амандығы үшін, елдің тәуелсіздігі үшін қажет деп біліп, оның көршілес халықтармен күш біріктіруін көздейді.

Батырлар жыры жөнінде әр кезеңдерде С.Сейфуллин, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, Т.Сыдықов, Р.Бердібай, С.Қасқабасов, Ш.Ыбыраев т.б. қазақ ғалымдары мен А.С.Орлов, В.М.Жирмунский, Н.С.Смирнова, Х.Т.Зарифов сынды таяу шетел оқымыстылары іргелі зерттеулер жүргізді. Академик М.Ғабдуллин қазақ батырлар жырының шығуы, қалыптасуы, даму тарихын шартты

түрде төрт кезеңге бөліп қарастырады. Бірінші, париархалдық-рулық құрылыс кезінде туған эпостық шығармалар. Екіншісі – XIV-XVIII ғасырлар арасында шығарылған эпос. Үшіншісі – XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезінде шыққан жырлар. Төртіншісі – кеңестік замандағы қазақ эпосы, яғни дәстүрдің жалғасқан, жаңарған түрі.

Жоғарыда көрсетілген ғалымдардың, әсіресе батырлар жырының тарихына терең талдаулар жүргізген М.Әуезов, Ә.Марғұлан сияқты эпостанушылардың еңбектеріне сүйене отырып, көне эпостан «Құламерген» мен «Жоямерген»; батырлық эпостан «Қобыланды батыр» мен «Едіге» т.б. жырлардың жаңа нұсқаларын атап өтуге болады.

Қазақ дастандары батырлар жыры үлгісімен салалас және соның негізінде пайда болып, қалыптасқан жанр. «Дастан» тарихи әңгіме, ертегі, батырлар жыры деген мағынаны білдіретін парсы сөзі. Бұл шығармалар Таяу және Орта Шығыс пен Оңтүстік-Шығыс Азия халықтары арасында көп таралған. Дастан X – XV ғасырлардағы араб, парсы, тәжік, өзбек, түркімен, әзірбайжан әдебиеттерінде романтикалық дәстүрде қалыптасқан. Дастандардың желісі ертегі, аңыз, хикаялардың негізінен алынғандықтан, кей туындыларда өлең мен қарасөз араласып келетін тұстары аз емес. Бұған түркі дүниесінің озық дастандары «Ләйлі-Мәжнүн», «Хұсырау-Шырын», «Ескендірнама», немесе Фирдоусидің «Шахнамасы» толық дәлел болады. XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында қазақ ақын жыраулары мен жыршылары осы дәстүрдің негізінде Шығыс желісіндегі көптеген дастандарды дүниеге әкелгені белгілі.

Қазақ дастандарының алғашқы үлгілері XIX ғасырдың бірінші жартысында қағаз бетіне түсе бастап, екінші жартысынан баспа жүзінде жарыққа шыға бастады. Мәселен, «Ер Тарғын» 1862 жылы тасқа басылса, «Сейфулмәлік» 1807 жылы басылым көрген. Қазан төңкерісіне дейін баспадан шыққан ондаған қисса-дастандарды жинаушы, жырлаушы, сондай-ақ баспагерлік қызмет атқарған Ж.Шайхисламұлы, Ш.Жәңгірұлы, М.Сұлтанқожаұлы, Н.Нысанбайұлы, Н.Наушабайұлы, Т.Ізтілеуұлы, А.Сабалұлы, М.Юмачков, Ақыт Қарымсақұлы т.б. зиялылардың орны ерекше зор.

Кеңес кезеңінде дастан жанрын зерттеген А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов, Б.Шалабаев, М.Ғабдуллин, М.Бөже-ев, З.Ахметов, Н.Смирнова, Ә.Қоңыратбаев, Б.Бердібай, Ш.Сәтбаева, А.Қыраубаева, Б.Әзібаева т.б. ғалымдардың іргелі еңбектері бар.

Шығу тегіне қарай дастандар ойдан шығарылған сюжетке негізделген, тарихи адамдар туралы және әдебиеттен келгендер болып бөлінеді. Мазмұнына қатысты дастандар мынандай түрлерге жікте-

леді: Қаһармандық дастандар («Мәлік-Хасан», Жүсіпбек-Ахмет», «Зияда-Шаһмұрат» т.б.); романдық (інкәрлік) дастандар («Жүсіп-Зилиха», «Ләйлі-Мәжнүн», «Тахир-Зұхра», «Бозжігіт» т.б.); діни дастандар («Пайғамбардың Миғрағға қонақ болғаны», «Зарқұм», «Салсал», Жұм-жұма», «Дариға», «Мұхаммед-Қанафия» т.б.); ертегі дастандар («Самұрық», «Шәкір-Шәкірат», «Мұңлық-Зарлық», «Хатымтай», «Дотан-Құбанақбай» т.б.).

Тарихи жырлар – эпикалық жырлардың бір тармағы, өзіндік идеялық-көркемдік ерекшелігі бар жанр. Бұл халық туындылары негізінен өмірде анық болған әлеуметтік, саяси оқиғалар алынады. Зерттеушілер тарихи жырдың бейнелейтін нысаны тарихи оқиғалар деп есептейді. Тарихи жырлар – жалпы өмірде бола беретін оқиғалардың емес, нақтылы бір кезеңдегі әлеуметтік-тарихи тартыстардың елесі. Олар түрлі шығармашылық ағымдардың ырқына көне бермейді, көп өзгеріске ұшырай бермейді. Оны жасаушы – белгілі оқиғалардың әрі куәгері, әрі қатысушысы болып табылатын халықтың өзі.

Тарихи жырларға А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Н.Смирнова, Б.Бердібай, С.Қасқабасов, Е.Тұрсынов, Ш.Ыбыраев, З.Сейітжанов, Б.Рақым, С.Сәкен секілді ғалымдар арнайы тоқталып, олардың шығу тегі, жанрлық ерекшеліктері мен көркемдік сипаты жөнінде салиқалы пікірлерін білдірді. Фольклортанушы, профессор Б.Рақым тарихи жырларды хронологиялық, тақырыптық тұрғыдан былайша жүйелейді:

1. XVIII ғасырдағы қазақтың ұлт-азаттық қозғалысына байланысты туған тарихи жырлар.

2. XIX ғасырдағы отарлау саясатына қарсылықты білдіретін тарихи жырлар.

3. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс туралы тарихи өлең, жырлар.

Қазақтың тарихи жырлары XVII ғасырдан бергі жердегі оқиғалардың сарынын сездіреді. Атап айтқанда, «Еңсегей бойлы ер Есім», «Олжаш», «Орақты», «Сәтбек» сияқты жырларда жоңғар шапқыншылығының алдындағы Қазақ мемлекетінің сыртқы жаулармен күресі баяндалады.

Абылай хан, Бөгенбай батыр, Қабанбай батыр, Олжабай батыр, Ер Жәнібек, Өтеген батыр, Ер Әжібай, Барақ батыр, Райымбек батыр т.б. жырлар қазақ-жоңғар соғысына байланысты шығарылып, батырлардың елдің тәуелсіздігі жолындағы жорықтары сөз болады.

Қазақтың XIX ғасырдағы тарихи жырлардың енді бір тобы Кенесары-Наурызбай, Исатай-Махамбет, Жанқожа, Бекет, Байсейіт, Арқалық, Сұраншы т.б. батырларға арналған жырларда халықтың отаршылдыққа күресі бейнеленеді. Осы кезеңдегі жырлардың жанрлық

бітімінде кейде дәл тарихи өлеңнің, енді бірде қаһармандық эпостың, тағы бірде тұрмыстық-салт жырларының (қоштасу, көңіл айту, естірту, жоқтау, жұбату т.б.) белгілері жиі ұшырап отырады.

Тарихи жырлардың XX ғасырдағы үлкен шоғыры 1916 жылғы Ресей патшасының қазақ жігіттерін майданның қара жұмысына алу жарлығына байланысты туған. Ұлт-азаттық көтеріліс тұсында туындаған шығармалар тарихи жырдың жаңа белесін белгілейді. Бұл туындылардың қатарында Амангелді, Әліби, Кейкі, Бекболат, Ұзақ, Тайлақ, Әли, Күркебай т.б. көтеріліс көсемдерінің ерлігін дәріптеген жырларды атауға болады.

Тарихи жырлармен тақырыбы, оқиғасы, дәуірі, қаһармандары ұқсас, бірақ құрылымы бөлек шығармалар өз алдына бір төбе. Оқиғалардың, адамдардың, мекен-жердің, ғасырдың дәл аталатыны, құбылыстарды түсіну мен бағалаудағы нақтылық бұларды классикалық эпостан бөлектеп тұрады. Сонымен қатар бұл жырларда эпикалық идеяландырудың да бірталай сипаты сақталған, осындай нышандарына қарап бұл топтағы шығармаларды реалды-тарихи эпос деп атауға болады. Көлемі салмақты, көркемдігі көңіл бөлерлік бұл тарихи жырлар халқымыздың өткен өмірінің күреске, азаттық үшін арпалысқа толы бел-белесінің шындығын, терең сырын толығырақ түсіндіруге септігін тигізеді.

Мақал-мәтелдер – қазақ ауыз әдебиетінің ежелгі жанрларының бірі. Мазмұны халықтың тұрмысын, кәсібін, салтын, санасын бейнелейді, табиғат, қоғам, адам жайындағы ұғымдарын, сенімдерін түйіндеп көрсетеді. Дидактикалық шағын жанрлардың аз сөзбен терең мағына беретін ең қысқа және көркем түрі. Мақал мен мәтел өзара ұқсас, тектес болғанмен әрқайсысының бір-бірінен айырмасы, өзіндік ерекшелігі бар. Екеуінің де құрылысы тұрақты. Мақал толық аяқталған ойды білдіреді, дербес тұжырымды ұғым береді. Мәтелде сөйлем аяқталмай тұрады, ондағы сөздер басқа сөйлемдермен қосылғанда ғана айтылған ойды анықтайды, толықтырады. Мақал-мәтелдер құрылысына қарай сөзді, өлең сөзді болып келеді.

Қазақ мақал мен мәтелдерінің тақырыптары: аңшылық, малшылық, диқаншылық, қолөнер т.б. Сонымен қатар ол – балаларды, жастарды жақсы мінез-құлыққа, әдептілікке, адамгершілікке, меңзейтін, еңбекке, өнерге, білімге баулитын тәрбие құралы, халық өсиеті. Онда ерлік, елін, жерін сүю мәселелері ерекше орын алады. Мақал-мәтелдер қоғамдық және тұрмыстық қарым-қатынастарды белгілейтін, дау-жанжалдарды шешетін ереже, заң функцияларын да атқарған.

Нақыл сөз – дидактикалық шағын жанрлардың мол ғибрат, терең тағлым берерлік көркем ойды жинақы, барынша әсерлі жеткізетін

мағыналы сөз. Олар бейнелі қара сөз, нақышты жыр үлгісінде кездеседі. Нақыл сөздер терең білімді ойшыл адамдармен қатар, жыраулық поэзия өкілдерінің, би-шешендер шығармашылығы мен ауыз әдебиеті дәстүріне сүйенген ақындардың арнау, толғауларында жиі ұшырасады.

Шағын жанрлардың және бір соқталы түрі – жұмбақтар. Ол атынан белгілі болып тұрғандай, түбірі жұму (жасыру) деген сөзден шыққан. Кейбір түркі тілдерінде (қырғыз, өзбек, ұйғыр, т.б.) табыспақ деп те аталады. Жұмбақта табиғаттың, жанды-жансыз заттардың (ішінара абстракт ұғымдардың) аттары жасырылып, даралық белгілері, ерекше қасиеттері сипатталады. Жұмбақтан оны жасаушы халықтың дүниетанымы, әдеби-эстетикалық талғамы, қоғамдық сана-сезімнің, ақыл-ой мен тілінің өсу-даму дәрежесі көрінеді. Жұмбақтардың құрылысы мақал-мәтелдерге, нақыл мен шешендік сөздерге жақын, бірақ мақсаты мен қызметі басқаша, нысаны деректі, нақтылы заттар.

Қазақ жұмбақтарын жинақтап, жариялауда В.Г.Радлов, Я.Лютш, Ө.Диваев, М.Иванов, Л.М.Мелиоранский, М.Ибрагимов, Т.Сейдалин, С.Жантөрин, С.Мұхамедсалықұлы, С.Аманжолов, Т.Жанұзақов т.б. фольклоршылар қомақты үлес қосты. Ал бұл салада өнімді зерттеулер жүргізген ғалымдардың қатарына Ө.Марғұлан, М.Ғабдуллин, М.Әбжанов, Ж.Адамбаева, Ш.Керім сияқты зерттеушілердің есімдерін жатқызуға болады.

Қазақ жұмбақтарын іргелі түрде зерттеген профессор Ш.Керім ілгергі-бергі жұмбақтанушы ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып бұл жанрды мынандай топқа жүйелейді: тиым жұмбақ, ертегі жұмбақ, таза жұмбақ, айтыс жұмбақ, әдеби жұмбақ. Жұмбақтар – жай сөз емес, тапқырлықпен айтылған көркем сөз, өлең. Демек, ең алдымен балаларды, жастарды аңғарымпаздыққа, зеректікке баулиды, олардың ақыл-есін, сана-сезімін жетілдіреді, айнала қоршаған дүниенің сырын біліп, сынын түюге үйретеді.

Қазақ фольклортануында жаңылтпаштар шағын жанрлардың бір тармағы ретінде қарастырылады. Ол әлем халықтарының қай-қайсысында да кеңінен таралған және заман өзгерген сайын жаңарып, толығып отыратын жасампаз жанрлық түрдің санатына жатады. Жаңылтпаш жиын-топта, сауықты отырыстарда тыңдаушының көңілді болуына бірі-біріне қиыннан қиыстыратын жеңіл де ойлы, күлкілі, әзіл-оспақты білдіретін сөздер арқылы дәнекер ретінде қызмет атқарады. Әсіресе, жас жеткіншектердің ой-қабілетінің, тіл машығының жетілуіне зор септігін тигізумен бірге оларды ынтымаққа, тілек-ниеттерге, әдептілікке баулитын этнопедагогикалық құрал сіпетті. Жаңылтпаштардың қарасөз, поэзиялық үлгілері кездеседі.

Шешендік сөздер – қазақ ауыз әдебиетін өзіндік орны бар, халық арасында кең тараған жанрдың түрі. Олар – табиғат құбылыстарына, қоғам өміріне байланысты терең ойлы, шебер тілді көркем шығарма, тапқырылық шешімдер. Шешендік сөздер ішкі мазмұнына қарай шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау болып үш жанрлық түрге жіктеледі. Шешендік арнауға бата-тілек, әзіл-сын, көңіл айту, естірту үлгілер жатады. Шешендік толғау заманға, қоғамға қатысты келелі мәселелерді қозғайтын желілі толғаулардан, тәрбиелік-тағылымдық мәні бар өсиет-тақпақтардан тұрады. Ал шешендік даулар – көшпелі қазақ қауымындағы қылмысты және азаматтық істерді реттеумен, яғни жер, жесір құнын, мал, ар дауларын шешумен байланысты би-шешендердің сөздері.

Шешендік сөздер мазмұны жағынан мақал-мәтелдерге, аңыз-әңгімелерге жакын, құрылысына орай жыраулардың толғау жырларына, акындардың айтыстарына ұқсас келеді. Олар құрылысына қарай пернелі сөз, термелі сөз болып бөлінеді. Көркем, бейнелі кара сөздермен айтылғандары – пернелі сөз, толғау, тақпақ түрінде айтылғаны – термелі сөз деп аталады. Құрамы түсінік пен шешен сөзден тұрады.

Асан қайғы, Жиреншеден бергі замандарда Үйсін Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке би сынды Қазақ мемлекетінің қалыптасуына, нығаюына тер төгіп, ықпал еткен, ел бастаса – көсем, сөз бастаса – шешен болып өткен тұлғалы азаматтар аз болмады. Олардың есімдері ел жадында сақталып, сөздері ұрпақтан – ұрпаққа ауысып, ауызша таралып келді. XX ғасырдың екінші жартысында шешендік сөздердің көптеген мәтіндері жинақталып, озық үлгілері басылым көрді.

Әр кезеңдерде Ш.Уәлиханов, Қ.Халид, Ш.Құдайбердіұлы, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, С.Сейфуллин, М.Әуезов, М.Ғабдуллин, Ә.Мәмбетова, Б.Адамбаев, С.Негимов, М.Ахетов т.б. әдебиеттанушылар би-шешендер шығармашылығын жан-жақты зерделеп, шешендік сөздердің әлеуметтік-қоғамдық ерекшелігі, тақырыбы, өзге ғылымдармен байланысы, жанрлық табиғаты, көркемдік қуаты кеңінен талданды.

Фольклорлық мұралардың арасынан лирикалық өлеңдердің де алатын орны ерекше болды. Ол халық ауыз әдебиетінің ішінде көркемдік болмыс-бітімі, өзіндік табиғаты өзгеше жанр болып саналады. Оның негізгі сипаты – тыңдаушының көңіл-күйін, ой-сезімдерін бейнелеп, тікелей суреттеуден туындайды. Лирикалық өлеңдерде нәзіктік, сезімталдық, сыршыл да мұңлы мотивтермен қатар, тіршілік кейпі, замана келбетіне байланысты философиялық ой-тұжырымдар, тарихи-эстетикалық, қоғамдық-саяси пайымдар айқын аңғарылады. Ақын мейлінше жеке арманын, тіршілігінің көріністерін, қоршаған орта мен

құбылыс-жағдайларға көзқарасын өлеңіне өзек еткісі келсе де, елінің тағдыр-талайы, қайғы-мұңы, тілек-талаптары, қуаныш-шаттығы бейнелі түрде суреттеледі. Лирикалық өлеңдерде жас адамның отты сезімінен бастап, маңызды әлеуметтік оқиғалар мен ел басына түскен ауыртпалықтарға дейін түгел қамтылады. Сондықтан халықтың лирикалық өлеңдері қара өлең, ән өлең, тарихи өлең, хат өлең болып төрт салаға бөлінеді.

Қара өлеңнің құрылысы он бір буынды, төрт тармақты болып келіп, 1 – 2 – 4 жолдары ұйқасады да 3 жолы бос қалады. Өлеңнің бір шумағы жеке бір ойды білдіреді және кейде алдыңғы бір не екі жолы негізгі айтылар ойдан тыс қалады. Оның тағы бір ерекшелігі – көбіне тыңдаушыға таныс, жаттамалы тармақтардан, теңеу, салыстырулардан құралғандықтан, мұнда аса күрделі мәселелер қозғалмайды. Қара өлеңнің қосалқы тармақтары халықтың тұрмыс-тіршілігінен, әдет-ғұрып, салт-санасынан туған түсініктерді өзек етіп, сан-салалы құбылыстар бейнеленеді. Әнге қосылғанда тыңдаушыға белгілі әуенмен, қайырмасымен бірге орындалады.

Жастардың жиын-тойларда, ойын-сауық кештерінде орындалатын өлеңнің басқа да түрлері кездеседі. Олардың «Тау өлең», «Су өлең», «Жер өлең» сияқты үлгілері бар екенін академик М.Әуезов жазған болса, «Ата өлеңі», «Шай өлеңі», «Ет өлеңі» деген сияқты өлеңдердің ұшырасатыны әдебиеттанушы ғалым Б.Уахатовтың еңбегінде көрініс береді.

Тарихи өлеңдер қазақ халқының басынан кешкен әр қилы тарихи-әлеуметтік жағдайларға байланысты туындап отырған. Билік тұтқасын ұстаған хан-сұлтандар мен би-болыстардың озбырлығына, болмаса сыртқы жауларға қарсы көтерілген батырлар мен көсемдердің ерлік істері, ел басына күн туған шапқыншылық кезеңдер, жалпақ жұртты жұт, немесе жұқпалы дерт жайлаған жылдар т.б. себептер тарихи жырлардың шығуына негіз болады. Қазақ елінің жеке мемлекет болып қалыптасқан тұсынан бергі дәуірлерде қаншама қанды оқиғалар басынан өткергенін нақты дәлелдеп беру қиын. Тарихи оқиғалар түгел дерлік ауыз әдебиетінде сақталып қалмаған. Дегенмен, XV ғасырда Асан қайғының эз-Жәнібекке айтқан арнаулары, Қазтуғанның, Шалғездің толғаулары, XVI ғасырдағы Доспанбет, XVII ғасырдағы Жиємбет пен Марғасқа жыраудың Есім хан мен Тұрсын ханға айтқан арнаулары, XVIII ғасырдағы халықтың «Елім-ай» атты зары, Үмбетейдің «Бөгембайдың өліміне» деген жоқтауы, Бұқар жырау мен Көтеш ақынның Абылай ханға арналған өлең-толғаулары, XIX ғасырда Байтоқ пен Жанұзақ ақындардың Жәңгір ханның өліміне шығарған жоқтауларымен тағы басқа туындылары, Жанкісінің Қоқан ханына айт-

қан толғауы, Нысанбайдың Кенесары-Наурызбайды, Махамбет пен Шернияздың Исатайды, Мұсабайдың Жанқожа, Бекет батырларды дәріптеуі, Сүйінбай мен Жамбылдың Сұраншы, Сауырық, Байсейітті мадақтауы, сондай-ақ 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысты көптеген халық туындылары ел мен жер тарихын тереңірек тану үшін мол көмегін беретіндігі даусыз.

Халықты мал мен жаннан ажыратып, ажал қаупін төндірген жұттың ауыртпалығын, жеке адамдардың зар-мұңын шағын өлеңдерден көруге болады. 1879-1880 жылдардағы алапат аштықты шынайы суреттеген «Қазақ қайғысы» атты өлеңді ел ішінен Ы.Алтынсарин жазып алған. Шығармада жалпақ жұртты жайлаған аштықтың, панасыз бала-шаға мен кемпір-шалдың қайғылы күйінен сыр шертеді. Қазақтың өлең үлгілерін жинап, жариялауда, зерттеуде азыды-көпті қызмет атқарған орыс саяхатшылары В.Радлов, А.И.Левшин, П.Н.Распопов, М.В.Готовицкий, Н.И.Гродеков, Р.А.Пфенниг, Ә.Диваевтің есімдерін атап өткен орынды. Ал Т.Сейдалин, С.Жантөрин жинап, құрастырған «Образцы киргизских поэзии» атты жинақ 1872 жылы Орынборда басылып, орыс тіліндегі аудармасы қоса ұсынылған. XX ғасырда қазақ халық поэзиясының тарихын, қалыптасу және даму сатыларын, қоғамдық-эстетикалық мәнін, дәстүр мәселесі мен көркемдік, жанрлық ерекшеліктерін айқындауда Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Н.С.Смирнова, М.Ғабдуллин, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, М.Қаратаев, С.Қирабаев, З.Ахметов, З.Қабдолов, Р.Бердібай, Б.Уахатов секілді ғалымдар көп еңбек сіңіріп, ұдайы терең ғылыми талдаулар жүргізіп отырды.

Балалар фольклоры – қазақ халық әдебиетінің жаңа туған жас сәбиден бастап кәмелетке толғанға дейінгі жас ұрпақтың жас ерекшеліктеріне байланысты тәлім-тәрбие беріп, олардың психологиясын, эстетикалық танымын, ой өрісін, еңбекке, отан сүйгіштікке деген сезімін, шығармашылық бағыт-бағдарын көтеруге зор ықпалын тигізетін дәстүрлі педагогикалық мұра. Шығармалардың тақырыптық, көркемдік-мазмұндық сипаты мен тілдік-саздық құрылымы өзара үйлесім тауып, балалардың рухани ілімін қалыптастыруда ерекше рөл атқарған. XIX ғасырдың екінші жартысынан В.В.Радлов, М.Ибрагимов, Ы.Алтынсарин, Е.Покровский, А.Е.Александров, А.Харузин, Ә.Диваев сияқты зерттеушілердің назарына ілініп, хатқа түсіп, жүйелене бастаған бұл әдеби жәдігерлерге XX ғасырда Н.А.Мелкова, А.Л.Троицкая, М.Ф.Гаврилов, І.Жансүгірұлы, А.Байтұрсынұлы, С.Сейфуллин, Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, М.Ғабдулин, Ш.Ахметов, Б.Г.Ерзакович, Б.Уахатов, С.Садырбаев, Ш.Ыбыраев т.б. ғалымдар ден қойып, құнды ой-пікірлер, бағалы

тұжырымдар білдіргені белгілі. Солардың негізінде «Қазақ хрестоматиясы» (Ы.Алтынсарин.1879), «Қирағат» (М.Дулатов, 1911), «Балаларға тарту» (1926, 1927), «Ел өтірігі» (І.Жансүгірұлы. 1927), «Балалар әңгімесі» (1935), «Бөбек жыры» (Б.Кенжебаев. 1943), «Қазақ балалар поэзиясының антологиясы» (1977), «Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы» (1980), «Үйіміз ортақ, жырымыз ортақ» (1980), «Өтірік өлеңдер» (1980), «Қуырмаш» (1983), «Түйе, түйе, түйелер» (1985), «Асыл сөз» (1986), «Ақ сандық, көк сандық»(1987) секілді арнайы жинақтарда, фольклорлық еңбектерде, мерзімді басылымдар мен түрлі оқулықтарда жарияланған балаларға арналған халық туындылары қазақ фольклорында елеулі орын алды.

Ұзақ жылдар осы саланы іргелі түрде зерттеп, сүбелі ғылыми еңбектер жазған филология ғылымдарының докторы, профессор К. Матыжанов қазақ балалар фольклорын төмендегідей үлкен үш жанрлық түрге бөліп және оларды өз ішінде бірнеше топқа жіктеп қарастырады.

I. Әлпештеу поэзиясы: бесік жыры; сәбилік ғұрып жырлары; мәпелеу жырлары; уату-алдарқату жырлары.

II. Жеткіншіктер поэзиясы: маусымдық жырлар; арнау тілек өлеңдері; балалар өлеңдері: тақпақ, сұрамақ; қызықтама; өтірік өлең; мазақтама.

III. Ойындық фольклор: тәжікелесу; жаңылтпаш; жұмбақ.

IV. Ойынға байланысты жырлар: ойын шақыру; қаламақ; санамақ; драмалық ойындар.

Барлық халықтар бесік жырларының атқаратын қызметі, тақырыптық-мазмұндық негіздері, құрылымдық жүйесі жақын, түпкі шығу тегі тамырлас болып келетіндіктен, зерттеушілердің ой-пікірлері, ғылыми тұжырымдары бір-бірінен көп алшақ кетпейді. Себебі бұл топтағы жырлардың шығу төркіні – сәбидің жүйке жүйелерін тыныштандыру, сол арқылы қалыпқа түсіру, біртіндеп санасына эстетикалық тағылым мен ұлттық болмыстың, тәрбиенің сөлін сіңіру. Жаңа туған баланың ұғыну қабілеті біртіндеп жетілетіндіктен, бесік жырларының орындалуында әнге, әуенге, сазға айырықша мән беріледі. Бірақ айтарлықтай біраз ерекшелік қоршаған ортаға, ұлттық тілге, салт-дәстүр мен наным-сенімге байланысты болып келеді. Мысалы, қазақтың тал бесігі көптеген шетел саяхатшы-зерттеушілерін көшпелі тұрмыс-тіршілікке ыңғайлы қарапайымдылығымен, баланың физиологиясы мен гигиенасы, қауіпсіздігі талаптарына жауап бере алатын жан-жақтылығымен таңдандырған. Бесіктің формасы, оның тербеуге лайықталған доға іспетті табанының ырғағы ана әуенімен үндесіп, жымдасып жатады.

Қазақ бесік жырлары ішкі мазмұнына орай «Дәстүрлі бесік жырла-

ры», «Суырып салма бесік жырлары» деп екі топқа жүйелеп қарастыруға болады. Алғашқы бөлікке атауы көрсеткендей, ұрпақтан-ұрпаққа ауысу процесінде бастапқы мәтіннің мазмұны мен композициялық құрылымы айтарлықтай өзгеріске түспеген, қайыrmалары сақталып қалған, халық арасында кеңінен таралған туындылар жатады. Шығармаларда халықтың дәстүрлі тәлім-тәрбиесі, балаға эмоциялық әсер беруге талпынған ынтасы, мақсат-мүддесі айқын көрініс береді.

«Суырып салма бесік жырларында» бесік тербетіп отырған ана осы жырдың дәстүрлі түрін, оның әуенін мейлінше пайдаланып, өзінің ішкі сезімін, қуанышын, мұң-шерін тарқатады. Далалық этикаға байланысты мұндай жырлардың таралу аясы тар болғандықтан, бірден-сарандары болмаса, көпшілігінің мәтіні бүгінгі күнге жетпеген.

Бесік жырларын қазақ фольклорының бір саласы ретінде қарастырып, алғаш ғылыми анықтама берген А.Байтұрсынұлы болса, «Қазақ әдебиеті» (1932) атты жинағына көркем үлгілерін енгізіп, жанрлық сипатын ашуға талпыныс жасаған С.Сейфуллин еді. XX ғасырдың екінші жартысында М.Ғабдуллиннің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» (1958, 1964, 1974), Ш.Ахметовтың «Қазақ балалар әдебиеті тарихының очерктері» (1965), «Қазақ балалар әдебиеті» (1974), Б.Уахатовтың «Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы» (1983) аталған еңбектерінде халық әдебиетінің жанрлық түрі ретінде қарастырылды, ал алдымен балалар фольклорын, кейін жылдары отбасылық-ғұрып фольклорын іргелі деңгейде зерттеген К.Ісләмжанұлының «Рухани уыз» (1995), «Қазақтың отбасы фольклоры» (2007) сияқты монографиялық зерттеулерінде жанрлық ерекшелігі, фольклордағы алатын орны, ішкі жанрлық сипаты, тегі, атқаратын қызметі т.б. қырлары жан-жақты ашылған.

Сәбилік ғұрып жырлары шілдеhana, сәбиді бесікке бөлеу, қырқынан шығару, тұсау кесу, сүндетке отырғызу т.б. әдет-ғұрыпқа, салт-дәстүр мен ырымдарға байланысты шараларды атқару барысында отбасы, туған-туыстар мен ауылдастар жаңа туған баланың келешегіне сәттілік, денсаулығына амандық тілеген ақ ниеттері мен шынайы пейілдерін ән-жырмен білдіреді. Бұл дәстүрлер мен онда айтылатын халық туындылары бала бесікте жататын кезеңде орындалғанмен, олардың атқаратын қызметі бесікке мүлде қатысы емес. Соған байланысты мұндай жырлар әлпештеу поэзиясының бір жанрлық тобы ретінде қарастырылып, арнайы зерттеуді қажет етеді.

Мәпелеу жырлары ғасырлар бойы жинақталған халық педагогикасы тәжірибесінің негізінде шомылдыру, майлап-сылау, дене құрылысын дамыту мақсатында түрлі жаттығулар жүргізу кезінде атқарылатын іс-әрекеттер поэтикалық форма мен әуезді ырғақпен сүйе-

мелденген. Бұл тектес жырлардың мазмұндық сипатына қарағанда, олардың тамыры тереңде жатқандығын, түрлі діни сенімдердің сілемдері қалғанын аңғару қиын емес. Тіпті, кейбір жырлардың мазмұны арбау өлеңдерінен алшақ кетпейтіндігін де байқауға болады. Мысалы, туындыларда кездесетін Ұмай ана Көк тәңіріне табынған түркі халықтарының түсінігінде қатын-бала, отбасының киесі болса, Бибі Фатима, Бибі Зухра – ислам дінін ұстанғандардың қамқоршылары.

Уату-алдарқату жырларын ілгергі зерттеушілер алдыңғы әлпештеу жырларының қатарында қарастырып келгені белгілі. Шындығында да бұл фольклорлық мұралардың арақатынасында жақындық сипат байқалғанмен, олардың атқаратын қызметі мен орындалу мәнеріндегі өзгешеліктерді аңғару қиын емес. Бесік, сәбилік ғұрып, мәпелеу жырларының негізгі мақсаты баланы тыныштандыру, ұйықтату, тілек тілеу, сылап-сыйпау, дене құрыстарын жазу болса, уату-алдарқату жырларының басты қызметі – сәбиді алдандыру, көңілін сергіту, алдарқату, ойнату т.б. Жырлардың мадақ-алдарқату, сан, саусақ ойындары, қуырмаш сияқты түрлерін пайдалану бір жағынан сәбидің дүниетанымын кеңейтсе, екінші жағынан тілін дамытып, санауды жеңіл әрі тез үйренуге жағдай жасайды.

Бала өскен сайын көзқарасы өзгеріп, дүниетанымы, түйсігі жетіле бастайды. Осы кезеңдерде бұрын үлкендер айтып жүрген әндерді, өлең-жырларды, тіпті кейде қисса-дастандарды өзі жаттап алып, қажетінше жиын-тойларда орындап беруге жаттыға бастайды. Осылай бірте-бірте балалар репертуары қалыптасады. Әсіресе, шығыс халықтарының жаңа жылы ретінде аталып өтетін Ұлыстың ұлы күніне байланысты жырланатын наурыз өлеңдері, діни әдет-ғұрыпқа қатысты айт мерекесі кезінде үй аралап жүріп айтатын жарапазан жырлары балалар шығармашылығын толықтыра түседі.

Балалар фольклорының ішінде кеңінен өріс алып, халыққа мейлінше етене жақын болып кеткен туындылардың бірі – маусымдық жырлар. Бұл топтағы өлең жырлар жылдың төрт мезгіліне қатысты болатындықтан, олар көктем, жаз, күз бен қысқа арналып айтылса, арнау-тілек өлеңдері күнтізбелік әдет-ғұрыптарға байланысты ай мен күнге, сондай-ақ басқа да табиғи құбылыстарға табыну мақсатында орындалады. Поэтикалық құрылымы мен орындалу мәнеріне орай өз ішінде тақпақ және сұрамақ деп жіктелетін балалар өлеңдері қоршаған орта, жан-жануарлар, тұрмыс-тіршілік т.б. сан-алауан тақырыптарды қамтиды. Қызықтамаларда адамнан өзге тіршілік иелерінің іс-әрекеттері, олардың арасындағы диалогтар тізбекті сюжетке құрылып, баяндау түрінде жырланады.

Өтірік өлеңдердің балаларға тән үлгілері де қызықтамалар сияқты

белгілі бір оқиғаның желісін арқау етіп, жас жеткіншектің көңілін көтеріп, өмірдегі карама-қайшылықтарды аңғартатын жанр. Бұл туындыларға қарағанда мазактама өлеңдердің мазмұнында біршама ерекшеліктер бар. Әсіресе, кәмелет жасқа толмаған балалар арасында бір-бірінің бойындағы кемшілікті келемеждеу, орынсыз қылықтарды сайқымазақ қылып, мысқылдау, ат қойып, айдар тағу жиі кездесетіні белгілі. Мазактамалардың негізгі нысанасы – осы тақырыптар.

Өзге халықтар сияқты қазақ балалар ойындарының түп төркіні тереңде жатқаны белгілі. Оның да табиғатында халқымыздың өткені, тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы мен дәстүрлі тәлім-тәрбиесінің негізі сақталып қалған. Әр түрлі ойынға байланысты айтылатын өлең, тақпақтардың өзіне тән қызметі, мазмұндық ерекшеліктері айшықталып тұрады. Ойындық фольклордың жанрлық түрлерінің бірі ойынғашақыруда көбіне балалар бір-бірін қайрап, лақап атынпен шамына тиіп ойынға тартып отырған. Ал қаламақ ойынында керісінше, жұп және тақ санға топ құрып, кейін екі-екіден жұптасқан балалар екеуара жасырын ат қойысып, топ басшыларының қалауын екі жол өлеңмен сұрайды (Алтын асық керек пе?// Күміс қасық керек пе? деген сияқты). Ойынға төселе түскен сайын баланың ішкі дүниесінің өрісі кеңіп, талғамы биіктей түседі. Санамақ ойыны біріншіден, жеткіншектің халық поэзиясына деген ықылас-ниетін оятып, көркем сөйлеуге жетелейді, екіншіден, жаттау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін арттырады. Ол мазмұндық құрылымына, поэтикалық табиғатына қарай «Жұмбақ сөзді санамақтар», «Сюжетті санамақтар» топқа жіктеледі. Драмалық ойындарда іс-әрекет диалог, хор түріндегі әуенді өлең-жырмен астарласып, бір тұтастықта көрініс береді. Негізгі функциясы – баланың бойына халық педагогикасы мен өнерінің, дене тәрбиесінің озық үлгілерін дарыту, болашаққа деген көзқарасын қалыптастыру. Кейде балалар ойындары үлкендерге ауысып, кейде екі жасқа да ортақ болып келеді (мысалы, ақ сүйек, айгөлек т.б.). Ойын өлеңдер (жаңылтпаш, жұмбақ т.б.) диалог арқылы жүргізіліп, балалар өз ортасына ішкі дүниетанымын, ой-өрісін танытуға тырысады. Осындай өнер жарысына жиі қатыса жүріп өлең, сөздің қадірін ұғынып, қиялын ұштайды, қиыннан қисын табуға дағдыланады.

Бұл шағын мақаламызды мектеп оқушылары мен оқытушыларына, педагогикалық колледждердің, осы тектес жоғары оқу орындарының ұстаздарына арнап жазғандықтан, бүкіл фольклорлық мұраларымыз жанрларының, оларға қатысты түрлердің қысқаша ғылыми анықтамалық сипаттамасын толық қамтый алмағандығымызға алдын-ала кешірім өтінеміз. Себебі, біріншіден, көрсетілгендей, ірі жанрлар туралы толымды-толымды еңбектер жазылғандықтан, қажетсінген

оқырмандар сол зерттеулермен танысады деген ойдамыз. Екіншіден, фольклортанушы ғалымдар келешекте бөбекханаға, балабақшаға, мектептің сатыларына, арнайы және жоғары оқу орындарының шәкірттеріне тиісті хрестоматиялық оқулықтар жазуды мақсат тұтады. Сол ретте жеткіншектердің жас ерекшеліктеріне байланысты фольклорлық жанрларға жеке-жеке тоқталып, әр буынның қажеттілігін өтейміз деген ойдамыз.

«ШАҢНАМА» ДАСТАНЫНЫҢ ҚАЗАҚ НҰСҚАЛАРЫ

Қазақстан халқының жетпіс пайызы Ислам дінін тұтынатыны және оның негізгі бөлігін қазақ ұлты құрайтыны белгілі. Қазақ халқы Кеңес кезеңіне дейін көшпелі өмір салтын ұстанды, сондықтан оның рухани құндылықтарының дені ауыз әдебиеті арқылы жетті. Алайда, коммунистік идеология Ислам дініне, шығыс сюжетіндегі шығармалардың жариялануына тыйым салғандықтан, ол мұралар ұзақ жылдар шаң қауып қоймаларда жатты. Соның бірі – парсы әдебиетінің классигі Әбілқасым Фирдаусидің «Шаһнама» дастаны.

«Шаһнама» жырын XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Мұқаметжан Сералин, Серәлі Еруәліұлы, Тұрмағамбет Ізтілеуұлы секілді көрнекті ақындар түпнұсқа негізінде аударып, өзінше жырлаған болса, Ораз Молла, Айманкүл Тәжібаева, Ысқақ Тілеуқабылұлы дастанды қара сөз үлгісінде тәржімалаған. Сонымен бірге қазақ әдебиетінің тарихында «Жаңа дәуір әдебиеті» аталатын (XIX-XX ғ.басы) кезеңде көптеген ақын-жыраулар «Шахнаманың» бөліктерін өздерінше жырға айналдырып, ел арасына таратып келген. Бұл ретте К.Шахмарданұлы, Ж.Жабаев, Е.Құлсариев, Ж.Таубайұлы т.б. ақындардың шығармашылығын атап өткен орынды. Мысалы, кейбір шахнаметанушылардың естеліктерінде Жамбыл ақынның шығармашылығында осы ұлы туындының жекелеген бөлімдері сақталғандығы туралы мәліметтер кездеседі (1, 8). Бүгінгі күні Қазақстанның М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Орталық ғылыми кітапханасының Сирек кітаптар мен қолжазба қорларында «Шахнаманың» жоғарыда аталған ақындар аударған үлгілерінің түпнұсқалары мен олардың өзге де ақын-жыршылар жеткізген варианттары, версиялары сақталған. Аталған қорларда сақталған «Шахнаме» мен оның негізінде жырланған жеке жырлардың қолжазбаларын, Кеңес кезеңіне дейін Қазанда жарияланған кітаби нұсқаларын жүйелей отырып, оның қазақ тіліне аударылып жырлануы, хатқа түсуі, басылым көруі XIX ғасырдың екінші жартысында белең алғандығын аңғаруға болады. Солардың бірі – Ораз молдадан жеткен қолжазба нұсқа.

Ораз молда Жүсіпұлы (1804-1885) – дін қайраткері, ақын, аудармашы, оқымысты, алғашқы қазақ зиялыларының бірі. Оның өмірі мен шығармашылығы туралы нақты құжаттық деректер сақталмағанмен, Бұхара қаласындағы Көкілташ медресесінде оқып, толымды білім алғандығы, араб, парсы, көне түркі тілдерін жетік меңгеріп, шығыс елдерінің мәдениеті мен тарихын түпнұсқа негізінде танысып-білуге мүмкіндігі болғандығы жөнінде мәліметтер кездеседі. Тіпті, Бағдатта

білімін жетілдіріп, кейінгі саналы ғұмырын ұстаздық жолға арнағандығы туралы да ауызша деректер сақталған. Бұрынғы Ақмешіт уезінің Сырдария алабында туып-өскен Ораз молда «Шахнамеден» өзге де араб, парсы тілдеріндегі шығармаларды тәржімалап, өлең үлгісіне түсірген сыңайлы. Өкінішке орай, олардың дені бүгінгі күнге жетпеген. Оның шығыс тілдерін терең меңгергендігінің, қаламгерлік деңгейінің де биік екендігін және аудармаға жастайынан машықтанғандығының айғақты дәлелі – соңында мұра болып қалған «Шахнаменің» қара сөзбен жазылған үлгісі.

Орталық ғылыми кітапхананың Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорының 1187-бумасында сақталған қолжазбаның 1929-1930 жылдары Қызылорда қаласында жазып алынғандығы жөнінде дерек көрсетілгенімен, кім, қайдан, кімнен көшіргендігі нақтыланбаған. Қазақтың тұңғыш журналистерінің бірі М.Сералинның өзі орыс тіліндегі В.А.Жуковский нұсқасының негізінде аударған «Рүстем – Зораб» жырының «Айқап» журналындағы басылымының алғы сөзінде: «...Мұнан жиырма-жиырма бес жылдар бұрын Ақмешіт (Перовский) шаһарында Молда Ораз деген бір найман «Шаһнамені» қазақшаға аударған екен. Баспа болып шыққан-шықпағанын біле алмадым» (2, 147), – деуіне қарағанда, Ораз молда туындыны ақылы мен тәжірибесі әбден толысқан шағында, яғни өмірінің соңына таман аударған сияқты. Осы нұсқа кейін жеке кітап болып (3) басылып шыққаны белгілі, туындыны белгісіз хатқа түсіруші кітаптан көшіріп, кейін халық мұраларын жинаушыларға тапсырғаны аңғарылады.

Аудармашы қолжазбаның кіріспесінде «Шаһнаменің» жазылу тарихына, Фердаусидің өмірі мен шығармашылығына арнайы тоқталады. Кейінгі кезекте Қиямерстің (Каюмарс), оның немересі Хушнақтың патша болғаны, бұдан әрі таққа Таһмұрыстың отыруы баяндалады. Әбден тоза бастаған қолжазбада мәтін қара сөз үлгісінде түсірілгенмен, арасында қысқа өлең жолдары да ұшырасып отырады. Мәтін түрлі сиялармен жазылғандықтан, жыртылған, үгітілген жерлері жұқа қағаздармен қайта өңделіп, қосымша жазулармен бастырмаланғандықтан, кей тұстарын дұрыс оқуға қиындықтар туғызады.

Ораз молдадан кейін XIX ғасырдың аяғында «Шаһнаменің» Рүстемге қатысты тарауын жыр үлгісінде аударып, 1888 жылы Қазанда «Кисса-и Рустам» деген атпен жеке кітап етіп жариялаған ақын – Сердалы Мырзаұлы. Оның өмірі мен шығармашылығы туралы дәйекті деректер кездеспегенімен, аталған кітаптың кіріспесіндегі ақынның: «Жәрдем бер тіл, жағыма бір Құдайым, Шаттық бер, екі дүние қылма уайым. Жамиғат, құлақ салып тыңдасаңыз Хикаят Рүстемнен сөз қылайын. Бұрын жаздым «Зарқұмдай» асыл затты, Оларды жұрт естіп,

дәмін татты», – деген өлең жолдарына қарағанда, ол шығыс сюжетіндегі шығармаларды өзінше жырлаған, болмаса ел ішіндегі нұсқаларын айтып жүрген. Тағы да жыр басындағы Сердалының: «Азғанбайдан жазғанмын екі жылдай, Жазушы ем күні-түні дамыл таппай», – деген сөздерін қаперге алып, «Шаһнаменің» Рүстемге қатысты бөлігін Азғанбай атты адамнан қара сөз үлгісінде естіп, оны өлеңге айналдырып жазғандығына болжам жасауға болады. Молла Құсайын есімді ноғай 1901 жылы кітапты араб әрпінде қайта көшіріп, баспаға ұсынған. Сол нұсқа Орталық ғылыми кітапхана Сирек қорының 319-бумасында сақталған. Көлемі – 4340 жол.

XX ғасырдың бас кезінде Шығыстың классикалық әдебиетіне, әсіресе «Шаһнамеге» ерекше назар салып, аударуға ден қойған қазақ зиялыларының сапында журналист, ақын-жазушы Мұхаметжан Сералин де (1872-1929) бар еді. Қазан төңкерісіне дейін демократтық-ағартушылық бағыт ұстанған ақын «Айқап» журналының редакторы қызметін атқара жүріп «Шаһнаме» дастанының В.А. Жуковский аударған орысша нұсқасының «Рүстем-Зораб» бөлімін қазақ тіліне аударды. Өзінің мақсаты туралы аудармашы: «Шаһнаменің» тәржімесі барлық мұсылман тілдерінде бар, күншығыс халқында (грузин тілінде де) бар, «Шаһнамені» араб тіліне Албындри әл-Сафәхани аударған. Ағылшын тіліне Аткинсон 1732 жылында, француз тіліне Ж.Моль 1838 жылдарда, неміс тіліне фон Шак 1856 жылы һәм жоғарыда айтылған Риюккерт, бір саласын 1836 жылдарда итальян тіліне Поцци аударған. Мұнан басқа Еуропа тілдеріне «Шаһнаменің» әрбір жерлерін аударғаны толып жатыр. Орыс тіліне «Шаһнаме» түгел аударылған жоқ, жоғарыда айтылған Жуковскийдің «Рүстем-Зорабы» бір саласы ғана», – деп, енді бұл туындының қазақша аудармасы да болу керектігін ескертеді (1, 147-б.).

«Айқап» журналының 1913 жылғы 1-санында жарияланған жырдың кирилл әрпінде машинкаға терілген «Рүстем – Зарап» аталған бір нұсқасын белгісіз жинаушы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазбалар қорына тапсырған (400-бума). Қолжазба кімнен, қашан, қайдан, кім жазып алғандығы жөнінде мәліметтер көрсетілмеген. Шығарманың сюжеттік желісі Рүстемнің анда жүріп атынан айрылуы, адасып Саманган ханның еліне келіп, оның қызы Тахминаға үйленуі, ол еліне кеткенде Зарап атты ұл туып, оның батыр болып ер жетуі, Зараптың Иранға аттануы, Тұран патшасы Афрасиаппен Қолбасшы Баһрамның әке мен баланың араздығын ойластыруы сияқты оқиғалар тізбегінен құралған. Аталған басылым мен қолжазба нұсқаны салыстыра қарастырғанда, соңғысы алдыңғы мәтіннің көшірмесі екендігі мәлім болды.

«Шаһнаме» жырының қазақша аудармаларының арасында өзінің көлемдік аясымен де, көркемдік сипатымен де қалың оқырманның ықыласына бөленген еңбек – Тұрмағамбет ақынның аудармасы. Т.Ізтілеуұлы (1882-1939) қазіргі Қызылорда облысы Қармақшы ауданының аумағында туып-өскенмен, жасынан Бұхара шаһарының әуелі «Мир араб», кейін «Көкілташ» медресесінде білім алып, шығыс елдерінің тілдерін терең үйренген. Ол – XX ғасырдың басындағы маңдай алды қазақ ақындарының бірі, Сыр бойы ақындарының ұстазына айналған тарихи тұлға. Ақын өлең жазумен қатар ақындар айтысына түсіп, «Әшкеубас», «Рауа Бану» сияқты парсы халқының мұраларын еркін аударып, өзінше жырлаған. Медреселерде ұстаздық етіп, ағарту саласында тынбай қызмет атқарған. Ол Алаш зиялыларының бірі, қазақтың тұңғыш Халық ағарту комиссары Темірбек Жүргеновке дәріс беріп, оның сапалы білім алуына ықпал жасады. «Көкілташ» медресесінде тәжіктің классик жазушысы Садриддин Айнимен достасып, кейін де шығармашылық байланыстары үзілмеген. «Шығыстың жарық жұлдызы» атанған Ә.Фирдоусидің туғанына мың жыл толуына байланысты 1934 жылы әлем деңгейінде мәдени іс-шаралар өткізіліп, соның негізінде ақынның ұлы туындысы «Шаһнама» көптеген тілдерге аударыла бастайды. Сол жылы Алматыда Қазақстан жазушыларының тұңғыш съезі, сәл кейін Көркемөнерпаздардың республикалық І слеті өткізіліп, осы алқалы жиындарға Тұрмағамбеттің де қатысуына мүмкіндік туады. Шығыс тілдеріне жетік, дарынды ақынды сол тұстағы Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Л.И.Мирзоян, Оқу Халық комиссары Т.Жүргенов арнайы қабылдап, «Шаһнамені» қазақ тіліне аудару мәселесі қозғалады. Бұл кездейсоқ ұсыныс емес болатын. Біріншіден, Үкімет адамдарының аудармашы ретінде Тұрмағамбетті ғана таңдауына оның ақындық талантын, шығыс тілдерін игерудегі қарым-қабілетін «Көкілташ» медресесінен білетін Садриддин Айнидың зор ықпалы болғаны анық. Екіншіден, Үкімет мүшелерінің бір топтамаға келіп, «Шаһнамені» аудармашы болып Тұрмағамбеттің бекітілуіне бұрынғы шәкірті Т.Жүргеновтің де септігі тигені даусыз. Сөйтіп, ақын 1936 жылдың он айының ішінде «Шаһнамені» қазақ тіліне ерікін, әрі көркем аударып (40 мың жол), берісі қазақ, әрісі әлем мәдениетінде өшпес із қалдырды. Онда Дарий, Ескендір, Кейкауыс, Мұхаммед пайғамбар (с. ғ. с.), Әзірет Әлі, Придон т. б. сияқты патшаларға, батырларға, тарихи тұлғаларға қатысты оқиғалар қамтылады.

Ақын кеңестік идеологияның кесірінен жазықсыз жазалауға ұшырап, қудалауға түскендіктен, көзі тірісінде «Шаһнаменің» жарық көруіне мүмкіндік болмады. Араға жылдар салып бас-аяғы 50 бөлімнен тұратын осы құнды еңбектің негізінен 1961, 1973 жылда-

ры «Рүстем-Дастан» деген атпен, 2007, 2009 жылдары «Шахнама. Рүстем-Дастан» атауымен жинақтар басылым көрді. Тұрмағамбеттің қолтаңбасымен жазылған аударманың түпнұсқасы ұзақ жылдар М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазбалар қорында сақталып, кейін Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президент музейінің қорына ауыстырылды.

Ораз молда Жүсіпұлынан өзге «Шахнаменің» қазақ тіліндегі екі қара сөзбен аудармасы кездеседі. Оның бірі – Орталық ғылыми кітапхананың сирек қорында (319-бума) сақталған көрнекті қазақ ақыны Әбділда Тәжібаевтің анасы Айманкүл Тәжібаеваның (1888-1952) тәржімасы. Ол ақындығымен бірге «Шах-ата» секілді шығыс сюжеттерін өлеңмен жырлап, «Шахнаменің» 1908 жылғы Қазан басылымын қара сөзбен аударып, араб әрпінде жазылған 243 беттік қолжазбасын 1945 жылы аталған кітапхана қорына өз қолымен тапсырған.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазбалар қорында (871-бума) сақталған екінші қара сөзбен аударылған «Шахнаменің» иесі – Тілеуқабылұлы Ысқақ. Өкінішке орай, оның өмірі мен шығармашылығы жөнінде нақтылы деректер кездеспейді. Шығарманың кіріспесінде аудармашының: «...Мен бұл кітапты жазудағы ойым – кітаптың маңызын өзгерту емес, кітапты түркі, яғни қазақ тіліне айналдыру. Бұл кітаптың ішінде жат тілдер көп – ғарап, парсы, персия, ең жеңілі өзбек тілі. ...Өзім де оншалық сауатты емеспін, бірақ «Шахнаме» кітабын көп оқып көргендіктен жат тілдердің қандай орында айтылатынын, мағынасы қазақ тілінде қандай сөздермен орналасатынын аңғаруға қуатым жетеді деп ойлаймын» (4), – деуіне қарағанда, ол бұл туындының шығыс тілдері араласқан көне түркі нұсқасынан аударған сыңайлы. Ы.Тілеуқабылұлының төл қолтаңбасымен араб әрпінде хатқа түскен 300 беттен тұратын бұл қолжазбаны зерттеу алдағы уақыттың еншісінде.

Орталық ғылыми кітапхананың Сирек қорында жамбылдық ақын Рахымбай Құлбайұлы (1905-1943) жеткізген 126 беттік «Рүстем – Дастан» (840-бума, латын жазуында), жетісулық Ертай Құлсариев (1886-1958) жырлаған «Қисса Жамшид» (546-бума, араб жазуында); М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазбалар қорында Еркін Құлпейісов жазып алған 23 беттік «Шахнама» (1123-бума, кирилл әрпінде), Шәді Жәңгірұлы (1855-1933) өлеңмен аударған 144 беттік «Шахнаме» (883-бума, араб әлібиінде), Ақмолла Мұхамедиярұлы (1839-1895) жырға айналдырған 13 беттік «Шахнамадан» (526-бума, араб әрпінде) т.б. жыр нұсқалары жинақталған.

Мұнан өзге Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының Сирек кітаптар мен қолжазбалар орталығында XVIII ғасырдың I жар-

тысында түпнұсқадан тікелей түркі тіліне аударылған 1056 беттік «Шаһнаменің» Қожа Шаһхижран Низамеддинұлы Калияндар аударған аса құнды қолжазба сақталған. Сондай-ақ 843 беттен (84300 жолдан) тұратын ажам (парсы) тілінен түрікшеге аударылып, ХІХ ғасырда басылым көрген «Шаһнаме» атты жинақ – М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазбалар қорындағы сирек мұралардың бірі болып есептеледі. Бір өкініштісі, кітаптың алдыңғы беттері жыртылып қалғандықтан, ол қашан, қайда басылғаны, тіпті аудармашыны да анықтау мүмкін болмады.

Кейінгі жиырма жылдың көлемінде Иран-Қазақстан халықтарының шынайы достығы, рухани ықпалдастығы қалыптасып, мәдени қарым-қатынастардың аясы ұлғаю үстінде. Ендігі жерде екі елдің ғалымдары үкіметаралық келісімдерінің негізінде бірлескен зерттеу жұмыстарын жүргізу, екіжақты әдеби үдерістерге араласу, фольклорлық, классикалық мұраларды парсы-қазақ тілдеріне аудару сияқты ғылыми байланысты жүзеге асыруға ықпал етуге мүдделі болуға тиісті. Бұл ретте ең алдымен, «Шаһнама» жырының жоғарыда көрсетілген қазақ тіліндегі прозалық, поэзиялық үлгілерінен 10 томдық ғылыми басылымын жарыққа шығарып, оны іргелі түрде зерттеу арқылы ұлы эпопеяның әлемдік маңызын одан әрі арттыра түсуге болар еді. Ол іс-шараны атқару барысында Иран-Қазақстан елдері, қазақ-парсы халықтары «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаратынына» күмән білдіргіміз келмейді.

Пайдаланылған дәйеккөздері:

1. Фирдауси. Шахнаме. Москва, 1973. 593 б.
2. Айқап.– Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 366 б.
3. Қисса-и Ораз мулланың хикаяты. – Қазан: Б. Л. Домбродский баспаханасы, 1909. – 100 б.
4. Айқап.– Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 366 б.
5. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қоры. 871-бума.

ХАЛЫҚ ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АУЫЗША ТАРИХ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕГІ РӨЛІ

Еліміз тәуелсіздік жариялағаннан бері барлық қоғамдық салалар демократиялық реформалар үрдісінен өтті. Ұлттық мәдениет пен тарихтың «ақтаңдақ» бетері айқара ашылып, халықтың бойына бостандық пен адамзаттық құндылықтарға негізделген жаңашылдық рухы қалыптасты. Соған орай, тәуелсіздік жылдарындағы қазақ мәдениеті мен тарихының өткенін ғылыми тұрғыдан терең зерделеп тұжырымдау, жаңаша пайымдау қажеттілігі туындады.

Еліміздің қоғамдық өмірін тұтас қамтыған рухани жаңғыру мен жанару үрдісі, дүниежүзілік ғаламдану жайы ғылымдағы бетбұрысты айқындап, тарих саласындағы ғылыми ізденістердің нақты нәтижелерге бағдарлануын міндеттейді. Тәуелсіздік талаптары тұрғысынан тарихи-мәдени үрдістің белгілі бір кезеңдері мен оқиғаларын көрсетуде осыған дейін орын алып келген сыңаржақтылықтан, субъективизмнен арылтуды қажет етеді. Мұның өзі кеңестік жүйе тұсында айқын зерделеп, гуманитарлық ғылымның, оның ішінде Қазақстан тарихында айтылмай келген, тыйым салынған шындықты бүкпесіз талдап беруді ғана емес, сонымен бірге бүгінгі уақыт талабына сәйкес зерттеу заман ағымымен, «Тарих толқынындағы халық» сынды мемлекеттік нысанды бағдарламалық міндеттермен етене болуын талап етеді. Сондықтан жаңа, тәуелсіз ұлттық тарихты бүгінгі күнмен сәйкестендіріп, әлемдік тарих айнасында толымды, жан-жақты зерттеу кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болып қалатыны анық.

Бұл ретте Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың үстіміздегі жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы негізгі ұстаным болуға тиіс. Себебі бұл Жолдау – ұлттық идея мәселесіне қатысты мемлекет басшысының әр жылдардағы «Қазақстан-2020», «Қазақстан-2030», «Қазақстан-2050» сияқты стратегиялық бағдарламаларымен үндесетін, мәндесетін, әр қазақстандықтың жеке міндетін айқындайтын тарихи құжат. Оны Қазақстан жұрты ғана емес, бүкіл әлем саясаткерлері мойындап отырғаны да баршаға мәлім.

«Мәңгілік Ел» идеясының түп төркінінде Қазақстан халықтарының ынтымақ-бірлігі мен отансүйгіштік сезімін оятатын ұлтымыздың ұрпақтан ұрпаққа аманат етіп кеткен рухани қазынасы – сөз өнері жатыр. Ұлттық руханияттан ажыраған халық тамыры құраған бәйтерекпен бірдей. Ондай халықтың етегін жиып, Ел бола алмайтындығына – өткен тарихымыз куә. Сондықтан еліміздің жаңа тарихын жазу ба-

рысында мәдени мұраларды, атап айтқанда, халық әдебиетін дереккөзі ретінде пайдаланудың мүмкіндігі мол.

Бұл ретте шежірелердің, батырлық, тарихи жырлардың, аңыз-әңгімелердің, ежелгі және орта ғасырлардағы, Қазақ хандығы тұсындағы ақын-жыраулар, сал-серілер поэзиясының, би-шешендер шығармашылығының мәні ерекше зор. Әсіресе, әр кезеңдердегі билер институтының мемлекеттік, қоғамдық, саяси-әлеуметтік мәселелерді шешудегі тарихи рөлі аса маңызды.

Қазақ халқының ауызша тарихы – тек жазба әдебиетті тұтынған, электронды жүйе белең ала бастаған ғаламдану заманында кейінгі ұрпаққа түпнұсқа күйінде жеткізетін бірден бір рухани қазына. Ол өзінің мазмұны мен тақырыбына орай халықтың тілі, салты мен тұрмысы, мәдениеті, этнопедагогикасы, философиясы, тарихы және этнографиясы бойынша маңызды дереккөз болып табылады. Әрбір жыраудың, би-шешенің, сал-серінің, ақынның шығармасы өз дәуірінің ескерткіші, бүтіндей алғанда, өзі перзент болып табылатын халықтың рухани мұрасы ретінде де құнды, яғни, барлық жағынан алғанда да бұл қолжазба мұралар ұлттық тарихи-мәдени қазына болып есептеледі. Халық әдебиеті жеткізген ауызша тарихтың түп негізі – тәуелсіздік идеясы, бастапқыда олардың арман-мүддесі жалпы түркі халықтарын бір тудың астына біріктіру болса, кейінгі кезеңдерде Қазақ мемлекетін құру, мемлекетті сақтау, оны сыртқы жаулардан қорғау, өзара ынтымақ-бірлікті насихаттау мәселелері негізгі мұрат-мақсаттары болды. Бұл мәселелер бүгінгі күні де маңызды, жаңа тарихты қайта жазуда құжаттық материалдар табылмаған жағдайда, өте құнды дереккөздері болып табылатыны анық.

Қазақ халқының сан ғасырлар бойы жүріп өткен тарихи өткелдері, мекен-қонысы, көрші елдермен қарым-қатынасы, тәуелсіздік жолындағы жеңісі мен жеңілісі, бодандыққа түсуі туралы деректер саяхатшылардың, елшілердің, жылнамашылар мен тарихшылардың жазбаларымен ғана шектелмейді. Оның көп бөлігі халық жады мен зердесін таразылайтын рухани қазыналарда, халық фольклорында, авторлық ауыз әдебиетінде жатқаны шындық. Тарих үшін жатжұрттық жиһан-кездер мен экспедициялардың хатқа түсірген екіұшты мәліметтеріне қарағанда халық мұрасының берер мағлұматтары шынайы, сенімді болуы әбден мүмкін.

Қазақ халық әдебиетінің тереңіне бойлап, фольклорлық мұралардың түп төркіні болып табылатын мифтік шығармаларды зерделеу арқылы қазақ жеріндегі адамдардың ежелгі тарихы – мифтік сана мен ойлаудың заңдылықтары айқындалатын болса, бұл жанрдан кейінгі ертегілердегі, әпсана-хикаяттардағы, аңыздардағы, ауызекі әңгімелер-

дегі оқиғалардың тарихи-деректік мәні өте жоғары екендігін аңғару қиын емес. Кеңес кезеңінде халқымыздың тәуелсіздігі үшін ерлік пен елдіктің тамаша үлгілерін көрсеткен батырлар бейнелері сомдалған көптеген аңыздар еліміз егемендік алғанға дейін елеусіз қалып, тыйым салушылыққа ұшырап, жарияланбай, насихатталмай, зерттелмей келді. Сонымен қатар араб әліпбиі қолданыста болмағандықтан, кейінгі ұрпақ, әсіресе ғылыми ортаның бұл мәтіндердің түпнұсқасымен танысуға мүмкіндігі шектеулі болды.

Қазақ фольклорының бағзы замандардан ұмытылмай ұрпақтан-ұрпаққа үзілмей жетіп, әр буынды отансүйгіштікке, ерлікке, ынтымақ-бірлікке жетелеп отырған үлкен бір саласы – батырлар жыры. Олардың дені XIV-XVII ғасырлардың аралығындағы Ноғайлы және Қазақ Ордаларының мемлекеттік тұтастығын, халқымыздың тәуелсіздік жолындағы күрестерін бейнелейтін, жастардың адал махаббатын сомдайтын бірегей халық туындылар болып табылады. Олар да толық жарияланбағандықтан, тіпті ондап саналатын нұсқалары, версиялары ғылыми айналымға түбегейлі енгізілмегендіктен, қазақ қоғамындағы тарихи кезеңдердің, нақты оқиғалардың, эпостық қаһармандардың, тарихи тұлғалардың батырлық болмысы, тарихи және көркем шындықтың ара-жігі, ұлттың тұрмыс-тіршілігіне қатысты этнографиялық тұтыным көздерінің бастаулары ғылымдардың назарынан сырт қалды. Халықтың ғұрыптық фольклорындағы салт-дәстүр, наным-сенім, ырым-тиым, этнотәрбие мәселелерін бүгінгі күн тұрғысынан жаңаша пайымдалып, жас ұрпақтың зердесіне толық сіңірілмеді.

Тарихи жырлар мен аңыздар – елдік пен егемендікті асқақ рухпен ғасырлар бойы паш етіп, ұрпақтан-ұрпаққа ұлықтап, үлгі етіп келген қазақ фольклорының арналы бір бөлігі. Оларда кең көрініс тапқан ұлт-азаттық идеясының зерттелуіне де Кеңес дәуірінде шектеу қойылғаны мәлім. Алайда, әлемдік өркениет көшіне тәуелсіздік алған жылдары ғана кіріккен еліміздің тарихына, тіліне, мәдениеті мен әдебиетіне деген оң көзқарасы, қаржылай қолдауы осынау рухани жәдігерлерімізді толық жарыққа шығаруға мүмкіндік берді.

Бәйдібек би, Домалақ ана, Қорқыт, Алаша хан, Майқы би, Өзбек хан, Шыңғыс хан, Жошы хан, Ақсақ Темір, әз-Жәнібек, Асанқайғы, Еңсегей бойлы ер Есім, Тоқтамыс хан, Ер Едіге, жоңғар шапқыншылығы кезеңінде Қазақ Ордасының мемлекеттілігін, халқының тәуелсіздігін сақтап қалуда ерекше рөл атқарған Төле, Қазыбек, Әйтеке сияқты ел тұтқасы болған кеменгер билердің ел тұтастығын, руаралық ынтымақ-бірлікті сақтаудағы ерен еңбектерін, дау шешудегі әділдігін, қайраткерлік тұлғаларын сомдайтын, Абылай сынды айбынды ханның көзсіз ерлігін, қолбасшылық, ұйымдастырушылық қабілетін,

ел басқарудағы өзіндік қырларын, дипломатиялық іс-тәжірибелерін ашып көрсететін Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Мүйізді Өтеген, Шақшақ Жәнібек, Сүйіндік Олжабай, Малайсары, Балтакерей Тұрсынбай, Керей Жәнібек, Жидебай, Жасыбай, Дәулетбай, Малайсары, Әжібай, Райымбек, Балағаз, Байғозы, Түлкібай, Саркөз, Түгел, Итеке, Берден, Нұрбай, Шерубай, Жалаңтөс, Жарылғап, Ораз, Елшібек, Томаш, Айтбай, Әлдебек, Бөдене, Жарылғап, Баян, Сеңкібай, Боранбай, Сатай, Бердіқожа, Жоламан, Байсерке, Бөдес, Шегір, Аралбай, Құттығай, Қаракұл, Өйтей, Тауасар, Алдияр, Қараш, Шоңай, Еспембет, Көтентай, Жауғаш, Қуатбек, Медетбек, Серғазы, Сәмен, Қорлыбай, Бөлек, Сары, Сүгір, Жантайлақ, Жұрын, Қозүй, Қойгелді, Мамай, Мыңбай, Шотан, Сырым, Жанқожа, Ағыбай, Бұғыбай, Бұқарбай, Науша, Қойсары, Қонақбай, Байсейіт, Саурық, Иман т.б. батыр-қолбасшылардың ерліктерін бейнелейтін, XIX ғасырда тарих сахнасына шыққан Кенесары мен Наурызбай, Нұралы, Бөкей хандардың, Есім, Баймағамбет, Саржан, Есенкелді, Ахмет, Сыздық секілді ондаған сұлтандардың жорық жолдарын баяндайтын аңыздар, тарихи жырлар мақсатты түрде түбегелі жиналмады, қолға түскендерінің өзі қолжазба қорларының сөрелерінде жатып қалды.

Бүгінгі күнге жеткен ауызекі әңгімелерде белгілі бір тарихи оқиғалар сенімді, әрі көркем тілмен баяндалатыны аңғарылады. Көбінесе, айтушы өзінің басынан кешірген жайттарды, тарихи оқиғаларды, болмаса жеке басы қарым-қатынаста болған адамның көрген, білген, тіпті, оқиға кейіпкерінің аузынан естіген әңгімелерді сөз етеді. Әсіресе, халықтың басынан өткен ауыртпалықты сәттерді, қанды оқиғаларды, отаршылдарға қарсы күрестерді, ел басшыларының, батырлардың, тарихи тұлғалардың ерлік, азаматтық істерін бейнелетін деректік мазмұны басым әңгімелер көптеп кездеседі. Мысалы, Орталық ғылыми кітапханадағы есімі белгісіз сарбаз жеткізген «1916 жылғы Ақмола уезі, Сарыарқа болысындағы көтеріліс» атты ауызекі әңгімеде қарусыз ел адамдарының мұздай қаруланған патша әскерлеріне қарсы көтеріліс шынайы баяндалады. Дәлел үшін әңгімеден қысқаша үзінділер келтіруге болады.

«...Ізін суытпай 1916 жылғы 25 июльде «Қазақтан қара жұмысқа кісі берсін!» деген бұйрық жетіп келді.

...елдің жүрегі, енді аузынан шықты, «салдат сұраған екен» деп шошыды. Болыстар бұйрықты орындағанын тәуір көрді. Ел бермегенін көздеді. Көзқарасы бұзылды, болыстар ұлықтығын істей бастады, оған ел көпшілігі көнбеді. Жанжал болды, болыс, тілмаш, ауылы найлардың қағазын, мөрін тартып алды, кісі, тізім бермейтіндікке бекіді, «Қарсы тұрамыз, қасықтай қанымыз қалғанша патшаның, төрелердің

әділсіздігіне көнбейміз!» деген бірлікті күшейтті. Бұрынғы ру араздық қалып, мейлінше бауырмал болды. ...Қысқасы, соғысуға бетті түзеді, арабастық сайлап, ретпен соған бағынды. Осы күнгі Сарыарқа болысы (ескіше Көнек, Қарағаш) деген елден екі мыңдай кісі әскерлік сабына тізілді. Басқа жақтан өзі тіленіп келген де бар. Бәрі үш мыңнан артық кісі болды. Сентәбр айының іші, Аймысық деген таудың бауырында көп қосын шеру тартып жатты.

Қолдарындағы қаруы, машина темірінен ұсталарға соққызған айбалта, найза, кейбіреулерінде бытыралы мылтық, қынапсыз ескі қылыш, киімдері: кигізден істелген көнек (ескі батырлардың сауытындай); бастарында: төбесі жіңішке, ұзындығы екі қарыс, сайларын қызылмен жүргізген құлақшын тәрізді қоқима бөрік, іштерінен шандыған арқан, кейбіреулері жіңішке шыбықтан шарбақ тоқып киген (бұлардың бәрі оқ өтпестің амалы). Бұл уақытта осы күнгі Қорғалжың болысы (Тінәлі деген ел) бір пристопты Рақымжан деген азаматтың басшылығымен өлтірген. Содан 300 салдат шыққан хабар келген.

...Бірталай қазақтан ұстаған тұтқындары бар 200 салдаттың келіп қалғанын білді, алдынан қазақ әскері қарсы шығып, енді соғыс болды. Орыста мылтық бар деген қазақтың есінде жоқ, өшігіп отырған көңілмен көкбар тартқан адамдай қаптап атты қойды. Тоғыз атты салдаты бар, өңгесі арбада, аттылар арбаның екі жағына кезек шыға састы. Қазақтар таяна бергенде арбаның қазақ жағына шығып алып, аттан түсе қалып мылтықты қардай жаудырды. Жаяулары да атып жатыр, мылтықтың оғы бұршақтай түсіп, түтіні тұмандай болды. Әлі қазақ қайтқан жоқ, алдымен Әбділда Бекұлы деген бір азамат жетіп барып, найзаны сала бергенде, өкпеден тиген көп оқтың күшімен қалпақтай ұшып түсті. Онымен қоса апыр-топыр қазақтар құлап-құлап қалды, кісі қалып, ат ойнақтап шығып жатыр, ат жығылып, кісі мінгесіп жүр, салдаттар маңына жолатпады. Қазақ әскері кейін серпілді.

Санап келгенде өлген атта есеп жоқ, жиырмаға жуық кісі өліпті. Бұрынғы ойдай болмады, әскердің көбі жасырынып қашып жатыр, бастықтары айқайлап тоқтатып жүр. Енді қолтықтаспады, алыстан қоршап жүріп алды, әйтеуір, орысты жүргізбеді. Орыс та сасайын деді. Қысқасы, осымен шөлге екі күн қамады. Үшінші күні артынан 500 салдат ел шетіне келіп қалды деген хабар келді. Енді әлінің келмейтінін білді ел, мұнымен өз бетімен қоя беріп, әскер тарап, елді көшіріп Шуға қарай қашуға бет түзеді. Бір күн, бір түн тоқтамай көшіп «Ескене» деген жерге барғанда, кейінгі 500 салдаттың алды қуып жетті. Соғысарлық шама жоқ, әскер тараған, ел қашып құтыла алмады. Сол жерге қонды. Атқамінер ел адамдары қашып, қатын-бала, шалдар қалды. Орыс түгел жетіп, қалған елді түгел тұтқын қылды.

...Кез-келген қазақ баласының қоянша секіріп өліп жатқанынын саны жоқ. Ел малдан, жаннан безді, әке баладан айырылды, қашқаны аң болды, қашпағаны мылтық пен қылыштың жүзінде қор болды. Ел адамдары «Қиямет осы!» десті. Қалған ел қарады, жүзін берді. Хан болдың деп елдің бас көтерерін (Алсын, Оспан тағы бірнешелерін) тұтқын қылып, Ақмоланың қаласына алып кетті» (ОҒК. 1022-бума)...

Бұл – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің бір ғана көрінісі. Ал шаң басып, сарғайған қолжазбалар қаншама тарихи оқиғаларды, деректерді жасырып жатыр. Ол жағы көптеген зерттеушілерге беймәлім.

Тағы бір аса көңіл бөлетін жайт, халқымызға қатысты араб, парсы, көне түркі тілдеріндегі деректік, тарихи әдебиеттердің қазақша аударылып, зерттеушілерге қолжетімді болмауы. Бұл ретте де бір мысал келтіре кеткен жөн сияқты. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бір топ қызметкерлері 2012 жылы Тәжікстан Республикасына ғылыми іс-сапарға барып, елдің Ұлттық кітапханасы мен Ғылым академиясының Әдебиет, шығыстану және қолжазбалар институтының сирек қорынан Қазақстанның, жалпы халқымыздың тарихына байланысты парсы, тәжік тілдеріндегі жазба әдебиеттерді кездестірді. Әсіресе, Қыпшақ ханның, яғни Ходжамкули-бек Балхидың «Тарих-и Кыпчак» атты қолжазба кітабы (хатқа түсіруші – Шейх-Ашұйық Шах Носеин Занжани) ғалымдарды қатты қызықтырып, оның парсы тіліндегі 1122 беттен тұратын көшірмесін елге әкелуге мүмкіндік алды. Отандық ғалымдарға бұл еңбектің түрлі тілдердегі нұсқалары бар екендігі, онда қандай тарихи тақырыптар қамтылғаны жалпылама белгілі болғанмен, әлі күнге дейін оның қазақ тіліне аударылып, барлық зерттеушілерге қолжетімді болмауы өкінішті. Осы ретте Институт ғалымдары алдағы күндері кеш те болса осы еңбекті төл тілімізге тікелей тәржімалап, жас ұрпақтың игілігіне жаратуды жоспарлап отырғанын атап өткім келеді.

XIII-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясының орны бір төбе. Жыраулар – дәстүрлі қазақ қоғамындағы халықтың рухани көсемі, қоғамдық пікір қалыптастыратын қайраткер рөлін атқарды. Олар қай кезеңдерде де мемлекеттілікті, ел тәуелсіздігін, тұтастығын сақтауға қызмет етті, сол жолда жандарын пида қылуға даяр болды. Жыраулар жаугершілік заманда жорықтарға қатысып, ел қорғады, жалынды жырларымен халықты жорықтарға аттандырды, жекпе-жектерде баатырларға жігер берді. Туындылары қарапайым халықтың көңілін дәл басар әсерлілігімен, мірдің оғындай өткірлігімен, аз сөзге көп мағына сыйғызған нақтылығымен, қиыннан қиыстырған кестелігімен және қуатты серпінділігімен ерекшеленеді. Сондықтан бүгінгі жас ұрпақты

отансүйгіштікке, ынтымақ-бірлікке үндеуде жыраулар поэзиясының орны ерекше.

Қай кезеңдерде де қазақ қоғамын би-шешендер биледі. Олар сонау ілкі замандардан бері ел басқарудың біртұтас демократиялық жүйесін қалыптастырып, ол дәстүрді жалғап отырды. Дешті Қыпшақ дәуірінде, Жошы Ұлысы, Қазақ Ордасы, одан кейінгі Ресей империясының боданындағы кезеңдерде қазақтан талай-талай азулы да ақылман билер шыққан. Олар халық пен ханның арасында дәнекер, үйлестіруші, тіпті, мемлекеттің рухани-идеологиялық саясатын жүзеге асырушылар болды. Олар әр кезеңдерде мемлекет басқару жүйесінде өздеріне бағынышты ру-тайпа шегінде сот және әкімшілік билік (ханмен қатар) жүргізді, қауымының тұрмыс-тіршілігін қадағалап, тәртіп-талабына жауапты болды. Ел тағдыры сынға түскен жаугершілік замандарда билер батыр-баһадүрлермен қатар атқа қонып, басқаруындағы тайпаластарынан жасақ құрып, мемлекет тұтастығын, ел азаттығын қорғауға ұйытқы болған, қолбасшылық қызмет атқарды. Сондықтан ел жадында сақталған би-шешендер туралы, болмаса олардың мемлекеттік, рулық-тайпалық құрылтайларда, жиындарда, кездесулерде, дау мәселелерінде сөйлеген сөздері – қазақ халқының ауызша тарихының негізі болып табылады. Халық әдебиетінің құндылығы да осыдан туындайды.

Еліміздің қолжазба қорларында әр кезеңдердегі би-шешендердің ділмар сөздері, мемлекеттік істері туралы жыр, аңыз әңгімелер аса мол сақталған. Олардың дені «Бабалар сөзі» жүзтомдығына енгізілді. Мәгіндердің арасында сонау Бәйдібек, Байжігіт билерден Абайға дейінгі аралықта өмір сүрген ондаған би-шешендердің сөздері, іс-әрекеттері қамтылады.

Қазақ халқының ауызша тарихын көрсетуде халық ақындары шығармашылығының маңызы ерекше. Тәуелсіздік нәтижесінде ондаған халық ақындарының есімдері жаладан аршылып, мұралары бүкіл халық игілігіне айналды, олардың шығармаларын зерттеу барысында қыруар ғылыми еңбектер жазылды. Алайда, халық әдебиетін, оларды жеткізуші ақындардың, сал-серілердің, әнші-жыршылардың өмірі мен шығармашылығын түбегейлі зерттеудің кезегі кешеуілдеп келеді. Әсіресе, XVIII ғасыр мен XX ғасырдың алғашқы бөлігі арасында өмір сүрген халық ақындарының шығармашылы толық жиналып, жүйеленіп, текстологиялық тұрғыда зерттеулер жүргізіліп, ғылыми айналымға толық енбей келе жатқаны да баршаға мәлім. Бүгінгі таңда М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының, Ұлттық және Орталық ғылыми кітапханалардың сирек қорларында 500-ге

жуық осындай халық ақындары жеке шығармаларының қолжазбалары жинақталған. Ол ақындардың әрқайсысы өз заманының жаршысы, әр кезеңдегі тарихи оқиғалардың белортасында жүрген жеке-жеке тұлға. Сондықтан олардың шығармаларын жарыққа шығарып, жаңа тарих жазуда дереккөзі ретінде кәдеге асыру да – кезек күттірмейтін мәселелердің бірі.

Ақындар шығармаларына тән бір ғана «хат өлеңдерге» мән беріп көрелік. Хат өлеңдер XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бірінші жартысы аралығында жиі көрініс береді. Себебі бұл жанрдағы шығармалар жазба әдебиетпен тығыз байланысты. Оның бастапқы үлгілері қыз бен жігіт арасындағы махаббаты, ғашықтық сезімді сипаттайтын болса, кейінгі түрлері қоғамдық, тарихи оқиғалар кезінде шығарылды. Мысалы, кейбір хат өлеңдер патшалы Ресейдің, болмаса Кеңес өкіметінің қысымымен түрмеге түскен азаматтар тарапынан, немесе 1916 жылы қара жұмысқа алынған жастардың, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысушы майдангерлердің қаламынан туындады. Әсіресе, майдан хатарында жауынгердің туған елге, туған-туыстар мен сүйген жарға деген сағыныштарымен бірге соғыс оқиғалары, жауға деген ашу-кектері суреттелсе, елден, тылдан келген жауап хаттарда ауылдағы хал-ахуал, тұрмыс-тіршілік, аштық, әміршіл билік туралы ата-ананың, жанашыр жандардың көңіл-күйініштері көрініс береді.

Жалпы қазақ шежіресі ру-тайпа, ұлыс, ұлт шежіресі, төрелер мен қожалар, төлеңгіттер шежіресі болып жіктелетіні белгілі. Олар ішкі жанрлық белгілері бойынша: жыр-шежіре, қарасөз және кесте шежіре болып бөлінеді. Шежіре Қазақ Ордасының әкімшілік басқару жүйесіне аса қажет болғандықтан, хандар оның жүйелі түрде жиналып, хатқа түсуіне мүдделі болған. Себебі батырлар арқылы әскер жасақтауда, ру-тайпа басшылары мен билер институтының негізінде мемлекеттік билікті жүргізуге, салық жинау, жер дауы, жесір дауы, құн дауы мәселелерін шешуде шежіре білудің маңызы зор еді.

Ұрпақтан-ұрпаққа ауызша таралып келген шежіре аңыздар – қазақ халқының сан ғасырлық тарихнамасы, тұтас бір ұлттың өсу-өрбу жолдары. Алдымен, әр тайпаның, рудың, аталықтың кесте шежіресі, соған байланысты аңыздар қарасөз күйінде атадан балаға жетіп, өзге нұсқалары арқылы толығып отырды. Кейін ру ақсақалдарынан естіген шежірелік жүйе мен аңыздарды ақын-жыраулар, жыршылар өлең, жырға айналдырып, ел ішіне таратып келген. Олардың көпшілігі арнайы бір сюжеттік желіге құрылмай, қазақтың түп-тегінен жырлаушының өзіне дейінгі шежіре тізбектеліп, жыр үлгісіне түсірілген. Бүгінгі таңда Қазақстанның барлық қорларында XIX-XX ғасырларда хатқа түскен 70 томнан астам шежірелердің түрлі үлгілері сақталған, бірақ

олар жүйеге келтіріліп, ғылыми айналымға енбеді. Әр ауылдан, ауданнан, аймақтан шығып жатқан шежірелер көңіл қуантады, бірақ ғылыми-жүйелену жағы ақсап жатады. Сондықтан бұл мұраларды ғалым-зерттеушілермен бірлесе отырып, көне жәдігерлерді бүгінгі жазуға көшіріп, факсмелесімен қоса жарыққа шығарудың кезегі әлде қашан туындады. Көне араб, түрік, парсы әліпбиінде жазылған бұл қазыналар – жаңа тарих жазуда негізгі тарихи деректер болары кім-кімге де түсінікті екендігі анық.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары 2004-2013 жылдар аралығында «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша сирек қорларда сақталып келген фольклорлық мұралардың негізінде әлемде теңдесі жоқ «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясын жарыққа шығарғаны белгілі. Зерттеушілер мұнымен де тоқталмай, әлі де болса зерттеушілердің назарына ілікпей жүзтомдық серияның қалпына сыймаған фольклорлық шығармалардан және соның жалғасы ретінде «Қазақ эпостары» атты 50 томдық, ал жоғарыда айтылған би-шешендердің, ақын-жыраулардың, сал-серілердің шаң басып жатқан шығармаларынан «Ғасырлар үні» деген атаумен тағы да 100 том сериялы ғылыми жинақтарды жариялауды мақсат етеді. Бұған институт директоры, ҰҒА корр.-мүшесі, филология ғылымдарының докторы У.Қалижанов ұсынып, Елбасы қолдау жасаған «Мәңгілік ел өркениеті» аталған қоғамдық институттарға арналған арнайы бағдарламаны қоссақ, көкжиектегі алар асуларымыз аз емес сияқты. Біздіңше, бұл Қазақстан тарихының 10 томдығын жазуда аса зор зерттеу нысанасы, қажетті материалдар болып саналатыны анық. Шындығында солай ма?

Біріншіден, қазақ халқының мәдениеті мен тарихын жеткізуші ауызша шежіреміз ешкімге де қажет болмай қалды. Институт ұсынған «Қазақ эпосы» да, «Ғасырлар үні» де бір жылдың көлемінде самаладай шенеуніктердің кабинеттеріне қамалып қалды. Екіншіден, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында Қазақстанға қатысты дүниежүзі деңгейінде жинаған деректік материалдардың көпшілігі де аударылмағандықтан, өлі материалдар ретінде жатыр. Сондықтан бұл рухани мұралар аударылып, басылым көріп, әлі күнге дейін іргелі зерттеу нысанасына айналмай келе жатқаны да шындық. Үшіншіден, қазіргі күні Қоғамдық саладағы ғылымдардың арасында шығармашылық байланыстар жоқтың қасы. Осы ретте де бір мысал қыстыра кетерер болсақ, әр жылдары фольклортану мен авторлық ауыз әдебиетінің тарихын байланыстыра зерттеген Ш.Уәлихановтан бастап М.Әуезов, Қ.Сатпаев, С.Мұқанов, Е.Ысмайылов, Р.Бердібай, С.Қасқабасов, Ш.Ыбыраев, А.Сейдімбек, С.Сәкенов, Е.Мағауин, Ж.Асанов, Қ.Алпысбаева т.б. ондаған ғалымдар қалам тартты, әлі де сол са-

лада тер төгіп жүр. Әсіресе, профессор Ж.Тілепов әдебиеттің тарихылығымен өмір бойы айналысып, келелі-келелі монографиялар жазды. Біздіңше, көптеген ғалымдар өзіне тән тар соқпаққа түсіп алып, жан-жаққа бұрылуға мұршалары жоқ.

Егер БҒМ аясында «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша қол жеткізілген рухани жәдігерлерді ғылыми тұрғыда зерттеу мақсатында арнайы ұзақ мерзімді стратегиялық бағдарлама жасалып, оны игерудің жоба-жоспары алдын-ала айқындалған жағдайда, біршама мәселелер шешілген болар еді. Сол кешенді бағдарламаның негізінде іргелі зерттеулер жүргізіліп, ғылыми-зерттеу институттарының ғалымдары ең алдымен, біріккен жобалар жасау арқылы елімізде қордаланған мол мұраны бірлесе игеріп, әсіресе тарих ғылымының нақты, шынайы жазылуына атсалысары анық. Одан кейін жоғары оқу орындары оқытушы-профессорларымен бірлесе отырып балабақшадан бастап мектептерге, арнаулы орта, жоғары оқу орындарына оқулықтар, хрестоматиялық жинақтар дайындаудың мүмкіндіктері туындар еді. Олардың бейне және дыбыстық, электронды нұсқалары да қатар дайындалып, заманға лайық ғаламтор жүйесіне енгізілсе, бұл қазақстандықтардың бүгінгі ұрпақтары қазақ халқының өткен тарихы мен мәдениетін, тілін, дінін, салт-дәстүрін, фольклорын кең ауқымда оқып-тануына, құрмет көрсетуіне, отансүйгіштік рухта тәрбиеленуіне мол мүмкіндіктер беріп, мемлекетімізде «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының толық қалыптасуына зор ықпалын тигізери сөзсіз.

Қазақ халқының ұлан-қайыр, ұлы жолдарды басып өтіп жад арқылы жеткен ұшан-теңіз фольклоры мен авторлық ауыз әдебиеті – еліміз тарихының ажырамайтын бір бөлшегі ретінде ұлтымызды әлемге танытатын біртұтас жаңа тарихының құрамдас бөлігі. Оны біртұтас зерттесек қана қазақстандықтардың бүгінгі ұрпағының рухани сұранысын қанағаттандырады, сөйтіп, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ұзақ мерзімге арналған «Қазақстан – 2030», «Қазақстан – 2050» стратегиялық бағдарламаларының шарттарына, 1999 жылғы «Тарих толқынында» тарихшылар алдына: «...Бүгінгі тұнығы мен тұманы қабаттасқан тарихтың тұңғығы мен тамырластығын ашу қажет» деп қадап-қадап қойған міндеттеріне, елдің экономикалық, әлеуметтік-мәдени және саяси жедел жаңару жолының бағыттарына сәйкестенер еді. Сөйтіп, қазіргі буын мен кейінгі «Мәңгілік ел» азаматтарының қазақ халқының өткен тарихы мен мәдениетін, салт-дәстүрін, фольклоры мен авторлық ауыз әдебиетін кең ауқымда оқып-тануына, құрмет көрсетуіне, отансүйгіштік рухта тәрбиеленуіне мол мүмкіндіктер беріп, мемлекетімізде ұлттық идеяның толық қалыптасуына зор ықпалын тигізери еді.

ДІНИ ДАСТАНДАРДАҒЫ ҒАЗІРЕТ ӘЛИ БЕЙНЕСІ

Қазақ дастандары – батырлық жырлардың дәстүрімен тікелей үндесіп, солардың негізінде қалыптасып, қатар дамып отыратын жанр. Осы тектес шығармалар Таяу және Орта Шығыс, Оңтүстік-Шығыс Азия халықтары арасында кеңінен таралған. Әсіресе, романтикалық сарындағы дастандар Х-ХV ғасырларда араб, парсы, тәжік, өзбек, түркімен, эзирбайжан т.б. елдердің әдебиеттерінің биікке көтерілуіне зор ықпалын тигізді. Бұл пікірге иісі түркі жұртына танымал «Ләйлі-Мәжнүн», «Хұсырау-Шырын», «Ескендір-наме», «Шыңғыс-наме», «Мұхаббат-наме», «Қорқыт ата», «Оғызнаме», «Жүсіп-Зылиха», «Көрұғлы» секілді жыр жауһарлары мен Фирдоусидің «Шахнама» дастанын атап өтсек те айғақты дәлел болады. Олардың қатарына башқұртта, татарда, ноғайда, алтайлықтарда ғана кейбір ұлттық версиялары сақталғанмен, ХІІІ-ХІV ғасырлардан бері жырланып, халқымыздың ұлттық мұрасына (30-дан астам нұсқалары – Т.Ә.) айналған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», ХVІІ ғасырдан бастап ұрпақтан ұрпаққа ауызша тараған «Қыз Жібек», «Айман–Шолпан» (ХІХ ғ.І-жартысы) туындыларын қосқанда, қазақ дастандарының да шығу тегінің бағзы замандарға барып тірелетінін аңғарылады.

Бүгінгі күнге жетіп, еліміздің сирек қорларында сақталып қалған қолжазбалар мен көне кітаптар – халықтың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа ауызша тарап келген бүкіл рухани жәдігерлерінің бірі ғана парасы. Ал халық әдебиетінің негізгі бөлігі дер кезінде хатқа түсіп, жүйелі түрде жиналмай қалды. Оның басты себептерін қазақ халқының соңғы үш ғасыр аясында бастан кешірген тарихи, саяси-әлеуметтік ахуалдарымен біртұтас қарастырған жөн. Бұған, ең алдымен Қазақ хандығының құрылуынан бергі кезеңдерде оның Орта Азия, Ресей мемлекеттерімен, әсіресе жоңғарлармен болған үзіліссіз соғыстары, көшпенді өмір салты айырықша әсер етті.

Орта ғасырлардың өзінде Шығыс елдері әдебиеттерінің кейбір классикалық сюжеттері назиралық үлгіде жырлану үрдісі көптеген халықтарда кеңінен белең алған болса, осы бағыттың қазақ әдебиетіндегі көріністері тек ХІХ ғасырдың бас кезінде ғана байқалады. Бұл пікірді Қазан университеті баспаханасынан 1807 жылы қазақ тілінде тұңғыш рет басылым көрген «Сейфул-Мәлік» атты дастан айғақтайды. Алайда, Ұлы Жібек жолы бойындағы қазақ даласының, оны ең жайлаған халқымыздың ғасырлар бойы Шығыс елдерімен қоян-қолтық араласып, әдеби-мәдени салалар бойынша сан-салалы байланыстарын ескергенде, түрлі себептермен бүгінгі күнге жетпеген назиралық сипаттағы мұралардың аз болмағандығы да анық. Тек бізге белгілі

болғандай, казак акын-жыраулары, жыршылары осы бағытқа ХІХ ғасырдың ІІ-жартысынан кейін ғана айырықша ден қойып, халыққа бейтаныс көптеген шығармаларды дүниеге келтірді. Соның негізінде Қазан төңкерісіне дейінгі аралықта мазмұны шығыс оқиғаларының желісіне құрылған «Атымтай Жомарт» (1848), «Қисса-и Тәммимдар» (1866), «Қисса-и Қожа Ғафған» (1875), «Қисса-и Тахир илән Зухра» (1876), «Қисса-и Зарқұм» (1877), «Қисса-и Сейд-Баттал» (1878), «Қисса - и Салсал» (1879), «Қисса-и Шәкір Шәкірат падишаһ һашим балалары» (1980), «Қисса-и Жұм-жұма» (1881), «Қисса-и Мухаммед-Ханафия» (1882), «Қалила уә Димна кітабы» (1888), «Қисса-и Анхәзрәт-и Рәсулнің миғражға қонақ болғаны», «Қисса-и Хәзрәт-и Ғали» (1896), «Қисса-и уәқиға Кербала» (1897) т.б. ондаған назиралық шығармалар жарыққа шығып, алғаш казак оқырмандарының назарына ілікті және рухани мұраларды толықтырды.

Бұл жәдігерлер тарих соқағының әр кезеңдерінде туындап, атадан балаға ауызша тарап, халық жадында мәңгілік сақталып қалды. Осы ұзақ жолда акын-жыраулардың, жыршылардың реперуарында толықты, жетілдірілді, тіпті үзіліп, бүгінгі күнге кей шығармалардың жұрнағы ғана іліккен болса, кейде бір туындының ондаған нұсқалары мен версиялары жетті. Олар казак қоғамының әр кезеңінде өскелең ұрпақтардың санасына сіңіп, отансүйгіштікке, әділдікке, имандылыққа, ынтымақ-бірлікке, адал махаббатқа үндеп отырды.

ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың тоқсаныншы жылдарына дейін халық мұрасын жинау, жүйелеу, зерттеу, жариялау шаралары біршама дұрыс жолға қойылғанмен, оларды толық хатқа түсіруге отаршыл Ресей империясы мен Кеңес өкіметінің құйтырқы саясаттары, цензураның қатал күзіреті мүмкіндік бермеді. Назиралық шығармалар, әсіресе, діни сипаттағы поэзиялық туындылар, дастандар мен хикаят-әпсаналар саяси идеологияның, таптық көзқарастың шылауында қалып, алаланып жиналды. Жинала қалғанның өзінде ұзақ жылдар шаң қауып, еліміздің сирек қорларында жатып қалды.

Шығыс сюжеттері негіз болған туындылардың ауқымды бір бөлігін діни дастандар құрайды. Жалпы діни сарындағы шығармалар құрылымының түпкі өзегі, негізгі қозғаушы тетігі – барша мұсылмандарының асыл діні Исламды дәріптеу, оның әлем халықтары арасындағы беделін көтеру және мойындату мәселелері. Халық шығармаларында осы күрделі де аса жауапты миссияны орындау жолындағы Мұхаммед (а.с.а.) пайғамбар мен ұрпақтарының, оның Әбу Бәкір, Омар, Оспан, Әзірет Әли сынды серіктерінің, сенімді сахабаларының жорықтары, Пайғамбардың жеке басынан өткен оқиғалар, қарапайым халыққа қатысты атқарған өнегелі іс-әрекеттері, тағылым-ғибраттары, өсиет-на-

сихаттары т.б. баяндалады. Сондай-ақ ынтымақ-бірлік, адамгершілік, адал еңбекпен мал табу, тұрмысы нашарларға көмек қолын созу, әділдік, әдептілік, аяушылық, қайырымдылық, мейірім таныту сияқты имандылық қағидалары – діни дастандардың басты идеясы болып табылады. Дін жолындағы күрестерде көзсіз ерлік көрсету, бас тігу, мақсатқа жету, намысты аяққа таптатпау секілді қаһармандық сипаттар кейіпкерлердің негізгі қасиеттері ретінде бейнеленеді. Сондықтан бұл санаттағы туындыларда басты кейіпкерлер тарихи тұлғалар тұрғысында ғана емес, негізі эпикалық қаһарман бейнесінде дараланады. Тарихи деректер, оқиғалар көмескіленіп, қайраткерлер бірде діни, болмаса мифтік, ертегілік, хикаялық кейіпке, бір сөзбен айтқанда, фольклорлық бейнеге айналып кетеді. Қызықты оқиғаларға толы, тілі шұрайлы және таза қазақ тілінде жарияланған бұл шығармалар сол тұста өте жоғары сұранысқа ие болды.

Діни дастандардың бір парасы Имам Әлидің Мұхаммед (а.с.а.) пайғамбармен достығын, оның Исламды орнықтыру мақсатындағы қилы-қилы күрестерін, ұлдары Хасен, Мұхаммед-Ханафия, Хүсейін мен өзге де ұрпақтарының ата дәстүрін жалғаушы, дін жолында бастарын өлімге тігуші қаһарман ретіндегі бейнесін сомдайды. Мысалы, «Әзірет Әлидің соғысы» дастанының негізгі идеясына адамға қайырымдылық көрсету, сый-сияпат жасау сияқты ізгі ниет түрткі болғанмен, шығарманың басты оқиғалары Әлидің дінсіздермен өткен бірнеше соғыстарын баяндайды. Мұхаммед (а.с.а.) пайғамбардың Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли сынды серіктеріне деген ілтипаты, ал олардың бір-біріне болған ықылас-ниеттері шығарманың кіріспесінен бастау алады. Жаны жомарт Сәдуақас есімді бір сахаба балаларын сүндетке отырғызып, Расул Алланы тойға шақырып келеді. Ол ризашылығын білдіріп, «Әбубәкір Сыдыққа айттың ба бұны!» – деген сауал қойып, сенімді серігіне жібереді. Өз кезегінде Әбубәкір де, Омар да, Оспан да осы сұрақты қойып бір-біріне сілтейді. Сәдуақас ең соңында Әлидің үйіне келіп, әңгіме арасында бұйымтайы есінен шығып кетеді. Кештеу естіген және тойға не сыйларын білмей қысылған Арысланды әйелі Пәтима құтқарып, сандықта сақтап келген «Ұжмақтан осы жерге келген» деген жазуы бар жауһарды береді. Бірақ оны алмаған Әли жорыққа аттанып, Әбулмұхсин, Қаққа патшалардың елін шабады. Көптеген қиыншылықтарды басынан өткеріп, жеңілген жауды Ислам дініне кіргізеді. Қолға түскен олжаны Сәдуақастың тойына сыйлайды. Бұл Әлидің досқа адалдық, қолы ашық – жомарттық, дінге беріктік, жауға ымырасыздық, жауапкершілік қағидаларын бұлжытпай орындайтын қасиеттерін айғақтайды. «Қисса хазірет Әли разы Алла анһудың шаһ Барбарға құл болып сатылғаны туралы» дастанның оқиғалар желісін-

де бүкіл мұсылман елдеріне аңыз болып тараған Әлидің мейірімділік жолында құл болып сатылуға да, «Бозторғай» киссасында мүсәпір адамды құлдықтан арашалап алу үшін балалары Хасен мен Хүсейінді кепілдікке беруге де арланбайтын даралық мінезі сөз болады.

Ал «Қисса хазірет Әлидің Сараңбайды жолға салғаны» атты туындыда Әлидің тыраштанып жинаған мал-мүлікінен зекет, қайыр-садақа бөліп таратуға сарандық танытқан бір ашкөз байды шариғат шарттары арқылы имандылық жолға түсіріп, Ислам дініне тартудағы терең білім-парасаты, жігер-қайраты, тапқырлығы, сөзшең-шешендігі көркем суреттеледі. Бұл да – Әлидің бейберекет қолына қару алып, жазықсыз қан төкпейтіндігіне, мүмкіндігінше көпқұдайшыларды жан-жақты үгіт-насихаттың, уағыздың негізінде Исламға енгізудегі елшілік қырының айқын дәлелі. «Дариға қыз», «Қисса Шаһизинда» секілді шығармаларда Әли қызды күресте жеңу арқылы некелеседі. Жырлардың мазмұнын құрайтын оқиғалар желісі әлемнің көптеген халықтарына тән белгілі мотивтің маңында өрбігенмен, шығармалардың негізгі идеясы – әдептілік мәселесі. Жырда әкесі Әлиге қол тигізген ұл өзін кінәлі, жер басып жүруге құқылы емес жан ретінде санап, Алланың пәрменімен дәу тасты көтеріп, астына түсіп кетеді. Бұл ретте жыршылар анахронизмге бой алдырып, тарихи шындықтан тым алшақтап кетіндері байқалады. Мәселен, Әли ұрпақтарынан тараған он екінші Жасырын имам Әбіл-Қасым Мұхәммед ибн әл-Хасән әл-Мағди Арысланның Дариғадан туған ұлы ретінде жырланады.

Имам Әлиге қатысты дастандардың бір бөлігі – ерлікке толы жорық жолдарын бейнелейді. Атап айтқанда, «Хазірет Әлидің Жанәділ шаһарында төбелескені», «Салсал» дастандарында Әлидің ерліктері мифтік, ертегілік сипатта бейнеленеді. Алдыңғы туындыда Ахтам есімді сахаба өз жанынан достық пейілді жоғары қойып, Әлидің орнына құрбан болады. Жаудың Қабыл палуаны оның басын кесіп, патшасына сыйға тартады. Ал «Салсал» дастанында Әлидің Ислам жолына бас тіккен бүкіл қаһармандық болмысы, досқа деген адалдығы, жауға ымырасыздығы, әскери істегі шеберлігі жан-жақты суреттеледі.

Әли бас кейіпкер болып табылатын діни дастандардың сюжеттік желісіне көбіне VII-VIII ғасырлар шамасындағы мұсылмандардың Исламды тарату мақсатымен көпінді ру-тайпалармен, елдермен жүргізген үлкенді-кішілі соғыстар, жорықтар, бейбіт келісімдер арқау болған. Алайда, жыршылар тарихи нақтылықтан гөрі тақырыбына орай жүйелі түрде көне мифтік, қиял-ғажайып ертегілік, эпикалық сюжеттерді кіріктіріп, сол кезеңнің оқырмандарын, тыңдармандарын қызықтыруды мақсат тұтқан. Сол себептен де кейіпкерлер арасында Жәмшид, Рүстем, Асфандияр, Баһрам, Феридун т.б. біздің заманы-

мызға дейінгі дәуірдің танымал тұлғаларды жиі ұшырастыруға болады. Сондай-ақ Әлидің небір алып, құбыжық мақұлықтармен күресуі, Алланың пәрменімен көктен түскен самсам, қамқам, зұлпықар атты үш қылышының қасиеттері, қарсылас жауының жүрегін жаратын зор дауысы, тұлпары Дүлдiлмен сөйлесуі, болмаса кейіпкерлердің сиқыршылығы, табиғаттың тылымсыз күшін пайдалануы, жұмбақ іс-әрекеттері т.б. шығармалардағы тарихи шындықты алшақтата түседі. Сондықтан дастандарда сөз болатын әскери жорықтар, оқиғалар Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбар өмірден өткеннен көп кейін өткендігін, немесе қиялдан туындағанын аңғару қиын емес.

Жоғарыда айтылғандай, Қазан төңкерісіне дейін басылым көрген, болмаса халық арасында ауызша тараған діни дастандардың негізгі идеясы Ресей империясының бодандығындағы көшпелі қазақ мұсылмандарына ислам дінін насихаттау, рухани деңгейін көтеру мәселелері болғандықтан, олар мектептер мен медреселерде, жалпы жамағаттар жиі бас қосатын жиын-топтарда оқу құралдарының рөлін атқарды. Себебі XIX ғасырдың соңғы ширегінде Қазақстанда Ислам насихаты кең өрістеді. Оған, біріншіден, христиан миссионерлерінің қазақтарды шоқындыруға бағытталған әрекеттері себеп болды. Қазақстанға ислам әдебиеті үсті-үстіне жеткізілді, татар һәм ортаазиялық молдалар да өз ықпалын күшейтпекке барын салды. Әсіресе қисса, дастандарды мұсылман тақырыбына ойыстыруға көп күш жұмсады. Шын мәнінде Ресейдің қазақтар арасында Ислам дінін терең насихаттау арқылы отаршылдықты бекемдеуге тырысқан амал-әдістері толық іске аспай қалды. Енді олар миссионерлік жолмен бұратана халықты шоқындырып, христиан дініне бойұсындыру арқылы ділінен, тілінен, салт-дәстүрінен ажыратып, тұтас мұсылман дінді ұлт ретінде тарих сахнасынан ығыстыру мақсатында жоспарлы жұмыстар жүргізе бастады. Бұл ретте, ең алдымен, мемлекет тарапынан мол қаржы бөлініп, христиан дінін дәріптейтін әдебиеттер қазақ тіліне аударылды және олар араб әрпінде, көбіне кирилл әліпбиінде басылым көріп отырды. Қазақ даласында миссионерлік саясаты іске асырушы мамандар дайындау үшін таңдаулы шығыстанушылар, шоқынды түрік халықтарының өкілдері жұмылдырылды. Осы бағытта орыс-түзем мектептері, мұғалімдер семинариясы көптеп ашылып, жергілікті халық ғасырлар бойы пайдаланып келген араб жазуы кирилл әліпбиіне ауыстырыла бастады. Аралас мектептерге арналған оқулықтар, сөздіктер, тілашарлар мен хрестоматиялар миссионерлік бағытта жазылды және мақсатты түрде оқытылды. Мұсылман елдерімен, әсіресе бауырлас татар зиялыларымен рухани байланыс үзіліп, Қазақстандағы Дін басқару жүйесі әкімшілік құрылымдары арқылы басқарылды. Қажы сапарла-

ры, мешіт, медресе ашу, жергілікті имамдарды тағайындау мәселелері отаршылдар тарапынан шешілді.

Алайда, Ресей империясы дiттеген мақсатына тағы да жете алмады. Оның бiрнеше себептерi бар едi. Бiрiншiден, көшпелi өмiр салтын ұстанған қазақтар мал жайылымына байланысты бiр қоныста тұрақтамай, маусымдық жағдайда көшiп-қонып жүргендiктен, миссионерлерге олардың басын қосып, үгiт-насихат жүргiзуге толық мүмкiндiктер болмады. Екiншiден, татар зиялылары, әсiресе дiнбасылар бауырлас халықты шоқындыруға зор қарсылық бiлдiрiп, қарсы iс-әрекеттерге барды. Олар Шығыс мұсылман елдерiнен шыққан дiни әдебиеттердiң қазақтар арасына таралуына, сондай-ақ Қазаннан шыққан кiтаптардың да дер кезiнде жетiп отыруына көп күш жұмсады. Бұл басылымдар жергiлiктi халықтың рухани азығына айналып, зор сұранысқа ие болды. Үшiншiден, ХIХ ғасырдың соңғы ширегiнде шығыс тiлдерiне жетiк, орысша сауатты, жеке басының жағдайынан ұлт мүддесiн биiк санаған Ш.Шайхисламұлы, Т.Сейдалин, С.Жантөрин, М.Бабажанов, Б.Дауылбаев, Ш.Шахмарданұлы, М.Ж.Көпеев, А.Сабалов, М.Тыныштықұлы, Ш.Құдайбердiұлы сияқты қазақ зиялыларының бiр буыны қоғамдық iс-шараларға белсене араласа бастады. Олар татар оқығандарымен шығармашылық ынтымақтастықта дiни шығармаларды қазақ тiлiне аударып, көптеген аңыздарды, хикаяттар мен әңгiмелердi жыр үлгiсiне түсiрдi. Сөйтiп, ауыздан ауызға тараған дiни қисса, дастандар сайын далада Сарыарқаның сары желiндей есiп, әр қазақтың жүрегiне нұр болып құйылды. Ислам дiнiнiң қадiр-қасиетiн, Хақ жолын осы әдеби жәдiгерлерден бiлiп ұқты.

Орыс миссионерлерiнiң жымысқы саясаты тұйыққа тiрелiп, осы науқанға жұмсалған қыруар қаржы желге ұшты. Бiрақ ХХ ғасырда патшалы Ресейдiң мұрагерi болған коммунистер қасиеттi дiни жазба ескерткiштердi отқа жағып, мешiттердi қиратты. Аман қалған әдебиеттердi дiндарлар көзден таса ұстады, қауiптi жағдайларда жерге көмдi. Көп ретте олар кейiнгi ұрпақтарға өздерi дүниеден озғанда тiршiлiгiнде жан серiгiне айналған қасиеттi кiтаптарды бiрге жерлеудi аманат еттi. Кейiн солай болды да. Мiне, дiни мұралардың бүгiнгi күнге жету тарихы осындай. Сондықтан елiмiздiң сирек әдеби қорлары мен қолжазба қоймаларында, мұрағаттарда, мұражайларда Құрандар, қолжазбалар, көне кiтаптар, әдеби шығармалар өте аз сақталған.

Қазақстандағы әдеби мұраларды жинап, сақтайтын, жүйелеп әрi текстологиялық зерттеулер жүргiзетiн және академиялық деңгейде жариялау жұмыстарын жүргiзетiн бiрегей құрылым – М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен оның Қолжазба қоры. Мұнда жинақталған жәдiгерлердi екi топқа бөлiп қарастыруға болады.

Алғашқысы – әр кезеңдерде, түрлі көлемде басылым көрген Құрандар, Ислам негіздері мен тарихын, шариғат қағидаларын қамтыйтын кітаптар және олардың діндар адамдар көшірген қолжазба нұсқалары, қазақ тіліндегі аудармалары, шағатай тілінде жазылған Қ.А.Ясауидың, С.Бақырғанидың еңбектері. Қорда осындай әдебиеттің біршама атауы сақталған. Бұл құндылықтар жоғарыда көрсетілген кедергілердің салдарынан XX ғасырдың жетпісінші жылдарынан бастап қана қорға түсе бастаған. Тіпті, көпшілігі еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін жиналғандықтан, қайта қалпына келтіру, жүйелеу жұмыстары жүргізілмеген. Олардың біразы кезінде қалыпты жағдайда сақталмай, кейбірі ұзақ жылдар жерде көмулі жатып қалғандықтан, көп беттері жыртылып, болмаса шіріп кеткен. Сондықтан олардың бүгінгі сақталу күйін қанағаттандыраарлық деп айту қиын. Бұл ретте Ислам дінін тұтынатын елдермен тізе қосып атқарар жұмыстар аз емес. Ал, екінші топтағы мұраларға жоғарыда аталған кітаптарға енген діни қисса, дастандары, аңыз, әңгімелерді, шариғат қағидаларын уағыздайтын өлең, жырларды жатқызуға болады.

Еліміз тәуелсіздігін жариялап, етек-жеңін жинаған кезеңде халықтың рухани құндылықтарына ерекше көңіл бөлінгені белгілі. Алайда, атадан қалған асыл сөздерді жадында сақтап, насихаттап, өскелең ұрпақтың игілігіне жаратып келген көкірегі ояу, көнекөз қариялардың мүлде азайғандығынан, әсіресе, діни сарынындағы фольклорлық әдебиеті үлгілерін жинаудың мүмкіндігі шектеле бастады. Бірақ қолда бар әдеби жәдігерлерді цензурасыз, толық, өзгертусіз, түпнұсқа негізінде жариялауға, терең зерттеулер жүргізуге барлық жағдайлар жасалды. Соның нәтижесінде «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша 2004-2013 жылдары жүзеге асырылған «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясының 21 томына шығыс сюжеттері жырланған 120-дан астам шығарма, соның ішінде 65 діни дастан енгізілді.

Соңғы жылдары еліміздегі ғылыми мекемелердің шетелдік әріптестерімен мемлекетаралық байланыстары дұрыс жолға қойылып, ғылыми, шығармашылық байланыстардың аясы кеңіді. Соған байланысты М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты үкіметаралық келісімдер негізінде бірлескен зерттеу жұмыстарын жүргізу, бірлескен фольклорлық экспедицияларға шығу, халықаралық конференцияларға қатысу, ғылыми кадрлармен алмасу сияқты біршама іс-шараларды жүзеге асырып келеді. Солардың бірі – Иран Ислам Республикасымен жасалған әдеби-мәдени байланыстар.

Қазақстан мен Иран Ислам Республикасының арасындағы дипломатиялық қатынастар орнаған 1992 жылдан бергі кезеңде екі елдің саяси-экономикалық, тарихи-мәдени байланыстары жоғары деңгей-

ге жетіп, нәтижелі табыстарға жеткені белгілі. Бұл жетістіктер ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Иранға (1992, 1996, 1999, 2007, 2014), ИИР Президенттері А.Хашеми Рафсанджанидің (1993), М.Хатамидің (1998, 2002), Махмуд Ахмадинежадтың (2009), Хасан Руханидың (2014) Қазақстанға ресми сапарларындағы Жоғарғы деңгейдегі келіссөздер барысында талқыланып, жүзеге асырылды. Бұл ретте Иран Ислам Республикасының Қазақстандағы Елшілігінің жанындағы Мәдени орталықтың да еліміздің әдебиеті мен мәдениетінің өркендеуіне, азаматтардың күнделікті өмірде имандылыққа бет бұрып, Исламның хақ жолына түсуіне ықпал етіп отырғанын ризашылықпен атап өткен орынды.

Институт ғалымдары Иран-Қазақстан халықтарының шынайы достығының, екі елдің үкіметаралық келісімдерінің негізінде бірлескен зерттеу жұмыстарын жүргізу, екіжақты әдеби үдерістерге араласу, фольклорлық, классикалық мұраларды парсы-қазақ тілдеріне аудару, халықаралық конференциялар, дөңгелек үстелдер мен семинарлар ұйымдастыру, ғылыми кадрлармен алмасу сияқты ғылыми-мәдени байланыстарды орнықтыруды қолға алды. Нәтижесінде аталған Мәдени орталықтың басшылығымен жүздесулер, пікіралмасулар жиі өткізіп, екі жаққа да тиімді келісім-шарттар жасалды. Институт ұжымы осы қол жеткен келісімдерді орындау мақсатында Орталықпен бірлесе отырып еліміздің сирек қорларында сақталған діни шығармаларды, назиралық сарындағы жыр-дастандарды жарыққа шығаруды көздейді. Мұны алдағы қыруар жұмыстардың бастамасы деп ұғынған жөн. Келешекте мемлекетаралық деңгейде, демеушілік негізде, болмаса қоғамдық, халықаралық ұйымдардың араласуымен жүзеге асырылатын жобалар аз емес. Алла қолдаса, аталған Ислам тақырыбындағы қазақтың фольклорлық туындылары Шығыс, Еуропа елдерінің тілдеріне аударылып, жарыққа шығарылып, әлемдегі бүкіл мұсылман жұршылығының ортақ рухани мұрасына айналары сөзсіз.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
---------------	---

Құланаян құлмамбеттің шығармашылық өмірі

I. 1 Өмірбаяндық деректері	10
I. 2 Құлмамбет – ақын	19
I. 3 Құлмамбет – жыршы	55
I. 4 Айтыскерлік шеберлігі	60
II. Текстология мәселелері	77
Қорытынды	113
Пайдаланылған дәйеккөздері	119
Қосымшалар	129
Текстологиялық салғастырулар:	130
Қолжазба мұралар – Ұлт қазынасы	161
Фольклорлық мұраларды жинаудың	162
Қысқаша жылнамасы	162
Жұмбақтардың жиналу, жариялану, зерттелу тарихы	171
Фольклорлық жанрлар жүйесінің қысқаша ғылыми сипаты	220
«Шаһнама» дастанының қазақ нұсқалары	244
Халық әдебиеті және оның ауызша тарих дереккөзі ретіндегі рөлі	250
Діни дастандардағы Ғазірет Әли бейнесі	260

ТОҚТАР ӘЛІБЕК

ҚҰЛАНАЯН ҚҰЛМАМБЕТ

Редакторы: Күлімбетов Ә.С.
Техникалық редакторы: Ақажанова Г.Ө.
Суретші: Мейірбеков Е.К.
Беттеген: Мейірбеков Е.К.

Басуға 02.09.2015 қол қойылды.
Қалыбы 84х108 $\frac{1}{32}$. Офсеттік басылым.
Қаріп түрі: Academy.kz
Шарты баспа табағы 14.0,
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №

«Баспалар үйі» АҚ
Мекен-жайы: 050009,
Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143 үй
Телефоны +7 (727) 395-52-02,
электронды пошта: baspalaruy@mail.ru

ISBN 978-601-7565-05-3



9 786017 565053

Ұсыныстар мен пікірлер үшін

Ұсыныстар мен пікірлер үшін